

ISSN 1814 - 6961

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2020, № 1 (89)

1 /2020

Журнал Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің (ҚР БҒМ БҒБК) ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізіміне кіреді.

Бас редакторы:

Зиябек Қабылдинов

Редакциялық алқа:

Абдрахманов Толобек Абылович, т.ғ.д., профессор, И. Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университетінің ректоры (Қырғызстан)

Асылбекова Жамиля Мәлікқызы т.ғ.д., профессор, Халықаралық бизнес университеті (Қазақстан)

Аяган Бүркітбай Гельманович, т.ғ.д., профессор, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Мемлекет тарихы институтының директоры

Әбусейітова Меруерт Хуатовна, т.ғ.д., профессор, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Р. Сулейменов атындағы Шығыстану институты «Тарихи материалдарды зерттеу орталығының» директоры, ҰҒА корр.-мүшесі (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан, т.ғ.к., профессор, ҚР Мемлекеттік музейінің директоры (Қазақстан)

Әжіғали Серік Ескендірұлы, т.ғ.д., профессор, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Буканова Роза Гафаровна, т.ғ.д., профессор, Уфа қаласындағы Башқұрт мемлекеттік университеті (Ресей)

Голден Питер, Принстон университетінің профессоры (АҚШ)

Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы, т.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Дүние жүзі тарихын зерттеу» орталығының директоры, Германиядағы Геттинген университетінің құрметті профессоры (Қазақстан)

Исмағұлов Оразақ, т.ғ.д., профессор, ҰҒА академигі (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы, т.ғ.д., профессор, ҰҒА академигі (Қазақстан)

Ламин Владимир Александрович, т.ғ.д., профессор, РФА корр.-мүшесі, РФА Сібір бөлімінің Тарих институты (Ресей)

Мансура-Хайдар, профессор (Үндістан)

Масов Рахим Масович, т.ғ.д., профессор, А. Дониш атындағы Тарих, археология және этнография институты (Тәжікстан)

Мұқтар Әбілсейт Қапизұлы, т.ғ.д., профессор, Атырау қаласындағы «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директоры (Қазақстан)

Навроцкий Карл, PhD докторы, Гданьск қаласындағы екінші дүниежүзілік соғыс музейінің директоры (Польша)

Осман Мерт, Ататүрк университетінің профессоры (Түркия Республикасы)

Сидхарт С. Саксена, Кембридж университетінің профессоры (Ұлыбритания)

Сон Ен Хун, Хангук шет тілдер университетінің профессоры (Оңтүстік Корея)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы, т.ғ.д., профессор, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры (Қазақстан)

Якуб Алексей Валерьевич, т.ғ.д., профессор, Ф.М. Достоевский атындағы Омск мемлекеттік университет (Россия)

Редакционная коллегия:

Абдрахманов Толобек Абылович, д.и.н., профессор, ректор Кыргызского государственного университета имени И. Арабаева (Кыргызстан)

Абусейітова Меруерт Хуатовна, д.и.н., профессор, член корр. НАН РК, директор «Центра изучения исторических материалов» Института востоковедения имени Р. Сулейменова Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан (Казахстан)

Алимбай Нурсан, к.и.н., профессор, директор Государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Ажигали Серик Ескендирович, д.и.н., профессор, Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан (Казахстан)

Асылбекова Жамиля Маликовна, д.и.н., профессор, Университет международного бизнеса (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гельманович, д.и.н., профессор, директор Института истории государства Министерства образования и науки Республики Казахстан Комитет науки

Буканова Роза Гафаровна, д.и.н., профессор Башкирского государственного университета г. Уфа (Россия)

Голден Питер, профессор Принстонского университета (США)

Жумагулов Калкаман Турсынович, д.и.н., профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, директор «Центра по изучению Всемирной истории», Почетный профессор Геттингенского университета в Германии (Казахстан)

Исмагулов Оразак, д.и.н., профессор, академик НАН РК (Казахстан)

Кумексов Болат Ешимхамедович, д.и.н., профессор, академик НАН РК (Казахстан)

Ламин Владимир Александрович, д.и.н., профессор, член корр. РАН, директор Института истории Сибирского отделения Российской академии наук (Россия)

Мансура-Хайдар, профессор (Индия)

Масов Рахим Масович, д.и.н., профессор институт истории, археологии и этнографии имени А. Дониша (Таджикистан)

Муктар Абилсейт Капизулы, д.и.н., профессор, директор государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық» в городе Атырау (Казахстан)

Навроцкий Карл, доктор PhD, директор музея Второй мировой войны в г. Гданьск (Польша)

Осман Мерт, профессор Ататюркского университета (Турция)

Сидхарт С. Саксена, профессор Кембриджского университета (Великобритания)

Сон Ен Хун, профессор университета иностранных языков Хангук (Южная Корея)

Сыдыков Ерлан Батташевич, д.и.н., профессор, ректор Евразийского национального университета имени Л. Гумилева (Казахстан)

Якуб Алексей Валерьевич, д.и.н., профессор, ректор Омского государственного университета имени Ф.М. Достоевского (Россия)

Editorial Board of the Journal

Abdrakmanov Tolobek Abylovich Doctor of Historical Sciences, professor, Rector at the I. Arabayev State university (Kyrgyzstan)

Abuseitova Meruert Huatovna, Doctor of History, professor, Corresponding Member NAS RK, director of the Center for the Study of Historical Materials at the Institute of Oriental Studies named after R. Suleimenov of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan Science Committee (Kyrgyzstan)

Alimbai Nursan, Doctor of History, professor, Director of the State Museum Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Asylbekova Zhamilya Malikovna Doctor of Historical Sciences, professor at University of International Business, Almaty (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich, Doctor of History, Professor, Director of the Institute of State History of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan Science Committee

Azhigali Serik Eskendirovich, Doctor of History, professor, C.C. Valikhanov Institute of History and Ethnology. Science Committee Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Bukanova Roza Gafarovna Doctor of Historical Sciences, professor at Bashkir state university. Ufa (Russia)

Golden Peter, a professor at Princeton University (USA)

Zhumagulov Kalkaman Tursynuly, Doctor of Historical Sciences, Academician, professor

of Al-Farabi Kazakh National University, Director of the Research Center on World History Studies, Emeritus Professor of German Gottingen University (Kazakhstan)

Ismagulov Orazak, Doctor of Historical Sciences, professor, Academician of National Academy of Sciences (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Yeshmukhameduly, Doctor of Historical Sciences, professor, Academician of National Academy of Sciences (Kazakhstan)

Lamin Vladimir Alexandrovich, Doctor of History, professor, Corresponding Member. RAS, director of the Institute of History of the Siberian Branch of the Russian Academy of Sciences (Россия)

Mansura-Haydar, professor, (India)

Masov Rakhim Masovich, Масов Рахим Масович, Doctor of Historical Sciences, professor A Donish Institute of History, archeology and Ethnography (Tajikistan)

Muktar Abilseit Kapizuly, Doctor of Historical Sciences, professor, Director of the State Historical and Cultural Museum-Reserve "Sarayshyk" in Atyrau (Kazakhstan)

Navrocki Karl PhD, Second world war museum director in Gdansk (Poland)

Osman Mert, professor of the Atatürk University (Turkey)

Sidhart S. Saxena, professor at Cambridge University (Great Britain)

Son Yong Hong, a professor of the Hanguk University of Foreign Languages (South Korea)

Sydykov Erlan Battashevich, Doctor of Historical Sciences, professor, Rector of the L. Gumilev Eurasian National University (Kazakhstan)

Jakub Aleksei Valerievich, Doctor of Historical Sciences, professor, Rector of the Omsk state university named after Dostoevski F.M. (Russia)

Жауапты редактор:

Айжамал Құдайбергенова

Редактор:

Бота Жүнісова

Компьютерде өңдеуші және дизайнер:

Венера Зикирбаева

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,

Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Отан тарихы» журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 272-46-54

E-mail: Otanhistory@gmail.com

Электрондық мекен-жай:

<http://infohistory.info>

Журнал 1998 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 1998 ж.

9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY

ҒТАХР 03.20.00.

СУ БЕЙХАЙ ЖӘНЕ ОНЫҢ «ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТҮТАС ТАРИХЫ»

Жігер Жанәбіл

Ньювижн Қазақстан – Еуразия Зерттеу Орталығы, директор, PhD

Түйіндеме. Мақалада белгілі қытай тарихшысы Су Бейхайдың «Қазақ халқының тұтас тарихы» еңбегі және автордың қазақ тіліне аудару кезіндегі кезіккен қиындықтар жайын сөз қозғайды. Автор бұл монографияны қазақ тіліне аударудың маңыздылығына баса назар аударып, Су Бейхай шығармасында көптеген жаңалыққа қол жеткізген және ежелгі құнды қытай дереккөздерін молынан падаланған деп жазады. Су Бейхайдың алдына қойған мақсаты - тарихты саяси мақсатта пайдалану. Бұған дәлел ретінде Су Бейхай қазақ халқының тарихи дамуы мен өркендеуін қытай мәдениетінің әсері ретінде қарастырады. Дегенмен, бұл монография Қазақ халқының тарихын зерттеудегі үлкен үлес қосатынына сенеді. Атап айтқанда, еңбек төмендегі үш ерекшеліктерімен құнды. I. Сыни талдау жасау үшін автор «Билік ғибратнамасы» қатарлы өте ескі, құнды әрі бізге беймәлім болған Қытай дереккөздеріне сілтеме жасайды. II. Еңбекте Орта Азия тарихы бойынша әлемге әйгілі үш Қытай тарихшылары – Уаң Гуоуей (1877-1927 жж), Цен Жоңмян (1886-1961 жж.) және Фең Жяншең (1904-1970 жж) еңбектеріне кеңінен тоқталады. III. Қытай қазақтары қоныстанған өңірлерде жасаған далалық жұмыстарының (экспедициялық зерттеулер) қорытындысымен таныстырады.

Кілт сөздер: қазақ, үйсін, Теріскей дала, Балқаш көлі, Орта Азия, көшпенділер өркениеті, Батыс Түрік қағанаты, Батыс Ляо, Моңғол шапқыншылығы, Алтын Орда, Оспан Сламұлы.

МРНТИ 03.20.00

СУ БЕЙХАЙ И ЕГО «ОБЩАЯ ИСТОРИЯ КАЗАХОВ»

Жигер Жанабиль

Ньювижн Евразия-Казахстан – Научно-исследовательский центр, Директор, PhD

Аннотация. В статье рассматривается работа известного китайского историка Су Бейхая «Всеобщая история казахского народа» и трудности, с которыми столкнулся автор при переводе на казахский язык. Автор подчеркивает важность перевода этой монографии на казахский язык и пишет, что Су Бейхай в своем труде использовал много новых и древних ценных китайских источников. Цель, которую ставил перед собой Су Бейхай, состояла в том, чтобы использовать историю в политических целях. В качестве доказательства Су Бейхай обобщает историческое развитие и процветание казахского народа, как влияние китайской культуры. Но всё же автор убежден, что эта монография является большим вкладом в изучение истории нашего народа. В частности, работа ценна следующими тремя особенностями. I. Для его критического анализа, автор использовал древний китайский источник как «Сила власти» и т.д. который содержит богатые, ценные и неизвестные нам источники. II. Су Бейхай часто использовал публикации трех классических китайских историков - Ван Гуовей (1877–1927 гг), Чена Чжунмяня (1886–1961 гг) и Фенга Чэнцзюня (1904–1970 гг). III. Су Бейхай также применил материалы, основанные на материалы его экспедиции среди казахов Китая.

Ключевые слова: казах, усунь, северная степь, озеро Балхаш, Центральная Азия, кочевая цивилизация, Западно-тюркский каганат, Западный Ляо, монгольское нашествие, Золотая Орда, Оспан Сламұлы.

IRSTI 03.20.00

SU BEIHAI AND HIS «A GENERAL HISTORY OF KAZAKHS»

Jiger Janabel

Newvision Eurasia Research Center – Kazakhstan. Director, PhD

Abstract. The article is set to introduce the monograph, “A General History of Kazakhs,” by Su Beihai, the prominent Chinese historian. The value of the monograph to the students of the history of Kazakhstan simply lies in the fact that Su Beihai managed to bring a pile of ancient Chinese sources previously unknown to us. As the author praises Su Beihai for his monumental contribution to the study of Kazakhs, the first of its kind written by a non-Kazakh historian, he draws readers’ attention to the centerpiece of Su Beihai’s book that strives to interpret the history of the Kazakhs in the light of omnipotent Chinese civilization. Under the watchful eyes of the ancient China, Su Beihai argues, the Kazakhs were managed to erect their nomadic polity in the heart of vast Eurasian steppe, and along with it an enduring civilization that stands out even today among the countries in Eurasian landmass. However, with all the defects the book may bear, the author of the article believes “A General History of Kazakhs” by Su Beihai is a milestone in the history of Kazakh studies. In particular, the work is referable because of the following points. I. For his critical analysis Su Beihai made use of the sources other than Chinese annals. For instance “the Practice of Laws by Dynasties” and etc, which for sure contains rich, valuable, yet unknown data on the Kazakhs. II. Su Beihai made frequent use of the publications by three classical Chinese historians - Wang Guowei (1877-1927 жж), Chen Zhongmian (1886-1961 жж) and Feng Chengjun (1904-1970 жж). III. Su Beihai introduces the materials gathered from his expeditions undertaken to cover the Kazakhs living in China.

Key words: Kazakh, Usun, the Northern Steppe, Lake Balkhash, Central Asia, nomadic civilization, Western Turkic Khaganate, Western Liao, Mongol invasion, the Golden Horde, Ospan Slamuln.

Алғы сөз. Су Бейхайдың (1915-1999 жж) азан шақырып қойған аты Уан Реннан болып Жаң су өлкесінде дүние есігін ашқан. 1937 жылы аталған өлкеде білім беру колледжінің тарих факультетін тамамдап, Гансу өлкесіндегі Ву уей педагогика институтына тарих пәнінің мұғалімі, кейін Шыңжаң университетінің әдебиет және тарих кафедрасының доцентіне тағайындалады. 1979 жылы Шыңжаң университетінің тарих факультетінде профессор атағын алады. 1992 жылы ол жергілікті этностардың тарихын зерртеуде үлкен үлес қосқан маман ретінде бағаланып, мемлекеттік кеңес жанынан тағайындалған арнайы жалақыға ие болады. Оның еншісінде 13 томдық ғылыми еңбек пен 200-ден астам танымдық мақалалар бар.

Ендеше еңбектің жазылу тарихы, автордың бұл еңбекте алға тартқан жетекші идеясы мен оның қазақ халқына қаратқан танымы не деген сұрақтарға осы мақала арқылы жауап іздесек.

Еңбектің жазылу тарихы және мақсаты. Автор қазақ тарихын жазуды сонау 1940 жылдары бастап «300.000 иероглифтардан тұратын «Қазақтың қысқаша тарихын» жазып бітіргенімен ҚХР-ның «Ұлы мәдениет төңкеріс» науқанында еңбек шолақ белсенділердің қолынан өртеніп кетеді. 1979 жылы төңкеріс аяқталып, Шыңжаң университетіне қайта оралған ғалым сол кездегі ШҰАР парткомының 2-ші хатшысы Жанәбіл Смағұлдың мол қолдауымен жұмысты тыңнан қайта бастайды әрі 1983 жылы ол ШҰАР-дағы қазақтар қоныстанған үш аймаққа далалық жұмыспен аралап үлкен табыспен қайтып оралады. Нәтижесінде, 1990 жылы Су Бейхай «Қазақ халқының тұтас тарихы» еңбегін жазып тамамдап, үкіметтің бөліп берген 100.000 юан қаржысымен баспаға жолдайды. Алайда, бауырлас ұлттың кейбір адамдарының тосқауыл қоюымен, ғалым 1999 жылы қайтыс болғанға дейін өмірін сарп етіп жазған еңбегі баспадан шықпай қалады. Сол жатқаннан мол жатқан «Қазақ халқының тұтас тарихы» біздің елде осы 2017 жылы қытай тілінде баспадан басылып шығарылды (Су Бейхай, 2017). Үстіміздегі жылы оның қазақ тіліндегі аударма нұсқасы да оқырмандарға жол тартады деген үміттеміз.

Ондай болса «Қазақ халқының тұтас тарихы» несімен көрнекті деген сұраққа жауап іздесек.

I. Еңбекте бізге әлі беймәлім болған, Аспанасты династияларының ауыс түйісін қағаз бетіне түсірген 24 әулеттің тарихтарынан тыс телегей теңіз Қытай деректеріндегі қазақтарға қатысы бар деген беттерін кең ауқымда пайдаланғанын сөзге тиек етеміз. Бұны үш топқа бөліп қарасақ, оның бірінші тобына «Билік ғибратнамасы» «*资治通鉴*», «Билік ғибратнама жалғасы» «*续资治通鉴*», «Билік ғибратнама толық жалғасы» «*续资治通鉴长编*», «Әмбебап жарғылар» «*通典*», «Әмбебап заңнама» «*通志*», «Таң жарлықтары және нормативы» «*唐会要*», «Таң әулет үлкен жарлықтары» «*唐大诏令集*», «Әдебиеттің саңлақтары» «*文苑英华*», «Соң жарғылары» «*宋会要*», «Әулеттер әнбебап тарихы» «*册府元龟*», «Таң жағрафиясы» «*元和郡县图志*», «Соң жарғылар жинағы» «*宋会要辑稿*», «Бес әулет жарғылары» «*五代会要*» т.б. қытайдың ескі жылнамаларынан Су Бейхай еңбегіне қыруар деректер келтіреді.

Екінші топқа Дүнхуаң мен Тұрпан жерлерінде табылған ескіге жататын жергілікті шежірелерді айтамыз. Мысалы, Бес-Әулет-Он Алты Елдің заманында Соңғы Жиннің 后晋 жерінде жазылған «Шоу чаң аудан шежіресі» «*寿昌县地境*», «Соң йүнның сапар естелігі» «*宋云行记*», Таң авторы Жаданның «Төрт құбыладағы елдер жағрафиясы» «*四夷道里记*» т.б. дереккөздері жатады. Үшінші топқа будда дінін сол кездегі Қытайдың ұлықтары мен халықтарына уағыздайтын жазбалары кіреді. Бұл жазбалардың қоғам, өкімет және ел тарихы туралы берері мол. Мысалы, Таң дәуірінде жасаған рахиб Дао шуанның *道宣* «Буддизмнің 10 қадамы» «*广弘明集*» еңбегіне сілтемелер ретінде кіргізген, бүгінде жоғалған Шүңчидың *荀济* «Буддизмнің номдары» «*论佛教表*». Хуй ज्याодың *慧皎* (497-554 жж.) 14 бумадан тұратын «Аға рахибдар баяны» «*高僧传*» қатарлы жазбалары барлығы бізге әлі беймәлім дереккөздері деп айтуға болады.

II. Еңбекте Орта Азия тарихы бойынша әлемге әйгілі үш Қытай тарихшылары – Уаң Гуоуей (1877-1927 жж.), Цен Жоңмян (1886-1961 жж.) және Фең Жяншең (1904-1970 жж.) еңбектеріне кеңінен тоқталады. Аталған үш классикалық тарихшылардың біз үшін маңыздылығы әуелі олардың орта ғасыр қытай тілі мен аталған елдің өркениетін жан жақты терең зерттеп, әрі оған сыни талдау жасаулары. Оған қоса, олар XIX-XX ғғ. Француздың шығыстану мектебінің дәстүрімен білім алып, бірқатар шетел тілдерін: француз, неміс, жапон және араб-парсы-түрік тілдерін меңгеріп, салыстырмалы әдістемесіне жүгіну арқылы Қытай сарай тарихшыларының жазған жылнамаларына күрделі талдау жасап, сенімді қорытындылар жасауы.

Осылардың ішінде Уаң Гуоуейдің Орта Азия мен Теріскей даланың тарихын зерттеуде үлесі ерен. Ол Орта Азияға қатысты қытай, моңғол, фарсы, араб деректерімен қоса Батыс тарихшыларының еңбектерімен де кеңінен таныс еді. Нәтижесінде, оның «Батыс ху жайында» екі мақаласы, «Татарлардың тегі», «Моңғолдар» және «Қытайлар хулардан қабылдап алған киім үлгілері қақынды», «Юежі жайында» қатарлы мақалалары бізге беймәлім болып келген аса құнды деректер болып табылады. 1926 жылы мамыр айында баспадан Уаң Гуоуейдің «Моңғол тарихына қатысты төрт дерекке түсініктеме» «*古行记四种校录*» еңбегі жарық көрді. Еңбекте автордың моңғол тарихына қатысты бізге түрлі аударма жолымен жеткен қытай тіліндегі төрт бірдей маңызды деректері қамтылған: «Чаң-чүн-жен-рен батысқа саяхат», «Патша ағзамның өзі қатысқан жорығы», «Моңғол-татар жеріне жасаған іс-сапарым» және «Қара татарлар жайында көргенім мен білгенім».

Ғалым біздің дәуірімізге дейін, әрі біздің дәуірде жасаған дала халықтары Аспанасты өркениетінен өздеріне керекті деген жерлерін алып қана қоймай, өз кезегінде Қытайлар да дала өркениетіне үздіксіз мұқтаж болып отырғанын ашып жазады. «Уаң Гуоуей айтса қалт айтпайды» деген сөз содан қалған (Жоу Шишан, 2008: 276-301 бб).

III. Қытай қазақтары қоныстанған өңірлерден жиналған далалық жұмыстардың (экспедициялық зерттеулердің) қорытындысы мен жергілікті архивтардан тауып алған деректер де молынан қамтылған. 1983 жылы Су Бейхай Алтай аймағынан дала жұмысын бастайды. Сол сапарында бүгін ортамызда жоқ, Қытай жерінде жасаған қазақтардың көне көздері аталған Қазез Ақытұлы, Асқар Татанайұлы, Мақатан Шарыпқанұлы т.б. азаматтардың аузынан XVIII ғасырдың соңында төрелердің Алтай өңіріне қалай барғаны, Алтайда билердің сайлаулары қалай өткені, әрі олардың

Еженханмен арадағы қатынастары, ағартушы Шәріпқан Көгедәйұлының еңбек жолы және 1940 жылдары орын алған Үш аймақ төңкерісіне қатысты тың деректер, әсіресе Оспан Сламұлының қалай көтерілгені туралы архивтарда мүлде табылмайтын құнды деректер жинаған. Оның барлығын автор осы еңбекке толық енгізді.

IV. Қазақ мемлекетінің тарихын Түркеш хандығымен (704-756 жж) бастаған қытай тарихшысы бүгінгі күні қазақ тарихы саласында қалыптасып қалған пікірмен – қазақ мемлекеттілігінің бастауын 1459 жылдарынан алатын тұжырыммен – келіспейтінін ортаға қояды. Оның жасаған қортындысына келсек, Қазақ мемлекетінің іргесі VIII ғасырда құрылған Түркеш хандығынан бастау алады екен. Бұл қорытындыға жету үшін автор ескі деректерден өз ойын қолдайтын мағлұматтарды тіпті қалдырмайды. Батыс Түрік қағанаты Таң жасағының қолынан жойылғаннан соң, аталған хандықтың орнына таласқа түскен жергілік тайпалар арасында сұрапыл шайқастары орын алып, ақыры, Түркештер, яғни Сары үйсіндер, билікке келеді. Бір қызығы Су Бейхай Түркеш пен Батыс Түріктер тайпаларының арасында қандайда бір этникалық сабақтастықтың бар екеніне үзілді-кесілді қарсы шығады. Қазақтар түріктерден тарамаған деген пікірді ол табанды түрде дәлелдеуге кіріседі.

Міне, Су Бейхайдың «Қазақ халқының тұтас тарихына» берілген бұл төрт сипаттама біздің аталған автордың еңбегін қазақ тіліне тәржімәнлеуге мұрындық болды. Автордың еңбекте өзіне қойған басты мақсаты мен оның бұл мақсатқа жетудегі ғылыми әдістемелері қандай еді деген сұрақтарға төменде жауап іздейміз.

Еңбектің жетекші идеясы мен негізгі тұжырымы. Еңбектің жазылуы 1980 жылдары қолға алынғанын ескерсек, ол кез екі елдің, КСРО мен ҚХР-дің де марксизмнің бағытымен дамуға барынша ұмтылған жылдары еді. Тарих саласында Марксизмнің эволюция теориясы көшпенділер қоғам даму тарихын төрт кезеңге бөліп қараумен қоса, дала елінде сақталған «таптық күресті» қоғамның алға жылжуының бірден бір қозғалыс күші ретінде таныды. Нәтижесінде, Кеңес Одағында Б.Я. Владимирцов пен Г.Е. Марков және С.Е. Толыбеков арасындағы пікір талас ҚХР-ды да шалмай өтпеді. Кеңес Одағының 1954 жылы Ташкентте өткізген әйгілі конференциясында Мәскеу бас бөйгені Владимирцовтың тобына жығып бергені алыста жатқан Су Бейхай секілді Қытай тарихшыларына да жан бітіргендей болды. Автор «Қазақ халқының тұтас тарихында» осы ұстанымымен іске кірісіп, байырғы қазақтарды үйсін, түркеш және кейінгі Қазақ хандығының тұсындағы қазақ қоғамында құлдық пен патриалхалдық феодалдық даму кезеңдерінің елегінен өткіземін деп, ескі деректерден дәлел іздеп әуре болады. Ол көшпенділердегі мүліктік дифференциясы (айырмашылығы) негізінде жасап, қоғам қарама-қарсы екі тапқа бөлініп, өзара ылғи да күрестің астында қалып отырған әрі сол күрестің қортындысы ретінде көшпенділер қоғамы алдыға жылжыған, дейді. Алайда, сүйте тұра қытай тарихшысы дала қоғамында оның осы айтқан тұжырымдарына қайшылық келетін көп деген саяси және экономикалық құбылыстарға жауап беруден бас тартады. Су Бейхай дала елдерінде неліктен «таптық күрестен» гөрі әуелі туыстық қарым-қатынастың басты орынға шығатынын ашып бере алмайды. Көшпенді елдердегі «таптық күрестен» көрі ру аралық, тайпалар аралық және тайпалық бірлестіктер арасындағы барымтадан бастау алып сұрапыл соғысқа дейін жалғасып жататын ара күрес басымдау болатынын байқамайды. Ескіде, елге қолбасшы болған тұлғалар – хан мен батырлар – өздерінің жауынгерлік рухы мен ұйымдастыру қабілетінің арқасында қалын елдің азық-түлік, сауда-саттық және бірлігін үйлестіруде алды да шапқан жоқ па. Бұны Су Бейхайдың өзінде мойындап отыр.

Тарихшы былай деп жазады: «714 жылында... түркештің қара тайпасынан шыққан Сүлүк 苏禄 елінің басын қосып, әрекетімен көпке ұнады. Жаңатаңнама түрік баянында Сүлүк өзіне ергендердің жағдайын жасай білді», - деп жазады. Ол ел басқарғанды жақсы меңгерген, пиғылы жақсы, соғыстан түскен олжаларды әуелі қол астындағыларға бөліп беретін, оған қанақаттанған халық Сүлүктің маңына жиналады әрі Сүлүк үшін жандарын беруге дайын. Нәтижесінде, (Сүлүкқа) бағынған елдің саны 300.000-ға жетіп, (ол) Батыс Өңірді сұрады». Дәл осындай бір оқиға 1440 жылдарында қайталанған. Көшпенді Өзбек ұлысын билеген Әбілхайыр ханның (1429-1468 жж) Махмұд-қожа ханды жойып, өзінің жауынан маялап жинаған олжаларды – қызыл бетті

күлдар, жылқылар, түйелер, киіз үйлер – барлығын хан Чимгі-Тұрадағы (Тюмань) орданың алдына үйіп, әмірлер мен баһадурларға атағы мен мансап-лауазымына қарай бөлуге кіріседі. Бұған Орта Азия қалаларын алуда құрбан болған қазақтың да көптеген хандары мен сұлтандарын қосайық. Демек, ертеде Қазақ қоғамында «байлар» мен «кедейлердің» ара жіктері Су Бейхай жазғанындай ылғи теке-тірестен көздері ашылмайды емес, керісінше олардың ара қатынасы тіпті симбиотикалық заңдылықты сақтағаны бізге белгілі. Бұл жерде ел бастаған қазақтың сардарлары былайғы күндерде байлардың қатарынан көрініп, өздеріне ілескен сарбаздарға – жайшылық күндегі «кедейлерге» – соғыста қолға түскен олжаларды бөліп беруге мәжбүр болған. Сахара еліндегі бұл бөлісуді біз бүгінгі сөзбен айтқанда көшпенділердегі әлеуметтік теп-теңдік тетігі дейміз. Бұл мәселенің маңыздылығы сонша тақырыпты ары қарай ашу керек.

XVIII ғасырғы көшпенді қазақ қоғамына жүргізген біздің зерттеуіміз төмендегі қорытындыларға жетелейді.

Біріншіден, көшпенділер сыртқы елдерге – дала мен қала – елдеріне үздіксіз барымталар жасау арқылы өздерінің материалдық базасын кеңейтіп отырған. Олжадан түскен тұтқындар дала еліндегі өндірістік ерекшелікке байланысты қолданылған, Су Бейхайдың айтқанындай, құлдыққа айналатындары аз. Керісінше, соғыстан түскен тұтқындарды қолға түскен бойы оларды олжалаған халықтар арасына тездеп шежіреден жаңа орын алып сіңіп кететін. Нәтижесінде, олар тең құқықты ру болып шыға келеді. Мысалы, Қазақтың Орта жүз арғын тайпасына жататын Жаңа қырғыз бен Бай қырғыз рулары Абылай заманында қолға түсіп қазаққа сіңген қырғыздар екенін білеміз. Осындай жолмен қазақтар да өздерінің әскери күш қуаттарын асырып отырған. Ал, жаулау кезінде жаудан қолға түскен мал мүліктері де рулар арқылы жалпы елге жол тартып отырған.

Екіншіден, көшпенділерде көсем мен жай халықтың ара жігі тақтайға қаққан шегедей емес. Көсемдік биігіне харизмасы толы, батырлық айбаты бар, кез келген қарапайым ауылдастар бір шайқастан кейін лезде көтеріліп кететін кезі жиі болады. 1750 жылдары Аспанастаны империясы Чинның жасақтары Жоңғар хандығын жер бетінен жексен еткеннен соң «ойратты тазалау» деген желеуді алға тартып, Абылай ханмен жарыса қатардағы қазақ батырлары қол бастап, өз алдарына шығысқа бет алған. Мысалы, 1754 жылы Абылайдың 50.000 қол бастап Жәйірден Ілеге дейінгі ауылдардың барлығын «тонауы»мен бір кезде 1758 жылы керей Қожаберген Жәнібекұлы мен оның үзенгілесі, найман Қарабарақ бастаған 1000 қол Ертіс өзенінен Аярақ өзеніне (Манас) дейінгі кеңістікте тінту жүргізеді (Еженханұлы, 2017: 23 бет және 23 құжат).

Үшіншіден, көшпенділердің ұлықтары – хан, сұлтан және қарадан шыққан батырлар – сыртқы елмен арада жүретін «жылқы мен жібек саудасында» бас болып Манчиңның жергілікті билігі мен өз халқы арасындағы демеуші күшге айналған. Олар бір жағынан қызу жүріп жатқан саудаға меншіктік (монополия) етсе, мәселен, өз руластарының жылқыларын қосып Манчиңның базарларына айдап апарып, өткізу үрдісіне жетекшілік етсе, енді бір жағынан, олар бейбіт кездегі той-томалақ пен берілген астар арқылы рулас кедей-кепшектерге өз қолдарында жинаған азық-түлік пен түрлі маталарды үлестіріп беріп отырған. Бұдан шығатын қорытынды: Су Бейхай және пікірлестерінің «таптық күресті» негіз еткен эволюциялық даму көзқарастары дәл қазақ қоғамында болған әлеуметтік құбылыстарға толық түсіндірме бере алмайтындығы.

Уақыт өте, 1990 жылдары ҚХР қоғамында «Қытайша социализм» кезеңі басталып, тарих саласында да сыртқа есік ашу арқылы Батыстың қол жеткізген жетістігіне жылы қабақ танытқан Қытай тарихшылары оларды Марксизмнің эволюциялық теориясына балама тұжырым ретінде пайдаланды. Нәтижесінде, бізге мәлім болғандай, О. Латтимор, Т. Барфейлд, Н. ди Космо т.б. бастаған АҚШ-тық теорияшылдардың көшпенділердің саяси құрылымы жайында жасаған зерттеулері қытай тіліне молынан аударылып, ҚХР-ның аталған салада өзгерістер жасалуына зор қолғабыстарын тигізді.

Алайда, ҚХР және Кеңес Одағы арасындағы, екі елдің идеялогия саласындағы теке-тірестіктен туындаған «Қырғи қабақ соғыс» саясаты екі ел тарихшыларын қарама-қайшылыққа толы тайталастарға итермеледі. Сол салқындықты Су Бейхайдың еңбегінен де шалып қаламыз. Оған себеп - сөз болып отырған Су Бейхайдың Қазақстан

Республикасына қарасты Балқаш көлінен шығыс және оңтүстігіне қарай байтақ жерлерді ҚХР-на қарасты жер ретінде көрсетуге жан жақты талпынысы. Айта берсек, 1994 жылы 26 сәуірде екі елдің шекара мәселесі түбегейлі шешілгенге дейін бұл бір ұрпаққа азық болған «жер дауы» ҚХР-ның Батыс Өңірді зерттеген тарихшыларының жаппай ізденістегі басты тақырыбы болып, науқанға айналған еді.

Сол бағыттағы «терең» талдауға сәйкес, «Қазақ халқының тұтас тарихының» авторы қазақтар және олардың жасаған аймақтарын ежелгі «Қытайдың жер аумағына» жатқызып, автор тарихтың барлық беттерінен дәлел іздеуге кіріскен. Ондай болса, Қазақ мемлекетінің пайда болу уақытын VIII ғасырда даланы бір кезде билеген Түркеш хандығын қазақ шежіресінде оларды сары үйсіндер деген аңызды жалғастырып, оларды өздеріне Орта Азия даласын сұрған Батыс Түрік қағанатынан кесіп алып, бөлек ел етіп тұжырымдаудың астары бізге мәлім болды. Яғни автордың қытай оқырмандарына жеткізгісі келгені б.д. 657 жылы Батыс Түрік қағанатын Таң әулетінің жетекші сардары Су Диңфаң талқандағаннан соң оның орнын басқан Түркеш хандығы Таң династиясына тәуелді болып, ол жерлерге патшалықтың аймақтық әкімшілік басқару билігі (басқақ 护府 пен тұтықтар 都督府) орнатылған. Бұл үдеріс 1759 жылы Чиң династиясы жоңғарлардың тамырына балта шапқаннан соң тіпті де нығая түседі. Ол үдеріс батыстан қатты бір екпінмен жеткен патшалық Ресейдің қарулы күші жолын кесті деген тұжырымға келіп тіреледі.

Сонымен, Түркештер мен Батыс Түрік қағанатының халықтары арасында қандай да бір этникалық байланысы бар ма, жоқ па? Әлде Су Бейхайдың қорытындысымен келісіп, жоқ деген ұстанымда боламыз ба. Бұл сұраққа Әлімғазы Дәулетханның «Түркештердің этникалық құрамы және этно аумағының қалыптасуы» мақаласын оқуды ұсынамыз (Дәулетхан, 2012: 124-133).

«Жер дауы, ел дауы» Су Бейхай еңбегінің 2-ші томында жалғасты, бас тақырыпқа толық айналып, қазақ-жоңғар-чиң-патшалық ресей төрт ойыншылардың ара қатынастарына кең көлемде тоқталады. Қытай призмасымен тақырыпқа зерттеген қытай авторы үшін Орта Азия және солтүстік өңірде жасаған дала елдерінің Аспанасты әулеттеріне жасаған тарту-таралғылары сол әулеттерге олардың тәуелді болғанынын бір белгісі. Автор Чиң өкіметі Жоңғар хандығы жойылғаннан соң Батыс Өңірге, соның ішінде Қазақ даласының шығыс жиегіне көктем-жаз айларына арнаған мезгілді қарауылдарын (*ча лун* 卡伦) XIX ғасырдағы Қытайдың Батыс шекарасы деп ұғады.

Деректерге сын көзбен қарау керек. Тарихты жазу үшін дереккөздеріне әуелі терең талдау жасау керек. Су Бейхай аталған еңбегінде ескі де өте құнды деректерді молынан пайдаланудан тыс шетел басылымдарына да кеңінен сілтеме жасайды. Осы негізде В.В. Бартольдтың «Сочинения» мен Ш.Ш. Уәлихановтың «Избрания сочинения», «История казахской ССР» т. б. еңбектерін автор молынан пайдаланыпты. Тіпті орайы келіп тұрғанда ауызға алмай кетпейміз, 1977-1980 жылдары шыққан «Қазақ ССР тарихын» орыс тіліндегі нұсқасы автор қолына тиіп, ол өз жалақысымен керекті деген беттерін Қытай тіліне аудартып пайдаланған. Алайда, бұл еңбектердің жазған мазмұнына терең талдау жасаудың орнына ғалым Кеңес Одағы тарихшылары жіберілген қателіктерді қайталап отырыпты, тіпті оларға өз пікірін қосып, сол еңбектерде кеткен кейбір қателіктерді қытай тарихшысы өз пайдасына жаратып та үлгіреді. Мысалы, қазақ этнонимы мен аталған халықтың тарихын арғы жаққа апарып тіреуді міндетке алған Су Бейхай осы кеткеннен мол кетіп, Қытай жылнамаларында аттары жиі аталатын *кэ са* мен *ян цай* (аландар) халықтарын біреуін қазақ этнонимінің қайнарына жатқызса, екіншісін қазақтың этнос құрамына кіргізеді. Бүгін бізге мәлім болған қытай әулеттерінің жылнамаларында жиі кезігетін *кэ са*, *хэ са* және *а са* барлығы да ерте орта ғасырларда Еділ өзенінің аяққы саласын мекен еткен әрі иудаизмнен ұстанған хазарлар болса, екіншісі бүгінгі Кавказда жасаған осетиндердің арғы аталары аландар (*ян цай*) еді. Су Бейхайдың қазақ этнонимінің шығу тегін арғы жақтан іздеуіне Кеңес Одағында сол кезде кеңінен тараған 9 түрлі болжамдар себеп болған (Су Бейхай, 2017, I: 33-42).

Егерде Су Бейхайдың орыс тілінен хабары бар болса, 1960 жылы Кеңес тарихшы Сапар Ибрагимовтың осы тақырыпта арнайы жазған мақаласын оқыған болар еді (Ибрагимов, 1966: 66-71). Себебі Кеңес тарихшысы аталған мақаласында А.

Левшин мен А. Вэмберидің жазғандарының мүлде сын көтермейтінін дәлелмен ашып берген. Біріншіден, А. Левшин айтқандай Фирдоусидың еңбегін басынан аяғына дейін ақтарғанда да «қазақтар және олардың хандар» деген сөздерді кезіктіре алмағаны. Екіншіден, Вэмберидің негіз еткен Византия императоры Константин Багрянородныйдың X ғасырдың орта шеңіндегі *казахия* деп аузына алған ел ол бүгінгі қазақ ұлтымен бес қайнаса да сорпасы қосылмайтын *касогтар* болған, дейді С. Ибрагимов. Оның пайымдауынша есімі белгісіз араб авторының 1245 жылы Мысырда шығарған «Мәмлүк-араб сөздігінде» тұңғыш рет қазақ сөзін ауызға алған, енді оның қазақтарға қаратып этноним ретінде кеңінен қолданылған уақыты XVI ғасырдан бері ғана деп сөзін түйіндейді.

Қазақ халқына деген сүйіспеншілігі авторды қытай тарихына үлкен үлес қосқан Орта Азиядан Орта Жазыққа (Қытай тілінде *Жоңюан* 中原 сөз аталған елдің жағрафия еңбектерінде берген жазбаларында нағыз Қытай жері, Орталық Қытай, немесе Ішкі Қытай деген мағынаны білдіреді, тіке аудармасы Орта Жазық) жол тартқан барлық Қаң 康 тектілі Самарқандтықтарды бүгінгі қазақ ұлтының ардақты перзенттері деп беріледі. Олардың қатарында будда дінін ішкі Қытайға жеткізуге ат салысқан рахиб Қаң чен 康臣, Қаң меңшяң 康孟 бар. Әрине, бұл үшін біз авторды айыптамаймыз. Себебі ол Суй-Таң дәуірінде (VI-X ғғ.) Қытай жылнамаларында жіберген қателіктерді тек талдаусыз қайталағаны болмаса (Самарқандтық Қаң тектілерді қазақтың қаңлы тайпасымен бас әріптің ұйқастығынан, екеуі де қытай тілінде Кан 康 мен басталады) (Цен Жоңмян, 1981: 227-265).

Қолда бар деректерді күрделі талдау елегінен өткізу тарих саласында шындыққа қол жеткізудің жалғыз жолы. Еуразия кеңестігінде жасаған қалың халықтың тарихын жүйелі түрде анықтауға кедергі көбіне деректердің өзара қарама-қайшы мағұлматтар беретіндігіне байланысты. Бұл мәселе әсіресе Моңғол дәуіріне қатысты шығыс және мұсылман деректеріндегі кез-келген оқиғаға берілетін қарама-қайшы сипаттамалар. Мысалы, Моңғолдар жаулау кезіндегі шым-шытырман қозғалыстарына Юан тарихы, Моңғолдың Құпия Шежіресі, Рашид ад-динның «Жылнамалар жинағы» және Әл-Жуайнидың «Жаһан жаулаушының тарихы» жазбалары беретін өзара мүлде үндеспей қалатын деректерін жатқызуға болады. Бұған өз кезінде Француз тарихшысы Рене Груссе де назар аударған (Grousset, 1970: 584). Мысалы, МҚШ 257 және 262 тарауларында Хорезмшахтың ізіне түскен Жебе-Сүбүтәй-Тоғұчар тобының барған жері мен қимылдарын ауыстырып, олардың Иран-Кәспи-Кавказ жеріндегі қанды шайқастарына мүлде тоқталмай ары қарай *қағанның әмірімен теріскейдегі 11 елді жысуға аттандырылғанын* әңгіменің негізгі желісі ретінде баяндайды. Одан ары, осы топтың жорық кезіндегі қиратқан қалалардың топонимдары да қате беріледі. Мысалы, Киев қаласын жаңылысып Кива кермен қосалқы атаумен атаған (Cleaves, 1982: 262, n 130). Бұл деректердің қарама қайшылықтарын байқамай қалған Су Бейхай ат үстінен бір албыртықпен қарап өткен. Егер де бұл жерлерін автор Рашид ад-дин мен Әл-Жуайнидың еңбектеріне кеңінен жүгінсе, басқаша қорытынды шығарар ма еді (Rashiduddin/Thackston, 1998, II: 248-250, 258-260; Juvaini/Boyle, 1997: 142-149). Сондай-ақ, Қытай тарихшысы моңғолдар мен найман-меркіт одағы арасында орын алған «Жәм шайқасын» ойдан қойып қалғандай әсер береді: «Жәм өзені қазіргі Қытайдың Алтай аймағының Шіңгіл ауданына қарасты Қос Шіңгіл өзендерінің күйғанында», деп үзілді-кесілді «*Шіңгіл* сөзінің түбірі Жәм топонимынан шыққан», дейді автор.

Алайда, бұл тым асқыста жасалған қортынды. Себебі Жәм өзені нақтылы қай жерде болғанын ғалымдар арасында бүгінгіге дейін әлі бір тұжырымға келе алмағаны анық. В. Бартольдтың көп томдық еңбегін шығарарда оның редакторлары ұзақ жолдармен осы жеріне берген түсініктеме бергенде И. Маркуарттың Жәмді Шу өзенімен теңестіруін қате деп, Бретшнейдердің еңбегіне сілтеме жасап, олар оны шығыстағы «Үйғыриядан» іздеп, әрі Чам өзені деп, Жамбалық кентімен ағып жатқан аттас өзенді көрсеткен. Алайда, олар да оның орнын нақтылы қай жерде екенін басып айта алмай, Ертіс өзеніне жақын деп қойған (Бартольд, 1963, I: 426). Бізге мәлім болғаны Жәм өзенін іс жүзінде Махмұд Қашқаридың еңбегінде аты аталған үйғырларға қарасты 5 кенттің бірі ретінде Еміл Бретшнейдер Чаң-чүн, Елү Қайлян және Гайтонның еңбектеріне

негізделіп ШҰАР-дың Манас ауданының шығысынан іздеген (Bretschneider, 1988:32). XIII ғасырдың басындағы Бесбалықтың батысындағы Жамбалық кентімен аттас өзен еді, дейді. Яғни оны Еміл Бретшнейдер бүгінгі ШҰАР-дың Санжы қаласының тұрған жері деп тұрақтандырған. XIII-XIV ғасырларда жазылған құнды дерек ретінде «Он үйғүр ханы және оның шекарасы туралы жазба» құжаттың Идиқұттың қалаларының бірі ретінде *Ян балық* аталады, бұл біз ауызға алып отырған Жанбалық немесе Жамбалықтың дәл өзі (отан тарихшысы Жанымхан Ошан Жан балықты Яңгі балық деп жазыпты) (Ошан, 2014: 39). Іс жүзінде Яңгі балық Ян балықтан бөлек кент, Гу-т'а-ба (Құтыби) қаласының батыс жағына орын тепкен (Levi/Фен Ченжун, 1905:32-33). АҚШ-та туылып еңбектерін француз тілінде жазған Жемс Р. Хамилтон Жамбалықты бүгінгі Қытай Санжы қаласымен теңестірген (Hamilton/Жең Биңлин, 2011). (Қытай деректерінде Жанбалық *Чаң-ба-ла* 昌八剌, *Жаң-ба-ли* 彰八里, *Чаң ба-ли* 昌八里 деп әрқалай жазылған). Қорытып айтқанда, Жамбалық бүгінгі Санжы қаласы да, Жәм өзені бүгінгі Құтиби өзені болғаны.

Су Бейхай Рашид ад-динның жазбасын дәл осы тұста қайта бір қарап кетуі керек еді. Себебі парсы тарихшысы Жәм өзені Моңғол жерінде деп бір айтып алып, ілешала оны қайта жоққа шығарады (Rashiduddin/Thackston, 1998, II: 226-227; I: 54). Парсы тарихшысы Тоқтооа Бегінің інісі мен ұлдары (ұлдарының есімдерін сол бетте Чілааун, Чібүк және Құлтүктай деп басқаша хаттаған) әкелерінің басын өздерімен бірге алып, үйғырдың жеріне қарай қашып, ол жерден Бөгән деген адамды Идиқұт Барчүкқа жіберіп пана сұрайды, бірақ үйғырлар оны жазым етеді, деп жазады.

Моңғол кезеңіне қатысты үлкен бір түйін осы тұсқа дөп келіп отыр. Деректерде моңғол-найман-меркіт шайқасында Тоқтооаның басы алынып, балалары түстікті бетке алып қашқанда, олардың ішінде Күшліктің аты аталмайды. Найман ханы Ертістің бойында Шыңғыс ханнан күйрей жеңіліп, Қобық-Еміл арқылы Ғүзрданы жастанған Қарақытай жеріне ойысқан. Айтпақ болғанымыз, 1208 жылы (біз үшін) Ертістің төменгі сағасына орналасқан Бұқтырма жерінде Шыңғыс хан әскерінен жеңіліс тапқаннан кейін, Күшлік пен меркіттер бөлініп қашқан. Меркіттер Ертістің жоғарғы аңғарындағы, немесе бүгінгі Чінгіл өзенінің қайнар жерінде орналасқан бұрынғы наймандардың жеріне барып, 2015 жылына дейін, немесе Шыңғыс хан Жинның Алтын ханына жасаған алғашқы жорығынан қайтып оралғанға дейін, «қашқындар» еркіндікте жүрген. Қаған Қытай жерінен оралған бойда Сүбүтэй мен Тоғұчарды Алтай тауының шығысына қалың қолмен жолға аттандырған, әрі олар Чінгілде меркіттерді бір соғып алады. Моңғолдан жеңілген меркіт бегінің ұлдары сол уақытта үйғырлар елік еткен Жамбалық аумағына қарап енкейіп қашады. Жәм өзен бойында жеткенде артынан қуып жеткен Сүбүтэйдің сарбаздарымен қайта айқасып тағы жеңіліп, 2017 жылы Тоқтооа бегінің ұлдары Қыпшақ даласына ат басын бұрады, сол жерде Құдү мен Құлтүған Мерген бірінен кейін бірі қуып жеткен моңғолдардың қолынан қаза болады.

Бұл оқиғаның желісін Су Бейхай тек К. д'Оссонның жазбасына жүгініп, швед тарихшысы өз кезегінде «Юан тарихына» негізделген болып шықты. Онда Рашид ад-динның егжей-текжей берген сипаттамасына қарама-қарсы Темүжин өзі қол бастап найман-меркіт бірлестігін Жәм өзен бойында бассалып Тоқтооа бегінің басын алған, деп оқиғаны болған жері мен уақытың шатастырады. Оған қоса, Шыңғыс хан қашып кеткен найман-меркіттердің артынан Сорқан Шираның ұлы Чинбайды аттандырды дейді. Ал, негізінде 1204 жылы көктемде мал жұтан кезде Темүжин тәуекелге басып Хинғай тауында найман Таянханымен шайқасқан әрі оны бақи еткен. Таянханның ұлы Күшлік пен меркіт Тоқтооа бегі бастаған бір топ қашқындар Алтай тауының батыс шетіндегі Ұлы тау баурайын жайлған Бұйрық ханға, Күшліктің кіші әкесіне, барып паналаған. Таңғұт жорығынан жеңіспен оралған ендігі жерде Шыңғыс хан аталған Темүжин шамалы уақыт демігіп, 1208 жылы қол бастап өзі найман-меркіттерге соңғы рет жорыққа аттанып Зайсан-Бұқтырма жерінде Күшлік-Тоқтооаның төбесінен түсіп жауды талқандаған. Тоқтооа бегі сол шайқаста өлтіріліп, інісі Құдү мен оның үш ұлы әкелерінің басын алып, Күшлікпен бірге Қобық-Еміл жеріне жетеді.

Араға 8 жыл салып, немесе 1216 жылы, Жин әулетіне жасаған жорығынан қайтып оралған Шыңғыс хан *қашқындардан* бір жолата құтылуға Сүбүтэй мен Тоғұчарға қол бастатып, кеткендердің ізіне салады. Келіп жеткен моңғол жасақтарымен Қобық-Емілде

Күшлік-Құду әскерлері бір шайқаста соғысып жеңіледі де, қашып Жәм өзен бойына келіп ұйғыр Идиқұттың жеріне өтуді мақсат етеді. Алайда, жіберген елшілерінен айырылып қана қоймай, өздеріне қатты қауіп төндірген Идиқұт Барчуктың жасағынан тағы жеңіледі. Күшлік сол жерден түстіктегі Кучаға қашса, ажалға иілерін берген Құду мен Құлтұған-Мерген өздері Жетісу жеріне ат басын тірейді. Осы кезде, 1218 жылы, Шыңғыс хан Жошы мен Жебе Ноянға қол бастатып, алдында кеткен Сүбүтэй мен Тоғұчарға қол ұшын беруге аттандырады. Жошы-Жебе қосыны Жетісу жеріне жеткенде екіге бөлініп, Жебе Ноян 20.000 сарбаздармен түстіктегі Қарақытайдың жеріне кірсе, Жошы-Сүбүтэй-Тоғұчар сол кездегі Қыпшақ даласына босып кеткен қашқындардың артынан суыт жүріп, Торғай-Ырғыз жерінде олардың үсітнен түседі. Нәтижесінде, қолға түскен Құду өлтіріледі, Құлтұған Мерген Жайықтың сол жағалауына орналасқан Қыпшақтың ханы Иналчыға 亦納思 барып паналайды.

Қыпшақ ханы Жошы бастаған моңғол жасақтарының қаһарына «Қаршығадан қашқан торғайды бұтақ қорғап қалса, мен сол бұтақ құрды болмағаным ба?»- деп жауап қайырған. Бірақ, қаһарына әбден мінген Жошы әскері бір соққымен Құлтұған-Мергенді қолға түсірген, әрі әкесінің берген қатаң әмірін амалсыз орындап, Жошы меркіттің соңғы бетке ұстар адамын бақилыққа жібереді (Rashiduddin/Thackston, 1998, I: 203-205, 228-229, 235-236; Juvaini/Boyle, 1997: 61-64, 370-373; Cleaves, 1982: 199; Юан тарихы Тоқта баяны; Бартольд, 1963, I: 434-436; Grousset, 1970: 213-216).

Сондай-ақ, бүгінгі қытай және шетел тарихшыларының еңбектерін пайдаланғанда қырағылыққа қоса дерекке адалдық таныту Су Бейхай үшін оңай болмаған көрінеді. Бұл жөнінде Су Бейхайдың ұстанымын екіге бөліп қарағанымыз жөн. Автор кейде еңбектерге объективтік сілтеме жасаудың орнына, пайдаланған деректерді еңбектердің контекстерінен жұлып алып, авторлардың әуелгі ой тұжырымдарынан ауытқып, аса еркіндікпен желіп кететіні рас. Кеңес Одағының археологы Сергей Руденконың бастауымен 1929 жылдарында ашылған Пазырық қорғанынан Орта Жазыққа қарасты кей бұйымдардың шыққанын Кеңестің археологы С. В. Киселевтің еңбегі арқылы тауып, Су Бейхай, археологдың ойы ретінде «демек, Қытай Ын-шаң мәдениеті (б. д.д. 1600-1046 жж.) сақтардың бақтарына қарай, сол уақытта оларға жетіп қойыпты», - деген қорытындыны тым ерте шығарады. Су Бейхайдың бұл шығарған қорытындысын растау үшін С.В. Киселевтің аталған еңбегін толық ақтарып шығып, біз ондай сөйлемдерді таппай қиналды. Киселев еңбегінің VI-ші тарауында, «Пазырыкская эпоха Алтая», Пазырық мәдениеті мен Моңғолияда табылған ғұндарға жататын Ноин-ула мәдениетін (Улан-батордың солтүстік-батысына қарай 130 км қашықтықта) және Орта Азияның Бактрия мәдениетімен арадағы сабақтастықты қайта молырақ ашып жазады (Киселев, 1951: 327-392). Тек, Ноин-Ула мәдениетінде о дүниелік болған адамдардың қабірлерінен жылқының қаңқасы табылмағаны болмаса.

Пазырықта құрбанға шалынған жылқылар сақтардың өмірі жайында біраз сыр шертеді. Біріншіден, қабірде табылған жануарлардың қатарында Орта Азияның ахалтеке тұқымдас арғымақтарынан да болған. Екіншіден, бұл жылқылар қолда жеммен бағылғаны байқалады. Бұл деректі біз жақында Қазақ археологтарының ШҚО-да тауып алған сақтарға қарасты егін кешенімен салыстырсақ, ол өңірді сол заманда қоныстанған сақтардың егін шаруашылығымен айналысқандары белгілі болды. Үшіншіден, жылқының құлағына салынған ен-таңбалардың әр қалай болуына қарағанда олар түрлі арналармен төрт құбыладан жинатылған жануарлар болғанын көрсетеді. Төртіншіден, жерленген аттар түгелімен кәрі жануарлар болған. Демек, қара орманды жастанған Алтай сақтары Орта Азиямен арадағы барыс-келіс пен алу-беру қатынасы өте тығыз болып, мал шаруашылығымен қоса егін шаруашылығын да бірге алып жүрген (қосымша қараңыз: Frachetti, 2002; Chen, K. & F. Hiebert, 1995).

Су Бейхай онымен тоқталмай, В. Бартольдтың еңбегіне де назар аударған. Оның сеніммен Бартольдтан келтірген мына жолдары аса маңызды болды: «Қарақытай Ляо әулетінің бір бөлегі, оның жер аумағы тарихтағы Қытайдың жер аумағының бір бөлімі деп саналады, оның (Батыс ляодың тарих) хронологиясы Қытайдың сарай тарихына (Ляо Тарихына) ресми енген. Орта Жазық ресми тарихнамасынан соншама байтақ далада мемлекет құрушы ретінде орын алуы бұрын-соңды болмаған, бұл жалғыз», деп Бартольд жазыпты-мыс. Су Бейхай бұл қатарларды Бартольдтың ағылшын тіліндегі

аударма нұсқасынан алдым дейді (Barthold, 1956: 28), біз бұны ғалымға көмекке келген аудармашының қателігі болу мүмкін деген ойдамыз. Себебі бұл қатарлар Бартольдтың еңбегінің түпкі нұсқасында әңгіме басқаша өрбіген: «Қытай тарихшылары гурхандарды Қытай императорлар қатарына жатқызады, олардың әрқайсысының «билік жылдары» үшін қытай атауларын берген әрі «Батыс Ляо» әулеті деп атайды. Біздің білуімізше, бұл тарихта Қытай империясынан қуылып шыққан жалғыз шетел әулеті» (Бартольд, II, 1: 132).

Су Бейхай кейді дерекке сүйенуден көрі сезімге беріліп, төбеден жай түскендей қойып қалып отырады. Бұл автордың топонимдарға берген түсініктемелерінде ерекше байқалады. Мысалы, Чиңгіл атауын Моңғол дәуіріндегі Жәм өзеннің атымен байланыстырса, Тарбағатай аймағына қарасты Жайыр тауын жалайыр тайпасының этнонимімен шыққан дейді; сол аймаққа қарасты Толы аудан атауын төрелердің өңірге барғанымен байланыстырады. Автор тіпті бір жерінде қазіргі Құмыл аймағының топонимын ертедегі үйсін тайпасының Күнбиімен байланыстыратыны тіпті миға сыймайтын қорытынды: «Шынында Құмыл (атауы) бірнеше 1000 жыл болған әрі ерекше мағынасы бар жер атауы, яғни ол үйсін елінің осында өмір сүріп, тіршілік еткенінің айғағы», дейді автор. Ары қарай: «Сонау б. д.д. үйсін юежіден жеңіліс тауып, Дүнхуаннан қашып шығып, кейін Құмыл, Баркөл, Жемсары және Үрімші жерлерінде көшіп жүргенде Құмыл үйсін Күнбиінің қыстауы болды. Оның жайлауы Тянь-Шаньның теріскейіндегі Баркөл мен Жемсары болған. Ханнама Жаң Чян баянында: *Үйсіннің ханы кунмо (күнби) деп аталады, ал, кунмонның тұрақтайтын ордасын, яғни кунмонның ордасын кунмолы 昆莫勒* (деген). (Міне,) жер атауы Құмыл Кунмодан шыққан, яғни ол Кунмо атауының дыбыстық нұсқасы. Бұдан түйіндейтініміз байырғы заманда Құмыл үйсіннің тіршілік еткен мекенімен қоса олардың саяси орталығы болғаны...», деп, қытай тарихшысы, атын қамшылап алдына жан салмайды.

Автордың бұл қорытындысы бізді былай қойғанда, Қытай тарихшылары арасында да кезінде талас-тартыс тудырғанын білеміз. Солардың бірыңғайы деп сол кездегі Құмыл қаласының тарих пәнінің мұғалымы Ма Чяншидың мақаласын айтуға болады. Ол көпдеген дәлелдермен Су Бейхайдың жасаған қорытындысын теріске шығарып, Құмыл топонимін Моңғол дәуірімен байланыстырады (Ма Чянши, 1994).

Қорытынды. Тіпті осы барлық «кемшілігін» теріп жинап алсақта, баспаға жол тартатын 1,000.000 қытай иероглифынан тұратын әйгілі Қытай тарихшысы Су Бейхайдың «Қазақ халқының тұтас тарихының» қазақ тіліндегі нұсқасының өткенімізді түгендеп, болашағымызды болжалап, елдігімізді әлемге танытудағы қосар үлесі зор болар. Аталған еңбекте Қытай тарихшысының алдына қойған жетекші идеясы мен автордың барлық тұжырымымен келіспесек те, қазақтың арғы тегін іздеуге қытай тарихшысының алып барған ұзақ жылдар бойғы жасаған ізденістерінің өзін бағалауға болады. Автордың қазақ халқына деген шынайы махаббаты еңбектің әрбір бетінде болмаса да, әр бөлімінен байқаймыз. Су Бейхайдың бір дәуірдің саяси жүгін арқалаған қытай тарихшысы екенін өзі де қайталап дәлелдеп кетті, оның қазақ халқына деген ертеден келе жатқан сүйіспеншілігінде «алып ел өз қамқорлығына басқан қазақтар бақытты екен», дейді. Сондықтан, ол қазақтар «Еуразия кеңестігінде тарихтан ойып отырып орын алып, тайға таңба басқандай мәдениет жасай алды», - деген ұғымды қытай оқырмандарының санасына құюды алдына мақсат еткен.

Бұл еңбекті қытай тілінен қазақ тіліне аударуды жоғарыда атап кеткен төрт себептен тыс екі себептерді алдыға тарта отырып айтамыз: Біріншісі, «Қырғи қабақ соғыс» кезінде ҚХР тарихшылары өз елінде үкіметінің берген жалғыз бағытымен жүруге мәжбүр болған. Екіншіден, шетел тілдерінен толық хабардар болмаған сол кездегі Қытай тарихшылары қазақтар туралы жазған шетел еңбектерінің аударма басылымдарына ғана сүйенген, өз кезегінде ол аудармалар әлсін-әлсін тарихшыларды қате арнаға түсіріп де жіберген.

Біз бұл мақалада монографияның осал тұстарын ашып айту арқылы, оның мәртебесін жоғарлатып, отан тарихшыларының назарын аударуды мақсат еттік.

Әдебиеттер

- Barthold V. V. Four Studies on the History of Central Asia, Vol. I: a Short History of Turkestan, and a History of the Semirechye. Leiden, E.J. Brill, 1956.
- Бартольд В. В. Сочинения. I. М.: Наука, 1963. 763 с.
- Бартольд В. В. «История Туркестана». Сочинения II. часть I. М. 1963.
- Bretschneider E. Mediaeval researches from eastern Asiatic sources, vol. II: fragments towards the knowledge of the geography and history of central and western Asia from the 13th to the 17th century. Volume II. London: Trübner & Co, Ludgate Hill, 1888.
- Chen K.&F. Hiebert. 1995. "The late prehistory of Xinjiang in relation to its neighbors."//Journal of World Prehistory.9 (2), 243–300.
- Cleaves F.W. The Secret History of the Mongols. Harvard University Press, 1982. Francis Woodman Cleaves, The Secret History of the Mongols. Harvard University Press, 1982.
- Даулетхан Ә. «Түркештердің этникалық құрамы және этно аумағының қалыптасуы». Отан тарихы. 2012, № 4 (60). 124-133 бб.
- Еженханұлы, Бахыт. Қожаберген батыр: 1756-1767 жылдарда қалыптасқан мәнжу-өбтай мұрағат құжаттары негізінде. Алматы: Арыс, 2017. 496 б.
- Frchetti M. "Bronze Age Exploitation and Political Dynamics of the Eastern Eurasian Steppe Zone" in Katie Boyle, Colin Renfrew & Marsha Levine ed. Ancient interactions: east and west in Eurasia. 2002 Mc Donald Institute for Archaeological Research. Great Britain.
- Grousset Renй. The Empire of the Steppes: A History of Central Asia. Rutgers University Press, 1970.
- Hamilton J. "Autour du manuscrit Stal-Holstein."//哈密屯: "刚和泰藏卷杂考(述要)"//郑炳林: 法国西域史学精粹 甘肃人民出版社 出版年: 2011-4. 02. 431 页.
- Ибрагимов С.К. Еще раз о термине «казах» // Новые материалы по древней и средневековой истории Казахстана. Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР. Т. VIII. 1960. Сс. 66-71.
- Juvaine Ata-Malik. Genghis Khan: the History of the World Conqueror by 'Ala-ad-Din 'Ata-Malik Juvaini. Translated from the text of Mirza Muhammad Qazvini by J.A. Boyle with a new introduction and bibliography by David O. Morgan. Manchester University Press Unesco publishing, 1997.
- Қазақ Совет Энциклопедиясы / Қаратаев М.Қ. (ред). Алматы, 1972-78. 1 т.
- Киселев С.В. Древняя история Южной Сибири. М.: Изд-во Академии Наук СССР, 1951. 635 с.
- Levi Sylvain. "Notes Chinoises sur l'Inde, V. Quelques documents sur le bouddhisme indien dans l'Asie Centrale"//Bulletin de l'École française d'Extrême-Orient. 1905, V.5. pp. 262 – 284 //冯乘钧编译/史地从考; 史地从考续编. -上海: 上海古籍出版社, 2014.3.第239页.
- Ма Чянши, «Кұмыл топонимына талдау: Су Бейхай мырзамен кеңес» // Шинжян педагогика университеті журналы // Филология-қоғам пәні сериясы. 1994 жылы No 2.//马千希, «“哈密”地名考辨: 与苏北海先生商榷»《新疆师范大学学报》哲社版 1994年第2期。第52-57页。
- д'Оссон (Baron Abraham Constantin d'Ohsson-ның. *Histoire des Mongols, depuis Tchinguiz-Khan jusqu'a Timour Bey, ou Tamerlan*. Paris, 1824 /Фең ченжун аудармасы.)
- Ошан Ж. Керей хандығы қытай деректемелерінде (X-XIII ғғ). Алматы: Дайк Баспасы, 2014. 84 б.
- Rashiduddin Fazlullah's Jami'u't-tawarikh: Compendium of Chronicles A History of the Mongols. Three parts. Published at Harvard University, Department of Near Eastern Language and Civilization, USA, 1998. I. II. (W.M. Thackston translation).
- Су Бейхай. Қазақтың тұтас тарихы. Алматы: Paradiegма баспасы, 2017. 1060 бет.
- Цен Жонмян. Ханнама • Батыс Әңір баяны топонимдарына талдау. // 岑仲勉, «汉书西域传地理校释»“奄蔡条,”265-268页中华书局,19年版。 Жоңхуа кітап бюросы, 1981.
- Юан тарихы • Тоқта баяны // 土土哈传。
- Жоу Шишан ред. «Уаң Гуоуей жинағы». Қытай қоғамдық ғылым баспасы 2008, 16. 01. 276-301-бб. “Хулардан кірген киімдер жайында.”//周锡山编校, 《王国维集》中国社会科学出版社 2008-12-01. 276-301页页 “胡服考”

Reference

- Barthold, V. V. Four Studies on the History of Central Asia. Vol. I: a Short History of Turkestan, and a History of the Semirechye. Leiden, E.J. Brill, 1956.
- Бартольд, В. В. Сочинения. I. М.: Наука, 1963. 763 с.
- Бартольд, В. В. История Туркестана. Сочинения II. часть I. М.-1963.
- Bretschneider, E. Mediaeval researches from eastern Asiatic sources, vol. II: fragments towards the knowledge of the geography and history of central and western Asia from the 13th to the 17th century. Volume II. London: Trübner & Co, Ludgate Hill, 1888.

- Chen, K. & F. Hiebert. 1995. "The late prehistory of Xinjiang in relation to its neighbors."//Journal of World Prehistory.9 (2), 243-300.
- Cleaves, Francis Woodman. The Secret History of the Mongols. Harvard University Press, 1982.
- Francis Woodman Cleaves, The Secret History of the Mongols. Harvard University Press, 1982.
- Daulet Khan, Alymzhay. "Turkeshterding etnilalykh kuramy jane etno aumaghynyng kalyptasuy." Otan tarikh. 2012 jyly, No 4 (60). 124-133 pp.
- Ejehanuln, Бахыт. Қожаберген батұр: 1756-1767 жылдары қаптастан менжу-қытай мұрағаты қытайлар негізінде. Алматы: Арыс, 2017. 496 pages.
- Frachetti, Machael. "Bronze Age Exploitation and Political Dynamics of the Eastern Eurasian Steppe Zone" in Katie Boyle, Colin Renfrew & Marsha Levine ed. Ancient interactions: east and west in Eurasia. 2002 McDonald Institute for Archaeological Research. Great Britain.
- Grousset, René. The Empire of the Steppes: A History of Central Asia. Rutgers University Press, 1970.
- Hamilton, James. "Autour du manuscrit Стал-Нолстайн."//哈密屯: "刚和泰藏卷杂考(述要)"//郑炳林: 法国西域史学精粹 甘肃人民出版社 出版年:2011-4 02/431 页。
- Ibragimov, S. K. "Eshche raz o termine 'kazakh.'" In Trudv instituta istorii arkheologii i etnografii. Alma-Aty: Akademii Nauk Kazakhskoi SSR, 1960, Tom 8.
- Juvaine, Ata-Malik. Genghis Khan: the History of the World Conqueror by 'Ala-ad-Din 'Ata-Malik Juvaini. Translated from the text of Mirza Muhammad Qazvini by J.A. Boyle with a new introduction and bibliography by David O. Morgan. Manchester University Press Unesco publishing, 1997.
- Karataev, M.K. red. Kazakh Sovet Entsiklopediasy. Almaty, 1972-1978. Tom-1. 302-304 bb.
- Kiselev, S.B. Drevnyaya istoriia Yujnoi Sibiri. M.: Izd-vo Akademii Nauk SSSR, 1951. 635 c.
- Levi, Sylvain. "Notes Chinoises sur l'Inde, V. Quelques documents sur le bouddhisme indien dans l'Asie Centrale"//Bulletin de l'École française d'Extrême-Orient. 1905, V.5. pp 262 – 284. // 冯秉钧编译/史地丛考; 史地丛考续编。-上海: 上海古籍出版社, 2014.3. 第239页。
- Ma Qianshi. "Hami Di ming kao bian: yu Su Beihai xian shen shang que."// "Xinjiang shi fan da xue xue bao" (zhe she ban).1994 nian di 2 qi. Di 52-57 ye.
- д'Оссон (Baron Abraham Constantin d'Ohsson-ның. *Histoire des Mongols, depuis Tchinguiz-Khan jusqu'a Timour Bey, ou Tamerlan*. Paris, 1824 /Фең чеңжүн аудармасы.)
- Oshan, Janymkhan. Kerei khandyghy kytai derektevlerinde (X-XIII gh. gh). Almaty: Daik basgasy, 2014.
- Rashiduddin Fazlullah's Jami'u't-tawarikh: Compendium of Chronicles A History of the Mongols. Three parts. Published at Harvard University, Department of Near Eastern Language and Civilization, USA, 1998. I. II. (W. M. Thackston translation).
- Su Beihai. Qazaqtyng tutas tarikhy. Almaty: Paradiegma baspasy, 2017. 1060 pages.
- Tsen Jongmian. Hanshu xiyu zhuan dili jiaoshi. "Yancai tiao." Zhonghua shuju, 1981 nianban. 265-268 p.
- Yuanshi – Biography of Tutuha.
- Zhou, xishan bianjiao. "Wang guowei ji." Zhongguo shehui kexue chubanshe, 2008-12-01. 276-301 ye//周锡山编校, 《王国维集》 中国社会科学出版社2008-12-01 276-301页页“胡服考”。

ҒТАХР 03.20.00

**ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ТАРИХЫНЫҢ
КЕҢЕСТІК ТАРИХНАМАСЫ (XX ҒАСЫРДЫҢ 20-80-ЖЫЛДАРЫ)**

Оразгүл Мұхатова

тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері,
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: Orazgul7@rambler.ru

Түйіндеме. Мақалада Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихының кеңестік кезеңде зерттелуі талданады. Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихының кеңестік идеология шеңберінде зерттеудің себептері көрсетіледі. Қазақ халқының азаттық көтерілістерін таптық бағыт, патриархалды-феодалдық қатынастар, феодалдық жер меншігі, әскери-феодалдық империализм ауқымында қарастырған А.Ф. Рязановтың, С. Асфендиаровтың, М.П. Вяткиннің, В.Ф. Шахматовтың, П.Г. Галузоның еңбектері туралы баяндалады. Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыс тарихын зерттеген Е.Д. Дилмұхамедов, Е. Бекмаханов, Т. Шойынбаев зерттеулерінің мазмұны, тарихшылардың тұжырымдары талданады. Сырым Датұлы қозғалысын зерттеу бағыттары анықталады. М. Вяткиннің, Т.Ж. Шойынбаевтың, В. Шахматовтың, А.П. Чулошниковтың еңбектеріндегі Сырым Датұлы, Жанқожа Нұрмұхамедұлы, Исатай Тайманұлы бастаған азаттық көтерілістердің көрініс табуына жаңа көзқарастар тұрғысында баға беріледі. Ұлы Дала Еліндегі ұлт-азаттық қозғалыстардың 1960-1980 жылдарда бұрмалана зерттелуі және тарихшылардың тарихи ақиқаттан алшақтауы қарастырылады. Қорытындылаушы еңбектердегі жасалған тұжырымдар көрсетіледі. Патшалық Ресейдің жаулап алу және отарлау саясатына қарсы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы жөніндегі американдық тарихшы О. Кэроудің еңбегінің мазмұны ашылады. Ұлы Дала Еліндегі ұлттық бірегейлік пен тұтастықты сақтап қалуға бағытталған күрес тарихы кеңестік кезеңде негізінен зерттелгендігі, алайда тарихи шындық бұрмаланып, орын алған оқиғалар мен процестер өздерінің объективті бағасын ала алмағандығы туралы тұжырымдар жасалады.

Кілт сөздер: тарихнама, қазақ даласы, Ресей империясы, отарлау саясаты, ұлт-азаттық қозғалыс, тұтастық, зерттеу, бағыттар, тұжырым, талдау.

МРНТИ 03.20.00

**ИССЛЕДОВАНИЕ ИСТОРИИ НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНЫХ
ДВИЖЕНИЙ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В СОВЕТСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ
(20-80 ГГ. XX ВЕКА)**

Мухатова Оразгуль

доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник
института Истории и этнологии им. Ч. Валиханова
г. Алматы, Казахстан, e-mail: Orazgul7@rambler.ru

Аннотация. В статье анализируется исследование истории национально-освободительных движений в советский период. Показаны причины изучения истории национально-освободительных движений в Казахстане в рамках советской идеологии. Излагаются труды А.Ф. Рязанова, С. Асфендиарова, М.П. Вяткина, В.Ф. Шахматова, П.Г. Галузо, в которых восстания рассматриваются в контексте классового подхода, патриархально-феодалных отношений, феодалной земельной собственности, военно-феодалного империализма.

Анализируется содержание исследований и концептуальные выводы историков Е.Д. Дильмухамедова, Е. Бекмаханова, Т. Шойынбаева, изучивших историю движения под предводительством Кенесары Қасымова. Определяются подходы изучения истории движения Сырыма Датова. Дается оценка в рамках современных взглядов трудам М. Вяткина, Т.Ж. Шойынбаева, В. Шахматова, А.П. Чулошникова, в которых получили

отражение освободительные восстания под предводительством Сырыма Датова, Жанкожи Нурмухамедова, Исатая Тайманова. Рассматривается искаженное изучение истории национально-освободительных движений в Великой степи в 1960-х и 1980-х годах от историков от исторической действительности. Определены выводы, сделанные в обобщающих трудах. Раскрывается содержание работы американского историка О. Кэрроу о завоевании и истории национально-освободительных движений против колониальной политики царской России. Делаются выводы, о том, что в советский период история борьбы за сохранение национальной самобытности и целостности в Великой степи была в значительной степени исследована, однако историческая истина была искажена, а происходящие события и процессы не смогли получить свою объективную оценку.

Ключевые слова: историография, казахская степь, Российская империя, отарлау саясаты, колониальная политика, национально-освободительное движение, целостность, изучение, подходы, выводы, анализ.

IRSTI 03.20.00

ON SOVIET HISTORIOGRAPHY ON THE NATIONAL LIBERATION MOVEMENTS IN THE KAZAKH STEPPE DURING 20s-80s of 20th CENTURY)

Orzgul Mukhatova

Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher, Institute of History and Ethnology C. Valikhanov, г. Almaty, Kazakhstan, e-mail: Orazgul7@rambler.ru

Abstract. The article looks into the Soviet period for its study of the history of national liberation movements. It detects a relationship between the study of national liberation movements in Kazakhstan during the said period and the need by Soviet ideology. The author shows how the publications on the subject by A.F. Ryazanova, S. Asfendiarov, M.P. Vyatkina, V.F. Shakhmatova, P.G. Galuso drive excessively on the topics of class struggle, patriarchal-feudal relations, feudal landed property, military-feudal imperialism. In that context, the author tries to make an analysis of the outcome of the research by historians E.D. Dilmukhamedova, E. Bekmakhanova, T. Shoyynbaeva in their studies on the history of the national movement led by Kenesary Kasymova. The emphasis is laid on their conceptual framework. The author of this paper also looks into the motives of studying the history of Syrym Datov's rebellion by them. The paper attempts to evaluate the books by M. Vyatkin, T.Zh. Shoyynbaeva, V. Shakhmatova, A.P. Chuloshnikov from a contemporary point of view, for these authors have studied the uprisings led by Syrym Datov, Zhankozhi Nurmukhamedov, and Isatay Taimanov. By doing so, the author would strive to demonstrate how the history of national liberation movements taken place in the Great Steppe was distorted in the books of these authors during the 1960s and 1980s. In the meantime, the paper makes an extensive reference to American historian O. Carrow of his writing on the conquest and the history against the colonial policy of tsarist Russia by the national uprisings. The paper concludes that the Soviet period was an epoch in which the historians made the subject of studying the history of the people's struggle to preserve their national identity and the Great Steppe a major priority, albeit they did not always adhere to the historical truth. In that sense, the conclusion reached by these historians were not always in line with what really occurred.

Key words: historiography, Kazakh steppe, Russian Empire, Otarlau Sayasat, colonial policy, national liberation movement, integrity, study, approaches, conclusions, analysis.

Кіріспе. Тарихнама тарихи білімнің мазмұны мен түрін ашады, тарих ғылымындағы қозғалысты анықтауға мүмкіндік береді, негізгі кезеңдерін анықтайды. Тарихи танымның әртүрлі әдістерінің жетілуі үдерісін, баламалы тарихи ағымдардың мәні мен мазмұнын бақылайды. Тарихнама тарих ғылымының пәнінен өзгеше өзінің ерекше мәніне ие бола отырып, сонымен бірге тарих ғылымының бірдей методологиялық ұстанымдарға жүгінеді. Осыған орай тарихнама ғылым саласы белгілі бір ғылыми мәселенің зерттелу деңгейін анықтап, тарихнамалық деректердің

мән-мазмұнын, зерттелу бағыттары мен үрдістерін айқындау, объективті түрде зерттелмеген тұстарын тану мақсатын қояды. Тарихи еңбектердің деректанулық базасын, деректерді пайдаланудың сипатын, зерттеудің нақты әдістерін талдау - тарихнама аспектісінің бірі. Тарихнаманы осы тұрғыда қарастыру зерттеудегі тарихи ойдың түрлі бағыттарына тән өзіндік әдістерін айқындауға, тарихи фактілерді орнату мен жүйелеуде әрбір тарихшы-зерттеушінің орны мен рөлін анықтауға, тарихи зерттеудің методологиясының және әдістерінің өзара байланыстарын ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Тарихнаманың осындай аспектілері қазақ даласындағы ХҮІІІ-ХХ ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалыстар тарихының ғылыми әдебиеттерден көрініс табуына баға беруге жол ашады.

Материал және әдістер. Тарихнамадағы методологиялық проблемаларды оқып-үйренуді ғылымдағы «тарих және қазіргі заман» парадигмасымен байланыстыра жүргізу өзекті болып табылады. «Тарих және қазіргі заман» проблемасын мына төмендегі бірқатар мәселелермен етене жақын шешу қажет. Олар: зерттеу тақырыбын таңдау, оны қарастырудың теориялық және методологиялық деңгейі, қорытындылар жасау, тұжырымдардың қазіргі заман үшін маңызы.

Тарихнамалық талдау жүргізуде ғылымның негізгі заңдылықтарына арқа сүйелді. Ғылымдағы тарихилық, объективтілік және әлеуметтік қағидалармен қатар тарихи-салыстырмалы, нақты және логикалық талдау, ретроспективті, мерзімдемелік әдістері пайдаланылды. Тарихнамалық деректерді өткен кезең туралы мәліметтерді тасушы ретінде, ондағы объективтілік пен субъективтіліктің байланысы, оның шынайылығын анықтау, деректердің түрлері мен мазмұны, олармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері қоса пайдаланылды. Тарихнамалық деректер мен фактілерге баға беру тарихнамалық талдау арқылы жүргізілді. Автор Ұлы Дала еліндегі азаттық қозғалыстарды зерттеушілердің еңбектеріне баға беруде ұлттық мүддені, бірегейлік ұстанымдарын, сонымен қатар отандық тарих ғылымында орныққан эталондық тарихнамалық фактілерді басшылыққа алды. Шетелдік ғылымда Ральф Дарендорф қалыптастырған қақтығыстар немесе жанжалдар туралы теория орын алған. Ральф Дарендорф қақтығыстың өзі үстемдік етуден туындайтындығын дәлелдеген. Ұлы Дала Еліндегі біртұтастыққа ұмтылған азаттық күресі патша өкіметінің саяси үстемдігінен туындады. Осы теорияны ұстану авторға Ресей империясының отарлау саясатының мәнін ашуға және оған қарсылық тудырған қазақ елінің азаттық қозғалыстарға зерттеушілердің көзқарастарын айқындауға септесті.

Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихының кеңестік идеология шеңберінде зерттелуі. Кеңестік кезеңде қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын зерттеу 1920-жылдардан басталды. Әлі де кеңестік идеология үстемдік ете қоймаған тұста жарияланған еңбектер мазмұны, авторлардың ұстанымы, деректік базасына байланысты әртүрлі болды. Зерттеушілердің бірі азаттық қозғалыстарына шынайы баға берсе, екіншілері оларды теріске шығарды. Мәселен, 1924 жылы А. Миклашевскийдің «Социальное движение 1916 г. в Туркестане» деген шағын еңбегі жарияланды. Автор 1916 жылғы Орта Азия мен Қазақстан халықтарының көтерілісін самодержавиенің отарлау саясатына қарсы бағытталғандығын қарастыра отырып, оның азаттық, прогрессивті сипатын көре алмады (Мухтарова, 1997: 285).

1920-1930-жылдары ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы архив құжаттарының негізінде зерттелді. Осы уақытта архив құжаттарын жинау және өңдеу жұмыстары жүргізілді. Алайда мұндай процесс ұзаққа созылмады. Ғылымда таптық бағыт және тұжырымдама пайда болды. Ол М.Н. Покровскийдің «Любое присоединение нерусских народов и царской России было «абсолютное зло», так как Россия была отсталое монархическое государство и вела агрессивную внешнюю политику» деген ойынан басталды. Осының ықпалымен А.Ф. Рязановтың еңбектері дайындалды. Казак есауылынан қызыл комиссарға дейін жеткен А. Рязанов 1924 жылы Орынбордағы Орталық өлкелік архивте қызметкер болып жұмыс жасады. Осы уақытта оның «Батыр Срым Датов», «Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа (1797-1828)», «Восстание Исатая Тайманова» атты еңбектері жарияланды. Оларда А.Ф. Рязановтың «даладағы толқулардың барлығының революциялық маңызы болды, өйткені казактардың күресі ресейлік реакциялық күштерді бұғақтады, саяси

дағдарыстың өрістеуін тездетті» деген ұстанымы айқын көрінді. Айта кетерлік жайт, А.Ф. Рязановтың «Восстание Исатая Тайманова» деген еңбегі жөнінде қазақстандық тарихнамада жиі айтылды. Бұл еңбектің методологиялық жағынан ескіргені де жасырын қалмады. Кеңестік кезеңнің өзінде еңбекке сыни баға берілді. А.Ф. Рязанов көтерілістің қозғаушы күштерін, оның отаршылдыққа қарсы бағытталғанына қарамастан таптық құрамына талдау жасамады, көтерілісті тудырған әлеуметтік экономикалық факторлар ашып көрсетілмеді, халықтық қозғалысты өзінің жеке басының мүддесінде пайланғанғысы келген Қайыпқали сұлтанды халықтың тәуелсіздігі үшін күрескер ретінде таныды деген кемшіліктер айтылды. Дегенмен күні бүгінге дейін тарихшылардың осы еңбекке сілтеме жасап, дерек ретінде пайдаланатыны шындық, себебі зерттеудің көптеген архив құжаттарының негізінде дайындалғандығы белгілі.

XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ халқының азаттық қозғалысының әлеуметтік-тарихи мәні жергілікті тұрғындардың әлеуметтік консерватизм, этностың ішіндегі әлеуметтік байланыстардың тұрақтылығына ұмтылу арқылы социумды, оның дәстүрін, өзіндік мәдениетін сақтап қалуға жағдай жасады. Дәл осы терең мәдени-әлеуметтік контекст дәстүрлі қоғамдық қатынастар дәуіріндегі қазақтардың азаттық қозғалыстағы тарихи рөлін, басты қызметін анықтап береді. Алайда тарихнамада 1731-1847 жылдардағы азаттық күресінің алғашқы сатысы монархиялық сағымдардың орын алуымен және метрополияға қарсы ашық соғыстың аяқталуымен сипатталады. Бұл Ресей империясының бодандығын қабылдағаннан кейінгі уақыттарда бір сәтте де толастамаған қазақ халқының азаттық үшін күресінің жалғасы болып саналады, өйткені байырғы тұрғындардың кедейленуі, шұрайлы жерлерінен айырылуы, әлеуметтік алауыздықтың тууы қазақ жүздерінің Ресей бодандығын қабылдануынан басталды. Осы кезеңде сұлтан Қайыпқали Есімұлы бастаған қозғалыс ерекшеленеді. Қозғалыс 1827 жылы басталып, 1829 жылы аяқталды. 1926 жылы Қызылорда қаласында жарияланған А.Ф. Рязановтың еңбегі (Рязанов, 1926) аталмыш көтерілістің және атауынан көрініп тұрғандай қазақ халқының ұлттық тәуелсіздігі үшін күресінің тарихын зерделеуге арналды. Еңбекте А.Ф. Рязановтың көптеген архив құжаттарының пайдаланғанына қарамастан іргелі тұжырымдар жасалмады. Автордың жасаған қорытындылары тарихи шындықпен астаспады. Айта кетерлік жайт, кеңестік тарихнамада А.Ф. Рязановтың еңбектері талай рет сыналды, оның кемшіліктері мен қателіктері көрсетілді. Тарихнамада Сырым батыр қозғалысының жекелеген аспектілерін қарастырған бұдан басқа М.П. Вяткиннің, В.Ф. Шахматовтың, П.Г. Галузоның еңбектері талай дөңгелек үстелдер мен конференциялардың пікір таластарының, жарияланымдардың нысанына айналды. Дегенмен тарихшы-зерттеушілер бұл авторлардың басты кемшілігін көрсете алмады. Авторлар өз зерттеулерін қазақ қоғамын патриархалды-феодалдық ретіндегі анықтама ауқымында қарастырды. Дәстүрлі қоғам ішінде таптық бағыт жіктелуді іздеп тауып, оны мал басының көшпенділер арасында теңдей бөлінбеуімен көрсетті. Алайда қазақтардың жерге феодалдық меншігін жоққа шығармады. Жерге жеке меншіктің ауқымында Бөкей ордасындағы көтерілісті қарастырды. М. Вяткин жердің бүкіл қауымның, рудың қарамағында болғандығы туралы тұжырым жасады (Вяткин, 1941). Тарихшының «Қазақтарда XVII ғасырда жер иеленудің үстем түрі - жерді жалпы ру болып иелену болған» (Вяткин, 1941:7) дегені осының айғағы. В. Шахматов феодалдық жер меншігінің орын алғандығы туралы тұжырымды бекіте түсті. Соған қарамастан қазақ қоғамында «ішкі тап аралық қайшылықтар сирек орын алғандығын» анықтады. Дей тұрғанмен кейінгі мақалаларында В. Шахматов көшпелі мал шаруашылығы жағдайында феодалдық жер иелігінің болуы мүмкін еместігі туралы қорытындыға келді (Шахматов, 1946). Мұның өзі авторлардың азаттық қозғалыстардағы ішкі әлеуметтік-экономикалық факторларды көбейтіп көрсетуге тырысқандарын дәлелдейді, яғни жер мәселесі негізінде таптық қатынастардың шиеленіскендігіне баса мән берді. «Қоғам дамуының белгілі кезеңдерінде жерді ру болып иеленудің үстем болуы таптық қарым-қатынастардың дамуын мүлдем жоя алмады, бірақ ол қанаушылар мен қаналушыларлық қарым-қатынастарында сөзсіз ерекше із қалдырды» (Вяткин, 1941:7-8), - деген М. Вяткиннің тұжырымы басқа тарихшыларға ой салды. Себебі автордың: «Сөз жоқ, XVIII ғасырда салт-сананың патриархтық-рулық түрлері екі ғасыр өткеннен

кейінгі түрлерінен анағұрлым күшті болған және олар қазақ қоғамындағы таптық қарым-қатынастарға өзгеше түр беріп, мазмұны феодалдық осы қарым-қатынастарды патриархтық-рулық қарым-қатынастарға айналдырған. Салт-сананың патриархтық-рулық түрлері қазақтардың тек жеке өміріне ғана өзгешелік өң берді деп ойлау үлкен қате болар еді. Дұрысында қазақтарды қоғамдық белсенділігі ерекше болған, ал патриархтық-рулық система қазақ қоғамының өндірістік қарым-қатынастарының өзгешеліктерін ұғындыратын шын мағынадағы сыртқы қоғамдық түрі болып қалды» (Вяткин, 1941:8), - деген өзіндік пікірі шынайы болып саналды. Тағы бір айта кетерлік мәселе, В.Ф. Шахматовтың да еңбегі сыннан алшақ бола алмады, сондықтан да оны пайдалануда ұлттық сыни көзқарастардың қажет.

П.Г. Галузо болса, мәселені әскери-феодалдық империализм ауқымында зерттеді. Оның пікірінше, патшалық биліктің бағынышты халықтарға қатысты отарлық езгісінің күшеюі езілушілер тарапынан қарсылықты тудырды (Галузо, 1965). Себебі Ресей әртүрлі халықтарды өзіне қосып алуымен қатар әскери-феодалдық езгіні орнатты. Капитализмнің және ұлттық буржуазияның пайда болуына дейінгі уақыттардағы патша өкіметіне қарсы қозғалыстарды түсіндіру мүмкін емес. Мұның өзі азаттық қозғалыстардың Ресей бодандығын қабылдағаннан кейінгі уақыттарда өрістеді деген тұжырымға әкелді. Осылайша азаттық күресін шаруалар соғысы ретінде негіздеу жөнінде тезис қалыптасты. Өз заманымен салыстырғанда біршама жаңа пікір С. Асфендиаровтың еңбектерінен көрініс тапты. С.Ж. Асфендиаров XVIII-XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалыстарды Ресейдің Қазақстанды жаулап алды деген тұжырымы ауқымында қарастырды. Бұл актіні тарихи заңдылық деп санады (Асфендиаров, 1936). Сондықтан да тәуелсіздік пен ұлттық біртұтастық үшін азаттық күресінің орын алмауы мүмкін еместігі туралы пікір қалыптастырды.

1930 жылдары біраз еңбектер жарияланды. Солардың бірі 1936 жылы жарық көрген, 1916 жылғы қозғалыс тарихын әскери-феодалдық империализм негізінде арнайы зерттеген С. Асфендиаровтың монографиясы көпшілік назарына ұсынылды (Асфендиаров, 1936). «Шыдамы таусылған қазақ ауылдары патшаның жарлығына кең шаруа соғысымен жауап бергендігі» туралы тұжырым жасады. «Бүкіл қазақ даласында ауылдар өзінің езушісі – патша өкімшілігіне және бай-атқамінерлердің билігіне қарсы көтерілді» (Асфендиаров 1936: 76) деген тарихнамалық фактісінен С. Асфендиаровтың методологиялық ұстанымын анық көруге болады. 1916 жылғы көтерілістің қалың бұқараны қамтығаны, патша өкіметіне қарсы халық соғысы, көсемдерінің қазақ кедейлерінің өкілі болғандығы туралы пікірлері 1930 жылдардағы тарихшылардың көқарастарымен үндес екендігін дәлелдейді. «Көтеріліс қазақ еңбекшілерінің ұлттық және таптық сана-сезімінің өрлеуіне септігін тигізді», - деген тұжырымы С. Асфендиаровтың ғылымда орын алған кеңестік идеологиядан тыс бола алмағандығын бекіте түседі (Асфендиаров, 1936: 111).

С. Асфендиаровтың зерттеуімен қатар С. Брайнин мен Ш. Шафиرونның осы мәселеге арналған еңбегі (Брайнин, Шафиро, 1936) жарық көрді. Авторлар ұлттық интеллигенцияның көтеріліске қатысты көзқарастарын бұрмалап көрсетті. Мұндай ұстаным түсінікті еді, себебі Алаш қозғалысы өкілдерін барынша қаралау турасында нұсқау алған зерттеушілердің басқаша жазуы қисынсыз болатын.

Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыс туралы зерттеулер. 1940 жылдары Қазақстанда Мәскеу мен Ленинградтан ғалымдардың үлкен тобы жұмыс жасаған кезде жоғарыда айтқан екі балама пікір мойындалды. Дегенмен «аз зұлымдық» тарихи шындықты анықтауда тиімді деген пікірлер басым түрде. Соған қарамастан 1943 жылы А.М. Панкратова мен Х.А. Әдіқалықовтың редакциясымен «Қазақ ССР тарихы» (История Казахской ССР 1943) жарық көрді. Авторлар XIX ғасырдың 20-40-жылдарындағы қозғалысты прогрессивті түрде қарастырды. Мұндай бағытқа Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті сыни көзқарас танытып, 1945 жылы жаңа басылым дайындау туралы қаулы қабылдады.

Кеңес Одағындағы Ұлы Отан соғысының кезінде М.И. Стеблин-Каменскаяның көлемді еңбегі (Стеблин-Каменская, 1942) жарыққа шықты. Мақаланың насихаттаушы белгілері көзі ашық, көкірегі ояу оқырманға бірден көрінді. Сарбаздарды өткен кезеңдердегі ата-бабаның ерлігімен рухтандыру заман талабына сәйкес келді. Сол

себепті еңбек партияның «өңдеуіне» іліне қоймады. Мазмұны жағынан мақала күні бүгінге дейін салмақты зерттеу болып саналады.

1946 жылы Ташкентте белгілі тарихшы Е.Д. Дилмұхамедов «Восстание казахов под руководством Кенесары Касымова (1837-1847 гг.)» тақырыбында кандидаттық диссертация (Дильмухамедов, 1946) қорғады. Ізденушінің қорғауы кезінде Е. Бекмаханов өзінің «XIX ғасырдың 20-40-жылдардағы Қазақстан» атты әйгілі монографиясы дайындап жатты және де Е. Дилмұхамедовтың жұмысына ресми сарапшы болып тағайындалды. Өйткені 1943 жылы Е. Бекмахановтың «Восстание хана Кенесары (1837-1847)» атты еңбегі жарияланды (Бекмаханов, 1992). Өкінішке орай Е. Дилмұхамедовтың қорғауы большевиктік партияның 1946 жылғы бірқатар қаулы-қараларына дөп келді. Осыған орай қорғаудың күші жойылып, оның барлық даналары қолданудан алып тасталды. Оның тек бір данасы Дилмұхамедовтердің отбасында қалды. Қолда сақталған диссертациялық жұмыстан УП-тарауынан 6 бет, ІХ-тарауынан 14 бет алынып тасталған. Мұның өзі «Характер и организационные основы восстания Кенесары» және «Война Кенесары с Кокандским ханством и киргизскими манапами и его поражение» атты тарауларында айтылатын тарихи оқиғалардың шынайы түрде ашылғандығынан хабар береді. Осыған орай көпшілік зерттеушілердің назарын аудармас үшін жұмыстың 20 беті кесіп алынған. Батыл тұжырымдар диссертацияда жасалған тарихнамалық шолуда орын алғандықтан олар кесіп алынбаған. Дегенмен де қалған беттерінен автордың архив құжаттарының негізінде оқиғаны тарихи тұрғыда баяндағанын көруге болады. Ал Е. Дилмұхамедовтың өзі болса өнеркәсіп тақырыбын таңдап, сол бағытта зерттеулер жүргізуге мәжбүр болды. Ондаған жылдар бойы ғылыми ортаға мәлім болмаған еңбекті 2010 жылы кітап етіп басудың мүмкіндігі туды. Диссертацияның мазмұнымен таныса келе, хан Кене бастаған қозғалыс тарихының анағұрлым объективті зерттелгендігіне көз жеткізуге болады. А.М. Панкратова мен Х.А. Әдікалықов тәрізді «қозғалыстың прогрессивті маңызы болғандығын» көрсетті. Е. Бекмаханов пен Е. Дилмұхамедовтың зерттеулері бір қарағанда ұқсас көрінгенімен айтарлықтай өзгешеліктері бар. Ең алдымен басты ерекшелік тарихшылардың тақырып бойынша қарастырған мәселелерінен көрінеді. Е. Дилмұхамедовтың диссертациясында проблеманың тарихнамасы, Кенесары Қасымұлы көтеріліс қарсаңындағы халықаралық жағдай, көтеріліс алдындағы қазақтардың әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы, тарихи алғышарттары, қозғаушы күштері, сипаты мен ұйымдастыру негіздері, барысы, Қоқан хандығымен және қырғыз манаптарымен соғысы, жеңілу себептері, тарихи маңызы қарастырылды. Ал, Е. Бекмахановтың еңбегі XIX ғасырдың 30-жылдарындағы патшалықтың Қазақстандағы отарлау қызметін, қазақтардың патшалыққа қарсы Кенесары бастаған күресін, Кенесарының мемлекет қайраткері, елші, қолбасшы ретіндегі қызметін, Қоқан хандығымен және қырғыз манаптарымен күресін, қазақ даласы үшін Хиуа, Қоқан және арасындағы күресті көрсетуге арналды. Дегенмен тарихшылардың бірқатар тұжырымдары үндес келді. Мәселен, авторлар «Кенесары көтерілісінің күрделі сыртқы саяси жағдайда - қазақ даласын игеру арқылы өз иеліктерін кеңейткісі келген Ресей самодержавиясы, Қоқан және Хиуа хандықтары, қытай феодалдарының агрессиясы өткенін» (Дильмухамедов 1946: 9) басып жазды. Е. Дилмұхамедовтың пікірінше, Кенесарының ісі жалпыхалықтық іс болды, себебі қазақтар өздерінің ұлттық мемлекетін құруға ұмтылды, оның үстіне халық алдында тәуелсіздігін сақтап қалу үшін күресу міндеті тұрды, сондықтан да ортақ жетекшілік, яғни хан бастаған патшалықтың жаулап алу саясатына қарсы күресті сәтті жалғастыратын мемлекеттік құрылым құру қажет болды (Дильмухамедов 1946: 32). Осындай тұжырымды Е. Бекмаханов та бекіте түсті.

Тарихшылардың көтерілістің қозғаушы күштерін анықтаудағы пікірлері астарлас. Заман талабына қарай таптық бағытты ұстанғаны болмаса Е. Дилмұхамедов қозғалыстың мақсаты, қозғаушы күштері жөнінде объективті көзқарас танытты. Кенесарының айналасына шоғырланған күштерді ол 4 топқа бөліп көрсетті: біріншісі – оның жақын туыскандары; екіншісі – батырлар мен жаужүрек жігіттер; үшіншісі – атасы Абылайдан мұраға қалған мың шаңырақ төленгіттер; төртіншісі – көп емес башқұрт, татар, орыс және өзбек халқының өкілдері (Дильмухамедов 1946: 74). Өзге халық өкілдерінің көтерілістің қозғаушы күштерінің қатарынан табылғандығын

Е. Бекмаханов та дәлелдеді. Е.Д. Дилмұхамедов Кенесарының жеке басына «қазақ халқында беделді, танымал, дарынды мемлекет қайраткері» (Дилмұхамедов, 1946:114) ретінде баға берсе, Е. Бекмаханов хан Кененің бұған қоса елші, бұқараның көсемі және ұйымдастырушысы, дарынды қолбасшы ретіндегі қабілетін көрсетті. Өзге зерттеушілер Кенесарыны қатыгез, қарақшы деп таныса, диссертант қазақ халқының қамы үшін жасаған әрекеттерін «қарулы көтерілістің дамуына қандай да бір тәсілдермен кедергі келтіргендерді қатаң жазалаушы» (Дилмұхамедов, 1946:114) ретінде бағалады. Дәл осындай бағаны Е. Бекмаханов та берді.

1947 жылы Е. Бекмахановтың «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында» (Бекмаханов, 1994) атты монографиясы М. Вяткиннің редакциясымен жарық көрді. КСРО Ғылым Академиясының тарих институты осы кітап бойынша 1948 жылдың 28 ақпанында пікір-талас өткізді. Е. Бекмаханов еңбегінің айналысында туындаған саяси дау туралы ғылымда поскеңестік кезеңде талай рет айтылды, жазылды. Ғылымда алғашқылардың бірі болып тарих ғылымдарының докторы, профессор Ә.С. Тәкенов зерттеп, Е. Бекмахановты талқылаған жиынның стенограммасын жарыққа шығарды (Бекмаханов, 2005). Сондықтан да осыған дейін отандық тарих ғылымында орын алған «ұлтшылдықпен» күрес науқанын қайталаудың қажеттілігі артық болар.

Аталмыш науқан қызып тұрған кезде, 1949 жылы К. Шөріповтың Е. Бекмахановтың позициясына қайшы пікір білдірілген мақаласы жарияланды. Іле-шала И.О. Омаров пен А.М. Панкратованың редакциясымен «Қазақ ССР тарихының» екінші басылымы (История Казахской ССР, 1949) оқырман қолына тиді. Осы еңбектер арқылы ғылымда Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыстың ұлт-азаттық сипатын феодалдық-монархиялық түрінде көрсету ашық белең ала бастады.

1952 жылы Қазақ ССР саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамы тарих ғылымдарының кандидаты, қоғамның толық мүшесі Т. Шойынбаевтың «Кенесары Қасымовтың реакциялық феодалдық-монархиялық қозғалысын баяндаудағы ұлтшылдық бұрмалаушылықтарға қарсы» атты көпшілікке арналып оқылған лекцияның стенограммасы шағын кітапша түрінде жарияланды (Шойынбаев, 1952). Т. Шойынбаев Кенесары бастаған қозғалыстың алғы шарттары мен себептерін 1822, 1824 жылдардағы жарғылармен, «хандық өкіметтің жойылуымен, Қазақстанда басқарудың Россия жағдайындағы басқарушылыққа бейімделген жаңа системаның орнауымен» түсіндірді. Қозғалыстың сипатын феодалдық-монархиялық түрінде көрсету үшін тарихи оқиғалардың өңін айналдырып, шындықты «1824 жылдың өзінде Кенесарының әкесі – Қасым, ағасы Саржан хандық өкіметті қайта орнатуға, хандық атақты Қасымовтарға алып беруге тырысып, орыс селолары мен керуендеріне шабуыл жасай бастайды, өздеріне бағынбаған қазақ ауылдарын қазақ ауылдарын талан-таражға салады» (Шойынбаев, 1952: 10), - деп бұрмалады. Өзінің пайымын негіздеу үшін Шоқанның «кейбір сұлтандар тарапынан өкімет әмірлеріне қарсылық болып отыр, олар жаңа уставты өздері баяғыдан үйреніп қалған емін-еркіндіктеріне аса қысым жасайды деп біледі. Осы мазасыздардың барлығын басқарып отырған Қасым Аблайхановтың семьясы» (Шойынбаев, 1952: 10) деген жазбасын келтірді. Қозғалысты реакциялық тұрғыда сипаттауға пәрменді мән берген Т. Шойынбаев «Қазақстанның Россияға қосылуына қарсы, өздерінің ортағасырлық артықшыдықтарын қайта орнату үшін 1837 жылы Кенесары Қасымов қолына қару алып күреске шығады, сайып келгенде ол реакцияшыл сұлтандар – Қаратайдың, Гүбайдулла мен Саржанның бастаған ісін алға апармақ болады» (Шойынбаев 1952: 11), - деп жазды. Е. Дилмұхамедов Кенесарының ісі жалпыхалықтық іс болды десе, Т. Шойынбаевтың пікірінше, «Кенесары Қасымовтың феодалдық-монархиялық қозғалысы ешуақытта да қалың бұқараның көмегін пайдаланған емес, ешуақытта ол бұқаралық, халықтық сипаттағы қозғалыс болып көрген емес» (Дилмұхамедов, 1946:113). Е. Дилмұхамедов Кенесарының айналасына шоғырланған күштерді 4 топқа бөліп көрсетсе, Т. Шойынбаев «Кенесарының әскерлері ешуақытта да 1000-1500 қаралы түтіннен асқан емес, соның өзі де көбіне оның ағайын-туғандары мен төлеңгіттерінен құралған» (Шойынбаев, 1952:13), - деп жазды. Өзінің тұжырымын негіздеуде Кенесарыда болып қайтқан поручик Гернның «Кенесары Қасымовтың қолы өз меншігіндегі төлеңгіттерінен құралған (1000-ға жуық түтін болады), олар оған Абылай ханнан мұраға қалған, көпшілігі қалмақтан шыққан,

ал мыңға жуық түтін – оған келіп қосылған әртүрлі рудың елден безген ала аяқтары мен барымташылары» (Шойынбаев, 1952:13), - деп жазылған рапортын келтірді.

Ресей империясының отаршылдығына қарсы, дербес мемлекетті қайта жаңғыртуға бағытталған күреске Т.Шойынбаев «Бұл қазақ халқын кері тартқан, патриархаттық-феодалдық негіздерді нығайтуға, ортағасырлық хандық өкіметті қайта орнатуға, Қазақстанды Россиядан, ұлы орыс халқынан бөліп әкетуге тырысқан реакциялық қозғалыс болды» (Шойынбаев, 1952:22), - деп баға берді. Өкінішке орай, Е. Бекмаханов та абақтыдан босатылып, ғылымға қайта оралған тұста өзінің «Присоединение Казахстана к России» (Бекмаханов, 1957) атты іргелі зерттеуінде Т. Шойынбаев сияқты ұлт-азаттық қозғалысты феодалдық-монархиялық деп сипаттады.

Сырым Датұлы қозғалысын зерттеу бағыттары. Ұлы Дала еліндегі азаттық күрестің айшықты белестерін зерттеу 1940-жылдардың екінші жартысы - 1950-жылдары одан әрі осы бағыт пен сипатта жалғасын тапты. 1951 жылы Қазақ мемлекет баспасынан қазақ тіліне аударылған М. Вяткиннің «Сырым батыр» монографиясы шықты. Зерттеу ерекшеліктерінің бірі - автордың өзіне дейінгі уақытқа дейінгі мәселенің зерттелу деңгейін анықтауы (Вяткин 1951:43). Еңбегі Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс тарихын зерттеуге арналғандықтан осы қозғалыс туралы жазғандардың да М. Вяткин кемшіліктерін көрсетті.

М. Вяткиннің басты ұстанымы таптық бағыт болғандығы анық. Дегенмен қозғалыстың бүкіл халықтық, азаттық сипатын жоққа шығара алмады. М. Вяткинше Сырым батыр қозғалысының ерекшеліктерінің бірі «халық бұқарасының қозғалысында отаршылдыққа қарсы күреспен феодалға қарсы таптық күрестің біте байланысты екендігі» (Вяткин, 1951:375). Осы байланыс М. Вяткинге Сырымның қозғалыстағы рөліне дұрыс баға беруге мүмкіндік тудырған. Тарихшының пайымдауынша, «Сырым старшиналармен айрылысуға ешуақытта аяқ баспаған», керісінше «күрестің өте-мөте шиеленіскен уақыттарында ... халық бұқарасы оның шақырғанына назар аудармаған кездері болған» (Вяткин 1951: 383). Себебі тарихшының пікірінше, «жерге рулық меншік формаларының азғындауына қарай ру басшыларымен еңбекші бұқаралардың мүдделері тап жөнінен біріне-бірі қайшы келеді». Сондықтан да Исатай Тайманов қозғалысының өзінде-ақ (1836-1838 жылдар) шаруа соғысының белгілері Сырым батыр қозғалысындағыдан гөрі айқынырақ көзге түскен» (Вяткин 1951: 384).

Мәселені таптық бағыт шеңберінен шығара алмаса да М. Вяткин Сырым Датұлының азаттық жолындағы күресінің ұлттық бірегейлікті сақтап қалуға арналғандығы туралы тұжырым жасады. «... өз Отанының бостандығы үшін, өз Отанының мемлекеттігі нығаюы және дамуы үшін жанын аямай күресуге даяр екендігі Сырым батырдың күресіндегі осы кездерді заман өшіре алмаған» (Вяткин 1951:384), - деген қорытындысы осыған дәлел бола алады.

М. Вяткинмен біруақытта Т.Ж. Шойынбаевтың еңбегі жарияланды (Шойынбаев, 1949). Ол «Қазақстанда өткен бірқатар ұлт-азаттық көтерілістердің бәріне ортақ - олардың орыс патшалығының экспансиясына қарсы наразылық» (Шойынбаев, 1949:6) болғандығын атап көрсетті. Дегенмен автордың пікірінше, «олар өздерінің сипаты, оқиғаларының барысы, қозғаушы күштері және жетекшілерінің таптық шығу тегі жағынан әртүрлі болды» (Шойынбаев 1949:6). Еңбегі Сырдария қазақтарының Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған көтерілісіне арналғандықтан, мәселенің зерттелу деңгейіне қысқаша шолу жасады. Т.Ж. Шойынбаевтың анықтауынша, «Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған көтеріліс тарихын төңкеріске дейін зерттеген буржуазиялық тарихшылар мәселеге буржуазиялық идеология тұрғысынан келіп, біржақты қарастырды. Төңкеріске дейінгі тарихшылардың көпшілігі патша үкіметіне қарсы бағытталған ұлт-азаттық көтерілістерді «бүлік» (мятеж) ретінде көрсетеді».

Сонымен қатар көтерілістің ауқымын, себептерін, сипатын, барысын қарастырды. «1856-1857 жылдардағы сырдария қазақтарының көтерілісі локалды және қалың шаруа бұқарасын қамтымады» (Шойынбаев, 1949: 17), - деп жазды. Т.Ж. Шойынбаев М. Вяткин тәрізді азаттық күресін жер проблемасымен байланыстырды. Сондықтан да «көтерілістің пайда болуында негізгі рөлді жер мәселесі ойнады. Сырдария егіншілерінен егістік жерлердің тартып алынуы көтерілістің басты себептерінің бірі болды», - деп түйіндеді. Көтерілісті отарлау саясатының ауқымында қарастырып,

оның ұлт-азаттық, отаршылдыққа қарсы сипатын анықтаса да, оны қазақтардың «тәуелсіздігін сақтап қалуға ұмтылған, кеш қалған, алдын-ала жеңіліске ұрынуға тиіс» болғандығы туралы тұжырым жасады. Осындай көзқараста В. Шахматовтың (Шахматов, 1946) Есет Көтібарұлы бастаған көтеріліс жөніндегі көлемді мақаласы жарияланды. Тарихшы Есет пен Жанқожаны салыстырып, «Жанқожа Хиуаға қатысты ұмыраға келмес жаугершілік позиция ұстанды», ал «Есет Көтібаров басқа саясатты - ол Хиуа мен Ресей арасында екі жаққа бірдей саясат ұстанды. Бұған оны Хиуа мен Ресейге қатысты қорқыныш пен тығыз экономикалық байланыстар итермеледі» (Шахматов, 1946: 111), - деп жазды. Шындығында Есет батырдың қазақ елінің мүддесі үшін солқылдақ саясатқа барғандығын көре алмады. Себебі автордың өзі жазғандай, «көтеріліс бұқаралық сипат алды, барлық шектілер және патша өкіметінің экспансиясының нысанына айналған оңтүстік аудандардағы басқа да рулардың өкілдері осында болды» (Шахматов, 1946: 117). М. Вяткин, В. Шахматов тәрізді көтерілісті антифеодалдық шаруалар көтеріліс ретінде сипаттады. «1855 жылдың шілдесі мен желтоқсаны аралығында көтерілісшілердің әрекетінде антифеодалдық шаруалар көтерілісіне тән белгілері пайда бола бастады», - деп, Есет отрядындағы қазақтардың жекелеген топтары бай-феодалдарға қарсы шыққандығын, тіпті тек бөгде жаулап алушыларға ғана емес билеуші сұлтандарға, байлар мен старшиналарға жеккөрініштілікті бойларына сіңіргендерін баян етті. Бұл күрестің «ірі байлардың қоныстарына шабуыл жасау және байлардың малын айдап әкету, кейде қарулы қақтығыстармен ілесіп отырғандығы» тәрізді әрекеттерін баяндады. Көтерілістің орын алуының себептері ретінде «сырдария егінші қазақтарынан 3000 десятина суармалы жердің казак қонысаударушылары үшін тартып алынғандығын, олардың казактар тұрғызған ирригациялық жүйені бұзғандығын, шамадан тыс алымдардың көбеюін, шенеуніктердің озбырлығын» (Шахматов, 1946: 123) көрсетті.

Ұлт-азаттық күрес тарихының бұрмалануы. 1960-1970-жылдары Ұлы Дала Еліндегі азаттық күресті зерттеу біршама бәсеңдеді. «Қазақстан Ресейге өз еркімен қосылды» деген тұжырымның ғылымнан берік орын алуы проблеманың өзектілігін әлсіретті. Ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихын зерттеуге бағытталған арнайы еңбектер сирек дайындалды. Тарихшылар мәселені қосалқы түрде қарастырды. Мәселен, С.Е. Толыбеков қазақтардың көшпелі қоғамының құрылымы мен ерекшеліктерін айқындауға арналған еңбегінде Сырым Датұлы қозғалысына тоқталды. Елінің тұтастығы мен тәуелсіздігі үшін орын алған күресті реакциялық сипаттағы қозғалыс деген баға берді, өйткені Сырым Датұлы «айналысына қазақтардың көшпелі қоғамының күні біткен, сондай-ақ ортаазиялық хандықтар мен түрік сұлтанды тәрізді халықаралық моральдық қолдауын пайдаланған реакциялық күштерді шоғырландырды» (Толыбеков, 1959: 198). Өзінің келесі іргелі еңбегінде казак даласындағы Сырым Датұлы, Қаратай Нұрәліұлы, Арынғазы Әбілғазыұлы, Жоламан Тіленшіұлы, Саржан және Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыстар мен көтерілістерге реакциялық айдар тағып, оларды «Қазақстанның Ресейге қосылуының нәтижесінде көшпелілердің өмірінде пайда болған және өрістеген барлық жаңашылдыққа қарсы бағытталған сұлтандар мен батырлардың жанқиярлық күресі» (Толыбеков, 1971: 277), - деп атады. Дәл осындай баға Т.Ж. Шойынбаев Қазақстанның Ресейге қосылуы мәселелерін қарастырған еңбектерінде (Шойынбаев, 1973) берілді: «Қазақ сұлтандары қазақ халқының үстінен жүргізген билігін қарудың күшімен қалпына келтіруде Қазақстанды азат етуге ниет білдірген» (Шойынбаев, 1973: 107) қозғалыстардың қатарына сұлтандар Қаратай Нұрәліұлы, Арынғазы Әбілғазыұлы бастаған қозғалыстарды жатқызды. Мұндай тарихнамалық фактілердің ғылымнан орын алуына 1957 жылы жарияланған Е. Бекмахановтың іргелі еңбегіндегі (Бекмаханов, 1957) тұжырымдар ықпал етті. 25 жылға бас бостандығынан айрылған, абақтының ащы «тұрмысының» дәмін татқан тарихшы өзінің алдыңғы көзқарасынан түбегейлі бас тартты. Ол Қазақстан патшалық Ресейдің құрамына қосылды, Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыс феодалдық-монархиялық болды» деген тұжырымдар жасады. Е. Бекмаханов монографиясы сол кезеңде қалыптасып келе жатқан қосылудың прогрессивтілігі мен салдарларының біршама жеңілдігі тұжырымдамасы аясында қарастырылды. Кеңестік билік мұнымен шектелмеді. Е. Бекмахановтың тұжырымы тағы да сынға алынды. Нәтижесінде

коммунистік идеология талаптарына сәйкес өз еркімен қосылу және оның прогрессивті салдарларын сипаттайтын теория орнықты. Осы теорияның ауқымында «Қазақ ССР тарихы. Ежелгі дәуірден күні бүгінге дейін» атты қорытындылаушы еңбектің бірнеше басылымдарындағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы баяндалды. Ұлы Дала Елінің ұлттық бірегейлікпен біртұтастықты сақтап қалуға бағытталған күресі «қазақтың феодал шонжарларының айрылған артықшылықтарын қайтармақ болып тырысқан, хандық өкіметті қайта орнатуды, Қазақстанды Россиядан бөліп алуды мақсат еткен» (Қазақ ССР тарихы 1957: 338) реакциялық, феодалдық-монархиялық қозғалыстар түрінде көрініс тапты. Азаттық қозғалыстар жай ғана бас көтерулер түрінде сипатталды. Мәселен, Сырым Датұлы бастаған қозғалыстан соң іле-шала 1797-1814 жылдары орын алған Қаратай Нұралыұлы көтерілісі «қазақ ауылдарына феодалдық шабуылдар жасау, керуен тонау түрінде болған алғашқы баскөтерілістердің бірі» ретінде көрсетілді. Арынғазы Әбілғазыұлы көтерілісі де дәл осылай сипатталды. Осылайша тұтастай бір халықтың өткенінің өңі айналдырылып, тарихи шындық қасақана бұрмаланды.

Қорытындылаушы еңбектердің бұл басылымдарында 1916 жылғы көтеріліс қана «өзінің сипаты жағынан отаршылдыққа, империалистік соғысқа және ішінара феодалбай элементтерге қарсы бағытталған халық-азаттық көтерілісі» (Қазақ ССР тарихы, 1957: 600) ретінде қарастырылды. Дегенмен «кейбір жерлерде, көтеріліске басшылық етуді феодалдық-клерикалдық элементтер қолына алған жерлерде баскөтерудің реакцияшыл, ұлтшылдық, стихиялық сипаты болғандығы» (Қазақ ССР тарихы, 1957: 601) атап айтылды. 1916 жылғы қозғалыстың антифеодалдық және ұлт-азаттық сипаты Ф. Сапарғалиевтің (Сапарғалиев, 1966) еңбегінен көрініс тапты.

Жалпы кеңестік тарихнамада 1916 жылғы қозғалыстың мақсаты, сипаты және қозғаушы күштері туралы ортақ көзқарас қалыптасты. Бірақ ұзақ жылдар бойы осы бір ірі оқиғаны зерттеу «БК(б)П тарихының қысқаша курсы» мен тоқырау кезеңдерінің дәстүрлері схемалары рухында жүргізіліп келді. Қазақстан мен Орта Азиядағы 1916 жылғы көтеріліс туралы көп жазылды. Олардың көпшілігі - мерзімді басылым беттерінде жарияланаған мақалалар және қозғалыстың жекелеген аймақтарда өрістеуін көрсететін еңбектер. Мақалалардың негізі 1920-жылдары жарық көрген. Олардың авторлары ұлт зиялылары - Ж. Мыңбаев, Т. Рысқұлов, Ф. Тоғжанов, Т. Жүргенов. Мәселені ең алғаш зерттеудің басында тарихшылардың аға буын өкілдері С. Асфендияров, Т. Рысқұлов, С. Меңдешев, Б. Алманов, жазушы Аймауытовтар тұрды. Сонымен қатар олардың бәрі де сол жылдардағы қаһарлы оқиғаларды көзімен көрген, ал кейбірі көтеріліске тікелей қатынасқан адамдар еді. Бұл авторлар еңбектерінің маңызы ерекше. Бірақ олардың бәрі де тоталитаризмнің құрбандығына ұшырап, еңбектері ұзақ жылдар бойы тарихымызға енбей, атаусыз қалды (Қозыбаев, 1994: 126). Сондай-ақ, ең алғашқы зерттеулерге Д.Я. Кенжиннің, Г.И. Бройдоның, К.В. Харламповичтің, Е. Федоровтың, Н.Т. Тимофеевтің, С. Брайниннің, Ш.Я. Шафирионың еңбектерін жатқызуға болады. Осылардың арасында Е.Федоров кеңестік идеологияға қарсы тұжырымдарды сынау барысында қозғалыстың шынайы сипатын ашып берді. «Субъективті. Бұл қозғалыс хандар мен сұлтандардың билігін қайта қалпына келтіру, ескілікті қайтару үшін болған күрес.иолтреволюцияға қарсы күрес болды» (Сулейменов, Басин, 1977: 10), - деп жазды.

Кеңестік тарихи әдебиетте 1916 жылғы көтеріліс отаршылдыққа қарсы, әрі біртіндеп феодализмге қарсы сипат алған империализмге қарсы көтеріліс болды деген баға қалыптасты. Мұндай тұжырымның негізі 1954 жылы Ташкентте өткізілген біріккен ғылыми сессияда қаланды. Сессияда сөйлегендердің басым көпшілігі қозғалыстың прогрессивтілігін баса көрсетті. Профессор С.Н. Покровскийдің «қозғалысты прогрессивті, отаршылдыққа қарсы, ұлт-азаттық деп бағалаған баяндамашылармен келісу керек» (Сулейменов, Басин, 1977: 11) деген пікірі ғылымда біржола орнықты. Сонымен қатар қозғалыс 1917 жылғы төңкерістің бір бөлігі ретінде саналды. Көтеріліс жалпы ресейлік революциялық процестің құрамды бөлегі ретінде қарастырылатыны орынды, бірақ сонымен қатар қозғалыстың өзіндік ерекшеліктері, тап күштерінің ара салмағының орналасу айырмашылығы және басқа да факторлар ескеріле бермеді (Сапарғалиев, 1966:132). Осындай бағытта Б.С. Сулейменов пен В.Я. Басиннің зерттеуі дайындалып, жарық көрді (Сулейменов, Басин, 1977). Авторлар

қозғалыстың сипатын патша өкіметіне, империалистік буржуазияға, феодалдық-рулық билеушілерге, тонаушы соғысқа қарсы ұлт-азаттық деп көрсетті. Негізгі қозғаушы күші ұлттық шаруа, жергілікті жұмысшылар, батырақтар, қол өнершілер, және т.б. қазақ демократиялық зиялылары халық жағында болды. Қозғалыс ресейлік империализмнің жалпы дағдарысының бір көрінісі. Авторлар қозғалыстың қазақ елінің біртұтастығын қайта қалпына келтіруге бағытталғанын көре алмады. Шындығында көтерілісшілердің арасында қарапайым шаруадан өзге ауқатты, бай элементтер, дін иелері, зиялы қауым өкілдері де орын алды, олардың мүдделері де әртүрлі болды. Алайда ондаған жылдар бойы кеңестік тарихшылар қозғалысты пролетариат пен кедей шаруаның таптық күресінің шеңберіне сыйғызып, партиялық принцип деп аталған қағиданың негізінде зерттеді. Мұның өзі оқиғаны бұрмалауға әкелді. Көтеріліске шықпауды насихаттаған Алаш қозғалысының қызметі кереғар түрде сипатталды. Ұлт қамын ойлаған Алаш азаматтарының үндеуі туралы жұмған ауыз ашылмады, керісінше аграрлық шет аймақтағы жұмысшы табының, социал-демократияның рөлі дәріптелді. Бір сөзбен айтқанда 1916 жылғы азаттық қозғалысының тарихы толық зерттелмеді. Көтерілісшілердің ұлттық құрамы, әскери өнері, метрополия мен отар аймақтың әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуалының әрқелкілігі тәрізді түйкілдердің түйіні шешілмеді.

Кеңес Одағындағы қайта құру және қоғамды демократияландыру, жариялылық кезеңінде қазақ еліндегі ұлт-азаттық қозғалыс проблемасы біршама өзекті болды. Дөңгелек үстелдер, конференциялар өткізілді (Национальные движения, 1991). Тарихшы-зерттеушілер мәселеге қайтадан оралып, тың тұжырымдар жасауға ұмтылды. Алайда ондаған жылдар бойы ғылыми санадағы маркстік-лениндік методология соны пікірлер білдіруге мүмкіндік бермеді. Дегенмен тұңғыш рет ресми түрде қазақ батырларының есімдері аталып, олардың мерейтойлары аталып өтіле бастады.

Большой круг проблем связан с вопросами этнического развития Казахстана также был предложен для изучения студентам. В рамках данного блока предлагалось рассмотреть вопросы формирования древнейшего населения Казахстана, дотюркский этап этногенеза, проникновение прототюркских элементов на территорию Казахстана, проблема этногенеза казахского народа, формирование современной этнодемографической картины.

Следующий большой блок должен быть посвящен вопросам развития политико-потестарных систем на территории Казахстана. В этом блоке предлагалось рассмотреть следующие проблемы: переход от эгалитарного общества к стратифицированному, проблемы становления государственности в кочевых обществах, кризис и ликвидация кочевой государственности, характеристика колониального периода в политической истории Казахстана, конституционная и политико-административная эволюция Казахстана в рамках советской государственности, модернизация политической системы Казахстана в современности

Отдельный блок посвящался проблемам развития духовной культуры населения Казахстана. В рамках данного блока должны быть рассмотрены следующие вопросы: проблема формирования сознания и культуры у древнейшего населения Казахстана, древнеиранский и древнетюркский пласты духовной культуры Казахстана, формирование тюрко-мусульманской культуры, рассвет средневековой науки и литературы, проблема духовного кризиса в исламском мире в позднее средневековье, рассвет устной литературы кочевников Казахстана, развитие духовной культуры в конце XIX–XX вв., возрождение письменной литературы, формирование основ современной духовной культуры Казахстана, проблемы и достижения советского этапа развития духовной культуры Казахстана. Отдельной темой предлагалось выделить проблему места Казахстана во всемирно-историческом процессе.

В результате внедрения данной концепции студент любой специальности должен был овладеть знаниями о развитии общества, многообразии культур, цивилизаций, форм социального опыта, исторических корнях образования и функционирования государств различного типа, в том числе на территории Казахстана, иметь научное представление об основных эпохах в истории человечества и их хронологии, знать основные исторические факты, даты, события и имена исторических деятелей Казахстана, научиться выражать и обосновывать свою позицию по вопросам, касающимся ценностного отношения к историческому прошлому Казахстана.

Данная концепция была внедрена в учебный процесс в Костанайском государственном педагогическом университете им. У. Султангазина, когда профессор А. Кузембайулы, обобщив свой опыт преподавания, предложил ее всему профессорскому сообществу Казахстана (Кузембайулы, 2006).

И сегодня доктор исторических наук, профессор Аманжол Кузембайулы, достигший 75-летнего юбилея, продолжает работу по подготовке кадров для всей страны. Учитывая нужду казахстанской исторической науки в дальнейшей разработке вопросов методологии истории, источниковедения и других проблем теории исторического процесса, он сосредоточил внимание на изучении данных проблем. Он является автором целого ряда статей и первых учебников на казахском языке по теории и методологии истории, историографии и источниковедению (Кузембайулы, 2014-2; Кузембайулы, 2016, Кузембайулы, 2017). А. Кузембайулы в настоящее время работает в Костанайском государственном педагогическом университете им. У. Султангазина на должности профессора кафедры истории Казахстана, имеет свою научную школу: им подготовлено 18 кандидатов, 4 доктора наук, продолжает активно готовить научные кадры для отечественной системы образования и исторической науки.

Заклучение. Безусловно, как и у любого известного ученого, у Аманжолы Кузембайулы достаточно критиков. Его работы, написанные в 90-х годах прошлого века и начале этого тысячелетия, безусловно требуют пересмотра с учетом новых источников, ставших доступными за последнее десятилетие и с учетом новых методов исторического исследования, позволяющих строить новые модели исторических процессов на территории нашей страны. Однако, как заметил М. Вебер, рассуждая о специфике научного знания, «каждый из нас знает, что сделанное им в области науки устареет через 10, 20, 40 лет. Такова судьба, более того, таков смысл научной работы, которому она подчинена и которому служит, и это как раз составляет ее специфическое отличие от всех остальных элементов культуры; всякое совершенное исполнение замысла в науке означает новые «вопросы», оно по своему существу желает быть превзойденным. С этим должен смириться каждый, кто хочет служить науке» (Вебер, 1990:712). Фактом остается то, что А. Кузембайулы, будучи одним из пионеров процесса концептуального переосмысления национальной истории, уже внес неопределимый вклад в казахстанскую историографию. И тем более ценно, что активная научная и педагогическая деятельность его продолжается.

Избранная библиография доктора исторических наук, профессора А. Кузембайулы:

1. Қазақ халқының жарты ғасырлық антропологиялық зерттелу тарихына шолу: Тезис докладов и сообщений членов научного студенческого общества исторического факультета Казахского государственного университета. Алма-Ата, 1968.
2. Некоторые вопросы подготовки и воспитания кадров молодых специалистов в республике // Известия АН Каз ССР. Серия общественных наук. 1974. № 5
3. Есею мектебі / А. Кузембайулы, С.П. Молдабаев. Алматы, 1975. 68 б.
4. Роль оренбургской экспедиции в истории и этнографии Казахстана. Караганда, 1984. 40 с.
5. Вопросы истории и этнографии казахского народа в трудах русских авторов второй половины XVIII в.: методическое пособие Караганда, 1985. 36 с.
6. Русская историография истории Казахстана XVIII–XX вв.: учебное пособие / А.К. Абилов. Караганда, 1988. 86 с.
7. Моя республика. География, история, экономика. Алматы. 1989.
8. История, география и экономика Казахской ССР. Учебно-методическое пособие для учителей СПТУ. Алматы, 1990.
9. Программа по истории Казахстана для средних общеобразовательных школ. Вариант «В». Алматы, 1990.
10. Программа по истории Казахской ССР (с древнейших времен до наших дней) для 5, 8-11 классов средней школы. Алма-Ата, 1990.
11. Казахстан в древности: учебное пособие / А.К. Абилов, В.В. Евдокимов. Караганда, 1991. 130 с.
12. Программа по истории Казахстана для студентов вузов. Алматы, 1992.
13. Материалы по истории Казахстана, (с древнейших времен до XIII века): опорные конспекты для учителей средних школ. Алматы, 1992.
14. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамы. Караганды. 1992.
15. История дореволюционного Казахстана: учебник для вузов. Алматы, 1992. 383 с.
16. XIX ғасырдағы ұлттық тарихтану дәстүрі // Известия НАН РК. Серия общественная. №1. 1992.
17. Концептуальное переосмысление некоторых проблем истории Казахстана // Поиск – Ізденіс. 1996. № 52.
18. История Казахстана: (с древнейших времен до 20-х годов XX в.) / А.Кузембайулы, Е. Абилов. 2-е изд., перераб. и доп. Алматы, 1996. 351 с.
19. Казахская Сибирь (из истории Тоболо-Торгайского региона в VI- втор. пол. XIX в.). Костанай, 1997. 52 с.
20. История Республики Казахстан. Алматы, 1998.
21. Тарихшы және оның заманы. Петропавл, 2001. 200 б.
22. История Республики Казахстан: учебник для студ. вузов / А.Кузембайулы, Е.

- Абиль. 6-е изд., перераб. и доп. Астана, 2002. 368 с.
23. История Казахстана: учеб. для вузов / А. Кузембайұлы, Е. Абиль. 7-е изд., перераб. и доп. СПб, 2004. 420 с.
24. Проблемы преподавания истории Казахстана в вузе // История Казахстана. Преподавание в школах и вузах. 2006. №12.
25. Қазақстан тарихы пәні қалай оқытылады? // Қазақ тарихы. 2006. №3.
26. Традиционная материальная культура казахского народа: учебное пособие. Костанай, 2006. 47с.
27. Түркі руханияты: оқу құралы. Қостанай, 2007. 245 б.
28. Историческая топонимика Костанайской области. В 5 ч. Научное издание. Костанай, 2009-2014.
29. Некоторые вопросы методологии и теории истории Казахстана. Костанай, 2009. 370 с.
30. Қазақстан тарихы әдіснамасы және теориясының кейбір мәселелері: мақалалар жинағы / Е. Әбіл, Т. Әлібек, А. Кузембайұлы. Костанай, 2009. 370 б.
31. Тарихтың әлеуметтік функциясы // Қазақ тарихы. 2009. №1.
32. Тарихи танымның объективтілігі // Қазақ тарихы. 2009. №4.
33. Введение в специальность историка: учеб. пособие. Костанай, 2010. 263 с.
34. Ашамайлы-керей Танаш баба шежіресі. Қостанай, 2011. 732 б.
35. Тарихтану теориясы: оқу құралы. Қостанай, 2012. 136 б.
36. Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Т XV: Керей. Алматы, 2014. 608 б.
37. Тарих теориясы және әдіснамасы: оқу құралы / А. Кузембайұлы, Е.Әбіл. Костанай, 2014. 220 б.
38. Тарих теориясы және методологиясы: оқу құралы. Қостанай, 2014. 188 б.
39. Өкінішсіз өмір. Қостанай, 2015. 221 б.
40. Тау тұлға. Қостанай, 2015. 216 б.
41. Топонимика Степного Притоболья: история формирования с древнейших времен до середины XIX века. Германия: Palmarium Academic Publishing, 2014. 170 с.
42. Тарих теориясы және методологиясы. Костанай, 2014
43. Theoretical problems of study the political processes in Kazakhstan in XVIII – XIX centuries // Mediterranean Journal of Social Sciences. Vol. 6. №2. S 4. April. 2015.
44. Периодизация истории Казахстана: проблемы критериев и содержания // «Integration of the Scientific Community to the Global Challenges of Our Time»: materials of the international scientific-practical conference. Sharm el-Sheikh Arab Republic of Egypt: Regional Academy of Management, 2016.
45. Тарихнама: оқу құралы. Қостанай, 2016. 209 б.
46. Деректану: оқу құралы. Қостанай, 2017. 228 б.
47. Алтын орда тарихына жаңа көзқарас. // The Europe and the Turkic World: Science, Engineering and Technology: Materials of the III International Scientific-Practical Conference. Alanya, Turkey: Regional Academy of Management. 2018
48. Средневековое государство кереитов // Materials of the V International Scientific-Practical Conference «Quality Management: Search and Solutions». Volume II. San Francisco (CA, USA): Regional Academy of Management. 2019.

Литература:

- Вебер М. Избранные произведения. М. 1990.
- Девятко И.Ф. Методы социологического исследования. Екатеринбург: Изд-во Урал, ун-та, 1998.
- Дильтей В. Категории жизни // Вопросы философии. 1995. № 10
- Гай-Воронская А.Л. Биографический метод и его эвристические возможности в социологических исследованиях // Философия и социальные науки: научный журнал. 2008. № 1
- Грозин А.В. Мифологизаторство в современной историографии Казахстана: политологический аспект проблемы // Вестник МГГУ им. М.А. Шолохова, 2010.
- Хамидуллин и др. История башкирских родов. Гирей. Том 2. Уфа. 2014.
- Козырев Т.А. Независимый Казахстан. Борьба за прошлое. (Актуальные проблемы современной Казахстанской историографии). Астана, 2013.
- Кузембайұлы А. История дореволюционного Казахстана, Алма-Ата, 1992.

- Кузембайұлы А. Абил Е. История Республики Казахстан. Алматы, 1998.
- Кузембайұлы А. Проблемы преподавания историй Казахстана в вузе // История Казахстана. Преподавание в школах и вузах. 2006. №12
- Кузембайұлы А. и др. Историческая топонимика Костанайской области. В 5-ти частях. Научное издание. Часть 1 (Мендыкаринский, Узынкольский районы). Костанай, 2009.
- Кузембайұлы А. и др. Историческая топонимика Костанайской области. В 5-ти частях. Научное издание. Часть 2 (Карабалыкский, Федоровский, Костанайский районы), Костанай, 2010.
- Кузембайұлы А. и др. Историческая топонимика Костанайской области. В 5-ти частях. Научное издание. Часть 3 (Тарановский, Денисовский и Житикаринский районы). Костанай, 2010.
- Кузембайұлы А. и др. Историческая топонимика Костанайской области. В 5-ти частях. Научное издание. Часть 4 (Камыстинский, Аулиекольский, Наурзумский районы). Костанай, 2012.
- Кузембайұлы А. и др. Историческая топонимика Костанайской области. В 5-ти частях. Научное издание. Часть 5 (Алтынсаринский, Сарыкольский, Карасуский районы). Костанай, 2014.
- Кузембайұлы А. Топонимика Степного Притоболья: история формирования. С древнейших времен до середины XIX века. Германия: Palmarium Academic Publishing, 2014. 170 с.
- Кузембайұлы А. Тарих теориясы және методологиясы. Костанай, 2014.
- Кузембайұлы А. Тарихнама. Костанай, 2016.
- Кузембайұлы А. Деректану. Костанай, 2017.
- Логунова Л.Ю. Биографический метод в исследовании личности: методология и архитектоника // Вестник Кемеровского государственного университета. Серия: Политические, социологические и экономические науки. 2016. № 1
- Масанов Н.Э., Абылхожин Ж.Б., Ерофеева И.В. Научное знание и мифотворчество в современной историографии Казахстана. Алматы: Дайк-Пресс, 2007.
- Назарбаев Н.А. В потоке истории. Алматы, 1999.
- О состоянии ономастической работы в области. Акимат Костанайской области: официальный портал: [сайт]. URL: <http://til.kostanay.gov.kz/news/sostoyalos-rasshirennoe-soveshchanie-na-temu-o-sostoyanii-onomasticheskoy-raboty-v-oblasti-v-rezhime/>
- Сабитов Ж.М. Золотая Орда – «падчерица» казахстанской историографии // Молодой ученый. 2015. №24
- Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана. Официальный сайт Президента Республики Казахстан [сайт]. Дата добавления: 02.09.2019. URL: http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana
- Выступление К. Токаева на сессии XVI заседания Международного дискуссионного клуба «Валдай» // Информационный портал 24.kz [сайт]. Дата добавления: 03.10.2019. URL: <https://24.kz/ru/news/policy/item/345276-tokaev-vystuplenie-valdaj>
- Тихонов В.В. Методы историографии: современное состояние и перспективы. Сайт Виталия Тихонова [сайт]. Дата добавления: 2009-04-18. URL: http://www.cliohvit.ru/view_post.php?id=41

References:

- Veber M. Izbrannyye proizvedeniya. M. 1990 (in Russian)
- Devyatko I.F. Metody sotsiologicheskogo issledovaniya. Yekaterinburg: Izd-vo Ural. un-ta, 1998 (in Russian)
- Dil'tey V. Kategorii zhizni // Voprosy filosofii. 1995. № 10 (in Russian)
- Gay-Voronskaya A.L. Biograficheskiy metod i yego evristicheskiye vozmozhnosti v sotsiologicheskikh issledovaniyakh // Filosofiya i sotsial'nyye nauki: nauchnyy zhurnal. 2008. № 1 (in Russian)
- Grozin A.V. Mifologizatorstvo v sovremennoy istoriografii Kazakhstana: politologicheskiy aspekt problemy // Vestnik MGGU im. M.A. Sholokhova, 2010 (in Russian)
- Khamidullin i dr. Istoriya bashkirskikh rodov. Girey. Tom 2. Ufa. 2014 (in Russian)
- Kozyrev T.A. Nezavisimyy Kazakhstan. Bor'ba za proshloye. (Aktual'nyye problemy sovremennoy Kazakhstanskoy istoriografii). Astana, 2013 (in Russian)
- Kuzembayuly A. Istoriya dorevoluytsionnogo Kazakhstana, Alma-Ata, 1992 (in Russian)
- Kuzembayuly A. Abil Y. Istoriya Respubliki Kazakhstan. Almaty, 1998 (in Russian)
- Kuzembayuly A. Problemy prepodavaniya istoriy Kazakhstana v vuze // Istoriya Kazakhstana.

- Prepodavaniye v shkolakh i vuzakh. 2006. №12 (in Russian)
- Kuzembayuly A. i dr. Istoricheskaya toponimika Kostanayskoy oblasti. V 5-ti chasti. Nauchnoye izdaniye. Chast' 1 (Mendykarskiy, Uzynkol'skiy rayony). Kostanay, 2009 (in Russian)
- Kuzembayuly A. i dr. Istoricheskaya toponimika Kostanayskoy oblasti. V 5-ti chasti. Nauchnoye izdaniye. Chast' 2 (Karabalykskiy, Fedorovski, Kostanayskiy rayony), Kostanay, 2010 (in Russian)
- Kuzembayuly A. i dr. Istoricheskaya toponimika Kostanayskoy oblasti. V 5-ti chasti. Nauchnoye izdaniye. Chast' 4 (Kamystinskiy, Auliyekol'skiy, Naurzumskiy rayony). Kostanay, 2012 (in Russian)
- Kuzembayuly A. i dr. Istoricheskaya toponimika Kostanayskoy oblasti. V 5-ti chasti. Nauchnoye izdaniye. Chast' 5 (Altynsarinskiy, Sarykol'skiy, Karasuskiy rayony). Kostanay, 2014 (in Russian)
- Kuzembayuly A. Toponimika Stepnogo Pritobol'ya: istoriya formirovaniya. S drevneyshikh vremen do serediny KH1KH veka. Saarbyrukken: Palmarium Academic Publishing, 2015 (in Russian)
- Kyzembayuly A. Tarikh teoriyasy zhane metodologiyasy. Kostanay, 2014 (in Kazakh)
- Kyzembayuly A. Tarikhnam. Kostanay, 2016 (in Kazakh)
- Kyzembayuly A. Derektan. - Kostanay, 2017 (in Kazakh)
- Logunova L. YU. Biograficheskiy metod issledovaniya lichnosti: metodologiya i arkhitekturaonika // Vestnik Kemerovskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya: Politicheskiye, sotsiologicheskkiye i ekonomicheskkiye nauki. 2016. № 1 (in Russian)
- Masanov N.E., Abylkhozhin ZH.B., Yerofeyeva I.V. Nauchnoye znaniye i mifotvorchestvo v sovremennoy istoriografii Kazakhstana. Almaty: Dayk-Press, 2007 (in Russian)
- Nazarbayev N. V potoke istorii. Almaty, 1999 (in Russian)
- O sostoyanii onomasticheskoy raboty v oblasti. Akimat Kostanayskoy oblasti: ofitsial'nyy portal: [sayt]. URL: <http://til.kostanay.gov.kz/news/sostoyaniye-rasshirennoye-sovmestnoye-na-to-o-sostoyaniye-onomasticheskoy-raboty-v-oblasti-v-rezhime/> (in Russian)
- Sabitov ZH.M. Zolotaya Orda – «padcheritsa» kazakhstanskoy istoriografii // Molodoy uchenyy. 2015. №24 (in Russian)
- Konstruktivnyy obshchestvennyy dialog – osnova stabil'nosti i protsvetaniya Kazakhstana. Poslaniye Glavy gosudarstva Kasym-Zhomarta Tokayeva narodu Kazakhstana. Ofitsial'nyy sayt Prezidenta Respubliki Kazakhstan [sayt]. Data dobavleniya: 02.09.2019. URL: http://www.akorda.kz/ru/addresses/address_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokayeva-narodu-kazakhstana (in Russian)
- Vystupleniye K. Tokayeva na sessii XVI zasedaniya Mezhdunarodnogo diskussionnogo kluba «Valday» // Informatsionnyy portal 24.kz [sayt]. Data dobavleniya: 03.10.2019. URL: <https://24.kz/ru/news/policy/item/345276-tokayev-vystuplenie-valdaj> (in Russian)
- Tikhonov V.V. Metody istoriografii: sovremennoye sostoyaniye i perspektivy. Sayt Vitaliya Tikhonova [sayt]. Data dobavleniya: 2009-04-18. URL: http://www.cliohvit.ru/view_post.php?id=41 (in Russian)

НОВАЯ ИСТОРИЯ
ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ
NEW HISTORY

ҒТАХР 03.20.00

УӘЛИ ХАННЫҢ РЕСЕЙМЕН ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАРЫМ ҚАТЫНАСЫ
(РЕСЕЙ АРХИВИ ҚҰЖАТТАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Мұқтар Әбілсейіт Капизұлы¹, Жусупов Руслан Батырханұлы²,
Исмаилов Серикжан Сағындықұлы³

¹Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, Атырау қ., Қазақстан, e-mail: muktar64@mail.ru

²А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті докторанты, Қостанай қ., Қазақстан, e-mail: rus.zhussupov@mail.ru

³Тарих ғылымдарының кандидаты, доценті А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Қостанай қ., Қазақстан, e-mail: ismailov_7777@mail.ru

Түйіндеме. Мақалада Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы тарихындағы өзара қарым-қатынас мәселелері, соның ішінде дипломатиялық байланыстар тарихындағы қазақ ханы Уәли Абылайұлының қызметі сараланады. Уәли Абылайұлы жас кезінен бастап әкесі, Қазақ хандығының аға ханы Абылайдың тәрбиесімен көршілес алып империялар – Ресей және Цинь елімен қарым-қатынас мәселесін жүргізуге машықтанған. Оның дипломатиялық қызметін екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезеңі – Абылай хан тұсындағы қызметі және саясаткер ретінде қалыптасуы, екінші кезеңі – Уәлидің хандық билік құрған 1781-1821 жылдар аралығындағы дипломатиялық байланыстары. Уәли ханның билік құрған кезеңі Ресей империясының Қазақ хандығын отарлау саясатының ерекше күшеюімен ерекшеленеді. Қазақ ханы сыртқы саясатта көпвекторлы саясатты ұстауға күш салады. Осы бағытта ол Ресейге елшілерін жіберу арқылы өз билігін сақтап, Қазақ хандығының тәуелсіздігін күшейтуге үмтылады. Оны Ресей архивтері құжаттары дәлелдейді.

Кілт сөздер: Қазақ хандығы, дипломатия, Ресей, елшілер, хан, сұлтан, би, батыр.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің № АР 05134572 ғылыми жобасы аясында даярланған.

МРНТИ 03.20.00

ДИПЛОМАТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ УАЛИ ХАНА С РОССИЕЙ (НА
МАТЕРИАЛАХ РОССИЙСКИХ АРХИВОВ)

Муктар Абилсейт Капизулы¹, Жусупов Руслан Батырханович²,
Исмаилов Серикжан Сагиндыкович³

¹Доктор исторических наук, профессор,
директор государственного историко-культурного музея-заповедника
«Сарайшық» г. Атырау, Казахстан. e-mail: muktar 64@mail.ru

²Докторант Костанайского государственного университета им. А.Байтұрсынова
г. Костанай, Казахстан. e-mail: rus.zhussupov@mail.ru

³Кандидат исторических наук, доцент Костанайского государственного университета
им. А.Байтұрсынова г. Костанай, Казахстан, e-mail: ismailov_7777@mail.ru

Аннотация. В статье рассматривается история взаимоотношений казахского хана Уали Абылайұлы и российской колониальной администрации. Будучи сыном хана Абылая, Уали с детства был свидетелем формирования и развития отношений Казахского ханства с крупными соседними империями – Россией и Цинским Китаем.

Дипломатическую деятельность Уали хана можно разделить на два этапа. Первый этап – его деятельность и становление как политика при Абылай хане, второй этап – дипломатические связи Уали как правителя с 1781 по 1821 годы. Данный период отличается усилением колониальной политики Российской империи в казахской степи. Казахский хан Уали стремился продолжить политику своего отца Абылая и придерживаться многовекторной внешней политики. В этом направлении он старался установить взаимовыгодные соглашения с соседними государствами, чтобы усилить ханскую власть. Такое внешнеполитическое стремление мы видим исходя из анализа документов, обнаруженных в российских архивах.

Ключевые слова: Казахское ханство, дипломатия, Россия, послы, хан, султан, би, батыр.

Статья выполнена в рамках реализации проекта № АР 05134572 Министерства образования и науки Республики Казахстан.

IRSTI 03.20.00

THE DIPLOMATIC RELATIONSHIP BETWEEN VALI KHAN AND RUSSIA BASED ON RUSSIAN ARCHIVAL MATERIALS

**Muktar Abilsayt Kapizuly¹, Zhusupov Ruslan Batyrhanovich²,
Ismailov Serikzhan Sagindykovich³**

¹Doctor of historical sciences, professor Head of the State Historical and Cultural Museum-Reserve “Sarayshyk” Atyrau city, Kazakhstan. e-mail: muktar_64@mail.ru

²Doctoral student of the Kostanai State University named after A. Baitursynov, Kostanai, Kazakhstan. e-mail: rus.zhussupov@mail.ru

³Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the Kostanai State University named after A. Baitursynov, Kostanai, Kazakhstan. e-mail: ismailov_7777@mail.ru

Abstract. The article introduces the readers to the history in which Kazakhstan interacted with Russia, in particular, it speaks of the role of Vali Abylai played in the diplomatic field of two nations. Vali Abylai received secured diplomatic skills in dealing with the empires in the region -- Russia and Qin dynasty -- from learning from Abylai Khan, his father and the senior khan of the Kazakh Khanate. Vali Abylai’s engagement in the foreign field may be broken into two interrelated phases. The first phase was the epoch when Abylay Khan reigned. Vali Abylai underwent the training as a politician; the second phase was the period when he reigned as the khan between 1781 and 1821 yy. The period of Vali’s reign saw a steady push by the Russian Empire toward implementing its colonial rule over the Kazakh Khanate. Vali Abylai sought to maintain a foreign balance through a so-called multi-vector foreign policy for the Kazakh Khanate. By frequently sending messengers to Russia Vali strived to strengthen the independence of Kazakh Khanate. We see such this through the analysis of the documents from Russian archives.

Key words: Kazakh khanate, diplomacy, Russia, ambassadors, khan, sultan, biy, batyr.

This article was completed as part of the project № AR 05134572 of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Кіріспе бөлім. Қазақ хандығы XV-XIX ғасырлар аралығында Москва мемлекетімен, кейіннен Ресей империясымен, Жоңғар хандығымен, Цинь империясымен, Ауған империясымен, Иранмен, Түрік елімен, оңтүстіктегі көршілес хандықтармен саяси-экономикалық байланыста болып көпвекторлы саясатты іс жүзіне асырды. Оны архив деректері толық дәлелдейді. Дегенмен XVII ғасырдың аяғында XVIII ғасырдың басында Ресеймен қарым-қатынас алдыңғы қатарға шықты. Оны Тәуке, Қайып, Әбілқайыр хандардың сыртқы саясаты айғақтайды. Кейін Әбілмәмбет, Абылай хандар Цинь елімен өзара байланысты ерекше қолға алып, дамытқанымен үнемі

Қазақ хандығының солтүстік көршісі Ресейді назардан тыс қалдырған емес. Өйткені сол тұста Ресейдің отарлау саясаты Қазақ хандығының солтүстік-батыс аймағына екпінді енді, орыстық басқару жүйесі түрліше әдістермен тәжірибеден өтіп, Кіші жүз хандарын бекітіп шекараға тұрақты орналасуын талап ете бастады. Бұл саясат араға уақыт сала Уәли Абылайұлы хан сайланған кезеңде Орта жүзде де қолданылды. Оны тоқтату үшін Уәли хан Ресейге ондаған елшіліктерін аттандырды. Зерттеу өзектілігі Уәли ханның көршілес алып елдермен дипломатиялық байланыстарын жүргізу жолдарының айқындалуымен және осы мақсатта Ресей архив құжаттарының кең көлемде алғаш рет жариялануымен анықталады.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Зерттеу мәселесінің деректемелік базасы негізінен бүгінге дейін жарияланған архивтік материалдар жинақтары мен Ресей Федерациясы Москва қаласындағы Ресей империясының Сыртқы Саясат архиві (122 қор, 3 тізім, Орта жүз), Санкт-Петербург қаласындағы Ресей Мемлекетінің Тарихи архиві (1291 қор, 81 тізім, 1146 қор 1 тізім) құжаттары құрайды. Зерттеу барысында бүгінгі тарих ғылымындағы салыстырмалы-тарихи, мерзімдемелік, өзектілік, перспективті, логикалық, жүйелілік әдістер кеңінен қолданылады. Оларды пайдалану зерттеу аумағына алынған мәселелерді толыққанды саралауға жол ашады. Зерттеу барысында пәнаралық байланысқа да назар аударылды. Зерттеу мәселесі заң, география, саясаттану және өзге де ғылымдармен тығыз байланысты.

Талқылау. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ-орыс қарым-қатынасы зерттеушілер назарына сонау XIX ғасырдың алғашқы жартысында ақ алынды. Олардың қатарында А.И. Левшин (Левшин, 1996), Л. Мейер (Мейер, 1865), М. Красовский (Красовский, 1868), И. Крафт (Крафт, 1898), А.И. Добросмыслов (Добросмыслов, 1900) т.б. бар. Кейін кеңестік кезеңде зерттеу мәселесі Е. Бекмаханов (Бекмаханов, 1994), Н.Г. Аполлова (Аполлова, 1948), М.П. Вяткин (Вяткин, 1947), А. Сабырханов (Сабырханов, 1970) және өзгелер қалам алып, қазақ-орыс қарым-қатынасы тарихын толықтыра түсті. Дегенмен екі кезеңде де қазақтардың Ресейге жіберген елшіліктері біржақты сараланды. Еліміз тәуелсіздік алған жылдары дипломатиялық қарым-қатынас мәселелері Ж. Қасымбаев (Қасымбаев, 1999), К.Ш. Хафизова (Хафизова, 2019), М.Х. Абусейтова (Абусейтова, 1998), К.Л. Есмағамбетов (Есмағамбетов, 2008), И.В. Ерофеева (Ерофеева, 2007), Ү. Ахметова (Ахметова, 2006), Ә. Мұқтар (Мұқтар, 2002), Ә. Мұқтар, Е. Сыдықов (Мұқтар, Сыдықов, 2015), К. Абуев (Абуев, 2019) тың бағытта зерттеліп, сыртқы саясаттағы хан, сұлтан, би, батырлар ролі жанаша зерделенді. Ж. Қасымбаев Уәли ханның Абылай хан тұсындағы елшіліктеріне, К.Ш. Хафизова, М.Х. Абусейтова Уәлидің Цинь империясымен байланысына, И.В. Ерофеева қазақ-орыс қарым-қатынасындағы Уәли роліне және оның ата-шежіресіне, Ү. Ахметова Уәли хан тәрбиесіндегі Айғаным ханым роліне назар аударды. Олардың ішінен К. Абуев еңбегі өзінің толыққанды материалдарды саралауымен ерекшеленеді. Ол Уәлидің тұлғалық қадір-қасиетін жоғары бағалады.

Нәтиже. Уәли Абылайұлының сыртқы саясаттағы алғашқы қадамдары Абылай ханның Ресей тарапына бағытталған елшіліктерді жіберуде, шекарадағы орыс шенуніктерімен хат алмасу барысындағы қызметтерде көзге түседі. Ресей архиві деректері Абылай ханның елдегі белгілі сұлтандармен қоса, өз ұлдарын да дипломатиялық жұмыстарға кеңінен араластырғанын айғақтайды. Осы кезеңде Уәли сұлтан Ресеймен арадағы қалыптасқан шекаралық шиеленістерді шешуде белсенділігімен ерекшеленеді. Оған Абылай хан толық мүмкіндік жасайды. Оны 1771 жылы 3 қаңтарда Уәли сұлтанның өз атынан елші ретінде Күнтантай мырза және Әлмет батырды Троицк бекінісіне полковник М.М. фон Траубенбергке жіберіп, қанжығалы, қарауыл мен керей руларының 2000 жылқысының Ресейге айдап өкеткенінін және қандай жағдайға байланысты орын алғандығын анықтап беру туралы сұрауынан байқауымызға болады. Сұлтан қалыптасқан қарым-қатынасты бұзбау үшін тоналған жылқыларды қайтаруды сұрайды (Эпистолярное наследие, Т.ІІ: 288). Осы жылдың 2 сәуіріндегі Петропавл бекінісінің комендантына жолдаған хатында Байжігіт мырзаның тоналған 50 жылқысының 34-і қайтарылмағандығын алға тартады. Тапсырманы орындау үшін Уәли сұлтан Терекелді және Жанұзақты аттандырады. Сұлтан: «Егер Петропавл бекінісінен табылмаса, оны тез арада хабар

егуді сұрап, генерал-майор С. Кириловке наразылық хатын жіберетіндігін» ескертеді (Эпистолярное наследие, Т. II: 289).

1771 жылы 2 қазанда Абылай хан мен Уәли сұлтан Озерный бекінісінің коменданты А. Корфке Сауғал батыр жанына 3 қазақ пен тілмәш Киленей Мамкінді жібереді. Қазақ елшілері қазақ даласынан босатылған 7 орыс тұтқынын орыс шекарасына табыстайды. А. Корфке жолданған хатта 1770 жылы 18 орыс тұтқыны босатылғандығы айтылады. Абылай хан мен Уәли сұлтан өз кезегінде орыс шенеуніктерінен Ресейге өтіп кеткен қалмақ тұтқындарын қайтаруын сұрайды. Қазақтар: «біз Ресей мемлекеттінің талаптарын орындадық, енді сіздер де біздің талапты орындаңыздар» деп талап етеді. Олар елдің мүдесіне қажетті басқа да көптеген қоғамдық істерді дамытуды көздеп, балық өндірісіне қажетті жұмысшыларды жіберуді өтінеді (Эпистолярное наследие, Т. I: 323).

Абылай заманында ханның шешімімен Уәли сұлтан елдің ішкі жағдайына жауапты болды. Оны түсінген сұлтан Е. Пугачев бастаған шаруалар көтерілісі кезінде өте сақ, әрі байсалды саясат жүргізеді. Мәселен, ол осы бағытта Орынбор губернаторы генерал-поручик И.А. Рейнсдорппен байланыс орнатады. Мақсат қазақ-орыс сауда саттығын тоқтатпау болатын. Оны іс жүзіне асыру үшін Уәли 1774 жылы 2 маусымда Шынат мырза бастаған құрамында 73 адамы бар өкілдерін сауда жасау мақсатында Орынборға жібереді. Губернаторға жолдаған хатында Уәли сұлтан Шынат мырзаны Е. Пугачевтің қолынан тартып алып, елге қайтарғаны үшін алғысын білдіреді. Бұл хатта сұлтан әкесі Абылай ханның ортақ жауды Е. Пугачевті талқандағандығын естіртеді және елдегі билік тізгініне жауапты тұлға ретінде қалғандығын өзін көрсетеді (Эпистолярное наследие, Т. II: 289). Уәли сұлтан Абылай ханның нұсқаулығымен жүктелген аса жоғарғы жауапкершілікті, яғни мемлекеттік маңызды істерді атқару барысында оң нәтиже көрсете білді. Нәтижесінде сұлтанның қадамдарына орыс әкімшілігінің шенеуніктері ерекше назар аудара бастайды. 1774 жылы 12 желтоқсанда генерал-поручик И. Деколонг Мемлекеттік сыртқы істер алқасына жазған баянатында Уәлиді не болғанда да өз жағына тарту мақсатында жалақы тағайындауды ұсынады. Хатта Абылай ханның інісі Сұлтанбеттің ұлы Орыс сұлтанға да жылма-жылғы жалақы тағайындау мәселесін көтереді. И. Деколонг император жарлығын жазып беруді сұрайды (Казахско-русские отношения, 1964: 77-78). Генерал-поручик И. Деколонгтың бұл ұсыныстары 1775 жылы 14 қазанда және 1776 жылы 12 қаңтарда Мемлекеттік сыртқы істер алқасына жазған баянаттарында өз жалғасын табады (Эпистолярное наследие, Т. II: 81). Бұнын өзі орыс үкіметінің елдегі белгілі саяси тұлғаларды өз жағына тартуды түбегейлі шешуді ойластырғанын байқауға болады. Жалпы XVIII ғасырдың 80-шы жылдардың басына дейінгі аралықта Уәли сұлтан қазақ-орыс бағытындағы қарым-қатынасты шиеленістірмей шебер саясаткер ретінде қалыптасады. Осылайша ол мемлекеттік күрделі мәселелерді шешудің әдістері мен жолдарын жақсы меңгереді. Мәселен, Уәли сұлтан 1777 жылы көктемде генерал С.В. Сумароковтың Құдайменді сұлтанды тауып беру туралы талабын реттеу үшін атығай арғын Байтоқаны уәкіл ретінде жібереді. Ол хатында «әкем Абылай келгеннен кейін, тілегіңіз орындалады, бүлікшіл бұзықтарды тыныштандыруға мен өз еркіммен әскер алып бара алмаймын. Бұл – әкемнің құзырындағы шаруа», тіпті өзін орыс шенеуніктерінің бекініске шақырылуына «мен әкемнің бұйрығынсыз бұл жерді тастап кете алмаймын» деп жауап қайтарады (Мұқтар, Сыдықов, 2015: 465).

Уәли сұлтанның Абылай ханның билік құрған жылдар аралығындағы қазақ-орыс қарым-қатынастарын реттеудегі саяси қызметін бағалар болсақ, әкесінің нұсқауымен екі мемлекеттің арасындағы бір-бірінің алдындағы келісім-шартқа байланысты талаптардың бұлжытпай орындалуына аса жоғары жауапкершілікпен қарағандығын көруге болады.

Уәли Абылайұлының саяси қызметінің екінші кезеңі 1780 жылдың күзінде Абылай хан елдің оңтүстігіндегі қырғыздарға жорығы барысы кезінде қаза тапқан соң басталады (Мұқтар, Сыдықов, 2015:467). Бұл жағдайдан хабардар болған Ресей мен Қытайдың әкімшіл шенеуніктері Уәли сұлтанның әрбір іс-әрекетін аңдуды бастайды. Ал кейін Уәли Абылайұлы хан дәрежесіне көтерілген соң, көршілес мемлекеттерге хабарлау мақсатында әкесі Абылай ханның өсиетін орындауға кіріседі. Сондықтан

бұл мәселенің бастамасы ретінде көршілес мемлекеттерге елшіліктерін жібереді. Ең бірінші кезекте 1781 жылы 23 мамырда Кусәс батыр мен Тәуекел молда Сібірдің жеке корпусы басқарушысы генерал-майор Н.Г. Огаревке жібереді. Уәли хан елшілері арқылы марқұм әкесі Абылай ханның Ресеймен 50 жыл бойы сенімді қарым-қатынасты іс жүзіне асырғанын атап өтіп, оның жалғасатынын хабарлайды. Сондай-ақ өзінің тарапынан Орынбор және Тобыл губернаторларына да елшілік жібергенін ескертеді. Мұндағы негізгі мақсат өзінің хан сайланғанын хабарлап, ендігі жағдайда Қазақ хандығы мен Ресей империясының арасында бұрындары жасалған келісімнің жалғасын табатынын жеткізеді (Эпистолярное наследие, Т.І: 290).

Жаңа жағдайда Уәли хан Ресеймен екі арадағы жағдайды жақсартуды қолға алады. Оны Дат батыр арқылы қазақ даласына ішкерелеп еніп жайылып жүрген орыстардың 11 жылқының 10-нын Әулие Петр бекінісіне қайтаруы айғақтайды (Эпистолярное наследие, Т.І: 291).

Уәлидің хан сайланғанынан хабарданған орыс үкіметі де өз саясатын жүзеге асыра бастайды. 1781 жылдың 23 тамыздағы Уфа және Сібір генерал-губернатор қызметін атқарушы генерал-поручик И.В. Якоби өзінің Мемлекеттік сыртқы істер алқасына жазған хатында өзіне жіберілген Троицк шекаралық кеденінің директоры П.Н. Чучаловты Уәли ханның қонысына аттандырғанын жеткізеді (РИССА, 2: 35). Орыс елшілігінің ең басты мақсаты Уәли сұлтаннан басқа қазақ даласында хандық билікке үміттенген саяси тұлғаны анықтау еді. Мәселен, Мемлекеттік шетелдік істер алқасына жазған (П.Н. Чучаловтың анықтаған ақпаратына сәйкес) И.В. Якобидің баянатында былай делінген: «...И хотя при том выбор не оставлено рассуждать о праве наследия и других солтанов из ханских фамилий, о Таир солтане, Бараковской фамилий, о Солтамамет солтане же Валиевской фамилий, в которой был и Аблай хан, так же и о Абулфейса солтан Большой Орды Абульмамбетской фамилий, причём из них первые двое сами, от последнего дети присланы были, однако все они от принятия ханского достоинства отреклись, а согласно приговорили, чтобы быть ханом Вали солтан, следовательно нет ни малейшего сомнения, чтобы кто либо из солтанов то достоинство кроме его Валия претендовать мог» (РИССА, 2: 36-37). Бұл дегеніміз Абылай ханның өсиетіне қазақ сұлтандарының берік болғанын көрсетеді. Бұл баянатта осы кезде қазақ даласына Цинь елінен келген 60 түйеге тиілген заттары бар (30 түйе – қағаз, 30 түйе - жібек мата және басқа да заттар) елшілік туралы баяндалады. Сондай-ақ қазақ сұлтандары мен батырлардың П.Н. Чучаловқа берген жауаптары бір арнадан шыққанын келесі мәліметтердің негізінде көруге болады: «...Однако многие киргизцы одногласно сказывали ему Чучалову якобы тот посол прислан для такого же как и с Российской стороны возведения или подтверждения его Вали солтана ханом» (Казахско-русские отношения, 1964: 37-38). Бұл аралықта Цинь мен Ресей империясының елшіліктері мен саудагерлері көптеп келеді. Басты мақсат қалыптасқан саяси жағдайды өз пайдаларына шешу еді. Бұл кезде ел тағдыры Уәли ханның қабылдағын шешіміне байланысты болды. Мәселен, Уәли ханға Цинь мемлекеті Ресей империясына қарсы соғыс ашуға ұсыныс білдерген-ді. Дегенмен де Уәли ханның ұстанған саяси көзқарасын кеңесшісі Дат батырдың Омбы көпесі Захармен кездесу барысындағы әңгімелерінен байқауға болады. Дат батыр ханның: «...не позволяют мне заводить против России беспокойстви и бо покойной мой отец Аблай солтан во всю свою жизни не имел от оной никакова себе и к Орде огорчения и недовольствия, жил мирно и согласно. И присмерти своей на крепко завещал нам своим детям дабы мы жили с Россию во всякое время тихо и покойно и пользовались бы теми выгодами каковы приемем от Росии оказывани были» деген тұжырымын хабарлайды (РИССА, 3: 15). Жалпы Уәли хан да Әбілқайыр хан, әкесі Абылай хан тәрізді көп векторлы саясат ұстайды. Сондықтан оны Ресей немесе Цинь мемлекеттерінің бірін таңдады деу қиын. Ол, біріншіден, Ресей мен Цинь арасындағы қоғамдық-саяси, әсіресе экономикалық байланысты тең ұстауға күш салып, қарым-қатынасты жандандыра түсті. Жалпы Уәли Абылайұлы хандық қызметті атқарған уақыт аралығында Ресейден 4, Цинь тарапынан 7 рет елшілік қабылдаған (Хафизова, 2019:163-164). Екіншіден, өзіне келген елшіліктерді халықтың игілігіне пайдалануға тырысты. Мәселен, Уәли хан өзіне келген орыс елшілерін пайдаланып, 1781 жылдың

23 мамырда Сібірдің жеке корпусын басқарушы генерал-майор Н.Г. Огаревке Орынбор губернаторына елшілік жіберетіні туралы жазылған хатын ескертеді. Ал 16 маусымда ол Орынбор губернаторы генерал-майор М.А. Хвабуловқа старшын Түлек мырза мен Тәуекел батырды жібереді. Жолданған хатында қазақ ханы, біріншіден, әкесі Абылай хан дүниеден өткенін императорға жеткізу мақсатында інісін орыс патшасы сарайына жіберу үшін елшілікті қолдауын сұрайды (Эпистолярное наследие, Т. II: 291).

Осы мақсатта тамыз айында II Екатерина патшайымға жазылған Уәли ханның хаты осы айдың 23-і күні табысталады. Бұл хатта Уәли хан қазақ жүздерінің барлық сұлтандары мен қарапайым халқы қоғамдық кеңес құра отырып, мені хандық құрметке лайықты тұлға ретінде танып, әкесінің билігін оған табыстағанын жеткізеді. Сол себепті Ресей патшайымы тарапынан хандық атағы мойындалып, Ресеймен қарым-қатынасты жалғастыруға мүдделі екендігін білдіреді. Хан хатында өзіне тілектес болған, әкесінің тірі кезінде Ресеймен байланыста белгілі болған өзінің інілері мен старшындарды атайды. Біз олардың ішінен Шыңғыс, Рүстем, Жиғанкер, Шығай, Тоғым, Қасым мен Байыр сұлтандарды, старшындар - Дауытбай тархан, Байғұт тархан, Жанғұй баһадүр, Бекболат би, Бикша би, Нұрқабек, Түлек, Сейтен, Қош, Оразхан, Сарықзақ, Отаршы Дат баһадүр, Тәуекел молла, Құлыбек, Бабәке, Баубек, Шауқан, Байтұқа, Түкбаһадүр, Алыпқара, Бетжандарды байқаймыз (Казахско-русские отношения, 1964:103). Осы хаттың дәлелдемесі ретінде 1781 жылдың күзінде император сарайына Уәли хан інісі Есім сұлтан мен бірге 9 адамды жібереді. Олар старшындар - атығай руынан Түлек мырза, Сауқал батыр, Байтөк Алдыбай, керей руынан Тілеуқабыл, арқар руынан Мырзатай, қарауыл руынан Қойлыбай және төленгіттердің ішінен 3 қызметкер - Өрікші, Қалыбек, Тоғыс (РИССА, 2:41). Қазақ елшілігі Әулие Петр бекінісінен шығып, Орынбор арқылы Санкт-Петербургке 1781 жылы 6 қарашада жетеді (РИССА, 3:1). Император сарайына келгенде елшіліктің құрамында жалпы 10 адамды болады.

Қазақ елшілігінен соң араға 1 жыл сала 1782 жылы қараша айында Әулие Петр бекінісінде Ресей империясының тарапынан Уәли Абылайұлының хандық билігін мойындау рәсімі өтеді (РИССА, 2:105). Бұл рәсімге қазақ сұлтандарынан – 15, би-батырлары мен старшындардан – 120, қара халықтан – 500-ге жуық адам қатысады (РИССА, 2:101) Рәсім 14 күнге созылады. Рәсім аяқталғаннан кейін Ресей Уәли ханға әкесіне тиесілі болған жылдық жалақы тағайындалғанын хабарлайды (РИССА, 2:94). Бұл арада патша үкіметі қазақ хандары мен сұлтандарына, би-батырларына жалақы тағайындау тәжірибесін жалғастырады. Мақсат қазақтарды ол арқылы өзінен жалақы алатын шенеунік деңгейіне жеткізу болатын.

Ресей империясы қазақ ханы билігін мойындау рәсімін ұйымдастыруда да тәжірибе жинақтап үлгерген болатын. Сол себепті Уәли ханның қонысына жақын, арасы 4 – 5 күнді құрайтын Әулие Петр бекінісі таңдалған. Хандық билікті мойындау рәсімін Ресей территориясында өткізу орыс үкіметінің негізгі талабы болды. Мұндай психологиялық-саяси ойын, яғни қазақ басқарушыларын өз дегеніне көндіру саясаты Нұралы сұлтанды хандық билікке бекітуден басталғанды (РИССА, 2:93). Ресейдің осы саясаты Абылай ханға да жоспарланғанымен ол жүзеге аспағанды.

Уәли Абылайұлы хан сайланған кезеңде елдің саяси жағдайы өзгере бастады. Кіші жүзді түрлі саяси-экономикалық жолдармен қыспаққа алған Ресей Қазақстанның батыс аймақтарында әскери қоқан-лоқы көрсетуден бастап, басқару жүйесін өзгертуге де кірісті. Абылай ханның саясаткерлігін тәуелсіз саясатын жалғастыру қиынға соқты. Осындай жағдайда Уәли де өз билігін нығайтудың бір жолы ретінде Ресейдің оны мойындалуы маңызды деген түсінікке келді. Мақсат елде дендеген ішкі алауыздықты тоқтату және сыртқы мемлекеттердің бұл алауыздықты өз пайдаларына асыруына тосқауыл қою еді. Оны Уәли ханның Ресейге жіберген елшіліктері айғақтайды.

1784 жылдың күзінде Уәли ханның Екатерина II патшайымға жазған хатында орыс сарайында болған Жәнібек сұлтан бастаған елшіліктің оған арнайы грамотаны табыстағандығын жеткізеді. Бұл грамотаға қазақ-орыс шекарасындағы тонаушылық іс-әрекетке қатысы бар адамдарды тәртіпке келтіруді өз дәрежесінде қамтамасыз ететінін жеткізеді (Эпистолярное наследие, Т. II: 295).

Уәли хан 1786 жылы 22 наурызда генерал-поручик О.А. Игельстромға: «...желаю я чтоб чрез посылку меньших моих братьев ежегодно к высочайшему двору или чрез

несколько лет посылать как повелено будет» деп мәлімдей отыра, екі ел ортасындағы өзара байланысты күшейтуді көздегенін жасырмайды (РИССА, 1:3). Хатында қазақ ханы Көкшетауда әкесі Абылай хан салдыртқан үйдің 1785 жылы жанып кетуіне байланысты, оны қайта салу үшін жұмыскерлер жіберуді сұрайды (РИССА, 1:4).

Уәли хан өз ұлысының төңірегіндегі мәселелерді ғана емес, сондай-ақ Кіші жүз хандары мен Ресей империясының арасында туындаған мәселерді шешуде белсінділік танытқан. Архив деректері Уәли ханның Кіші жүздегі саяси оқиғаларды назардан тыс шығармағанын көрсетеді. Мәселен, ол 1786 жылы 18 желтоқсанда орыс патшайымына жазған хатынан тұтқында отырған Нұралы хан мен Айшуақ сұлтанды елге қайтаруды сұрайды. Сол себепті Санкт-Петербургтегі император сарайына туған бауырын жіберуге ниетті екенін жеткізеді (РИССА, 1:6-7). 1787 жылғы 5 қаңтарда II Екатерина Кіші Орданың өз алдына хандық билігі барлығын алға тартып, оның бұл іске қатысы жоқтығын ескертіп жауап қайтарады және сол үшін елшілік жіберу қажет еместігін хабарлайды (РИССА, 1:8). Бұл ретте, Уәли хан Ресей тарапынан Нұралы ханның биліктен шектетілуін өзінің билігіне келер қауіптің бірі ретінде санаса керек (Абуев, 2019: 61).

XVIII ғасырдың 90-шы жылдары Уәли ханның тарапынан ұйымдастырылған елшіліктер мен келісім сөздердің барысында қозғалған ең басты мәселелердің бірі шекара маңында келіспеушіліктерді реттеу және Еділ қалмақтарымен бірге Ресей территориясынан қашқан тікелей түркімен халқының тағдырына қатысты болды. Абылай заманында Ресей оны қозғамады. Оған Абылайдың және ол дүниеден өткеннен кейінгі Уәли ханның Цинь елімен тығыз байланысы еді. Ресей Уәли ханды Цинь бодандығына өтіп кету мүмкіндігін ескеріп бастапқы кезеңде мәселені ушықтырмайды.

XVIII ғасырдың 90-шы жылдары жағдай өзгере бастады. Түркімендерге қатысты мәселені мемлекеттік деңгейде ушықтырған Сібір корпусының басқарушысы генерал-майор Г.Г. Штрандман еді. Ол сыртқы істер коллегиясына жазған баянатында: «Жиырма жылдан артық уақыт бұрын Еділ қалмақтары Ресейден қашқан кезде Абылай хан және оның ұлы Уәли сұлтан түркімендерді қосып алды. Қазіргі уақытта олар Уәли ханның құзыретінде жатыр. Жоғарыда аталған түркімен жұрты Ресей бодандығын қабылдаған халықтардың бірі ретінде осы уақытқа дейін 20 жылдан артық Орта жүз хандарының құрамында ықтиярсыз жағдайда жатыр. Сол себепті оларды қазақ халқының арасынан босату арқылы бұрынғы өздерінің Ресейдегі орналасқан қоныстарына қайтару керек» дей келе, қазақ-орыс шекарасынан 200 шақырымдай қашықтағы түркімен халқын қайтару үшін Сібірлік драгундық полктың секунд-майоры Гелинсберхті әскерімен жібереді. Оларға қарсы қазақтар шабуыл ұйымдастырады. Соған қарамастан орыс әскерилері Әулие Петр бекінісіне 320 түркіменді қайтарады (оның ішінде 6-ы старшын). Генерал-майор алдағы жазда түркімендерді Астраханға жеткізетіді» хабарлайды (РИССА, 1792:1:5-7). Осылайша орыс әскері Орта жүз жеріне ішкерелей еніп, әскери күшін көрсетті.

Түркімен халқына байланысты туындаған мәселе онымен тоқтамады. Көп ұзамай орыс үкіметі қазақ елінде қалған осы тектес 38 түркімен жұртының бар екен деген әңгіме көтереді. Содан Ресей саясаткерлері төмендегідей сұрақтарды күн тәртібіне шығарады. Олар қазақ даласындағы түркімендер кімнің иегілігіне заңды тұрғыда тиесілі болды, яғни Уәли ханның ба?, әлде Ресей империясының бодандығындағын қабылдаған түркімен жұртының қатарынан ба? Олар қаншалықты көп жылдардан бері Қазақ халқының арасында өздерінің еріктерімен өмір сүрді? Бұл түркімендерге байланысты мәселенің ушыққаны соншалықты жоғарыда келтірілген сұрақтардың мән-жайын анықтау үшін орыс әкімшілігінің Кеңесінде императордың бұйырығымен генерал-прокурор талқыға салады. Осындай жағдайда Уәли хан да мәселені шешуді көздер бірнеше хат жолдайды. Уәли хан Г.Г. Штрандманның қызметіне көңілі толмайтындығын да жеткізеді.

Ресейдегі мемлекеттік кеңес түркімендер мәселесін талқылап, бір-біріне қарама-қарсы пікірде жазылған генерал-майор Я.В. Боувер мен Г.Г. Штрандманның баяндамаларын тыңдайды. 1793 жылы 12 желтоқсанда Г.Г. Штрандман өзінің баяндамасында 38 түркіменнің ата-тегіне байланысты болған оқиғаны түсіндіреді. Ол баяндамасында түркімен жұртының тарапынан айтылған пікірді алға тартып: «түркімендер Құран кітабы арқылы ант берудің негізінде олардың атасы Астраханда өз

еркімен өмір сүргендігін жеткізеді. Бұқарға сауда жасау мақсатында екі ұлын жібереді. Осы аралықта қазақтар олардың керуендерін тонап, тұтқынға алады. Кейін әкесі оларды іздеп тауып, сатып алғанымен қазақтар оларды жібермегендігін айтады. Кейін уақыт өте келе 1770 жылдары Ресейден қашқан Еділ қалмақтары мен бір түркімен қандасының Абылайдың иелігінде жүргендіктерін естігендіктен өз еркітерімен ханның қонысына өтеді. Бірақ өздерінің бұрынғы қоныстарына оралу үшін мүмкіндіктерді қарастыруды ұмытпағандықтарын айтады. Сол себепті олар қазақтың даласындағы орманда майор Гелинсберх өз әскерімен дайындық жұмыстарын жүргізу барысы кезінде сол түркімендер өздерін Ресейге жеткізу туралы өтініштерімен келгендіктерін жеткізеді. Өйткені олар Қазақ елінде ықтиярсыз жағдайда өмір сүріп жатқан жұрт ретінде көрсетті» - деп баяндайды (РМТА, 142:6). Кеңесте Г.Г. Штрандманның баяндамасынан бұрын 1793 жылдың 30 қарашасында генерал-прокурорға жеткізілген Я.В. Боувердің баянаты да қаралады. Я.В. Боувер өзінің баянатында: «соңғы түркімен жұрты түркімен старшыны Мәмет Келдібектұрды атты бабаларынан тарағандығын көрсетеді. Ол кезінде Хиуада тұрған» - деп көрсетеді (РМТА, 142:12). Бұдан бөлек ол Уәли ханның тарапынан жіберілген депутаттардың шағымы тек түркімен халқына байланысты болған жоқтығын жазады, яғни Г.Г. Штрандманның тарапынан аттандырылған орыс әскерінің қазақ сахарасындағы жергілікті халыққа тигізген зардабы туралы суреттейді. Я.В. Боувердің Кеңеске жеткізген баянаттарында суреттелген мәліметтердің көзі түркімен жұрты және Уәли хан мен қазақ сұлтандары тарапынан жіберілген хаттарды саралаудың барысында шығарған өзінің тікелей көзқарасы болатын. Я.В. Боувер мен қазақ депутаттарының кездесуі шекара мағында орналасқан қалалардың бірінде жүзеге асырылған. Сонын бірі Омбы қаласы болды (РМТА, 142:9). Қазақ депутаттары тек бұл аралықта Я.В. Боувермен ғана емес, Г.Г. Штрандманмен де кездескен болатын. Онда қазақ депутаттары түркімен жұртына қатысты мәселеге байланысты ұстанған көзқарастарын төменде келтірілген мәліметтерден көруге болады. Онда ол Омбыға келген қазақ депутаттары мен қарастырылып отырған түркімен халқының жеке пікірлерін келтіреді. Олардың айтуы бойынша «өздеріне тиесілі жартылай түркімен жұртының атасы (есімі аталмайды) кезінде 70 жыл бұрын Бұқарда өз еркімен тұрған. Ханның әкесі бұқарлықтармен соғыс жүргізген кезде сол түркіменнің екі баласын тұтқын ретінде әкеткен болатын. Кейін әкесі Хан Ордасынан тауып, өтем ақы төлеп босатып алғанымен, нәтижесінде оларды қазақ қыздарына үйлендіреді (жалпы қаншалықты өз еркілерімен немесе мәжбүрлі түрде қалдырылғандығы туралы айтылмайды). Уақыт өте келе олардан тараған ұрпақтары Уәли ханның әкесі Абылай ханның қамқорлығына өз қалаулары бойынша өткендігін көрсетеді. Кейін Абылай ханның қазасына байланысты ұлы Уәли ханның жауапкершігіне өтті» - деп көрсетеді (РМТА, 142: 6-7).

Қазақ депутаттарынан тарапынан көтерілген тағы бір өзекті мәселе – Г.Г. Штрандманның тарапынан бағытталған әскердің тигізген зардабына байланысты болды. Қиянат қазақ депутаттарының хаттары мен Я.В. Боувердің Кеңеске жіберген баянатында: «...с писем полученных им от хана и некоторых султанов и старшин по случаю упомянутой посылки депутатов, где так же изъяснено, что от прибытия команды замерзло 53 человек, да отогнато и пропало лошадей 181, верблюдов 36 и разного скота 2083, сверх того при разорении ста кибиток с увозом трухменцов пропало несколько и другого и меня, а от разбежавшихся в то время хозяев запертой в пригонах скот вес подход, которого составляло лошадей 4000, верблюдов 300, рогатого скота 5000 и баранов 10000...» деп анық жазылады (РМТА, 142: 11-12). Аталған себептердің нәтижесі қазақтың саяси элиталары мен Ресейдің әкімшіл шенеуніктерінің арасындағы жағдайдың дүрлігуіне әкеліп соқтырды. Сол себепті Г.Г. Штрандман өз тарапынан туындаған мәселеге байланысты, ең бастысы Уәли хан мен жергілікті халықтың талаптары бойынша іс-шара қолданбаған жағдайда, өзінің іскерлік беделінің жолғалуына әкеліп соқтыратынын жақсы түсінген. Ол мәселе шешілмесе орнынан босайтынын сезінеді. Сондықтан Г.Г. Штрандман бұл іске қатысты Я.В. Боувердің басшылығымен комиссияны жасақтауға мәжбүр болады (РМТА, 142:8). Осылайша олар әділдікті орнату мақсатымен бастарын бөйгеге тігіп, Омбыға келген қазақ елшілерінің талабын тиянақты саралауға мәжбүр болды.

Дегенмен Г.Г. Штрандман осы іс-әрекетінің нәтижесінде жоғарыда қарастырылған мәселелерді қазақ депутаттарымен талқылау барысында өзінің ұстанымынан бас тартпайды. Дегенменде Уәли ханның туған інісі Шыңғыс сұлтан мен Аю батырдың басшылығымен келген елшілер Г.Г. Штрандаманның тарапынан қабылданған шешімге көнбегендей. Өйткені соттың шешімі бойынша қазақ елшілерінің тарапынан айтылған «түсініктемелер» бұрыс деп табылып, керсінше өз тарапынан айтылған түсініктемелері мен жасалған іс-әрекеттері дұрыс деп танылады. Бұған қоса соттың барысында татар тілінде жазылған қара қағаздағы қазақ елшілерінің сауалдары қайтадан ақ қағазға көшіріледі. Оны оқымастан олардан қол қойдырып алу үшін қоқан-лоққы көрсетеді, яғни өз ауылдарына жібермейтіндіктерін, әрі Г.Г. Штрандман Шыңғыс сұлтанды бопсалап, тіпті оның жанындағы Аю батырдың басын шауып алатынын айтады (РМТА, 142:10). Мұнын бәрінен хабардар болған Уәли ханның иелігіндегі жергілікті халық Ресейге деген сенімсіздіктерін алға тартып, 10 мыңнан артық адам жиналған Ордадағы Кеңесте Ресейдің «қамқорлығынан бас тарту» арқылы олардың тарапынан жасалған артықшылықтардың бірі шекаралық жайылымдарды тастап, басқа өңірге қоныс ауыстыруды ойластырады. Қазақтардың Ресей патшасына деген сенімсіздіктің туынан себепкер болған жағдай, яғни аталмыш мәселеге байланысты Уәли хан 6 рет өзін немесе оның ұлдарының бірін шекара шебіндегі әкімшіл шенеуніктерінен императормен жолықтыруды сұраған. Дегенмен де оның өтінішін жеткізген қазақ елшілеріне Г.Г. Штрандман қыңыр жауап қайтарумен болды. Я.В. Боувер қалыптасқан саяси ахуалға байланысты қазақ елшілеріне императормен жолықтыруды қамтамасыз ететініне сөз беріп, жауапкершілікті өз мойнына алады (РМТА, 142:8-9). Екі мемлекеттің төңірегінде мәселенің барысында туындаған өзекті сұрақтарға байланысты Кеңестің аясында талқыға салынғанымен, оның қорытындысы бойынша, біріншіден, Ордаға аттандырылған әскери күштің себебі туралы толыққанды түсіндірмесін Г.Г. Штрандманға жоғарғы тарапқа жіберуді және оны қолданудан тартынғандығы жөнінде нұсқаулық шығарылады. Екіншіден, өткен оқиғаға байланысты Уәли ханға император сарайына өз елшілерін жіберуге рұқсат беруден амалсыздықтан көнуге тура келеді. Дегенменде орын алған саяси жағдайларға байланысты сарайға баруға рұқсат берудің негізінде қазақ елшілерінің түсіндірмесіне қарай аманат алу қажеттіліктің мүмкіндігі туындап қалуынан әкімшіл шенеуніктер үміттенеді (РМТА, 15:154). Ал қазақтың бір бөлігі деп танылған соңғы 38 түркімендерді Кеңес аяқталмастан бұрын Уәлидің Ордасына Г.Г. Штрандман қазақтардың дүрлігуінің нәтижесінде амалсыздан қайтаруға мәжбүр болады. Ал оның алдындағы 320 түркімендерді Астрахан өңіріне жөнелтілгенді (РМТА, 15:153).

Осы тұста қазақ-орыс арасындағы талас-тартыстарды шешу үшін екі мәселе күн тәртібіне шықты. Біріншісі, қазақтардың тұрақты елшілігіне рұқсат беру, екіншісі шекара сотын құру. Бірінші мәселе бойынша Уәли хан билікке көтерілген сәтінен бастап кез келген уақытта еш кедергісіз император сарайына жіберіп тұруды ұсынған еді. Оны 1796 жылдың 13 наурызында Кеңесте қарастырылған өзінің хаты анық дәлелдейді (РМТА, 18:44). Екінші мәселеге келетін болсақ, 1796 жылдың 7 тамыздағы Кеңесте Орданың депутаттары жеткізген Уәли ханның хатында шекаралық сотты жасақтау мәселесін көтереді. Хан хатында Тобыл қаласы шекара шебінен алыс жерде орналасқандықтан, шекаралық сотты Әулие Петр бекінісінде жасақтауды ұсынады (РМТА, 18:88). Екі жақтың келісімі бойынша Шекаралық сотты жасақтау мәселесіне нақты нүкте қою үшін Уәли ханның 1798 жылы Санкт-Петербургтегі император сарайына ұйымдастырылған елшілігі қабылданады. Бұл елшіліктің нәтижесінде Уәли ханның ұсынысы құпталады және Орынбор қаласындағы сияқты азиялық соттың құрылуы керектігі жөнінде келісімге келеді (РИССА, 1798:1:75-76). Бұдан бөлек бұл елшіліктің барысында Уәли хан өзінің хандық билігінің ізбасары ретінде ұлы Аббас сұлтанды бекітетіндігін императорға хабарлайды (РИССА, 1798:1:54).

XIX ғасырдың I ширегінде Қазақ хандығы мен Ресей империясының арасында қоғамдық-саяси, экономикалық қарым-қатынастары шиеленісе түсті. Осы арада орыс үкіметі Уәли хан орнына жаңа хан немесе өз ыңғайына көнетін екінші хан тағайындауды жоспарлай бастады. Сол үшін қазақ қоғамындағы хандық билікке лайықты саяси тұлғалардың мүддесін ескере отырып, саяси-экономикалық тұрғыда

артықшылықтармен қамтамасыз етудің негізінде елдің біртұтастылығын одан әрі шайқалтуды қолға алды. Сол кезде ол әкесінен аманат ретінде қалдырылған елдің біртұтастығын сақтауды көршілес мемлекеттермен қарым-қатынасты дамытудың негізінде іске асыруды ойластырған.

1804 жылдың көктем мезгілінің бас кезінде Уәли хан Сібір инспекциясының инспекторы генерал-майор Н. Лавровқа хат жолдады. Бұл хатында ол император сарайына өз елшілерін жіберуді ұсынады. Осы елшіліктің барысында Уәли хан, біріншіден, өзіне және оның туыстарына Ресейдің тарапынан бекітілген жылдық жалақы (пансион) тоқтылғандықтан, оны қайтадан жаңдандыруды, екіншіден, Ресейдің территориясына қысқы қонысқа өту барысында қазақтардың иелігіне тиесілі төрт түліктен (табын) алынатын салық мөлшерін қалдыруды және Қазақ хандығы мен Ресейге тиісті жерлерді ажырату мәселесін көтереді (РМТА, 3:20). Алдымен, жылдық жалақы Уәли хан мен оның туыстарына 1800 жылдың 2 желтоқсанынан бастап тоқтатылғанды. Оған себеп Ташкенттік керуеннің тоналуы болатын. Керуен жолын кескен Уәли ханның туған інісі Сыздық сұлтан еді. Бұл оқиғаға қатысты Уәли хан Н. Лавровқа жіберген хатында орыс шенеуніктері анықтаған түсініктің дұрыс еместігін, яғни бұл тонаушылық әрекет емес екенін жазады (РМТА, 3:7). Бұған қоса ол «өзінің түсіндірмесінде Бұқар мен Ташкенттің тарапынан жөнелтілген керуендерден өзіне дейінгі ата-бабалары кезінде бекітілген салық мөлшерін оның інісі жинайтын» деп жеткізеді (РМТА, 3:20).

1805 жылдың тамызында Орынборлық мүфти Мұхамметжан Хусейн Уәли ханның ұлы Жаншуақ басқарған елшілік Цинь еліне аттандырылғаны туралы орыс әкімшілігіне хабарлайды. Елшілік нәтижесінде Уәли ханға «Уан» атағы беріледі. Бұл қытай тілінде «Хан» деген мағынаны білдіреді, яғни көршілес мемлекеттердің бірі ретінде Цинь тарапынан Уәли Абылайұлының хандық билігі мойындалады. Сондай-ақ қазақ елшілігін Цинь императоры бағалы сыйлықтары бар 300 адамды қарсы алуға жібереді. Сонымен қатар император Уәли ханның тарапынан аттанған елшіліктің бас бөлігіне арналған қара шашағы (черный кисть) бар әшекейді сыйлайды. Циньнің салт-дәстүрі бойынша мұндай әшекейлер саяси аренада беделі бар саясаткер тұлғаларға табысталады (РМТА, 3:22).

Орыс әкімшілігі Уәли ханның Қытай тарапына бағытталған елшіліктің әлеуметтік құрамына назар аударады. Ресейді қазақ елшілігін Жаншуақ сұлтанның басқаруы, оның найман тайпалық бірлестігіндегі рулардың басым көпшілігіне иелік етуі, найман руының Цинь елінің шекарасымен шектесіп жатуы толғандырады. Оларды есепке алған орыс саясаткерлері Уәли хан мен оның туыстарына бұрын бекітілген жалақыны жандыруды қолға алады. Дегенменде жылдық жалақыны жіберместен бұрын орыс шенеуніктері қазақ сахарасына иелік ету үшін оның ішкі саясатына араласуға мүмкіндікті алудың негізінде шекаралық сот жүйесін жасақтауды аяғына дейін жеткізуді ойластырады. Негізінде бұл шекаралық сот екі мемлекеттің арасында туындаған өзекті мәселелерді екі жақтың саяси тұлғалардың бас қосуы нәтижесінде шешілуге тиісті арнайы Кіші жүздің саяси элиталары мен орыс әкімшілік шенеуніктерінің бірлесе құрастырылған шекаралық соттың негізінде құрастырылған арнайы саяси мекеме болуға тиіс еді. 1806 жылдың 30 наурызында Н. Лавровтың князь А.А. Черторижскийге жазған баянатында Петропавл бекінісінде жаңадан ұйымдастырылып жатқан шекаралық соттың мүшелігіне қажетті сұлтандар мен старшындарды тағайындауды Уәли ханнан сұрағандығын жеткізеді. Дегенмен Уәли хан 1798 жылы Санкт-Петербургке император сарайына туысы Баһадүр сұлтанды елшілік ретінде жіберген кезде император өзінің тарапынан шекаралық сотты құруға ешқандай жарлық шығармағандығын алға тартады. Сол себепті бұл іс аяғына дейін жеткізілмегендіктен оны жасақтаудың мағынасы жоқтығын сездіртеді (РМТА, 3:34). Орыс үкіметі Уәли ханның талаптарының бірін орындауға шарасыздықтан көнеді.

1806 жылдың 8 желтоқсанында Сібір инспекторы генерал-майор Н. Лавров шетелдік істер министрі барон Будбергке 1800 жылы 2 желтоқсанда тоқтатылған жылдық жалақыны, яғни Уәли ханға 650 сомды, оның ұлы Аббас сұлтанға 300 сом және туысы Баһадүр сұлтанға 100 сом жібергендігін баяндайды (РМТА, 3:52).

1808 жылдың 22 қазанда генерал-майор Г.И. Глазенаптың граф Н.П.Румянцевке жазған баянатында Уәли хан орыс үкіметінің шенеуніктерінен император сарайына

казак елшілерін аттандыруды, әрі оны императордың қазынасынан қаржылай қамтамасыз етуді талап етекені хабарланады. Уәли ханның талаптарын Г.И. Глазенап: «... запрещает линейных жителям пользоваться заграницею рубкою дров и сенокошением ровно просить нас назначить черту границы с тем, чтобы за оную никто из российских без его позволения переходить не отваживался. Претендует о месте, на которое 1807 года по высочайшему позволению выдвинуть к реке Ишиму рудот Новокаменской именованной прежде Скопиным и устраивает меня, что в противном случае он и Орда ему подвластная будет искать для кочевья своего другое место... » деп көрсетеді (РМТА, 3:65). Хан хатынан басты мәселе шекара маңындағы жерлерді қазақтың игілі үшін қолдану және екі мемлекеттің шекарасын ажырату мәселелерін шешу болғанын байқаймыз. Өйткені шекара маңында қалыптасқан толассыз шиеленістер әсерінен екі мемлекеттің қарым-қатынастары нашарлай түсті. Екі арадағы шиеленістің өршуіне себепкер болған мәселелердің бірі - шекара маңындағы жайылымдық жерлер еді.

1809 жылдың 4 наурызында Петропавл бекінісіне Жұмақан арқылы жеткізілген Уәли хан, Шамұхаммет сұлтан Абылайұлы, Тіленші би Бекболатұлының келесі бір хаттарынан осы кезде казак-орыс арасындағы саяси-экономикалық байланыстың қандай деңгейде болғандығы туралы көруге болады. Яғни, екі мемлекеттің шекарасын ажырату мәселесі шекара шебінде туындаған адами және табиғи ресурстары мен сауда өндірісіне қатысты мәселелердің өршуімен ұштасып кетті. Уәли хан генерал-лейтенант Г.И. Глазенапқа жазған хатында: «Уведомляю вашего пр-ва, что я утверждён в ханы тремя государями: 1-е – белою царицею, 2-е – китайским Иджан-буктыханом, 3-е – бухарским ханом Мир-Айдаровым, и по согласию всех оных принял я на всероссийское подданство присягу с тем, чтоб быть под покровительством оной Россией и защищенным от чинимых другими государствами мне обид и притеснений. А как ныне вы сами изволите меня обижать тем, что прежде сего из подвластных моих киргизцов, как вами никогда силою в казаки записаны ни были, о чем вы и уведомить не изволили... (РМТА, 3:72).

Уәли хан хаты казак-орыс қатынасын мүлде басқа қырынан қарауға итермелейді. Өйткені казак ханын үш мемлекеттің мойындауы оның тәуелсіздігін айғақтайды. Соған қарамастан хан Ресеймен байланысқа ерекше назар аударады. Өйткені Уәли өзімен көршілес Кіші жүздегі саяси жағдайды толық білетін.

Оны қатаң ескергендіктен Уәли хан өз хатында өзара сенімге айырықша көңіл бөледі. Мәселен хан орыс адамдарының өтініші бойынша жоғалып кеткен малдарын іздеп-тауып, олардың сұранысын қамтамасыз етудің негізінде орыс-казактардың құрамына жазылған бес қазақты білместіктен жасалған әрекеттерін кешіре отырып, оларды ауылдарына қайтаруды сұрайды. Хан «егерде олар дәл осындай қадамдарға баратын болса, өзін олар үшін араша түспейтінін ескертеді» (РМТА, 3:72).

1809 жылы 9 наурызда Г.И. Глазенап ханға берген жауабында өзінің тарапынан ханға бағытталған хаттарынан хабардар болмағанын және жоғарыда жазылған бес қазақтың іс-әрекеттерін тонаушылық қимыл ретінде бағалап тізіп шығады. Г.И. Глазенап мұндай іс-әрекетті «казактар ханға еліктеп жасауда» деп айып тағады. Себебі өз хатында Г.И. Глазенап Петропавл мен Ташкенттің тарапынан бағытталған елшіліктердің тоналуына себепкер тұлға ретінде ханды кінәлаумен болады. Дегенмен ол ханның өтінішін орындауға мәжбүр болады (РМТА, 3:73-74).

Шекаралық орыс шенеуніктерінің Уәли ханның тәуелсіз саяси іс-әрекеттеріне көңілдері толмаса да амалсыздан өз саяси жоспарын іс жүзіне асыруға ұмтылады. Оның себебі, біріншіден, ханның талабын орындай отыра, өз айтқандарына көндірудің амалы еді. Екіншіден, Қытаймен екі арадағы қарым-қатынастың жаңдануына байланысты, Ресеймен саяси-экономикалық тұрғыда байланыстарының алшақтауына жол бермеу болатын.

Қазак-орыс шекарасындағы әскери қоқан-лоқыны Уәли ханның хатымен жіберілген қаракесек болысының сұлтаны Шамұхаммет Абылайұлы мен Тіленші би Бекболатұлы да дәлелдеді. Олар генерал-лейтенант Г.И. Глазенапқа: «... предвидим мы не малых неблагоприятных наглых обиды, так что каждым форпост, в каждой месяц захватывают киргизцов, и каждой год делают аулам нападения и разорения, что сим подобных чинимых дел прежде сего прицарствовании блаженных достойных

вечной памяти первого белой царицы и от второго Павла Петровича ни было, а как ныне прицарствовании третьяго Александра Павловича усматриваем, что от Россией волостям нашим крайняя нападения и грабеж чиниться, о чем осмеливаемся спросить вас о сих чинимых вами делах для uznания нашего, ибо впрошедшия времена при жизни пороков. И великих государей и наших предках, хотя и происходили войны, однако напрасно безвинных людей никого не убивали, и таковы последствий не происходили, но ежели вы будите поставлять те выше писанные притеснений нам за воину государству, тогда и наша орда за причиняемые нам без всякого разбирательства обиды не согласятся принять невинную смерть без вооружения, а потому ныне и надлежит сделать разбирательство о деле теленгутской нашей волости, которая волости состоит невинною. При нападении же на оную волость без причины померло людей 17 человек, и взято немалое количества вещей, и разного скота лошадей 107, верблюдов 65, и в том числе захвачены 2 киргисцов...» деп мәлімдегенді (РМТА, 3:78).

1809 жылы 9 наурызында Г.И. Глазенап Орта жүз сұлтаны мен биіне жазған өз жауабында «Сібір шекарасын өзі басқарған кезде қазақ сахарасына бағытталған шабуыл мен тонаушылық әрекеттер болғанын, тіпті ешбір бұйрық бермегенін, яғни олар заңға қатаң бағынатынын» алға тартып, «көрсінше сіздердің ордаңыздағы сұлтандар, старшындар мен билердің тарапынан көпестердің керуендері тоналууда... Нақты төлеңгіттерге келетін болсақ, олар тауары 5 мың сомнан тұратын керуенді қолды қылды» деп жазады. Г.И. Глазенап: «Сий ваши столь наглые дерзости, отнюдь не останутся без надлежащего взыскания, и что императорского могущественная рука, не только достигнет до пределов ваших без всякого труда, но усмирит, и покорить всех неповинующихся его законом и власти. Вам не без известно, что все наши линии совершенно войсками усилены, и что ежели вы будите столь отважный в своих глупых предприятиях, тогда на самом опыте покажу, я вам то, сколь мало Россия мыслить о вашем без путном вооружений и что один пушечной выстрел доволен для вашего усмирения, и так ежели вы в период ещё осмелитесь делать мне подобные в письмах ваших выражении то должен я буду принять против вас строжайшие меры» деп те қорқытпақ болады (РМТА, 3:81).

Г.И. Глазенап өзінің тарапынан жіберілген әскердің кесірінен қазақ сахарасындағы жергілікті тұрғындарға тигізген зардабын мойындамағанымен, күштеп ұсталған 2 қазақтың жазықсыздығына көз жеткізген соң, оларды өз ауылдарына қайтаруға мәжбүр болады. Генерал-лейтенант Г.И. Глазенаптың қазақтарға байланысты қолданған әрекеттеріне байланысты Шетелдік істер министрлігінен арнайы жоба қабылданады. Бұл жобаға сәйкес Г.И. Глазенап алдағы уақытта әскери күшті қолданудан тартынуы керектігі жөнінде үкім шығарылады.

Ресейлік биліктің мұндай шешімді қабылдауына түрткі болған саяси астары жеткілікті еді. Сонын ішінде ең маңыздылары, біріншіден, қазақтармен ашық соғыс жүргізудің нәтижесінде сауда байланыстары тоқталып қана қоймайды, сонымен қатар өзара өшпенділікке әкеліп соқтыратын. Екіншіден, Уәли хан мен Қытай императорының арасындағы байланыс күн санап дамуына байланысты аса жоғарғы сақтықпен қимылдау керектігі. Ол үшін Ресей саясаткерлері қазақ-орыс шекарасындағы әскерилерге, біріншіден, жасалған қылмысты жазамен сәйкес мөлшерлеуді, яғни іс-әрекеттерін талқылауда лайықты «қатаң әділдікті сақтау арқылы әдептіліктің аясында еркелету немесе қорқынышта ұстау керектігін» жазып жібереді. Екіншіден, 1806 жылдың 12 қазанында кезінде генерал-майор Н. Лавровка императордың бұйрығынсыз жылдық жалқыны қайта жандандыру немесе тоқтату құзыреті Сыртқы істер министрлігінің тарапынан берілген еді. Дәл осындай құзыреттілікті иеленуге Г.И. Глазенапқа да бұйырған еді. Үшіншіден, алдыңғы екі тәсілден мықтырақ, яғни Уәли ханды өз ырықтарына көндірудің жолы, оның сеніміндегі белгілі сұлтандарды орыс әкімшілігінің шенеуніктері өз жақтарына шығарудың жолдарын қарастыруды тапсырады. Бұған қосымша Сыртқы істер жөніндегі министр Г.И. Глазенаптан шекара төңірегінде қалыптасқан мәселелерге байланысты өзіндік ойын ұсынууды талап етеді (РМТА, 3:85-86).

1809 жылдың 1 шілдесінде Г.И. Глазенап өз ойларын граф Н.П. Румянцевке жазбаша тапсырады. Ол баянатында Уәли ханды жуасыту (Ресейдің әкімшілдік

шенеуніктерінің тілімен айтқанда) жолдарын саралайды. Г.И. Глазенап министрліктің тарапынан бағытталған нұсқаулық бойынша іс-әрекет жасағанымен Уәли ханды өздері дұрыс деп таныған ойдың аясында көндіру мүмкін емес екенін жеткізеді. Бұған қоса ол Уәли ханды өзінің ұлдарымен және өзіне бағынышты қазақтармен, сондай-ақ Барақ және Мұса батырлармен Петропавл бекінісінен 200 шақырым қашықтықта жатқан Қайрақты өзенінің бойында бас қосудың негізінде Бұқар жақтан келе жатқан көпес Свешниковтың керуенін тонамақшы деген қауесетті дистанциялық командирлердің тарапынан естігендігін хабарлайды. Сонымен қатар ол өзінің хатында Уәли ханның шекара шебіне шабуылды ойластырып жатқаны туралы жағымсыз қауесеттен хабардар болғанын тілге тиек ету әрекеті арқылы жоғарғы тараптың рұқсатымен әскери күшті қолданудың негізінде қазақтың саяси элиталарын тәубеге келтірудегі амалы ретінде қарастырғанын да жасырмайды.

Орыс үкіметінің тарапынан жүргізілген саяси іс-шараларға байланысты, жалпы екі мемлекеттің арасында қалыптасқан шиеленістерге қатысты Уәли ханның өзіндік көзқарасы болды. Ол өзінің ұстанымын Петропавл бекінісінің басқарушысы Агеев арқылы Г.И. Глазенапқа жазған хаты арқылы жеткізеді. Хан Ресейдің бодандығына қабылданбаған ташкенттіктер үшін ресейлік әкімшілік шенеуніктерінің алдында есеп беруге міндетті еместігін, сауда өндірісі барысы кезінде оның құзыреттілігіне тиесілі әр арбадан алынуға тиісті 10 сом мөлшеріндегі салықты алуға құқылы екендігін мәлімдейді. Сондай-ақ Уәли хан: «Омбы мен Петропавл бекінісінің аралығында өзіне тиесілі жерлерде орыс-қазақтар балық аулап, ағаш пен шөпті шабулда...» дей келе, шетелдік саудагерлерді сауда жасау үшін жібермеу керектігін ескеріп, балықшыларға сол жерден кетуді бұйырады, әйтпесе оның арты шиеленіске соғатынын хабарлайды (РМТА, 3:89 - 90).

Патша үкіметі Сібір шептерінің қолбасшысы Г.И. Глазенапқа Уәли ханға қарсы топтарды қолдауды, оларды үнемі қолпаштауды тапсырып, ханның барлық істеріне кедергі жасауды қатаң жүктейді. Қорытындысында 1809 жылы 29 сәуірде капитан Часовников, 4 мамырда хорунжий Безязыков, 6 мамырда майор Морозов әскерлері Уәли мен Ғаббас сұлтан иеліктеріне шабуылдайды. Мұны көре тұра Уәли хан 1809 жылы жазған хатында орыс әскерлерінің қазақ даласына енуін, қазақтарға қысым жасауын, шұрайлы жерлерді иемденуін тоқтатуын талап етеді (Бекимова, 2010: 21-22).

Мұндай жағдайда Ресей шенеуніктерінің түсініктері бойынша Уәли ханның Ордасына адам жіберу арқылы оны өз қызметінің аясында шектен шығармау үшін кеңесуді, егерде керек болған жағдайда қоқан-лоқы көрсету шараларын қолдануға рұқсат берілген. Мұндай бұйрықтар мен ұсыныстар шекара шебінің басшыларына көбінесе Мемлекеттік Кеңестің мүшелері тарапынан бағытталатын (РМТА, 15:152). Осындай жағымсыз іс-әрекеттер Уәли хан мен оған бағынышты сұлтандар және старшындарға бағытталған Г.Г. Штрандман мен Г.И. Глазенаптың хаттарынан анық көрініс табады.

1810 жылдың 18 сәуіріндегі Уәли ханның ордасына Г.И. Глазенаптың тапсырмасымен уәкіл ретінде офицер Бикмаев келеді. Бикмаев үш баласы бар орыс шаруа әйелінің және майор Дарнинді (негізінде қыпшақ тайпасынан, аты Істемес) әйелімен, сондай-ақ бұқарлық керуеннің басшысы Нұрмұхаметтің сұранысын қанағаттандыруды, яғни 14 жылқысының өтем ақысын өтеуді сұрайды. Уәли хан Г.И. Глазенапқа жазған хатында оларды қайтарудан бас тартады. Хан бас тарту себебін орыс шаруа әйелі Васильеваның балалары орыс ұлтының адамдарынан емес, керсінше төленгіттермен некелескендіктен қазақтардың санатына жататымен түсіндіріп, ал майор Дарнинді ұрлығы үшін қолын сындырып, оны өзінің қонысынан қуып жібергенін, оның әйелі Сырдария маңындағы қыпшақтардан келгенін жазады. Бұқарлық саудагердің өтінішін орындауға Уәли хан өзінің қолынан келмейтігін жеткізеді. Осы орайда орыс офицері Бикмаев Уәли ханға егерде ол жоғарыда аталған талапты орындамаса, жылдық жалақысынан айрылатынын ескертеді. Бұған қатысты Уәли ханның берген жауабын офицер Бикмаев Г.И. Глазенапқа жазып береді. Жазбада ханның атынан: «...что ему не нужны ваши переписки и пансион щитаает каменьями и употребляет оной с пренебрежением приметно в нужном только при испражнении месте, а что угодно будеть Россие то и делай, хотя головы руби, у нас де в Орде живых

людей останется много и всех голов не перерубить...» делінгені баяндалады (РМТА, 3:101-102).

Офицер Бикмаев Г.И. Глазенапқа ендігі жағдайда Уәли ханнан талап еткен адамдарды қайтару үшін қазақтарды қолға түсіріп тұтқын жасауды ұсынады және мақсаттарын іске асыру үшін негізгі нысан ретінде Әулие Петр бекінісінен 60 немесе 70 шақырымдай жерде орналасқан атығай болысындағы Жыртушы (Юртучи) батырдың қонысындағы Құлтаман Құмсарыұлын, ноғай-қарауыл болысының қазақтары Қашқа Манлай мен Жаннақ батырды таңдап алады. Оларды нысына ретінде таңдап алуларына себепкер болған жағдай офицер Бикмаев пен Уәли ханның келісім сөз жүргізу барысы кезінде кедергі жасаған ең негізгі субъектілер ретінде танылған еді (РМТА, 3:102).

1810 жылдың 7 мамырында Уәли ханның жақтастарын тұтқындауды іс жүзіне асыру мақсатымен Г.И. Глазенап граф Н.П. Румянцевке бағытталған баянатында екі әскери жасақты қазақ сахарасына аттандырғаны туралы жазады. Сондай-ақ бұған қоса бұл әскери екі жасақ Уәли ханның ұлы Ғаббас сұлтанды «опасыз іс-ірекетіне байланысты, яғни сауда керуендердің жолдарын кескені үшін ұстап алу керектігі» жөнінде арнайы тапсырма алады. Осы жылдың 4 мамырында капитан Часовщиков басқарған жасақ Ғаббас сұлтанның ауылына жетеді. Бұл кезде ол әкесі Уәли ханның шақыруымен Кеңеске қатысуда еді. Әскери жасақ Ғаббас сұлтанның қонысы орналасқан аймақтан бірде-бір тірі жанды таппағандықтарына қарағанда, Уәли хан Ресей тарапынан бағытталған әскери жасақтың әрбір іс-қимылын жақсы білгенге ұқсайды. Соңында әскери жасақ Ғаббас сұлтанға тиесілі жылқы табынын қолды қылады. 5 мамыр күні 2 мыңға жуық ханның сарбаздары барлық табынды қайтарып алады, бұған қоса 4 жасақты тұтқындайды. Осы аралықта 2 мамырда капитан Часовщиковке көмек ретінде аттандырылған екінші жасақ келіп қосылады. Оның құрамы майор Морозов бастаған жаяу гарнизондық жасақ, офицері бар бір артиллериялық қару және атаман Манов бастаған 35 казак-орыстан тұрды. Ақтығында капитан Часовщиковтың жасағына шабуыл жасаған қарауыл болысының басшысы Өтеген би мен Мәңкі старшынды және 5 белгілі қазақтарды тұтқынға алады. Алдыңғы екеуі Уәли ханның кеңесшілері ретінде қызмет атқарған Ордадағы белгілі тұлғалар болатын. Ресейдің тарапынан тұтқындалған саяси тұлғалардың мәселесіне байланысты Уәли ханның Ордасынан танымал старшындар мен билер Г.И. Глазенаппен келісім сөз жүргізуге барады. Оларға Г.И. Глазенап шарт қояды. Бұл шартқа сәйкес Орданың адамдары Уәли ханды алған бетінен қайтару керек болды. Соның ішінде олар ханға міндетті түрде барып, жалпы тыныштықты қалпына келтіру үшін одан керуендерді тоқтатпауды, әрі олардан баж салығын талап етпеді, яғни жалпы Ресейдің тарапынан бекітілген ұстанымдарға қарсы тұрмауына көндіру керек еді. Ал ханды Ресейдің осы шартына көндіру мәселесін Орданың адамдары өзара шешуге тиіс болатын. Олардың арасынан Жыртушы (Юртучи) би бұл істің барысына кепіл болатынына өз келісімін береді. Сол себепті Ресей тұтқынға алған жоғарыда аталған билер мен старшындарды босатады (РМТА, 3:105-110).

Уәли хан осы уақытқа дейін император сарайына аттануға тиісті елшіліктердің аясында шешілуге тиісті ел тағдырына қатысты, яғни Ресейге тиесілі жайылым жерлерді, екі арадағы шекаралық территорияны ажырату т.с.с. сұрақтарды кейінгі елшіліктердің барысында көтермейді. Оның себептері жеткілікті еді. Соның бірі Сібір шебінің жетекшісі Г.И. Глазенап екі арадағы орын алған саяси жағдайды алға тарта отырып, Уәли ханның тарапынан ұйымдастырылған елшіліктерге үнемі тосқауыл қоюы. Сондықтан хан аталған мәселелерді талқылау мақсатында Ресей императорымен кездесуге жете алмайтынын ескеріп, амалсыздан өз елшіліктеріне алдымен жылдық жалақы мәселесін талқылауды арнайы ұсынады. Осылайша негізгі мақсатын бүркемелеп қайткенде де императормен Орданың белгілі саяси тұлғаларын жүздестіруді көздеді. Мәселен, 1812 жылдың ақпан айында Уәли хан мен оның туысы Абдулғазы сұлтан Г.И. Глазенапқа жазған хатында 20 адамнан тұратын (бір сұлтан, 16 старшын және олардың қызметшілері) елшілікті сарайға жіберудің қажеттігін алға тартады. Хан жылдық жалақыны көбейту және жаңадан жалақы тағайындау: ұлы Ғаббас сұлтанның жалақысын 300 сомға дейін, Әббет, Жайқат және Батыр старшындардың жалақысын 100 сомға дейін, немерелері: Байдула мен Бекғалы, сондай-ақ туыстары

Жалабай мен Абылайға қажет деп тапқан жалақының көлемінде белгілеуді сұрайды (РМТА, 3:120). Осы жылдың наурызында Г.И. Глазенаптың граф Н.П. Румянцевке жазған баянатынан қазақ елшілігінің жіберілмегенін байқаймыз. Г.И. Глазенап: «...Хан Вали просит дозволения к двору. Поведения Вали хана время от времени улучается, но завсем тем я считаю нужным ещё на некоторое время отложить дарования ему сей милости, пока совершенно поступки его будут заслуживает уважения приносимой им просьбы...» деп хабарлайды (РМТА, 3:119).

1813 жылдың 18 наурызында Уәли хан мен Абдулғазы сұлтанның қазақ елшілігін жіберу туралы хаттары Министрлер комитетінде қарастырылады. Олардың ұсынысына Министрлер комитеті: «При отклонений хана Валия от послыски депутацию к двору по причинам изъясненным в представлении Г.И. Глазенапа, назначить хану прибавку к пансион, которого он получает от двора по 650 руб., ещё по 350 руб., а племяннику его султана Алул Газы во уважение того что ему и от Китайского двора сделан подарок при утверждения хана Валия в сём достоинстве, послать бриллиантовый перстен в 500 рублей...» деген шешім қабылдайды (РМТА, 3:127).

1814 жылдың желтоқсанында Министрлер кабинетінде Уәли ханның император сарайына елшілікті жіберетіндігі туралы ұсынысы талқыға түседі. Осы жолы Уәли хан Франциямен болған екі арадағы соғыстың Ресейдің жеңісімен аяқталғанын алға тартып, императорды құттықтау үшін елшілікті жасақтағандығын жеткізеді. Министрлер комитеті императордың сарайда жоқтығына байланысты бұл елшілікті ұйымдастырудан бас тарту туралы үкім шығарады (РМТА, 3:130).

Ресейдің басты мақсаты қайткенде де барша қазақ құрметтеген Абылайдың ұрпағы ретінде Уәли ханды өз дегеніне көндіру еді. Ханға жалақы беріп, оның жанындағы сұлтан, би-батырларды шекарада «ерекше жылылықпен» қабылдағанымен Уәли Абылайұлын орыс саясатына толық бағындыра алмаған соң Ресей ендігі жағдайда Орта жүзге екінші хан сайлау жоспарына кіріскен болатын. Бұл саясат жоспарлы түрде ХҮІІІ ғасырдың аяғында-ақ қолға алынғанды. Оны Орта жүз сұлтаны Бөкей Барақұлының жіберген елшіліктердің Санкт-Петербургтегі император сарайында зор ықыласпен қабылдануы дәлелдейді. Мәселен, 1800 жылы Бөкей сұлтанның немересі Али сұлтан (РМТА, 1655: 2-4), 1805 жылы Бөкей сұлтанның ұлы Ғазы (РМТА, 12: 2-159) орыс сарайында құрметпен қабылданады. Хан қарамағындағы сұлтан ұлдарының Ресейде жоғары деңгейде қабылдануы аталастар арасында алауыздық туғызудың қадамдары болатын. Ол нәтижесін бере бастады. Мәселен, 1816 жылы Уәли хан Сібір шекарасының бастығы генерал-майор Дехтеревке жазған хатында Бөкей сұлтанға бағынатын төртуыл болысының биі Жанактың адамдарының ханның мал-мүлікке барымташылық жасағанын хабарлайды. Хан әскерімен кейбір жылқыларын қайтарғанымен, дендеген барымташылықты тоқтату мүмкін еместігін ескертеді (Эпистолярное наследие, Т.ІІ: 318).

Бұл кезеңде, шынтуайтына келгенде орыс шекаралық әкімшілігі Орта жүзге күн санап әскери-барлау жұмыстарын жүргізуді батыл дамыта түседі. 1815 жылы Усть-Уйск бекінісінен Торғайдың жоғары ағысына подполковник Феофилачев бастауымен 1617 адамнан, соның ішінде 330 казак-орыс, 1080-нен астам башқұрттан, екі зеңбірегі бар 100 жаяу әскерден тұратын экспедиция жіберіледі (Валиханов, 1985: 246-247). Бұдан кейін де 1816 жылы Ертіс шебінен И. Шангиннің басқаруымен 200, Пресногорьков бекінісінен Ф. Набоковтың 150 казак-орыстан тұратын әскер аттанады.

Әскери күш көрсетумен қатар Г.И. Глазенап осы тұста Ресей тарапынан Орта жүзде екінші ханды тағайындау жоспарын жүзеге асыруға кіріседі. Патша саясаткерлері таңдауы атақты Барақ сұлтанның баласы Бөкейге түседі. Көп ұзамай Ресей патшасы найман руының төртуыл бөліміне 1816 жылы хан сайланған осы Бөкей Барақұлын Орта жүз ханы ретінде 1817 жылы арнайы грамотамен бекітеді. Грамота 1817 жылы маусым айында Коряков форпостысынан 180 шақырым жердегі Жайылма көлі маңында табыс етіледі (Ерофеева, 1997: 89,132-133). Осылайша орыс патшасы Орта жүздегі дәстүрлі хандық басқаруды екіге бөліп, Уәлидің аталас бауырларын хан бекіту арқылы ханның заңды билігін шектеп, оларды бір-біріне айдап салады. Тіпті патша грамотасында «Уәли хан қарамағында бұрыннан адал 9 болыс қалды, ал 13 болысқа Бөкей Барақұлы бекітіледі» деп анық жазылады (ҚРОМА, 407: 5). Араға уақыт сала 1817 жылы Бөкей

ханның немересі Тұрсын Шыңғысұлы басқарған елшіліге аттанады (РМТА, 61: 2-78). Осылайша Ресейдің отарлау саясаты Орта жүзді де толықтай отарлау аймағына енгізді.

Қорыта келгенде, Уәли хан тұсында Қазақ хандығының дәстүлі басқару жүйесіндегі дағдарыс анық байқалды. Уәли хан Абылай ханның көпвекторлы саясатын жүзеге асырып, Ресей, Цин елімен тең қарым-қатынас орнатуға күш салғанымен оны жоспарлы түрде қорытындылай алмады. Ол мүмкін де емес еді. Өйткені көршілес екі алып империяның саяси, әлеуметтік - экономикалық дамуы да, әскери күш қуаты да, адами потенциалы да Қазақ хандығымен салыстыруға келмейтін. Соған қарамастан Уәли өз саясатын жүргізіп шығыстағы негізгі ойыншыға айналған Ресей отарлауына кедергі бола білді.

Әдебиет:

- Абуев К.К. Вали хан наследники и потомки. Кокшетау: РИК «Әрекет», 2019. 224 с.
- Абусейтова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII вв. История, политика, дипломатия. Алматы: Дайк-Пресс, 1998. 268 с.
- Аполлова Н.Г. Присоединение Казахстана к России в 30-х годах XVIII века. Алма-Ата: АН КазССР, 1948. 254 с.
- Ахметова Ү. Арынғазы хан (1786-1833). Ақтөбе: «ЖШС-Полиграфия», 2004. 168 б.
- Бекимова К.Т. Орта жүзде қос хандық биліктің пайда болуы // Хабаршы / Вестник «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы / Серия «Исторические и социально-политические науки». 2010. -№3(26). с.18-26
- Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында (Оқу құралы). Алматы, «Санат», 1994. 416 б.
- Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т.4. Алматы: Жазушы, 1985. 461 с.
- Вяткин М.П. Батыр Срым. М.Л.: АН СССР, 1947. 392 с.
- Добросмыслов А.И. Тургайская область. Оренбург, 1900. 524 с.
- Есмағамбетов К.Л. Тарих таңдақтары. Бірінші кітап. Алматы: Арыс, 2008. 416 б.
- Ерофеева И.В. Хан Абулхайр: полководец, правитель, политик. Изд. 3-е, исправленное и дополненное. Алматы: Дайк-Пресс, 2007. 456 с.
- Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские династии в XVIII- середине XIX вв. // Культура и история Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования. Фонд Сорос-Казахстан. Алматы, 1997. 252 с.
- Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867) (Сборник документов и материалов). Алма-Ата: Изд. АН Каз ССР, 1964. 740 с.
- Красовский М.С. Область сибирских киргизов. Ч.І, II и III. СПб., 1868. 180 с.
- Қасымбаев Ж.К. Государственные деятели казахских ханств (XVIII в.). Алматы: «Білім», 1999. 288 с.
- Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (ҚРОМА). 338 қ., 1т., 407 іс
- Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. Алматы: «Санат», 1996. 656 с.
- Мейер Л. Киргизы Оренбургского ведомства // Материалы для географии и статистики России. СПб, 1865. 288 с.
- Мұқтар Ә.Қ. Азаттық таңы жолында (Қазақстанның батыс өңірі: XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың бірінші ширегі аралығындағы тарихи жағдайлар). Алматы: «Ғылым», 2011. 258 б.
- Мұқтар. Ә.Қ., Сыдықов Е. Б. XVII-XIX ғасырдағы Қазақ хандығы. Алматы: «Мерекенің баспалар үйі» ЖСШ, 2015. 688 б.
- Ресей империясының сыртқы саясат архиві (ары қарай - РИССА), 122 қ., 3 т., Орта жүз, 1781-1784, 2 іс
- РИССА. 122 қ., 3 т., Орта жүз, 1781, 3 іс
- РИССА. 122 қ., 3 т., Орта жүз, 1786, 1 іс
- РИССА. 122 қ., 3 т., Орта жүз, 1792, 1 іс
- РИССА. 122 қ., 3 т., Орта жүз, 1798, 1 іс
- Ресей мемлекеттік тарихи архиві (ары қарай - РМТА). 1146 қ., 1 т., 142 іс
- РМТА. 1291 қ., 81 т., 3 іс
- РМТА. 1146 қ., 1 т., 15 іс
- РМТА. 1146 қ., 1 т., 18 іс
- РМТА. 1374 қ., 2 т., 1655 іс
- РМТА. 1291 қ., 81 т., 12 іс
- РМТА. 1291 қ., 81 т., 61 іс
- Сабырханов А. Қазақстан мен Россияның XVIII ғасырдағы қарым-қатынасы. Алматы:

ҒЫЛЫМ, 1970. 138 б.

Хафизова К.Ш. Степные властители и их дипломатия в XVIII-XIX веках. Монография. Нур-Султан: КИСИ при Президенте РК, 2019. 489 с.

Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 гг. Сборник исторических документов в 2-х томах / Автор проекта, введения, биографий ханов, научных комментариев; составитель и ответственный редактор И.В. Ерофеева. Алматы: АО «АБДИ Компани», 2014. 696 с. + вкл. 44 с. Т. I: Письма казахских правителей. 1675-1780 гг.

Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 гг. Сборник исторических документов в 2-х томах / Автор проекта, введения, биографий ханов, научных комментариев; составитель и ответственный редактор И.В. Ерофеева. Алматы: АО «АБДИ Компани», 2014. 1032 с. + вкл. 12 с. Т. II: Письма казахских правителей. 1738-1821 гг.

References:

- Abuev K.K. Ualikhan heirs and descendants. Kokshetau: RIK "Areket", 2019. 224 p.
- Abuseitova M.Kh. Kazakhstan and Central Asia in XV-XVII c. History, politics, diplomacy. Almaty: Dyke-Press, 1998. 268 p.
- Apollova N.G. Accession of Kazakhstan to Russia in the 30s of the XVIII century. *Alma-Ata: Academy of Sciences of the Kazakh SSR, 1948. 254 p.*
- Akhmetova U. Aryngazy khan (1786-1833). Aktobe: "ZhShS-Polygraphy, 2004. 168 p.
- Bekimova K.T. The emergence of the dual power of the Khanate in the Middle Ages // Bulletin of "History and Political and Social Sciences" / Series "Historical and Socio-Political Sciences". 2010.- №3 (26). p. 18-26.
- Bekmakhanov E. Kazakhstan in the 20-40s of the XIX century (Textbook). Almaty, "Sanat", 1994. 416 p.
- Valikhanov C.Ch. Collected works in five volumes. V.4. Almaty: Zhazushi, 1985. 461 p.
- Vyatkin M.P. Batyr Srym. M.L.: Academy of Sciences of the USSR, 1947. 392 p.
- Dobrosmyslov A.I. Turgai region. - Orenburg, 1900. - 524 p.
- Esmagambetov K.L. Traces of history. The first book. Almaty: Arys, 2008. 416 p.
- Erofeeva I.V. Khan Abulkhair: commander, ruler, politician. Ed. 3rd, corrected and supplemented. Almaty: Dyke-Press, 2007. 456 p.
- Erofeeva I.V. Kazakh khans and khan dynasties in the XVIII-mid XIX centuries. // Culture and history of Central Asia and Kazakhstan: problems and prospects of the research. Soros Foundation-Kazakhstan. Almaty, 1997. 252 p. Kazakh-Russian relations in the XVIII-XIX centuries (1771-1867) (Collection of documents and materials). Alma-Ata: Publishing House AS Kaz SSR, 1964. 740 p.
- Krasovsky M.S. The region of the Siberian Kyrgyz. Part II, II and III. St. Petersburg, 1868. 180 p.
- Kasymbaev Zh.K. State figures of the Kazakh khanates (XVIII century). Almaty: Bilim, 1999. 288 p.
- Central State Archive of the Republic of Kazakhstan 338, 1 vol. case 407
- Levshin A.I. Description of the Kyrgyz-Cossack, or Kyrgyz-Kaisatsky, hordes and steppes. Almaty: "Sanat", 1996. 656 p.
- Meyer L. Kyrgyz of the Orenburg Office // Materials for geography and statistics of Russia. St. Petersburg, 1865. 288 p.
- Mukhtar A.K. On the way to freedom (Western region of Kazakhstan: historical situations in the second half of the XVIII century and the first quarter of the XIX century). Almaty: "Science", 2011. 258 p.
- Archive of the Foreign Policy of the Russian Empire (ary karai - AFPRE), 122 c., V 3, Middle Zhuz, 1781-1784, case 2
- AFPRE. 122 c., V 3, Middle Zhuz, 1781, case 3
- AFPRE. 122 c., V 3, Middle Zhuz, 1786, case 1
- AFPRE. 122 c., V 3, Middle Zhuz, 1792, case 1
- AFPRE. 122 c., V 3, Middle Zhuz, 1798, case 1
- Russian State Historical Archive (ary karai - RSHA). 1146 c., V 1, case 142
- RSHA. 1291 c., V 81, case 3
- RSHA. 1146 c., V 1, case 15
- RSHA. 1146 c., V 1, case 18
- RSHA. 1374 c., V 2, case 1655
- RSHA. 1291 c., V 81, case 12
- RSHA. 1291 c., V 81, case 61
- Sabir Khanov A. Relations between Russia and Kazakhstan in the XVIII century. Almaty: Nauka, 1970. P. 138.
- Khafizova K.Sh. Steppe rulers and their diplomacy in the XVIII-XIX centuries. Monograph. Nur-

Sultan: Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of the Republic of Kazakhstan, 2019. 489 p.

The epistolary heritage of the Kazakh ruling elite 1675-1821. The collection of historical documents in 2 volumes / Author of the project, introduction, biographies of khans, scientific comments; compiled and responsible editor I.V. Erofeeva. Almaty: ABDI Company JSC, 2014. 696 p. + incl. 44 p.V. I: Letters of the Kazakh rulers. 1675-1780.

The epistolary heritage of the Kazakh ruling elite 1675-1821 A collection of historical documents in 2 volumes / Author of the project, introduction, biographies of khans, scientific comments; compiled and responsible editor I.V. Erofeeva. Almaty: ABDI Company JSC, 2014. 1032 p. + incl. 12 p.V. II: Letters of the Kazakh rulers. 1738-1821.

IRSTI: 03.09.31

SOME ASPECTS OF COOPERATION OF TURKIC-MUSLIM PEOPLES IN THE CONTEXT OF THE JADID MOVEMENT

Mirzahan Egamberdiyev¹, Zhanat Akhmetova²

¹Ass.Prof.Dr. Al-Farabi Kazak National University, Oriental Faculty, Department of TURKSOY, Kazakhstan, Almaty, e-mail: mirzahan.egamberdiyev@gmail.com,

²Assist.Prof.Dr. Kazakh National Women's Pedagogical University, Department of History, Kazakhstan, Almaty, e-mail: zhanat.akhmetova73@gmail.com

Abstract. The period of the end of the 19'th - beginning of the 20'th centuries is the most interesting in the modern history of the Turkic peoples. The intelligentsia of the Turkic-Muslim peoples was divided into several groups according to the model of political, spiritual development and ideological directions, which has been forming since the middle of the 19th century. Russian historiography, argues about the formation of two geopolitical models of Jadidism: the Turkic Muslims of imperial Russia and the Turkish model of reform and consolidation. The Turkic-Muslim Jadid intelligentsia began to form a new model of national construction. In the scientific literature, this movement was emphasized as «Pan-Islamism» and «Pan-Turkism» However, these concepts were a cultural rapprochement of the Turkic-Muslim peoples and a form of protection against colonial and Bolshevik ideological influence. They were formed under the influence of the spiritual leadership of the Jadid intelligentsia and represented ideological tendencies based on the concepts of supranational, religious and ethnic identity. The basis of which was the Jadid reformist ideology. In this regard, this scientific work sets the goal of studying the processes of cooperation of Turkic-Muslim peoples within the framework of the Jadid movement. Archival materials, scientific works of foreign and domestic researchers have become the basis of the theoretical and methodological substantiation of new views and approaches of this study.

Keywords: Jadid movement, consolidation, cooperation, Turkestan, identity, Turkic-Muslim peoples

ҒТАХР 03.09.31

ЖАДИДТТІК ҚОЗҒАЛЫСЫ ШЕҢБЕРІНДЕГІ ТҮРКІ-МҰСЫЛМАН ХАЛЫҚТАРЫ ҒНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ

Эгамбердиев Мирзахан¹, Ахметова Жанат²

¹Т.ғ.к., доцент Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Шығыстану факультеті, ТҮРІКСОЙ кафедрасы, Қазақстан, Алматы, e-mail: mirzahan.egamberdiyev@gmail.com

²Т.ғ.к., аға оқытушы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Тарих кафедрасы, Қазақстан, Алматы, e-mail: zhanat.akhmetova73@gmail.com

Түйін. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы кезең түркі халықтарының қазіргі заман тарихының ең қызықты кезеңі болып табылады. Түркі-мұсылман халықтарының зиялылары XIX ғасырдың ортасынан бастап қалыптасып келе жатқан

саяси, рухани даму және идеологиялық бағыттар моделі бойынша бірнеше топқа бөлінді. Орыс тарихнамасында жәдидшілдікті екі геосаяси моделінің: империялық Ресейдегі түркі-мұсылмандары және түрік реформасы мен бірегейліктің қалыптасуы туралы пікірлер айтылады. Түркі-мұсылман халықтарының жәдидтік зиялылары ұлттық құрылыстың жаңа моделін қалыптастыра бастады. Ғылыми әдебиеттерде бұл қозғалыс «панисламизм» және «пантүркизм» деп атап көрсетілген. Алайда, бұл ұғымдар түркі-мұсылман халықтарының мәдени жақындасуы және отарлық пен большевиктік идеологиялық ықпалдан қорғану нысаны болды. Бұл екі ұғым жәдидтік интеллигенциясының рухани басшылығының әсерінен қалыптасты және ұлтаралық, діни және этникалық ұқсастық тұжырымдамаларына негізделген идеологиялық тенденцияларды ұсынды. Оның негізінде жәдидтік реформистік идеология жатты. Осыған орай бұл ғылыми жұмыс түркі-мұсылман халықтарының жәдидтік қозғалысы аясындағы ынтымақтастық процестерін зерттеуді мақсат етеді. Мұрағат материалдары, шетелдік және отандық зерттеушілердің ғылыми еңбектері осы зерттеудің жаңа көзқарастары мен тәсілдерінің теориялық және әдіснамалық негізделуіне арқау болды.

Кілт сөздер: Жәдидтер қозғалысы, бірігу, ынтымақтастық, Түркістан, бірегейлік, түркі-мұсылман халықтары

МРНТИ: 03.09.31

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ СОТРУДНИЧЕСТВА ТЮРКО-МУСУЛЬМАНСКИХ НАРОДОВ В КОНТЕКСТЕ ДЖАДИДСКОГО ДВИЖЕНИЯ

Эгамбердиев Мирзахан¹, Ахметова Жанат²

¹к.и.н., доцент Казахский национальный университет имени аль-Фараби, факультет Востоковедение, кафедра ТЮРКСОЙ, Казахстан, Алматы, e-mail: mirzahan.egamberdiyev@gmail.com

²к.и.н., старший преподаватель Казахский национальный женский педагогический университет, кафедра Истории, Казахстан, Алматы, e-mail: zhanat.akhmetova73@gmail.com

Аннотация. Период конца XIX – начала XX веков самый интересный в современной истории тюркских народов. Интеллигенция тюрко-мусульманских народов была разделена на несколько групп по модели политического, духовного развития и идейных направлений, которая формировалась с середины XIX века. Российская историография, утверждает о формировании двух геополитических моделей джадидизма: тюрко-мусульман имперской России и турецкая модель реформирования и консолидации. Несмотря на разделение тюрко-мусульманских народов, они в рамках джадидского движения сотрудничали между собой в сфере народного образования и идеи единения тюркских народов. Тюрко-мусульманская джадидская интеллигенция начала формировать новую модель национального строительства. В научной литературе данное движение акцентировалось как «панисламизм» и «пантюркизм». Однако эти понятия являлись культурным сближением тюрко-мусульманских народов и формой защиты от колониального и большевицкого идеологического влияния. Они были сформированы под влиянием духовного руководства джадидской интеллигенции и представляли идеологические тенденции, основанные на понятиях наднациональной, религиозной и этнической идентичности. В основе которого лежала джадидская реформаторская идеология. В связи с этим в данной научной работе поставлена цель исследования процессов сотрудничества тюрко-мусульманских народов в рамках джадидского движения. Архивные материалы, научные работы зарубежных и отечественных исследователей стали основой теоретико-методологического обоснования новых взглядов и подходов данного исследования.

Ключевые слова: Джадидское движение, консолидация, сотрудничество, Туркестан, идентичность, тюрко-мусульманские народы

Introduction. The main directions of Muslim and Islamic historiography in the Russian Empire are the study of integration processes, the consideration of the policy of secularization and modernization of the Turkic-Muslim population and their opposition to imperial rule. Socio-economic and socio-political changes in Russian society in the 19th century affected the Turkic-Muslim population of the empire. An example of this is the ideology of Jadidism, the purpose of which is to increase the cultural level of the Turkic-Muslim peoples in order to include them in the mainstream of the development of world civilization. The events of the early twentieth century influenced the formation of the socio-political movement of the Turkic-Muslim peoples in Tsarist Russia, which reflected the policy of liberalization of Russian society. In the field of education, this meant removing the restrictions of the tsarist administration on the development of the teaching and study of literature, freedom of speech, mektebs and madrassas.

The Jadid movement, as a new ideological direction at the beginning of the 20th century, gave an impetus to the Turkic-Muslim people to consolidate and unite independently of the Russian Empire. This was done in a secular way as a representative of the Muslim faction in the State Duma «*Itifak al-Muslim*», creating a national information network, developing a «Turkic» literary language that is understandable to all Muslim Turks, activating political movements. The Turkic-Muslim movement has become a product and inseparable component of society. The turbulent political, economic and cultural shifts of the Turkic-Muslim population of the Russian Empire led them to social mobilization, cooperation, mutual integration and a single geopolitical space.

The development of socio-economic relations in the second half of the 19th century led to the formation of the Turkestan national elite. The development of production required the training of highly qualified personnel. This, of course, required the development of a new education system and, ultimately, significant changes in social relations. Before the colonial policy of Tsarist Russia, Turkestan was created, developed and lived on patriarchal principles. There were positive aspects to this, since customs developed in all aspects of public life, in society as a whole, without social conflicts, but the conservatism of social relations posed serious problems. There was no room for a wide discussion of social issues. The system of secular education was poorly developed. Primary education in religious madrassas took a long time. In this situation, it was impossible to train the highly qualified specialists necessary for the development of production. In these conditions, a Judaic ideology arose, offering an educational complex of reforms in all spheres of public life. The Jadids spoke about the demands of social reform, and also called for the traditional self-realization of the Qur'an, confirming their ideas. The Jadids talked about educational reform and opened new-method schools, where secular (humanitarian, natural and economic) sciences were taught faster and more intensively than traditional Muslim schools.

The main archival materials of the imperial administration claim the ideological strength of the Jadid movement and its real reforms in the field of public education. As can be seen from the materials at the beginning, the Jadid movement began its start with the organization of secular educational institutions. Subsequently, with the advent of educated cadres and the intensification of political changes in the early twentieth century in the Russian Empire, Jadidism turned into a strong and cultural political movement in order to preserve national identity. Despite this, the Jadid movement developed in the system of cooperation of the Turkic peoples. Thus, this article sets the goal of revealing the internal content of the Jadid movement and studying the main aspects of cooperation between the Turkic-Muslim peoples of the Russian Empire in the context of Jadidism as a whole.

Jadid Public Education as a System of Turkic-Muslim Identity. Some Theoretical and Methodological Aspects. Jadidism, which initially appeared to be a movement for reforming the Muslim education system, was influenced by the revolution of 1905-1907, a powerful political force in imperial Russia that could control society and sought to unite and consolidate the Turkic-Muslim peoples. Crimean Tatar Ismail Gaspyraly led this movement of the Turkic-Muslim population in Tsarist Russia and gave impetus to the idea of unity «*in language, consciousness and history*». However, one of the first among the Tatar theologians is the ideological ancestor of Islamic reform, which in Russia opposed conservatism and obscurantism, the traditional ulama Shigabutdin Bagautdin al-Marjani, who laid the

foundation for the Islamic concept in Russia. Nevertheless, the concept of Ismail Gaspyraly, which he published throughout his life on the pages of the newspaper Tarjiman, was that the forced assimilation and Russification of the Turkic-Muslim peoples in Russia was useless and harmful. According to him, «*About Russia, its culture and laws comes from the widespread development of Turkic-Muslim education in the common Turkic language, which is the basis for rapprochement of moral equality, freedom and education*» (Beysembiyev, 1961).

Аталған төтенше жиналыста уездік земство құрамында жұмыс жасайтын комиссиялардың құрамы бекітілді. Атап айтар болсақ, қаржы-сметалық комиссияға Әлімхан Ермеков, Райымжан Мәрсеков, Ахметжан Аңдамасов, Бейсеке Есіргепов, Құрманбай Мұздыбаев, Майлыбай Есенбаев, Жамшырбай Шүлембаев, Халел Ғаббасов, Темірші Жүсіпов сайланса, халық ағарту комиссиясы құрамына Павел Лодэ, Георгий Тарасевич, Имам Әлімбеков, Тоымхан Өтепов, Мұстақым Малдыбаев, Байтемір Мусин, Степан Бутин кірді. Бағалау комиссиясына Ахметжан Аңдамасов, Майлыбай Есенбаев, Толымхан Өтепов, Трофим Петров, Құрманбай Мұздыбаев мүше болды. Ал ревизиялық комиссия құрамына Халел Ғаббасов, Мұстақым Малдыбаев, Қолдыбай Бодомбаев, Имамбазар Қазанғаптар бекітілді.

Семей облыстық земство жиналысының гласныйлары ретінде К. Ляшкевич, Б. Сәрсенов, Әниар Молдабаев, Имам Әлімбеков, Турағұл Ибрагимов, Құрман Есенғұлов, Михаил Просеков, кандидаттыққа Ермұхамед Айтмұхамедов, Құрманбай Мұздыбаев, Мұхаметжан Мұхаметқалиев, Толымхан Өтепов, Имамбазар Қазанғап, Дмитрий Шахворостов сайланды. Сондай-ақ, уездік жер комитеті, земство банкі, есепке алу-несие комитеті, банктік ревизия комиссиясы, уақытша уездік қазақ соты сынды құрылымдардың құрамы нақтыланды (ШҚО ҚЗТҚО, 98: 2, 13).

Ұлт зиялыларының земстволық басқару жүйесін енгізуге асығуын Құрылтай жиналысына депутаттар сайлау науқанының жақындап қалғандығымен түсірдіруге болады. Бұл саяси науқанға әр аймақтан баратын өкіл тек земство мекемелері арқылы қатыса алатын-ды. Осыған орай «Қазақ» газетіндегі мына мақалада Құрылтай жиналысына саулаудың кейінге шегерілуін және оның себебін былай жеткізеді: «Учредительное собрание сайлауы үш айға кешіктірілді. Үш ай көп уақыт емес, әсіресе біздің қазақ халқына. Үш айдың бер жағында земствомызды дұрыстап алсақ, құдайға мың мәртебе шүкіршілік етуіміз лайық. Учредительное собрание сайлауы кешіктірілмегенде қазақ депутаттан құр алақан қалу қаупі бар еді. Сайлаудың кешігуі себебін де үкімет земствосы жоқ қамтамасыз болсын деп көрсетіп отыр» (Қазақ газеті, 1998: 412). Алайда, 1918 жылдың 5 қаңтарында Құрылтай жиналысының таратылуы, жергілікті жерлерде большевиктердің күш алуы жағдайды шиеленістіріп жіберді.

Алайда, саяси жағдайларға қарамастан, әр өңірде земство мекемелері өз қызметін тоқтатпады. Мәселен, 1918 жылдың 2 сәуірінде Семей облыстық земствосының бірінші төтенше жиналысы өткізілді. Күн тәртібінде облыстық қазақ сотының мүшелерін сайлау және қаржы комиссиясының баяндамасын тыңдау тұрды. Төтенше жиналысқа қатысушы 27 гласныйлардың мақұлдауымен облыстық қазақ сотының құрамы төмендегідей бекітілді: сот төрағасы – Мұқыш Боштаев, төраға орынбасары Имамбек Тарабаев, ал сот мүшелері ретінде Шәкәрім Құдайбердин мен Смахан Бөкейханов, кандидаттыққа Жақарин, Ережепов, Андабасов, Теміржанов (ШҚО ҚЗТҚО, 26: 5). Сот құрамы бірен-саран қарсы дауыс беріп немесе қалыс қалғандары болмаса, негізінен басым дауыспен сайланды. Бұған себеп, сайланған адамдардың ел ішіндегі танымалдығы мен абыройлығы және кәсіби біліктілігінен болса керек.

1918 жылдың 17 қаңтарында Қарқаралыда Жақып Ақбаевтың төрағалығымен уездік жиналысы өз жұмысын бастады. Орынбасары А. Спанов, хатшысы А. Бектібаев земство басқармасының төрағасы Л.С. Ульяновский, басқарма мүшелері А. Райымбеков, М. Оспанов және гласныйлар қатысқан жиналыста Қарқаралы уездік азық-түлік басқармасының төрағасы Ковалев, мүшелері Бондаренко мен Смирновтардың баяндамалары тыңдалды. Сонымен қатар, уездік әлеуметтік-экономикалық ахуалы назарға алынып, жиналысқа қатысушылардың дасуықа салуымен уездік земствоға қарасты ұйымдардың шығыны белгіленді (ШҚО ҚЗТҚО, 94: 66-68).

1918 жылы 18 қаңтарда Семей облыстық земство басқармасының төрағасы болып Райымжан Мәрсеков, ал Ляшкевич, Троицкий, Ғаббасов пен Сәтбаев мүшелікке сайланды (Свободная речь, 1918: №137).

Земство мекемелерінің әрекет етуінде земство жиналысының қаулылары басшылыққа алынып отырды. Тіпті, жергілікті басқару органы облыстық кеңестен дербес жұмыс жасады. Бұл 1918 жылғы 8 ақпандағы Семей облыстық земство жиналысының қаулысында анық көрсетілді (ШҚО ҚЗТҚО, 1: 71).

Тіпті, Семей земствосының нәтижелі жұмыс жүргізгені соншалықты, Ресейдің басқа аймақтарында да өткен өтіп жатқан жиындарға өз делегаттарын жіберіп отырды. Мәселен, Семей облыстық земствосының атынан Имам Әлімбаев Самара қаласында өтіп жатқан Сібір аймағының өзін-өзі басқару органдары съезіне қатысты (ҚР ОМА, 208:162).

1918 жылдың наурызынан бастап жергілікті аймақтарда кеңестік билік күшейе бастады. Әсіресе, Семей облысы жағдайында бұл үрдіс анық байқалды. Земство мекемелері атауы өзгертіліп, кеңестік биліктің құрылымына енгізілді. Ал қызметкерлері екі жақтың келісімімен кеңестер тарапынан қызметке тартылды.

1918 жылы 11-24 маусымында Алашорда үкіметінің «Земство туралы» Қаулысы шықты. Қаулыда: «Алаш автономиясы территориясында 1917 жылғы 17 маусымдағы енгізілген заңына сәйкес земство мекемелерін қайта қалпына келтірілсін және кеңестік биліктен тазартылған, бірақ әлі земство мекемелері орнатылмаған аймақтарда өзін-өзі басқару жүйесін 1917 жылғы 17 маусымдағы заң негізінде енгізілсін. Ары қарай болыстық земство енгізілгенше, заңды билік ретінде Ақпан төңкерісінен кейін құрылған болыстық, ауылдық және селолық комитеттер мойындалсын» - деп Алашорда төрағасы Ә. Бөкейханов, мүшелері М. Тынышбаев, Х. Ғаббасов қол қойған (Алаш-Орда, 1992: 109). Осыған сәйкес Кеңес билігінің құлауына байланысты 11 маусымда Семей уездік земство басқармасының төрағасы Ахметжан Қозыбағаров қала тұрғындарына мәлімдеме жасап, өз қызметін қайтадан бастағандығын хабарлаған. Құрамы да бұрынғыдай өзгеріссіз өз қызметіне кірісті.

Басқарма құрамы: төраға А.Қ. Қозыбағаров, төраға орынбасары Н.П. Воробьев, басқарма мүшелері: А.Е. Булатов, И.Е. Богатырев және С.Д. Дүйсембин, Семей казак станицасынан өкіл П.А. Лиханов.

Уездік земство басқармасы Алаш қаласындағы (Семей, Заречная Слободка) Қаражан Үкібаевтың үйінде орналасты (ШҚО ҚЗТҚО, 1: 120). 1918 жылдың жаз айларынан бастап земство жұмысы нақты іске көшті. Мысалы, алашшыл жастардың талпынысымен шығып тұрған «Жас азамат» газетінде земство тақырыбы жиі көтеріліп тұрғандығына төмендегі хабар дәлел бола алады: «Көкшетаудың уездной

земский управа члены Ерқосай Мұқышев Омбыдан келіп, өз жұмысына кірісті. Земство пайдасын түсінбей жүрген жұртқа түсіндіріп, түзу басшылық қылар деп үміт қыламыз» (Жас азамат, 1918: 6).

Өткен жылы 17 июнь законы бойынша Ақмола облысында земство жұмысын тоқтатып тастап еді. Енді қайтадан орнына қойыла бастады. Ақмола облысының земствосы нағыз жалпақ жұртқа қолайлы, ала көзбен қарамайтын земство деп есептеледі (Жас азамат, 1918: 7).

Ақмола облыстық земство жиналысында қазақ гласныйлары өздерінің үш кісісін бір ауыздан председатель жолдасына (орынбасар) өткен кезде Түркістан үкіметінің ішкі істер министрі болған Әбдірахманбек Оразай баласын, мүшелеріне Ақмоладағы «Алаш Орданың» облыстық советінің бастығы Ережеп Итбай баласын һәм Омбыдағы политехнический институтта оқып жүрген студент Мұқтар Самат баласын сайлады (Жас азамат, 1918: 3).

Ақмола облысына қарасты Көкшетау уездік земство басқармасында да ұлттық кадрлар қызмет етті. Мәселен, 1918 жылдың 11 қазанындағы аталған уездік басқарма жиынының қаулысында мүшелері ретінде Мұқышев пен Абылғазиндардың және Алашорданың жергілікті комитетінің атынан Қашимовтардың қатысқанын көреміз (ҚР ПА, 153: 1-2).

1918 жылы Алашорда үкіметі Дала өлкесіндегі билікті өз қолына алғаннан кейін, жоғарыда айтқанымыздай, земство мекемелерінің қызметі қайтадан жандана бастады. Олардың саяси өзгерістер тұсындағы ұстанымын 1918 жылдың 11 маусымындағы Қарқаралы уездік земство басқармасы мен болыстық комитеттердің жалпы жиналысынан аңғарамыз: «Жиналыста Қарқаралы уезінің әскери комиссары Шахановтың баяндамасы тыңдалып, төмендегідей қарар жаряланды: Елді алапат қасіретке ұшыратқан большевиктік билікті құлатқан Уақытша Сібір үкіметі мен Алашорда Кеңесін құттықтаймыз. Біз Уақытша үкіметтің бұйрықтарын негізге ала отырып, Уақытша Сібір үкіметі мен Алашорданың қойған талаптарын сөзсіз орындаймыз. Жаңа билік елде тәртіп орнатып, Құрылтай жиналысына жеткізеді деп сенеміз». Қарардың соңына уездік земство төрағасы Сапков пен Алашорда өкілі Имам Әлімбеков қол қойған (Свободная речь, 1918). Мұндай қуанышты көңіл-күй барлық өңірлерде көрініс жатты.

Земство мекемелерінің қазақ қоғамы үшін атқарған қызметі орасан зор болды. Әсіресе білім саласын дамытуға аталған мекемелер айрықша көңіл бөлді. Земство енгізілген өңірлерде мұғалім дайындау, бала оқыту ісі қарқынды жүргізіліп жатты. Земствоның осы саладағы атқарған істері мен жоспарлары жөнінде «Жас азамат» басылымында жиі жарияланып тұрды.

Мәселен, «Областное земское собраниенің қаулысы бойынша, Омбыда һәм Атбасар қаласында екі жылдық мұғалімдер курсы ашылады (әрқайсысы 60 кісілік). Курста «Бала оқытудың ең төте жолынан» басқа тағы көп мағұлмат беріледі. Программасы аз жылда семинарияға айналдыру ойда болғандықтан, орыстың семинариясының программасына жақын. Оқу таза ана тілде болады. Медреселер (оқытушылар) ысылған кісілерден болады. Оқытушыларды земство жар салып шақыртып алмақшы. Оқу бірінші сентябрьде басталып, апрель айында бітеді. Биыл 15 сентябрьде басталады. Екі жыл оқып шыққан мұғалімдер орыс учителдерімен бірдей ақы һәм дәреже алады» - деп білім беру үдерісіндегі қолға алынған істерді баяндайды (Жас азамат, 1918: 6). Ақиқатында қазақ қоғамының кері кетіп тұрған жері ағарту саласы сол кездегі басылымдарда жарық көрген статистикалық мәліметтерден аян. Мысалы сол кезде Ақмола облысында қазақ саны 600 мыңдай болса, соның ішінде оқуға жарамды 54 000 бала бар. Олардың тек 2329-ы ғана хат танитын жағдайда. Ал земствоның міндеті қалған 51 700 балаға білім беру екендігінен-ақ аталған құрылымның мойнына артылған жүктің салмағын бағамдай беруге болады.

Земство мекемелерінің ағарту саласындағы ең үлкен игілікті ісі – жастардың білім алуына қаржылай жәрдемдесуі, яғни земство шәкіртақысы болды. Мұрағат деректеріне назар аударар болсақ, бір ғана 1918/1919 оқу жылының екінші жарты жылдығындағы Семей облыстық земство басқармасының шәкіртақысымен 18 орта оқу орындарында білім алатын жастардың тізімі көрсетілген (ҚР ОМА, 217: 38-39).

Тіпті, аталған шәкіртақымен қазақтың көрнекті тұлғаларының да білім алғанын байқауға болады. Мәселен, Семей мұғалімдер семинариясы басшылығының облыстық земство басқармасына жолдаған хатында земство шәкіртақысымен білім алып жатқан оқушылардың әскери қызметке алынуына байланысты, олардың орнына Мұхтар Әуезовты, Ахметбек Сейсембаевты және Жүсіпбек Аймауытовты қайта қабылдау туралы өтінішін білдірген (ҚР ОМА, 217: 36). Семинария директорының хатына жауап ретінде Семей облыстық земство басқармасы жоғарыда аталған семинария оқушыларының шәкіртақы алатындығын хабарлаған (ҚР ОМА, 217: 37). Жоғарыда келтірілген мәліметтерземство игілігінің бір парасы ғана. Земство шәкіртақысы сол кездегі мерзімді басылым беттеріндегі жарияланымдарда жиі жарық көріп отырды.

Сонымен қатар, Алаш милициясын жасақтау, елден әскер жинау ісінде Алашорда үкіметі жергілікті земство мекемелері арқылы әрекет жасады. Мысалы, Алашорда төрағасы Әлихан Бөкейхановтың Семей уездік земство басқармасының төрағасы Ахметжан Қозыбағаровқа жазған хатының земство қызметі үшін деректік маңызы зор. Әлихан Бөкейхан 1918 жылы 25/12 маусымда «Бек тығыз. Семей уезінің земский управасының бастығы Ахметжан Қозыбағарұлына. Семей уезінен болыс басына 30 милиционер алуға қаулы қылынды. Осы жігіттерді тоқтаусыз жиясыз. Жиылған азамат, ат Семейге келеді. Алаш Орда бастығы Ғалихан» (ШҚО ҚЗТҚО, 126: 2) деп қойған №2 қатынас қағазындағы нұсқауға орай Ахметжан Қозыбағаров ілешала 26 маусымда Семей уезінің барлық болыстарынан ат-әбзелдерін сайлап, 30 жігіттен милиция даярлауды қатаң тапсырады. Семей уездік Земство басқармасының тапсырысы жіберілген болыстар мыналар: Айғыржал, Аршалы, Ақкүм, Белағаш, Беген, Бесқарағай, Бұғылы, Еңірекей, Делбегетей, Кеңтүбек, Көкен, Қайыңды, Қызыладыр, Қызылмола, Қандығатай, Малыбай, Машан, Мұқыр, Сейтен, Семейтау, Свободный, Төлентай, Шаған, Шыңғыс және Уақ. Арине, Алаш полктерінің құрылуы бірізді болмаса да, негізгі жасақтау жұмыстарын уездік земство басқармалары атқарды.

Алашорда әскері құрамына шақырылуға тиіс 30 адамды кейбір болыстар жібермеген. Мәселен, Айғыржал болысынан даярланған 30 жігіт қосымша шақыруды 1919 жылдың ақпан айына дейін күткен. Олар кейін саяси жағдайға байланысты әскер қатарына шақырудан мүлдем босатылады. Бесқарағай, Кеңтүбек, Сейтен, Свободный, Малыбай, Қайыңды болыстарынан да әскер қатарына ешқандай жігіт алынбаған. Бұлардың түрлі себептері болды. Бесқарағай, Кеңтүбек және Малыбай болыстары тиф ауруының таралуына байланысты әскерге алынатын жігіттерді кейінірек шақыру ұйғарылған. Сейтен және Свободный болысының халқы әскерге жігіттер беруге қарсы болған. Қайыңды болысына қатысты нақтылы дерек жоқ.

Семей өңірінде Алаш полктерін құру ісі кедергісіз өтті деуге болмайды. Атап айтар болсақ, Ақкүм, Делбегетей және Уақ болыстарында ішінара түрлі арандатушылық әрекеттер орын алған. Большевиктік бағыттағылар Алашорда әскеріне жігіттер бермеу үшін азғыру жұмыстарын жүргізген. Өз кезегінде Алашорда үкіметі мен Семей уезі Земстволық басқармасы бірлесе қимылдап, арандатушыларға қарсы тиісті шаралар қолданған (ШҚО ҚЗТҚО, 126: 20-22, 29, 31).

Әрине, земство мекемелерінің қызметі барлық өңірде сәтті іске аса қойған жоқ. Басқарудың үш сатылы деңгейінде жүзеге асырылғанымен, ауылды жерлерде жергілікті өзін-өзі басқару ісінде қиындықтар кездесіп отырды. Жергілікті басылымдарда жарияланған мәліметтерге сүйенсек, Торғай өңірінің кей жерлерінде тұрғындардың болыстық земстводан бас тартып жатқандығы көрініс беруде (Герасименко, 1990: 130). Себебі, қырдағылар земствоның игілігі мен тиімділігін толығымен сезіне қойған жоқ.

1918 жылдың сәуір айында Алашорданың батыс бөлімшесі қайраткерлерінің Мәскеуге сапары барысында Кеңес үкіметімен қаржылай және шаруашылық бағытындағы келісімдер Орал облыстық земствосы атынан жасалып, 12 млн. сом ақшаға қол жеткізеді (Батыс Алашорда тарихы – өлке тарихының құрамдас бөлігі, 2007: 84-85).

1918 жылдың күзінде Уфа қаласында өткен Алаш территориясында жергілікті басқаруды ұйымдастыру және Алашорданың батыс бөлімшесін құру жөнінде өткен мәжілістің хаттамасында земстволық және қалалық өзін-өзі басқару құрылымын 1917 жылғы Уақытша үкіметтің қаулысына сай және Алашорданың орталық үкіметінің

рұқсатымен әрекет ететін құрылым деп таниды (Алаш-Орда, 1992: 97).

Земство мекемелері 1919 жылы жаңа сипатта жұмыс жасауға көшті. Нақтырақ айтар болсақ, бұл Семей облыстық және уездік земство басқармалары мен Алаш қазақ несие серіктестігінің «Андерсон, Майер және Ко» фирмасының Владивостоктағы бөлімшесімен әртүрлі тауарларды жеткізу жөніндегі келісіміне байланысты. 1918 жылдың желтоқсан айының 20-да Семей облыстық земствосы атынан барған Райымжан Мәрсекөв Қиыр шығыста 3 жарым айдай болып, жоғарыда аталған фирмамен 15 млн. рубльге бағаланған әртүрлі тауарларға тапсырысқа қол жеткізеді. 26 пунктен тұратын келісімшартта екі тараптың міндеткерліктері, құқықтары заң жүзінде рәсімделген. Келісімшарт соңында фирма өкілі Ганс Христенсен, облыстық земство атынан Райымжан Мәрсекөв және Семей уездік земствосы мен Алаш қазақ несие серіктестігінен Иван Лебедев қол қойды (ШҚО ҚЗТҚО, 114: 6). Саяси өзгерістер мен экономикалық дағдарыс кезеңінде де земство мекемелері өзінің қызметінен жаңылмады. Өңірлерде билік қанша ауысса да, земство құрылымы компромистік саясат ұстанып, басты орынға әлеуметтік-экономикалық мәселелерді қойды.

1919 жылдың земство жұмысына қатысты құжаттарында Семей уездік земство басқармасының құрылыс-техникалық бөлімінің меңгерушісі Мұхаметжан Тынышбаевтың уезде мектеп және аурухана құрылысына байланысты қажетті тауарларды сатып алу мақсатында Томск, Новониколаевск, Омбы және басқа да Сібір қалаларына сапарлайтыны айтылған (ШҚО ҚЗТҚО, 127: 505). Көріп отырғанымыздай, земство мекемелерінің жергілікті басқарудағы тиімділігі әлеуметтік мәселелерді негізге алуында жатқандығы даусыз.

Земство мекемелері халық ағарту, денсаулық сақтау, сауда, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, банк ісі, жол жөндеу, егін шаруашылығы, ветеринария, почта желісі сынды т.б. істерді жүргізу, үйлестіру жұмыстарын қамтыды.

Земство мекемелері ұлттық кадрларды қалыптастырудың шеберханасы болды деп айтсақ қателеспейміз. Өйткені, Алашорда үкіметі иек артқан білікті мамандар осы құрылымда қызмет атқара жүріп, тәжірибе жинады, саяси істерге араласты, маңызды келіссөздерді жүргізді.

Мәселен, Семей облыстық земство басқармасының төрағасы Райымжан Мәрсекөв, Семей уездік земство төрағасы Ахметжан Қозыбағаров, Халел Ғаббасов, Әлімхан Ермеков, Сатылған Сабатаев, Жақып Ақбаев, Әбікей Сәтбаев, Имам Әлімбеков, Әнияз Молдабаев және т.б. айтуға болады.

Алайда кеңестік биліктің орнауы антибольшевиктік тұғырнамадағы жүйенің барлық құрылымдардың қызметін тоқтату салды. 1919 жылдың соңына қарай Семей земствосы да өз қызметін тоқтатты. Әсіресе, Семей уездік земство басқармасы да атауын өзгертіп, шаруа, жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңесі болып шыға келді.

Қорытынды. Мұрағат құжаттарына сүйенетін болсақ, Қазақстанда земство мекемелерінің қызметі екі кезеңді: 1) 1917 жылдың 17 маусымы мен 1918 жылдың наурызы аралығы, 2) 1918 жылдың маусымы мен 1919 жылдың соңын қамтиды. Осы кезеңде земство мекемелерінің атқарған істері мен негізгі миссиялары әр қилы еді. Бірінші кезең негізінен земство мекемелерінің құрылу, қалыптасу, бағыттарын айқындау кезеңі еді. Бұл уақытта негізінен ұйымдастыру және кадрлық құрамды жасақтау жұмыстары жүргізілді. Соған қарамастан, жергілікті жерлерде саяси биліктің ауысуына байланысты земствоның енгізілуі толық жүзеге аспай қалды. Екінші кезеңде негізінен өлкеде Алашорда үкіметінің қаулыларына сәйкес земство мекемелері қайта қызметіне кірісіп, аталған билікті жергілікті жерлердегі басқару органына айналды. Бұл земствоның басқару құрылымы ретінде қазақ қоғамына сіңісе алғандығын көрсетеді.

Екіншіден, земство мекемелерінің ұлттық кадрларды қалыптастырудағы орны айрықша болды. Себебі, земство қызметінде қазақ ұлтының үлес салмағы өте жоғары болғандығы құжаттардан айқын аңғарылады.

Үшіншіден, земстволық басқару жүйесінің демократиялық сипаты. Земствоның үш сатылы (болықтық, уездік, облыстық) басқару жүйесінде төраға, орынбасары және мүшелері сайлау арқылы тағайындалды. Есеп беру, қаржылық істер ашық сипатта жүргізілді.

Төртіншіден, земство мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатын реттеуші және үйлестіруші негізгі басқару органы ретінде тиімділігін көрсетті. Азамат соғысы жылдарында жергілікті өңірлерде билік алмасу кезінде осы земство мекемелерінің өз жұмысын тоқтаусыз жүргізгендігі осының айғағы болса керек.

Земство мекемелерінің бірнеше том мұрағат құжаттарына жүк болатын істері арнайы ғылыми еңбек ретінде талдауды, зерттеуді қажет ететіні сөзсіз. Себебі, земство мекемелерінің қызметі, кадрлық құрамы, саяси үдерістер тоғысындағы ұстанымдарына соны көзқарас, жаңаша методологиялық пайымдау қажет екендігі анық.

Әдебиеттер:

Алаш-Орда: Сборник документов / Сост. Н. Мартыненко. Алма-Ата: Малое издательство «Айкап», 1992 г. 192 стр.

Аманжолова Д.А. На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана. Алматы: Таймас. 2009. 412 с.

Батыс Алашорда тарихы – өлке тарихының құрамдас бөлігі. Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. 136 б.

Бөкейхан Әлихан Нұрмұхамедұлы (1866-1937). Шығармаларының 7 томдық толық жинағы. Полное собрание сочинений в 7 томах. Астана: «Сарыарқа» БҰ, 2009. II т. 566 б.

Бөкейхан Әлихан Нұрмұхамедұлы (1866-1937). Шығармаларының 7 томдық толық жинағы. Полное собрание сочинений в 7 томах. Астана: «Сарыарқа» БҰ, 2009. III т. 556 б.

Веселовский Б.Б. Земство и земская реформа. Пг. : Т-во О. Н. Поповой, 1918. 48 с.

Герасименко Г.А. Земское самоуправление в России. М.: «Наука», 1990. 264 с.

Жас азамат. 1918, 4 қазан, №6.

Жас азамат. 1918, 15 қазан, №7.

Жас азамат, 1918, №3.

Кенемолдин М. Семей земствосы және ұлт зиялылары. Абай. 2007. №2. 94-99 б.

Қазақ газеті / Бас редактор Ә. Нысанбаев. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. 560 бет.

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ары қарай – ҚРОМА). 1398-қор, 1-т, 208-іс, 162- п.

Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві (ары қарай – ҚР ПА). 811 қор, 20 тізбе, 114 іс, 6-7 п.

Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы, Санат, 1995. 368 бет.

ҚР ОМА, 1398 қор, 1 тізім, 217 іс, 38-39 п.

ҚР ОМА, 1398 қор, 1 қор, 217 іс, 36 п.

ҚР ОМА, 1398 қор, 1 қор, 217 іс, 37 п.

ҚР ПА. 811 қор, 20 тізім, 153 іс, 1-2 п.

Ленин В.И. Полное собрание сочинений. Издание пятое. Т. 5. Издательство политической литературы. Май-декабрь 1901. Москва. 1967.

Махаева А. Қазақ қоғамына земстволық басқару керек пе еді? // Ақиқат. 1995, №3. 36-40 б.

Нүрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы: Ататек. 1995. 256 б.

Сайлаубай Е. Алаш қозғалысы қайраткерлерінің земство мекемелерін құрудағы қызметі (1917-1918 жж.) // Отан тарихы. 2007, №4. 18-30 бб.

Сарыарқа. 1917. №14, 24 қыркүйек.

Сарыарқа.-1917. №23.

Сборник указов и постановлений Временного правительства: Вып. 2. 5 мая – 24 июля 1917 г. Часть первая. Отд. I-VIII. Петроград, 1918. 799 с.

Свободная речь. 20 января 1918 г., №137.

Свободная речь. 18 июня, 1918.

Чонов Е.Ч. Земство во Внутренней Киргизской Орде и Калмыцкой Степи, Астраханской губ., и у инородцев Ставропольской губ. Петроград: Гл. упр. по делам местного хоз-ва М-ва внутренних дел, 1917. 18 с.

Шаяхметов Н. Ел – бүгіншіл, менікі – ертенгі үшін: Оқу құралы. Алматы, 2001. 149 б.

Шығыс Қазақстан облыстық қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы (ары қарай - ШҚО ҚЗТҚО), 37 қор, 1 тізбе, 98 іс, 18-18 қайырма., 19-19 қайырма.

ШҚО ҚЗТҚО. 37 қор, 1 іс, 98 іс, 2 п.

ШҚО ҚЗТҚО. 37 қор, 1 іс, 98 іс, 2 п, 13 п.

ШҚО ҚЗТҚО. 37 қор, 1 тізім, 26 іс, 5-5 арт. п.

ШҚО ҚЗТҚО. 37 қор, 1 тізім, 94 іс, 66-68 пп.

ШҚО ҚЗТҚО. 37 қор, 1 тізім, 1 іс, 71 п.

ШҚО ҚЗТҚО, 37 қор, 1 тізбе, 1 іс, 120 п.

ШҚО ҚЗТҚО, 37 қор, 1 тізбе, 126 іс, 2 п.
ШҚО ҚЗТҚО. Р-37 қор, 1 тізбе, 126 іс, 20-22, 29, 31 п.
ШҚО ҚЗТҚО. 48 қор, 1 тізім, 114 іс, 6-6 арт. п.
ШҚО ҚЗТҚО, 37 қор, 1 тізім, 127 іс, 505 п.

References:

- Alash-Orda: Sbornik dokýmentov / Sost. N. Martynenko. Alma-Ata: Maloe izdatelstvo «Aikap», 1992 g. 192 str.
- Amanjolova D.A. Na izlome. Alash v etnopoliticheskoj istorii Kazahstana. Almaty: Taimas. 2009. 412 s.
- Batys Alashorda tarihy – ólke tarihyńyń quramdas bóligi. Almaty: «Arys» baspasy, 2007.136 b.
- Bókeihan Álihan Nurmuhameduly (1866-1937). Shygarmalaryńyń 7 tomdyq tolyq jinagy. Polnoe sobranie sochineni v 7 tomah. Astana: «Saryarqa» BÚ, 2009. II t. 566 b.
- Bókeihan Álihan Nurmuhameduly (1866-1937). Shygarmalaryńyń 7 tomdyq tolyq jinagy. Polnoe sobranie sochineni v 7 tomah. Astana: «Saryarqa» BÚ, 2009. III t. 556 b.
- Veselovskij B.B. Zemstvo i zemskaia reforma. Pg.: T-vo O.N. Popovoi, 1918. 48 s.
- Gerasimenko G.A. Zemskoe samoúpravlenie v Rosii. M.: «Naýka», 1990. 264 s.
- Jas azamat. 1918, 4 kazan, №6
- Jas azamat. 1918, 15 kazan, №7
- Jas azamat, 1918, №3
- Kenemoldın M. Semei zemstvoşy jáne ult zıalyлары. Abai. 2007. №2. 94-99 b.
- «Kazakh» gazetі / Bas redaktor Á. Nysanbaev. Almaty: «Kazakh ensiklopediasy» Bas redaksiyası, 1998. 560 bet.
- Kazakhstan Respýblikasynyń Ortalyk memlekettik arhivi (ary karai - KROMA).1398 kor, 1-t, 208-is,162- p.
- Kazakhstan Respýblikasy Prezidentiniń Arhivi (ary karai – KR PA).811 kor, 20 tizbe, 114 is, 6-7 p.
- Koigeldiev M. Alash qozgalysy. Almaty, Sanat, 1995. 368 bet.
- KR OMA, 1398 kor, 1 tizim, 217 is, 38-39 p.
- KR OMA, 1398 kor, 1 qor, 217 is, 36 p.
- KR OMA, 1398 kor, 1 qor, 217 is, 37 p.
- KR PA. 811 kor, 20 tizim, 153 is, 1-2 p.
- Lenin V.I. Polnoe sobranie sochineni. Izdanie pátoe. T. 5. Izdatelstvo politicheskoi literatýry. Maidekábr 1901. Moskva. 1967.
- Mahaeva A. Kazakhstan qogamyna zemstvolyq basqarý kerek pe edi? // Akikat. 1995, №3. 36-40 b.
- Nurperisov K. Alash hám Alashorda. Almaty: Atatek. 1995. 256 b.
- Saılaýbaı E. Alash kozgalysy kairatkerleriniń zemstvo mekemelerin kurýdagy kyzmeti (1917-1918 jj.) // Otan tarihy. 2007, №4. 18-30 b.
- Saryarqa. 1917. №14, 24 qyrkúiek.
- Saryarqa.-1917. №23.
- Sbornik ýkazov i postanovleni Vremennogo pravitelstva: Vyp. 2. 5 maia – 24 iyálá 1917 g. Chást pervaa. Otd. I-VIII. Petrograd, 1918. 799 s.
- Svobodnaia rech, 20 ianvará 1918 g., №137.
- Svobodnaia rech. 18 iyúná, 1918.
- Chonov E.Ch. Zemstvo vo Vnýtrennei Kirgızskoi Orde I Kalmyskoi Stepı, Astrahanskoi gýb., i ý morodsev Stavropólskoi gýb. Petrograd: Gl. ýpr. po delam mestnogo hoz-va M-va vnýtrennih del, 1917. 18 s.
- Shaiahmetov N. El – búginshil, meniki – erteńgi úshin: Oqý quraly. Almaty, 2001. 149 b.
- Shygys Qazaqstan oblystyq qazirgi zaman tarihyń qujattandyryń ortalygy (ary oarai - SHQO QZTQO), 37 qor, 1 tizbe, 98 is, 18-18 ob., 19-19 ob.
- SHQO QZTQO. 37 kor, 1 is, 98 is, 2 p.
- SHQO QZTQO. 37 kor, 1 is, 98 is, 2 p, 13 p.
- SHQO QZTQO. 37 kor, 1 tizim, 26 is, 5-5 art. p.
- SHQO QZTQO. 37 kor, 1 tizim, 94 is, 66-68 pp.
- SHQO QZTQO. 37 kor, 1 tizim, 1 is, 71 p.
- SHQO QZTQO, 37 kor, 1 tizbe, 1 is, 120 p.
- SHQO QZTQO, 37 kor, 1 tizbe, 126 is, 2 p.
- SHQO QZTQO. R-37 kor, 1 tizbe, 126 is, 20-22, 29, 31 p.
- SHQO QZTQO. 48 kor, 1 tizim, 114 is, 6-6 art. p.
- SHQO QZTQO, 37 kor, 1 tizim, 127 is, 505 p.

ҒТАХР.03.20.00

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХХ Ғ. 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ДІНИ АХУАЛ (ТАРИХИ-ДІНТАНЫМДЫҚ ЗЕРТТЕУ)

Айталы Амангелді Әбдірахманұлы

философия ғылымдарының докторы, профессор

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Түйіндеме. Мақалада совет үкіметінің дін саласындағы саясаты дін мен ұлттың ажырамас бірлігі методологиялық ұстанымы негізінде сараланып, дінді қудалау мен ұлтты қудалау бір жүретінін, сондай-ақ дінді қорғау – ұлттық мүддені қорғау екендігін көрсетеді. Мақаланың тағы да бір методологиялық ұстанымы – Қазақстанның ислам қайраткерлері, мұсылмандар совет үкіметінің дінге қарсы саясатының объектісі, құрбаны ғана болған жоқ, субъектісі де, атеизмге қарсы белсенді күресушілер де болды, дінмен бірге ұлттық құндылықтарды, наным-сенімдерді, дәстүрлерін де қорғады. Сондықтан, Қазақстандағы ХХ ғ. 20-30 жж. діни ахуалды зерттегенде біздің ғылыми әдебиетте қалыптасқан стереотип бойынша «большевиктердің исламға қарсы күресі» емес, «Қазақстандағы ислам қайраткерлері мен большевиктердің күресі» деу тарихи ақиқатқа сәйкес келеді.

Дін мен ұлт қарым-қатынасын терең түсіну бүгін де маңызды, себебі ислам қазақ ұлтын біріктіруші фактор. Еліміздегі экстремизмнің себебін діннен іздеу, әсіресе, исламға деген жастардың ықыласынан, қызығушылығынан көру бекер. Шиеленістер туғызатын әлеуметтік, психологиялық және сыртқы себептер.

Кілт сөздер: дінге қарсы саясат, ислам және дін, имандылық, ислам және совет мемлекеті, Орталық діни басқарма, коммунистер және ислам, атеистік және діни дүниетаным, қуғын-сүргін және діни қайраткерлер, ислам.

МРНТИ. 03.20.00

РЕЛИГИОЗНАЯ СИТУАЦИЯ В КАЗАХСТАНЕ В 20-30 ГОДЫ ХХ В. (ИСТОРИКО-РЕЛИГОВЕДЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ)

Айталы Амангелді Абрахманович

доктор философских наук, профессор Актюбинский региональный
государственный университет им. К. Жубанова

Аннотация. В статье взаимоотношения ислама и советского государства изучаются с методологических позиций о неразрывном единстве религии и нации, это позволяет показать, что преследование религии сопровождается преследованием и нации, а также защита религии это в сущности и защита национальных интересов.

Еще одна методологическая установка автора заключается в том, что исламские религиозные деятели Казахстана были только объектом, жертвой атеистической политики советского правительства, но и субъектом, активным борцом против антирелигиозной политики, вместе с религией они защищали и национальные ценности, верования и традиции. Поэтому при изучении религиозной ситуации в 20-30 гг. ХХ в. в Казахстане нужно отходить от сложившегося в научной литературе стереотипа «борьба большевиков против ислама». Научной истине соответствует формулировка «борьба между исламом и большевиками в Казахстане».

Ислам является объединяющим фактором казахской нации, поэтому и сегодня важно понимание взаимосвязи религии и нации. Отсюда не следует искать причину экстремизма в религии, особенно в интересе и желании молодежи познать религию. Причины проблем нужно искать в социальных, психологических и международных факторах.

Ключевые слова: антирелигиозная политика, ислам и нация, духовность, ислам и советское государство, центральное духовное управление, религиозные деятели, коммунисты и ислам, атеистическое и религиозное мировоззрение, репрессии и ислам.

IRSTI 03.20.00

**THE RELIGIOUS SITUATION IN KAZAKHSTAN IN THE 20-30 YEARS
OF THE TWENTIETH CENTURY (HISTORICAL AND RELIGIOUS STUDY).**

Aitaly Amangeldi Abrakhmanuly

doctor of philosophical sciences, professor
K. Zhubanov Aktobe Regional State University.

Abstract. The article studies the relationship between Islam and the Soviet state, methodological positions in the inextricable unity of religion and nation, which allows us to show that the persecution of religion is accompanied by the persecution of the nation and religion, which in essence is the protection of national interests.

Another methodological approach of the author is that Islamic religious leaders were not only an object, a victim of anti-religious politics of the Soviet government, but also a subject, against anti-religious politics, an active fighter, together with religion they defended national values, beliefs and traditions. And therefore, when studying the religious situation in the 1920s and 1930s, it is necessary to move away from the stereotype “The struggle of the Bolsheviks against Islam” that has developed in the scientific literature, the scientific formula corresponds to the phrase “The struggle between Islam and the Bolsheviks in Kazakhstan”.

Islam is a unifying factor of the Kazakh nation, therefore, understanding of the relationship between religion and the nation is important today. One should not look for the cause of extremism in religion, especially in the interest and desire of youth in religion. The causes of the problems must be sought in social, psychological and international factors.

Key words: anti-religious politics, Islam and the nation, spirituality, Islam and the Soviet state, religious figures, communists and Islam, atheistic and religious worldview, repression and Islam.

(Мақала №АРО 05133586 «ХІХг.-ХХг.басындағы мешіттер мен діни қайраткерлер: Ақтөбе облысының материалдары негізіндегі зерттеу») (жетекшіі Р.Бекназаров) гранттық жобасын жүзеге асыру шеңберінде орындалды).

Кіріспе. Құдайсыз қоғам құру идеясының о бастан күйрейтіні белгілі еді, тарихта дінсіз ұлт, дінсіз мемлекет болмаған, адамзатқа көп құдайларға, күдіретті күшке, кейін бір жаратушыға сену, тағзым ету тән болды. Дін тамыры терең жайылған, баршаға рухани азық болып келген ерекше құбылыс. Сондықтан діннің өзін қорғайтын артында миллиардтаған ізбасарлары бар, дін де халықтарға қызмет жасайды, дүниетанымдық идеялар таратады, әлсізді жұбатады, отарланған ұлтқа қуат береді.

Ғасырлар бойы ата-бабаларымыз ислам өркениеті мен мәдениеті аясында өмір сүріп, Қазақстан және Орта Азия жеріне ислам дінін тарату үшін арабтар жорықтар жүргізді. Атақты Кутейба ибн Муслим Мауренахер жеріне кірді. 714 жылы Шаш (Ташкент) және Фарабты бағындырды. 751 жылы шілде айында мұсылман әскері Талас маңында Атлах деген жерде Таң империясының әскерін жойқын соғыста жеңіп шықты. Талас жеңісінен кейін ислам діні Қазақстан жеріне тарай бастады. Ислам дінінің ықпалымен қала мәдениеті, ғылым, білім, сауда, өнер терең дами бастады.

1917 ж. дейін Ақтөбе облысында 200-ге жуық мешіттер болған, Бөкей хандығында 78-ге жуық, Жетісайда-69, Жамбыл облысында-49, Әулиеата қаласында (қазіргі Тараз) 15 мешіт жұмыс жасаған, сонымен бірге намаз ханаларында болған. Теологтар мешіттерді, рухани орталықтарды үлкен мұнаралы мешіт, забия және ханака деп бөлген. Мұнаралы мешіттердің құрылысы мұсылман сәулет талабымен салынған, жұма намазы оқылған. Ал халық аз шағын ауылдар мен елді мекендердегі мешіттерді забия деп атаған. Ол араб сөзі мақсатына қарай шағын топтың оңаша құран оқитын орын болған, кейін уағыз айтатын орын болып, мешіт қызметін атқарған. «Ханака» сөзінің мәні забияға мәнделес, көбіне баспана орны болған. Кейін олар абыз, ғалымдардың Орта Азиямен Қазақстанда әулиелердің кесенесінің жанында салынған, қажыға баратындар түнеген, марқұмдарға арнап аят оқыған қасиетті Құран сөздерін насихаттаған.

(Абсагтар қажы, 2006: 112).

Діни ахуал: ислам және қазақ болмысы. Қазақтар революцияға дейін, әсіресе, ХХ ғ. басында діннен күш-қуат алса, ислам діні де қазақ арасында қанат жайып, елге тарады ұлттық сана-сезіммен, ұлттың сөзін сөйлейтін азаматтармен байланысты екені тағы түсінікті. Ислам революциядан кейін де ұлттың рухани тірегі болды. Қазақ коммунистерінің көбі іштей болса да ұлт мүддесін діннен бөліп қарамады, ұлттық – діни дәстүрлерден қол үзбеді, ол халықтан алыстата беретіні белгілі болды.

Ғылыми әдебиетте ХХ ғ. совет үкіметіндегі діни ахуалды бірнеше кезеңдерге бөледі: алғашқы кезең - 1917-1927 жылдар, жауынгерлік атеизм кезеңі-1928-1940, сырттай либералды, жұмсақ, іштей дінмен ымырасыз күрес - 1941-1985жж.

Батыс исламтанушылары Совет үкіметінің исламмен қарым-қатынасын үш кезеңге бөледі: бірінші кезең-1945 ж. дейін, ол исламға тура шабуыл, соққы беру заманы, екінші кезең-1945 жылдан 1980 ж. ортасына дейін-мұсылман дініне қарсы атеистік насихат, астыртын, бүркемелі шабуыл жасау; 1980ж. ортасынан-перестройка тұсында дінді қолдау кезеңі басталды. Бірақ бұл кезде екіжүзді саясат жүргізілді. Мәжбүрліктен мемлекет тура шабуылдан жұмсақ саясатқа көшті, мешіттерді қудаламады, қасиетті орындарға, қажылыққа баруға тосқауыл қоя алмады. Кейбір дінтанушылар үкімет пен партия 1986 ж. Алматыдағы көтеріліске дін де себеп болуы мүмкін деп сақтанды дейді. Ал совет үкіметі ыдырағаннан кейінгі заман туралы ғылыми ізденістер жана сипат алды. (Балтанова, 1991:59)

Кеңес үкіметі өзін зайырлы мемлекет болып табылатын, барлық азаматтардың діни наным-сенімдерін сыйлайтын, діни сенім саласында азаматтардың хұқын шеттеу, зорлық-зомбылыққа қарсылығын жариялады, ал адамдардың барлық дінде де құлшылық етуіне қол сұғу айыпталатын болды. Бірақ сонымен бірге социалистік қоғамдағы діннің орны туралы мәселе өткір сипат алды, дінге жаңа көзқарас, жаңаша қатынас қалыптастыру мәселесі туды. Бір жағынан, әр адам өз дінін, наным-сенімін ұстануға, болмаса ұстанбауына хұқылы болды. Сонымен бірге, дін идеология болғандықтан оған бейтараптық танытып, дін мәселесін өз бетімен жіберуге болмайтындығы туралы заңдар қабылданды. Сондықтан діннің бетін қайтарып, шектеу, дінмен күресу қажеттігі туралы шешімдер қабылданды. Діннің таптық мәнін адамдарға түсіндіру, оның бай-феодалдардың құралы екеніне сендіру қажет болды. Сонымен бірге діннің беделінің басты себебінің бірі ғылыми-материалистік көзқарастың әлсіздігін дәріменсіз насихаттан көрді. Ұлттық, мәдени-тарихи, психологиялық, факторларды есепке ала бермейді. Мемлекет идеологиялық күрестің епті әдісін жетілдіріп, дінді өмірден ығыстыру мақсатын алға тарта бермей, елді діндар, діндар емес деп жікке бөлмей ғылыми жолға қоюды мақсат етті. Сондай-ақ атеистік амалдардың барысында әкімшілік тыйым салумен әуестенбей, анархистік, революциялық қызбалыққа бармай, дінге сенетіндермен келісу, шыдамдылық танытуда қажеттігі, сондай-ақ тым интеллигенттік либерализм, жұмсақтық танытуда қажетсіздігі ескертілді. Ең бастысы дінге сену үшін адамдарды қудалайды деген ой тарамасын деп ескертілді. Басты мақсат халықты имам, молдалардың идеологиялық ықпалынан социалистік, атеистік идеологияға бейімдеу, социализмнің артықшылығын мойындаумен бірте-бірте атеизмге бет бұрғызу болды.

ХХ ғ. 20-30жж. діни ахуалды зерттегенде «Неге қазақ жерінде қазақтар арасында православтармен салыстырғанда дінге қарсылық жоғары болды?», «Неге қазақ діни қайраткерлері христиан священниктеріне қарағанда белсенді исламды қолдады және қорғады?», «Неге совет үкіметі дінге қарсы күресте бар күш-жігерін мұсылмандарға қарсы жұмсады?» деген проблемалар назар аудартады.

Партия қаулылары патша үкіметінің діни-ұлттық болмысқа қарсы орыстандыру саясатымен жалғасып жатты. Сондай-ақ христиан православтармен күреске шақыру құжаттарда азырақ кездеседі. Еуропалықтар – орыс, украин, белорустар, тағы басқалардан атеистік бағытта жұмыс жасауға назар көп аударыла бермеген. Тағы да назар аударатын жағдай-мұсылмандарға қарсы күреске байланысты құжаттарға көбінесе қазақ коммунистері қол қойған және мұсылмандарға қарсы күресті қазақтарға жүктеген. Мысалы, С. Сейфуллин дінмен күресті эволюциялық жолмен жүру керек деп сақтандырды. Сырттай эволюциялық мазмұны революциялық жолмен жүру керек

ұстанымдар да болған. (Преодолева, 1990: 68).

Совет үкіметі алғашқы жылдары қазақтарды, жалпы Орта Азия халықтарын «мұсылман халықтары», республикаларды «мұсылман республикалары» деп атады. Ол дәстүрлі мұсылман дініндегі халықтар, мұсылман діні тараған аймақтар дегенді білдірді. Сөз жоқ, қазақ, басқа да халықтарды ұлт етіп ұйыстыратын негізгі фактордың бірі мұсылман діні болды. Дін отарланған қазақ халқы үшін жаратушыға табынатын, құлшылық ететін наным-сенім ғана емес, дін ұлттық болмыстың, мәдениетінің, тарихының, дүниетанымының негізі. Ислам қазақ халқының тұрмысына бейімделген, икемделген, өмірдің барлық саласын - отбасы, неке, хұқық, білім, өмір-салтын-реттейтін жүйе болып қалыптасқан. Ортақ ұлттық құндылықтан дінді бөліп алу, ажырату мүмкін емес.

Кейбір еңбектерде қазақтар дұрысын айтсақ марксистік теорияны қабылдауға дайын болмады, сондықтан да биліктің ісі нәтиже бермеді деген ой айтылады. Дінге қарсы саясаттың тиімсіздігін кадрлар, қазақ тіліндегі әдебиеттің тапшылығымен, атеистік тәрбиеге немқұрайды қараумен түсіндіреді. (Тасмағамбетов, 1988: 22). Совет үкіметінің діни-ұлттық саясатын қабылдамауды терең тарихи-рухани негізі бар. Ислам ғасырлар бойы ұлттық құндылықтарды, қасиеттерді сақтайтын маңызды таяныш. Сондықтан қазақтар совет үкіметінің дінге қарсы саясатын патша үкіметінің отарлау саясатының жалғасы деп қабылдаудың себебі осында.

Дін мен ұлттық идея бірлікте болғандықтан, дінге қарсы күрес қазақ жерінде ұлтқа да қарсы сипат алды. Оны Ресей большевиктері де түсінді. Олар мұсылман халықтарының арасында жұмыс жүргізуге байланысты нұсқауларында ислам факторы мен ұлт мәселелерінің орнының ерекшелігіне назар аударады. Бірақ діни-сенім беріктігін шаруашылық, отбасылық, тұрмыстық мәселелермен байланыстырды. Олардың отарланған, діни-ұлттық күрделі шеттетуге ұшырағандықтары ескеріле бермеді.

М. Шоқай 1920 ж. Бакуде шығатын «Вольный горец» газетінде жариялаған «Орта Азиядағы «пантюркизм» мен «панисламизм» атты мақаласында совет үкіметінің саясатының дін мен ұлт мәселесінде құбылатын себептерін талдайды. Ұлттық-діни сана-сезімді шиеленістіретін, асқындыратын отарлау саясаты. Патша үкіметі мұсылмандардың намысын қорлап, мешіттерде патшаның, генерал-губернатордың портреттерін ілуді талап еткен. Құран-Кәрімнен «кәпірлер» туралы айтылған сүрелерді алып тастауды ұсынған сол кездегі Түркияның Ресейдегі елшісі сұлтан атынан үзілді-кесілді қарсы мәлімдеме жасаған, содан кейін Құран-Кәрім толық басылып шыққан.

Мұсылмандар мен патша үкіметінің арасына іріткі салады деп панисламизм мен пантюркизмнен патша билігінің күдіктенуі соншалықты, М. Шоқай айтқандай, «ақылға сыймайтын сандыраққа» ұласқан, мешітте Құран оқу кезінде мұсылмандардың артында полиция қызметкерлері, бақылаушылар мен тергеушілер тұрған, медреселердің үстінен қадағайлайтын әкімшілік мекемелер құрғызған. (Шоқай, 2012: 139-141)

Қазақ мұсылмандары таптық жікке, тартысқа аса мән бермеді. Отарланған ұлт болғандықтан, халық тұтастай жәбір көргендіктен, орыс билігінің үстемдігінен азаттық алуды көздеді. Ал патша үкіметі бұратана халықтарға құл деп қарады, орыс халқын құл иеленуші, үстемдік етуші ұлт деген психологиялық санада тәрбиелеуге тырысты.

Большевизм және ислам діни қайраткерлері. Қарапайым халық арасында большевиктердің әлеуметтік әділдік, теңдік ұрандарына сенушілер, қолдаушылар болды, тіпті Қызыл Армияға жылқы сатып алуға, басқа да қаржылай көмек көрсеткендері бар. Сонымен бірге еркіндікті діннен бас тарту, дінді рухани құлдық деп қабылдамады, қарама-қарсы пікір қазақ мұсылмандарын ойландыра берді. М.Шоқай большевиктердің екі жүзді саясатын айта келіп, кейде Алланы балағаттап Құранды таптаса, ал кейде діни ахуал күрделеніп қарсылық күшейсе, ішкі және сыртқы саясатқа байланысты Алланы мақтап, ислам ілімін, өздері қорлаған құран беттерін жарамақтанып сүюге дейін барып, дінге тілектестіктердің ролін ойнап келген. Мұсылман қайраткерлерін бірде надандық пен ескі ырымшылдықты таратушылар деп қараласа, бірде парасаттылық пен адалдықтың арқасында бұқара халықтың құрметіне,

сеніміне бөленгендердің қатарына қосады. Моллалар мен ишандарды¹ жұмысшылар мен шаруалардан да жоғары қояды. (Шоқай, II т., 2012: 319)

Бұл аумалы-төкпелі саясаттың астарында тек ішкі жағдай, исламның рухани беделі ғана емес, сыртқы да факторлар жатты. М. Шоқай қазақтар, жалпы ортаазиялық мұсылмандардың паниисламистер мен пантюркизмнің ықпалына түспегендігін, бірақ патша әкімдігі олардың ықпалынан соншалықты іріткі салады деп қауіптендігін көрсетеді. М. Шоқай «өзімді паниисламистерге де, пантюркистерге де жатқызбаймын» деген. Бірақ өзінің мұсылмандармен іштей рухани байланысының айқын шындық деп есептейді. Әр адам ұлтының дәстүрлі дініне, түп тегіне, туыстық тамырына, наным-сеніміне бейімділігі табиғи құбылыс. Таптық жік тұлғаның келбетін анықтай алмайды. Большевиктер қазақтардың ислам және түркі дүниесімен бірегейлігін сезінді, оларды өз уысынан шығармау үшін орыстарға жер мен бейбітшілік деп уәде берсе, мұсылмандарға дінін сыйлаймыз деп уәде берді (Шоқай, II т., 2012: 319).

Совет үкіметі алғашқы жылдары дін мен ұлт саласында патша заманынан қалған мемлекетке деген күдікті, сенімсіздікті, ашу-ызасын шешуге де уақытша, шамалы да болса мән бергенін діни қайраткерлер пайдалануға тырысты. Мұсылман діни қайраткерлері жаңа заманда, жаңа ахуалға байланысты ерекше жол, тәсілдер іздеді. Алғыр ақыл таңытуға тырыскандарды модернистік бағыттағы, Құран мен социалистік идеялардың үйлесімдігін іздегендер деуге болады. Діни қызметші Фахретдин Камалетдиновтің 1920 ж. 20 қаңтарында Жетісу облыстық атқару комитетіне жазған хаты сол модернистік ағымның бір көрінісі. «Еркіндік, Бауырластық, Теңдік!» шарифат сөздері большевизм мақсат-талаптарымен үндеседі деп түйеді автор. Түркілер идеясы, біріншіден, күдай заңдылығын орындаудың, екіншіден, биліктегілердің әділетті болуын, үшіншіден, барлық халықтардың тұтасуын қалайды. Жағдайдың қиындығын әр мұсылман сезінеді. Бірақ олар қоян-қолтық ұштасып өмір сүрмейді. «Большевизм мен шарифаттың мақсаты мен ұрандары бір. Солай бола тұра неге биліктегі жолдастар большевизмді жоғары дәрежеге көтеріп, қасиетті Қалам Шарифты төмендетеді? Меніңше, егер олар тең болса, ешқандай күдік пен қорқу болмас еді, мұсылмандар өз ұлтын қолдай отырып, жүздеп, мыңдап тығыз бірігер еді,»-дейді хат иесі. Ол шарифат пен большевизмді қарсы қою ұлттың тұтастығына жағымсыз әсер етіп, біреулері діндар, енді біреулері коммунистер болып жікке бөлінуіне қарсы екендігін білдіріп отыр. Кеңес үкіметі дін мен күрес жариялап, дін мен мәдениеттің ажырамас тұтас, терең тамыры барлығын ескермеді деп түйеді хат иесі (Преодолевая религиозное влияние ислама, 1990: 32)

1917 ж. дейін қазақ мұсылмандарының діни басқармасы болмады, мешіт пен медреселер өз бетімен қызмет етті. 1920 ж. қыркүйектің 16-25 аралығында Уфада Ресей, Сібір және Қазақстан мұсылмандарының Бірінші Бүкілресейлік Құрылтайында Мұсылмандардың Орталық Діни Басқармасы құрылды. Осы істің бастамасы болған татарлар оны Діни Назарият деп атады. Орталық Дін Басқармасының құрылымы үш сатыдан тұрды: жоғары сатыда-мүфти-төраға және оның алты мүшесі – қазылар; орталық сатысында үш адамнан тұратын мұхтасиб басқармасы-мұхтасибат²; төменгі саты әр мешіттегі молда (имам), азаншы (муэдзин)³ мен хатшы-есепшіден (казначей) тұрған.

1920 ж. басында кеңес үкіметімен мұсылмандардың байланысы орталықтарда да, жергілікті жерде де жан-жақты реттелмеді. Енді жергілікті мұхтасибаттар, әсіресе, балалар, жастар, әйелдер, арасында білім, қайырымдылық, отбасы, мүлік, діни-ұлттық дәстүрлерді қолдаушы болып, рухани орталыққа айнала бастады. Барлық іс-шараларды сайланған мұхтасиб- имам қадағалады. Алғашқы жылдары көптеген партия мүшелері, тіпті жауапты қызметшілер қадамдарын мұсылмандардың қолдауы мақұлдауынан кейін барып іске асыруға кірісетін болды.

Қазақстан өлкелік партия комитеті 1920-ж. басында қазақ даласында елдің дәстүрлі дінге ықыласының зор екендігін, ал атеисттік насихаттың әлсіздігіне назар аударады. Азамат соғысы, аштық, жұттан кейін халық ес жиған соң, мешіт, медреселердің, билер мен шарифат соттарының жұмыстары толық жандана бастағаны байқалады. Қазақ халқы ақшалай, малдай діни мекемелерді қолдап, балаларын діни мектептерге берді, даулы мәселелерді шешуге билер мен шарифат сотына көбірек жүгінеді. Діни оқу орындарының саны жүздеп өссе, оқушылардың саны бірнеше мыңға жеткен. Халық

өз қаржысынан медреселер, мешіттер салған. Ишандардың ізбасарлары, шәкірттері-мүридтер⁴ де көбейіп, олар он мыңдап саналған. Орал, Ақтөбе, Торғай өңірлерінде ишандардың бес жүзден мыңға дейін мүридтері болған. Діннің ықпалының өсуін, әрине, партия, совет органдары буржуазия мен патша үкіметінің әкімшілік қызметшілерінің ықпалымен ғана түсіндірді. (Преодолева религиозное влияние ислама, 1990: 90)

Бүгінде тарихи әдебиетте сол кездегі діни ахуалды талдағанда совет билігінің және оның көсемдерін әшкерелеу, сонымен бірге, әсіресе, діни қайраткерлерді түкке жарамайтын, мардымсыз, өресіз, құлдарша бас иетін пенделер етіп көрсету байқалып қалады. Ұлтымыздың 20-30 жж. тарихынан, тарихи жадынан діни қайраткерлердің рухани игілік үшін күресі ұмытылып бара жатырғандай. Ғылыми еңбектердің тақырыбы да, мазмұны да негізінен большевиктердің исламға қарсы күресі төңірегінде. Ал тарихи шындық-діни қайраткер мен большевиктердің ислам дініне байланысты идеологиялық және саяси тартысында. Ол тартыс бейбіт, мұқият, күнделікті тұрмыста бірізді жүріп отырды.

1923 ж. Уфа қаласында өткен Бүкілресейлік мұсылмандар құрылтайында 2 қазақ Орталық Діни басқармаға мүше болып сайланды. Осы кезден бастап қазақ мұсылмандары ұйымдаса бастады. Білімнен гөрі рулық принципі және қазақы дәстүрі негізінде молдалар сайланып, оларға ел ақсақалдары, дәулетті адамдар, жергілікті мемлекет басқару аппараты да араласты. Молдалардың білімін жетілдіру, медреселер ашу қолға алына бастады. 1927ж. Қазақстанда мұқтасибаттар қалыптасып, олар республика губернияларын түгел қамтыды: Ақтөбе облысында - 11, Орал - 10, Семей- 8, Сырдария - 5, Жетісу- 5, Ақмола -5, Қостанай - 6, Қара қалпақ- 4, Адай округі 1, барлығы 55 мұқтасибаттар елдің діни сұраныстарын қанағаттандырды. Мұқтасибаттардың пайдалы жұмыстарын қазақ мұсылмандары үнемі қолдап отырған. (Мухтарова, 2009:44-45)

1927 жылы наурыз айындағы Ақмола облысының партия комитеті елдегі діни ахуалды талдай келіп, егер біздің исламға қарсы насихатымызды қуатын мұсылмандардың идеологиялық қуатымен салыстырсақ, сан жағынан да, сапа жағынан да мұсылмандар ықпалының қуаттылығын мойындауымыз керек дейді. (Преодолева, 1990:123)

Қазақ мұсылмандарының басым көпшілігі байсалды, ұстамды, дінмен қатар дәстүрлі тұрмыстық әдет-ғұрыпқа мән берді. Молда, ишан қазақ даласында рухани, әлеуметтік, ұлттық тұлға болды. Сондықтан дінмен, діни қайраткерлермен күрес шын мәнінде діни-рухани, ұлттық болмысты коммунистік идеология әсерімен әлсірету, бара-бара жою болды. Бұл тартыста діни тұлғалар ұлттық құндылықтың тірегіне айналды. Оларды елдің дәулетті азаматтары мен интеллигенция өкілдерінің басым көпшілігі іштей болса да қолдады, ел арасында дінге деген ықылас өсе берді, таптық жікке бөліну маңызды болмады. 1926 жылы барлық мұқтасибаттар мұсылмандардың аудандық, уездік құрылтайларын өткізді. (Преодолева религиозное..., 1990:126-129).

Ол құрылтайларда Уфадағы Орталық Мұсылмандар діни басқармасына діни білімге еркіндік беру, мұсылман дін қайраткерлерінің хұқын шектемеу, салықтан босату, неке – отбасы мәселелерін дінбасыларына беру сияқты, басқа да күрделі мәселелерді шешуді тапсырды. Осындай белсенділіктің нәтижесінде 1926 ж. 4 қарашада Уфада өткен Мұсылман Құрылтайында Қазақстаннан шешуші дауыспен ең көп 135 делегат қатысты. (Преодолева религиозное..., 1990:129).

Осы жағдайда коммунистік партия қиын да күрделі таңдаудың алдында тұрды. Бір жағынан, діни қайраткерлер мен жалпы діндегілердің арасында парасатты, ниеті таза, ел арасында білімді, беделді адамдар аз болғандықтан оларды партия қатарына, мемлекеттік қызметке тарту қисынды көрінгенмен, екінші жағынан, таптық принцип тұрғысынан олар идеологиялық жағынан жат деп есептелді. Ал оларды қоғамнан изоляциялау да мүмкін болмады, себебі олар рухани лидерлер болды. Ал коммунистердің қатарын білімді, парасаттылар есебінен толтыру да қажет болды, сонымен бірге ол билікке қорқыныш та туғызды. М. Шоқай коммунистердің жұма намазына мешітке келіп, Алладан партияға кіргені үшін жалбарынып кешірім сұрайтыны туралы, діні үшін емес, күні үшін, отбасы, тірі жүріп ұлы Жаратушыны ұлықтау үшін де большевик болғанын, Алладан мейірім сұрап, құлшылық ететіндеріне

назар аударарды. (Шоқай, Птом., 2012:175)

Ислам діни қайраткерлерінің беделінің өсуі Сырдария губерниясының коммунистерінің пікірінен көрінеді: «біздің партия ұйымының мүшелері құдайға сенбейді, бірақ оны құрметтейміз, себебі олай болмаса үлкендердің қарғысына ұшыраймыз, ал олар кишлақта беделді». Енді біреулері «құдайға сенесіз бе?» деген сауалға: «біз бәріміз де құдайға сенеміз, мешітке барамыз, құран оқуға ешкім тыйым салмайды, парткомды сыйлаймыз, құдайды да ұмытпаймыз. Құдайды ұмытқан адам жақсы адам емес. Мен Ленин құдайды сыйлаған деп ойлаймын». (Преодолевая религиозное..., 1990:148).

Енді ислам кеңес билігін әлсіретеді деп большевиктер нақты қауіптенді, ал дінге қарсы шаралар тиімсіз болды. Ислам социализм жолына үлкен тосқауылға айналды. Мешіт-медреселерді жауып, діни қайраткерлердің қызметіне тыйым салып, мал-мүлкін төркілеу мен қамауға алудан басқа кеңес билігі амал таба алмады.

Ислам мен дөрөкі атеизм тартысы. Дін - аса күрделі де маңызды қоғамдық сана және әлеуметтік институт. «Ислам» энциклопедиясының анықтамалығы бойынша дін «адам пайымының болмысқа, қоршаған ортаға және өзінің ақыл-ойы мен сана-сенімінен тысқары тылсым дүниеге қатынасы, адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды қоғамдық сана және әлеуметтік құбылыс. Діннің басты белгісі-адамның ақыл-ойы, сезім мүшелері қабылдай алмайтын болмыс түріне сену және мойындау» («Ислам», 2010: 142)

Дінді материалистік тұрғыдан зерттеген еуропалық ғалым Э. Дюркгейм діннің қоғамдағы қызметін анықтауға аса назар аударған. Бір жағынан, болмыстан тыс күдіреттің, Құдайдың, періштелердің, ахиреттің, тағы басқалардың барлығына себептер табу, дәлелдеу мүмкін емес. Екінші жағынан, адамзат пайда болғаннан бері қасиетті, киелі күштерге адасқаннан сеніп келе ме деген де сауал туады. Жок, діндарлық адамның табиғатына тән. Себебі қасиетті, қастерлі сенім адамдардың басын біріктіреді, тұтастырады, қауымдастырады, дін жолында адамдар тіпті жеке мүдделерін де құрбан етеді. Діннен тыс өмір адамдарды адастырады, жікке бөледі. (Анурин, 2013, №1: 136)

Большевиктер адамзаттың өзімен бірге пайда болған, терең наным-сеніміне, дәстүріне, дүниетанымына, құндылығына айналған өркениетке қарсы қиянатты әрекетке барды. «Құдайсыз қоғам» орнату идеясы түп негізінен дінге жат. Коммунистік партия өзінің бағдарламасына сәйкес азаматтардың тек ғылыми материалистік көзқарасын қалыптастыруға тиісті. Осы ұстаным іс жүзінде бір-біріне қарам-қарсы, ымыраласпайды, келісімге келмейді. Сондықтан да большевиктер өздерінің дінге қарсы саясатын ғалымдар кейде «жауынгерлік атеизм» дейді. Ол бет қаратпайтын, пікір-таласқа бармайтын жол.

Айта кетейік, атеизм негізінен еуропа мәдениетінде христиандыққа оппозиция ретінде пайда болды. Ол бүгін либеральды атеизм, басты мақсаты дінді қудалау түгіл, дінді тіпті сынау да емес. Олардың басты қызметі табиғатты, қоғамды ғылыми тұрғыдан түсіндіру, адамның танымдық және жасампаздық қабілетін қалыптастыру, содан кейін ғана дін мен пікір-таласқа түседі. Либералды атеистер діндарлардың көзқарасын сыйлайды, оларды діннен бас тартуға шақырмайды. Совет үкіметінің «мемлекеттік атеизм» тек материалистік философиямен байланысты болса, еуропалық атеистер идеалистік философтар, мысалы Ницше, А. Камю, Ж.-П. Сартр, Б. Рассел. Атеизм ұғымы жағымсыз мәнге ие емес, өркениеттік терең мазмұны бар.

Озбырлық, дөрөкі кеңестік атеизм әлемде қалыптасқан атеизмнен бөлек құбылыс. Қатыгез құдайсыздық ілім тек дін емес, рухани өмірдің барлық салаларына –әдебиет, өнер, поэзия, хұқық, ғылым-білімді қатаң бақылады.

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында, ұлттық автономия алып, өз алдына мемлекеттік құруға кіріскен қазақ ұлтының бірқатары ұлттық жаңарумен қатар дін саласында да еркіндік алды деп үміттенді. Ол ұлттық мүдде тұрғысынан орынды үміт еді. Қазақтармен қатар Қазақстандағы өзбек, қарақалпақ, ұйғыр, басқа да шағын мұсылман ұлттық топтар өз діни-мәдениетін қалпына келтіруге тырысты. Бірте-бірте билік мұсылмандардың күнделікті өмірін, әсіресе, мұсылман коммунистерін бақылауды күшейтті. Діни де, зайырлы білімді азаматтар зиянды элементтер деп қабылданды.

Коммунистер капиталистік елдерді дінді мемлекеттен, мектептерді діннен бөлінуі туралы декреттер жариялағанмен, шындығында дін мен капитал байланысты болғандықтан дінге қарсы күрес аяқталмады деп айыптады. Коммунистер енді бұл істі қолға алып, жаңа кешенді амалдар арқасында діни наным - сенімді жоямыз деп мақсат қойды. Ол үшін діннің таптық тірегі қанаушыларды жойған да ғана еңбекшілер діни санадан арылады деп түйді. Совет үкіметі діннің рухани, психологиялық, ұлттық тамырын есептеспеді.

Алғашында елдің қарсылығынан сескенген коммунистер күрестің жалпы дінге арналғанын жасырып, тек нақты топтармен, жеке адамдарға қарсы іс-қимыл деп пікір туғызуға тырысты. Ғасырлар бойы халықтың дәстүр – салтымен астарласып жатқан, өз еркімен орындалатын пітір-садақа сияқты рәсімдерді, салық салу деп, молдалардың артынан прокурорларды салып қудалады. Медреселер жабылып, барлық оқу жүйесі, әсіресе, педагогикалық оқу орындарында, курстарда, рабфактар мен мектеп бағдарламасына исламға қарсы сабақтар енгізілді. Қазақ, өзбек, ұйғыр, қарақалпақ тілдерінде дінге қарсы әдебиеттер арзан бағамен сатылды, тегін де берілді. Совет соты билер, шарифат⁵ сотынан өзінің артықшылығын көрсете алмады. Ана тілінде де сөйлемеді. Сондықтан басқа соттар күшпен ығыстырылды. Діннен жаппай бас тарту көзделді. Бірте-бірте атеизмді діни сенімге айналдыру саясаты іске аса бастады. Ислам мерекелері – Құрбан айт, Ораза айт байлардың мерекелері деп, оларға қарсы идеологиялық шабуылдарды күшейтті. Ұлттық құндылықтарды әлі бойына сіңірмеген, алғыр, оралымды жастардың күш-жігерін билік исламға қарсы күреске бағыттады. Оқу орындарында дінге қарсы қазақ, өзбек, башқұрт тілдерінде дәрістер оқылды, спектакльдер қойылып, митинглер ұйымдастырылды.

Бұқара халықтың діннен бас тартуына байланысты деген жалған сылтауларға сүйеніп, көптеген мешіт пен шіркеулер жабылды. Әрбір жабылған мешіт, шіркеу-атеистердің зор табысы, халықтың оянуы, еркіндік алуы деп бағаланды. Мешіттерді жабу, клубқа, қоймаларға айналдыру, мешіт мұнарасының төбесіне қызыл туды орнату жаппай сипат алды. Мешітте құран аятын оқылып жатқанда мұсылмандардың намысына тию, кедергі жасау комсомол жастар арасында жиі көрінді. Осыдан кейбір аймақтарда Түркия елінің діни ахуалын насихаттайтын ағымдар пайда болды. Діни қайраткерлер мұсылмандар үшін қиын заман басталғанын, ар-ождан бостандығының да шектелгенін, бірақ жан-жақтан қысым күшейгенмен де белсенділік танытып, ел ішінде исламға деген ықыласты қолдады. Сырдария округінің Бостандық ауданында иман, молдалар мен кеңес қызметкерлерінің арасында діндарларды қудалауға, мешіттердің жабылуына қарсы ызаланған мұсылмандар қарулы қақтығысқа дейін барды. (Преодолевая религиозное..., 1990: 207-2013)

Атеизмнің жаппай шабуылына қарамастан 1928 жылы Сырдария мен Жетісу губернияларында, білімді діни қайраткерлердің ықпалымен діндарлық терең сақталған. Ал Семей, Ақмола, Қостанай, Орал өңірлерінде исламның ықпалы көшпелі қазақ аудандарында толық сақталған.

Сырдария губерниясында 276 жасырын медреселерде 7 мен 45 жас арасындағы 5155 өзбек, қазақ шәкірттері білім алған. Басқа губернияларда 20 жасырын медреселер жұмыс жасаған.

Тағы да бір жағдай көңіл аударарды. Бүкілодақтық мектеп санағы бойынша, жасырын медреселерде қыз балалар көбірек оқыған. Мысалы, Әулиеатада 514 оқушының 323 қыз балалар болған. Жаңа мешіттер де салынған. Облыста 153 сауатты имам, 78-азаншы және ишандар діни қызмет атқарған. Мұсылмандар «Ислам» журналын жаздырып алып отырған. Сол жылы Орал, Қарақалпақ, Сырдария, Ақтөбе, Ақмола, Қостанай округтерінде ишандардың беделі зор болды. Әрқайсысының 10-мыңнан -15 мыңға дейін муридтер болған. Медреселер діни біліммен бірге зайырлы білім де берді. Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иассауи мавзолейіне жылына 5 мыңға жуық құлшылық етушілер келген. (Преодолевая религиозное..., 1990: 154, 155, 134).

Ішкі Ресей, Сібір және Қазақстан мұсылмандарының Орталық Діни Басқармасын негізінен жоғары білімді, совет үкіметі мұсылман елдерінде де беделді мамандары басқарғандықтан олардан пантюркизм идеясын таратушылар деп күдіктенеді. Сондықтан Қазақстан мұсылмандарымен Орталық Діни Басқарма арасына кенестік

билік жік салуға тырысты, қаржылық мәселелер төңірегінде таластар туғызды. Қазақ даласындағы 55 мұқтасибаттың 20-сы бөлініп 15 дербес мұқтасибтер құрылды, олар өздерін «Діни басқарма» деп атады. Бұл қазақ мұсылмандарының арасында да әртүрлі жікке, бөсекелестікке әкелді. Осылай қазақ мұсылмандарына Орталық Дін Басқармасының ықпалы азайды, рухани тұтастығы әлсіреді. Дәстүрлі дінді уағыздап келген аға ұрпақ мұсылман қайраткерлері араға жік түскеніне мазаланып, «жаңашылдарды», бөлінгендерді сынға алды. Бұл алауыздық діни ахуалға жағымсыз ықпал еткенмен атеистер мұсылмандардың бетін қайтара алмады.

Араб алфавиті ислам дінімен зорлап таңылған, педагогикалық талаптармен үйлеспейтін, техникалық жағынан да, полиграфиялық өндіріске де қымбат деген уәждер айтылып, сондай-ақ араб алфавиті қазақ халқының білімі мен мәдениеті дамуына тосқауыл деп есептеліп, латын әліпбиіне көшу қолға алынды. Шындығында бұл діннен күрестің бір бағыты еді. Қасиетті Құран тілі араб тілін шеттетудің бір амалы болды. Сонымен бірге совет үкіметі панисламизмнен сақтанып, ислам дініндегі қазақ, басқа да халықтардың шет елдердегі мұсылмандармен байланысын әлсіретіп окшаулады.

1930-жж. дінге қарсы күрес жүйелі түрде ашық, тек зорлық-зомбылық, күшпен жүргізілді. Беделді ишандар, діни қайраткерлерінің діни ағартушылық қызмет совет үкіметіне қарсы идеологиялық насихат деп бағаланып айыпталды. Ол негізсіз де емес еді. Ел арасында совет билігіне терең сенімсіздік туды: экономикалық жағдай, дінді қудалау түбінде кеңес билігін жеңіліске апарады, рухани дағдарысқа ұшыратады деген ойға жетеледі және қарсылықтарға ұласты. Егер бұқара халықтың 1926-1927 жж. 63 қарсы іс-қимылдары болса, 1928 ж.-709, 1929 ж. 1190 болды. 1930 ж. наурыз айына дейін Қазақстанда 3104 адам қамалған. (Қойгелдиев, 2009: 236-238).

Қазақстан тарихшыларының бірқатары 1931-1933 жылдардағы Ашаршылық шын мәнінде әртүрлі шаруашылық-әлеуметтік науқандардың нәтижесі, бірақ оның қазақ халқына қарсы әдейі ұйымдастырылмағаны анық дейді. Бірақ Ашаршылық әдейі жасалмағанмен ол қазақ халқының этнос ретінде жойылу қаупінің геноцидпен бірдей екенін де ғалымдар мойындайды. (Омарбеков, 2019: 10-11) Бірақ мұсылман қайраткерлері Аштықты кеңес үкіметінің мұсылмандарға қарсы әдейі зұлымдық іс-қимыл деп қабылдады. Айыпталған діни қайраткер айтқандай, «совет үкіметінің тұсында біздің мұсылмандардың жағдайы жоқ, орыстарға қараңыз, олардың дені сау, тамағы тоқ, ешкім де аштықтан ісіп-кепкен жоқ, біздің мұсылмандардың барлығы да аш, жалаңаш, көбі ісіп кеткен және өрең-өрең аяғын сүйретіп жүр» (Қойгелдиев, 2009: 253)

Қазақ өркениетіне терең тамырын жайған қазақы мұсылмандықты бетін үгіт-насихатпен қайтарудың мүмкіндігінің сарқылғанын білген кеңес билігіне енді жаппай қуғын-сүргіннен басқа амал қалмады.

Исламға қарсы күрес 30-шы жылдары жаппай қуғын-сүргінге ұласты. Діни қайраткерлер совет үкіметіне қарсы контрреволюциялық панисламистік ұйымдар құрды, иммиграцияға кеткен иман, молдалармен, діни ғалымдармен байланысты деп айыпталды.

Діни қайраткерлерді контрреволюциялық панисламистік ұйымдар барын ойлап табушылардың мақсаты, М.Қойгелдиев дәлелдегендей, діни қайраткерлер жалғыз емес, олар ұйымдасқан үлкен топ, сондықтан қуғын-сүргін, жазалаумен көбірек әлеуметтің мүшелері тарту болды. Екінші жағынан, НКВД қызметкерлерінің дінге қарсы қызу, қарқынды жұмысын көрсету. Сондай-ақ бұл кезде НКВД-ге шексіз билік берілді қоғам оның ашса алақанында, жұмса жұдырығында болды. (Қойгелдиев, 2009:284)

Жеке тұлғаларды емес, діндарларды көбірек жазалау үшін, оларды совет үкіметіне қарсы ұйымдасқан топтар құрды, шет елдердегі ишан мен діни ғылымдармен байланысты деп жүздеп-мыңдап жазалады. Бұл шексіз билік берілген НКВД қызметшілеріне, бір жағынан, өздерінің қарқынды қызметін көрсету үшін, екінші жағынан, халықты қорқытып, бақылап ұстауға тиімді болды. (Қойгелдиев, 2009:284).

Қортынды. Қазақ еліндегі XX ғ. 20-30 жылдардағы ислам мен большевизм күресінің сабақтары мол. Ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан төлтума құндылықтары мен қазақы ислам ажырамастай бірлікте болды, бола береді. Дінінен айырылған

ұлттың бірте-бірте ұлтынан, мәдениетінен, тарихи санасынан да ажырайды. Ұлттық дәстүр, наным-сенімді советтік дәстүрлер мен алмастыру сондықтан негізсіз болды. Бүгін жаңарып, өмірімізге қайта оралып келе жатқан дәстүрлер, мерекелер діни дүниетанымның синтезі. Тарихи тәжірибе көрсеткендей, дінді ұлттан, ұлтты діннен бөлек алып қарау мүмкін емес. XX ғ. 20-30 жылдарындағы дінге қарсы большевиктердің шабуылы бұқара халықтың дінді қолдаса ұлтын қорғайтынын, ұлтын қорғаса дінді сақтайтынына көз жеткізді. Тағы бір тарихи сабақ: өз дінін қорғау басқа діндерге қарсы қою үшін емес, өз өркениетінің рухани тегін танып, оған ену деген ұмтылыс. Сабақ болатын тағы бір жағдай: дінді қудалау, түбінде дінге итермелейді. Бұл бүгінгі қазақ мемлекетіне пайдалы тәжірибе.

Дін мен күрес күшпен ұлттық ерекшеліктерді, құндылықтарды, ұлттық сананың көріністерін, тарихты қайта қарап бұрмалау, ұлттық тілдерді шеттетіп, орыс тілін дөріптеу, салт-дәстүрлер, ислам мерекелерін ығыстырып, советтік дәстүрлерді енгізумен қатар жүрді. Сонымен бірге, лингвистикалық саясатқа зор мән берілді. Ғасырлар бойы қолданыстағы араб алфавитін әуелі латын алфавитімен, кейін кириллицамен алмастырды. Бірақ мың жылдар бойы исламның жолын тұтып, құлшылық еткен имандылық сана атеизмнен қуатты болды. Дінді ауыздықтау тәуелсіздікке қол жеткенге дейін жалғасты. Қазақ ұлты дәстүрлі исламға орала бастады.

Ескертулер.

¹Ишан-халық арасында сауат ашу, уағыз айту қызметін атқаратын діни сауатты адамға берілетін діни атақ. Ишанның дәріс беретін белгілі ауылдары болған.

²Мұхтасиб-араб сөзі, есептеуші дегенді білдіреді. Шариат заңдарын күнделікті өмірдің ұстанымдарына айналғанын бақылайтын қызметші. Мұхтасибтер әртүрлі дінге жат әртүрлі қылықтар үшін жазалауға да хұқылы болған. Сондықтан олар тәртіп бұзушылықтың алдын алу үшін ағартушы қызметін атқарған. Кеңес үкіметі олардың қызметін шектеуге тырысқан. Мұхтасибтер демократиялық негізде сайланған. Мұхтасибтердің бірлестіктерін мұқтасибат дейді.

³Муэдзин-мұсылмандарды намазға шақырушы мешіт қызметкері.

⁴Мурид-ишан, молдалардың шәкірті.

⁵Шаригат-(«тура, дұрыс жол»), беделді билік арқылы орындалуы міндеттелген заң, нұсқау).

Әдебиеттер:

Абсаттар қажы Дербісалин. Мечети и медресе Казахстана. (История и современность). «Простор» 2006, №11.

Анурин В.Ф. «Религия как фактор интеграции». «Социологические исследования» 2013. №1.

Балтанова Г.Ислам в СССР: анализ зарубежных концепций.Издательство Казанского университета: 1991г.

«Ислам» энциклопедиялық анықтамалығы. Алматы. 2010.

Қойгелдиев М. «Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920-1940-х годах. Алматы. 2008.

Мухтарова Г. История ислама в Казахстане. Учебное пособие. Ақтобе. 2000.

Мухтарова Г.Д. История ислама в Казахстане. Учебное пособие. Ақтобе. 2009.

Шоқай М. «Пантюркизм» и «паниисламизм» в Средней Азии» Шығармаларының толық жинағы. II том. Алматы: 2012.

Омарбеков Т. Ашаршылық Алматы. «Арыс» 2019.

Преодолевая религиозное влияние ислама. Сборник документов и материалов. Алма-Ата:1990.

Степанян М.Т. Мусульманские концепции в философии и политике XIX-XX вв. Издательство «Наука», Москва. 1982.

Тасмагамбетов А. Политика советской власти в Казахстане в отношении ислама. Алматы. 1998.

References:

Absattar kaji Derbisalin. Mecheti i medrese Kazakhstan. (Istoria i sovremennost) «Prostor» 2006, №11.

Anurin V.F. «Religia kak faktor integracii». «Sociologicheskie issledovania» 2013.

Baltanova G. Islam v SSSR: analiz zarubezhnyx koncepcii. Izdatelstvo Kazanskogo universitete: 1991g.

«Islam» enciklopedialiq aniktamaligi. Almaty. 2010.

- Koigeldiev M. Stalinizm na I repressii v Kazaxstane 1920-1940-x.godax. Almaty. 2008.
Mukhtarova G.D. Istory islame v Kazaxstane. Uchebnoe posobie. Aktobe. 2000.
Mukhtarova G.D. Istory islame v Kazaxstane. Uchebnoe posobie. Aktobe. 2009.
Shokai M. «Pantürkizm» i «panislamizm» v Srednei Azii». Shygarmalarynyn tolyk jinagy. Itom. Almaty: 2012.
Omarbekov T. «Asharshylyk» Almaty. «Arys» 2019.
Preodolevaia religioznoe islama. Sbornik dokumentov i materialov. Almaty.1990.
Stepanian M.T. Musulmanskie koncepcii v filosofii I politike XIX-XXv.v.Izdatelstvo «Nauka», Moskva.1982
Tasmagambetov A. «Politica sovetskoi vlasti v Kazakhstane v otnoshenii Islama». Almaty. 1998.

ҒТАХР 03.20.00

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ САБАҒЫНДА ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Апашева Сабира Нурбаевна¹, Абдеев Мейржан Ергешович²

¹Сырдария университетінің кафедра меңгерушісі тарих ғылымдарының кандидаты.

Қазақстан, Жетісай қ. Email: sabira66_66@mail.ru

²Сырдария университетінің магистранты, Жетісай қаласы.

Түйіндеме. Елімізде жүргізіліп жатқан реформалаудың басты мақсаты – білім берудің сапалы, қол жетімді, әрі оңтайлылығына қол жеткізу. Қазіргі таңда білім беру процесін ұйымдастыру әдістері, формалары, оқытудың құралдары, жоғары сапалы маман оқыту және тәрбиелеу, тек жоғары оқу орны шеңберінде ғана емес, жалпы білім беру мектептерінде сапалы білімді оқушы тұлғасын тәрбиелеу, әлемдік білім кеңістігінде өз орнын таба алатын азамат тәрбиелеу мәселесі Қазақстанның білім беру платформасының басты бағыттары болып табылады. Соған сәйкес отандық білім беру саласында оқытудың жаңа формалары мен бағалауды оңтайландыратын дәстүрлі емес формалары мен тәсілдері қолданысқа енгізіліп жатыр.

Мақалада оқытудың жаңашыл технологияларының жетістіктерін, өзіне тән ерекшеліктерін ескерген күйде, оқыту технологиялары мәселесіне қатысты зерттеулерді саралау арқылы біздің еліміздегі білім беру жүйесіндегі инновациялық педагогикалық технологияларды енгізудің мүмкіндіктері мен жолдары қарастырылған. Атап айтар болсақ, Қазақстан тарихы сабағында диалогтық оқыту, жобалап оқыту, Блум таксономиясы мен модульдік оқыту технологияларының педагогикалық мүмкіндіктері салыстырмалы түрде талданды.

Кілт сөздер: инновация, технология, реформалау, үдеріс, жүйе, құндылық, қауымдастық.

МРНТИ 03.20.00

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ НОВЫХ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

Апашева Сабира Нурбаевна¹, Абдеев Мейржан Ергешович²

¹Заведующий кафедрой университета Сырдария, кандидат исторических наук.
г. Жетысай, Казахстан Email: sabira66_66@mail.ru

²магистрант университета Сырдария, г. Жетысай, Казахстан

Аннотация. Главная цель проводимых в стране реформ – добиться качественного, доступного и оптимального образования. В настоящее время основными направлениями образовательной платформы Казахстана являются: организация образовательного процесса, формы, средства обучения, обучение и воспитание высококвалифицированных специалистов, воспитание личности учащегося не только в

рамках высшего учебного заведения, но и в общеобразовательных школах, воспитание гражданина, способного найти свое место в мировом образовательном пространстве. В соответствии с этим в отечественной сфере образования внедряются нетрадиционные формы и методы, оптимизирующие новые формы и оценки обучения.

В статье рассмотрены возможности и пути внедрения инновационных педагогических технологий в системе образования нашей страны с учетом достижений новейших технологий обучения, специфических особенностей, анализа исследований по проблемам технологии обучения. В частности, на уроках истории Казахстана сравнительно анализировались педагогические возможности диалогического обучения, проектного обучения, таксономии Блума и модульных технологий обучения.

Ключевые слова: инновация, технология, реформирование, процесс, система, ценность, сообщество.

IRSTI 03.20.00

PEDAGOGICAL POSSIBILITIES OF USING NEW INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN THE HISTORY OF KAZAKHSTAN SUBJECT

Sabira Apasheva¹, Abdezov Meirzhan²

¹Head of the Department at Syrdarya University, candidate of historical sciences.

Zhetisay, Kazakhstan Email: sabira66_66@mail.ru

²Master student at Syrdarya University, Zhetisay, Kazakhstan

Abstract. It is said that the central goal of the reform in the field of higher education carried out in our state is to achieve affordable quality education. At present, the basic aim in the educational field of Kazakhstan is not only to improve the teaching methodology, forms of education, methods of how to organize the educational process, training of high-quality specialists, the proper social guidance for the students studying in the higher education, but also for those from the secondary schools in general. The article looks into the possibilities and ways of innovative teaching methods to be introducing into the education system in our country. It analyzes the achievements in the field of innovative teaching technologies and research into the problems of teaching technologies. In particular, the paper pays attention to the comparative analysis of the pedagogical potential given by dialogic teaching, project learning, Bloom's taxonomy, and modular learning technologies in the history of Kazakhstan.

Key words: innovation, technology, reform, process, system, value, community.

Кіріспе. Қазіргі заманғы әлемдік кеңістікті игеруде қоғамның интеллектуалды потенциалға ие болуы маңызды рөлге ие. Ал, интеллектуалды потенциал жөнінде сөз қозғалғанда ең бірінші білім мен ғылым саласын жаңғырту алға тартылатыны сөзсіз. Дәл сондықтан да соңғы жылдардағы еліміздегі тек экономика саласындағы ғана емес, сонымен бірге жоғары білім беру саласындағы реформалау мен модернизациялау Қазақстан Республикасының болашақтағы даму болжамдарына сай жүзеге асырылуда.

Елімізде жүргізіліп жатқан реформалаудың басты мақсаты – білім берудің сапалы, қол жетімді, әрі оңтайлылығына қол жеткізу. Қазіргі таңда білім беру процесін ұйымдастыру әдістері, формалары, оқытудың құралдары, жоғары сапалы маман оқыту және тәрбиелеу, тек жоғары оқу орны шеңберінде ғана емес, жалпы білім беру мектептерінде сапалы білімді оқушы тұлғасын тәрбиелеу, әлемдік білім кеңістігінде өз орнын таба алатын азамат тәрбиелеу мәселесі-Қазақстанның білім беру платформасының басты бағыттары болып табылады. Соған сәйкес отандық білім беру саласында оқытудың жаңа формалары мен бағалауды оңтайландыратын дәстүрлі емес формалары мен тәсілдері қолданысқа енгізіліп жатыр.

XXI ғасырда қоғам мен мемлекет дамуының ең басты тетігі білім болып табылатыны мойындалды, оған ғасырлар тоғысында білімді халықаралық деңгейде дамытудың бағыттарына арналған реформалардың, соның ішінде Болон үдерісінің қарқынды дамуы дәлел. Қазақстанның білім беру саласындағы жүйелі өзгерістер әлемдік деңгейдегі болып жатқан жаңашыл бастамалармен үндесіп отыр.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің міндеттері- ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану» деп атап көрсеткендей-ақ, қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі-оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру.

Үшінші мыңжылдық – күзиреттілік білім беру жағдайында мұғалімнің инновациялық даярлығын қажет ететін, жаңа түрпатты мұғалімнің инновациялық іс-әрекетінің кезеңі.

Инновациялық үдеріс – білім беру жүйесін жаңарту және дамыту ғана емес, қоғамның, Қазақстанның өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында жаңа қоғамның, жаңа әлемнің жаңа мұғалімі қажеттілігінен туындаған үдеріс.

Құзыреттілік білім беру жағдайындағы инновациялық үдеріс-объектінің, педагогикалық идеяның, фактілер мен тұжырымдамалардың, теорияның, әдіс-тәсілдердің жаңа сапалық өзгерістерін қамтамыз ететін үдеріс, педагогикалық қауымдастықтың сұранысын қанағаттандыратын, қоғамдық педагогикалық құндылықтарына сәйкес жаңаны меңгеру, қолдану, талдау, салыстырмалы бағалау.

Педагогикалық технологиялар дегеніміз ғылыми негізделген және оқыту процесінде алға қойылатын мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін кәсіби құралдардың өзара бірігуін айтамыз.

Дәстүрлі педагогикалық технологиялардың басты белгісі ретінде субъект-объективті қарым-қатынас жүйесінде педагогикалық іс-әрекетте ұйымдастыру алға тартылады, әрі мұнда басты мақсат оқыту, тәрбие беру және дамыту болып табылады. Оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық принциптері, формалары, әдістері, тәсілдерінің біртұтас жиынтығы іспеттес инновациялық педагогикалық технологиялар білім алушы тұлғаның қалыптасуы мен дамуына кешенді түрде мүмкіндік жасайды.

Қазіргі білім беру саласында, оның ішінде орта мектептегі пәндерді оқытуда инновациялық технологияларды теориялық зерттеулерге қатысты мағлұматтар өте көп болғанымен дәл Қазақстан тарихы сабағында жаңа инновациялық технологияларды салыстырмалы түрде өзара зерттеу мәселесіне қатысты зерттеулер шектеулі десек қателеспейміз. Мысалы, көптеген ғалымдар орта мектепте оқыту процесінде модульдік оқыту, жобалап оқыту технологияларына жеке-жеке қарастырып, осы технологиялардың білім беру саласына бейімделуін, оқыту технологиялардың өз дәрежесінде жүзеге асырылуында педагог-мұғалімдердің инновациялық білімі туралы сөз қозғаған. Тіпті, көптеген мектеп мұғалімдері дәстүрлі оқыту арқылы өтілетін сабақ үлгісін қолдайтыны туралы да сыбыстар шығып жатады. Бұл дегеніміз білім беруші ұстаздың өзінің жаңашыл педагогикалық технологиялар туралы мағлұматтардың аздығынан деп санаймыз.

Осылайша, келесідей қарама-қайшылықтарға тап боламыз: бір жағынан интеграцияланушы әлемдік білім беру кеңістігінің басты талабы-оқушылар мен білім алушылардың тұлғалық қасиеттеріне бағытталған жаңа инновациялық технологияларды білім беру саласына өз деңгейінде енгізу, екінші жағынан осы педагогикалық инновациялық технологиялардың орта мектеп дәрежесінде практикалық түрде өз дәрежесінде бағытталмауы, мұғалімдер мен білім берушілердің инновациялық компоненттерді қолданудағы біліктіліктің аздығы.

Орта мектептегі Қазақстан тарихы сабағында инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану мәселесіне қатысты психологиялық-педагогикалық және әдіснамалық әдебиеттерге тарихи-теориялық талдау жасау арқылы еліміздегі орта мектептерде оқытылатын барлық дерлік пәндерді оқытуда жаңа инновациялық технологияларды пайдалануда, инновацияны білім беру салаларына енгізу мәселелерінде көптеген жетістіктерге жетілгендігіне көз жеткіздік. Сонда да Қазақстан тарихы сабағында жаңа инновациялық технологияларды кешенді түрде салыстырмалы

пайдалану тәжірибесі аз жүргізілгендігін байқадық. Сондай-ақ инновация мәселесі іспеттес педагогикалық технология мәселесі де соңына дейін толық зерттеліп, тұжырымдалған тақырып деп те атай алмаймыз, өйткені педагогикалық технологиялар мәселесі қазіргі таңда ұстанымдардың, концепциялардың, педагогикалық технологияларға қатысты ұғымдар мен заңдылықтардың әр-түрлілігімен ерекшеленеді.

Көптеген отандық, ТМД және шетелдік педагог-әдіснама саласының мамандары оқыту-тәрбиелеу процесіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізудің қажеттілігі туралы күмін келтірмейді, яғни қолдайды деген сөз. Қолдаушы ғалымдарды шартты түрде жалпы философиялық мазмұндағы жоғары теориялық-әдіснамалық саладағы жариялар тобы және жалпы ғылыми әлеуметтік және жеке-ғылыми (технологиялық-педагогикалық) топтарға ажыратуға болады.

Бірінші топтағы ғалымдарға: Ю.Н. Абабков, Е.П. Белозерцев, В.П. Беспалько, В.И. Загвязнский, М.В. Кларин, Д. Шопова және т.б. еңбектерін жатқызамыз.

Екінші дәрежелі топтағыларға: А.Д. Бондаренко, В.Г. Горохов, В.В. Гузеев, В.В. Давыдов және т.б.

Жоғарыдағы екі топ ғалымдарының еңбектері қоғам ішіндегі технологиялық қозғалыстың сапалық мазмұнға ие болуын зерттеуге арналған.

Үшінші топ-белгілі бір анық технологиялық-педагогикалық мазмұндағы зерттеулерді ұсынған ғалымдар тобы келесілер: Ю.И. Борщ, М.И. Ботов, И.В. Горлинский, Н. Ибнуманаф, Р. Митчел, М. Маджаров, С.М. Маврин, В.М. Монахов, В.Ю. Питюков, П.И. Пидкасистый, В.А. Сластин, С.А. Смирнов, Т.А. Стефановская, Ю.М. Тоболов, Ф. Янушкевич және т.б.

Енді, орта мектепте енгізілетін инновациялық педагогикалық технологиялардың түрлері мен жіктелуіне қарай жеке-жеке зерттелу деңгейін қарастырайық:

жаңашыл инновациялық технологияларды білім беру саласына енгізудің жолдары, әдіс-тәсілдері, сондай-ақ модульдік оқыту технологияларын блоктарға ажырату арқылы ұйымдастыру әдістемесі, білім беру саласындағы модульдік технологияны енгізудің қазіргі заманғы жағдайы туралы туралы алғашқы зерттеу жүргізгендер қатарына - С.Я. Батышев, А.Т. Глазунов, И.П. Смирнов, А.Н. Лейбович, А.М. Новикова, П.Н. Новикова, Е.В. Ткаченко, Л.Д. Федотова, Ю.А. Якуб, О.Ю. Бурцева, С.Я. Морозов, Н.Ф. Талызина Т.И. Шамова, В.А. Шибанов еді.

Педагогикалық технологиялар және олардың дамуы мен білім беру процесіне енгізу, сондай-ақ жалпы орта мектепте және басқа да білім беру мекемелерінде дифференциациялау мәселесін зерттеуде үлес қосқан ғалымдар: М.В. Антропов, И.Д. Бутузов, Р.Б. Вендровская, М.В. Волкова, Н.К. Гончаров, Ю.А. Иванов, Е.С. Рабунский, И.Э. Унт, В.В. Фирсов, В.П. Беспалько, Г.К. Селевко, Н.Н. Михайлова, В.М. Монахов және т.б. өз еңбектерін арнаған.

Педагогика ғылымының технологиялануының қазіргі замануи қарқынына ықпал етуші технологиялардың бірі-Дж. Дьюи ұсынған жобалау әдісі. Аталмыш әдіс біздің елімізде және ТМД аумағындағы педагогикалық-әдіснамалық әдебиеттерде және педагогика тарихына қатысты зерттеулерде «жобалау әдісі» деген терминмен сақталған. Жобалау әдісі педагогикалық технологиясына қатысты келесі тұжырымдар мен зерттеулерді ерекшелеп алуымызға болады:

Жобалау әдісінің шығуы мен негізін қалаушы педагог-ғалымдарға қатысты пікірлер әр-түрлі. Мысалы: Е.С. Полат, Н.Ю. Пахомова жобалау әдісінің авторы деп американдық философ және педагог Джон Дьюи деп санаса; Б.М. Назаренко аталмыш әдістің авторы ретінде В. Килпатрикти алға тартады. Келесі американдық педагогтар Дж. Кнеллер, К. Гоулд, Дж.С. Холл жобалау әдісінің негізін қалаушысы деп Р. Стимсонды санайды.

Жобалау әдісінің шыққан сәтінен бастап бұл әдіс туралы түрлі концептуалды контексте көп айтылды, мысалы:

-еңбек арқылы оқытумен байланыстыру арқылы - К.М. Вудворт, Н.К. Крупская, С.Т. Шацкий;

- кәсіби біліммен байланыстырып - Н.Е. Эрганов, Г.В. Рогов, Ф.М. Рабинович;

-дифференциялық білім берумен байланыстырып - Н.П. Гузик, Е.А. Юнина, И.Э. Унт;

-жеке тұлғалық-бағытталған білім беру/оқыту - И.С. Якиманская;
-серіктестік педагогикасымен байланыстырып - В.Ф. Шаталов, В.А. Сухомлинский, И.П. Волков, Л.С. Выготский.

- жобалау әдісінің тарихы мәселесі бойынша зерттеулерді жүргізгендер қатарына И.Г. Ворончихин, М. Кноль, В.Н. Стернберг айтуымызға болады.

- әлемдік ғаламдық және интеграциялық процестер жағдайындағы білім беруді дамыту стратегиясы туралы зерттеген шетелдік педагог-ғалымдар тобы келесідей: Ж. Аллаг, С. Браславски, Х.Х. Бруннер, Л. Бэк, Х. Вессури, Д. Дэниел, Б. Колдуэлл, В. Ордоньес, Р. Маклин, А. Мокус, У.П. Триер, Б. Эдварде;

-білім беру саласында ғаламдық интерациялау процесінің маңыздылығын зерттеген ТМД аумағы ғалымдарына Б.Л. Вульфсон, Б.С. Гершунский, А.Н. Джурицкий, А.П. Лиферов, Н.Д. Никандров және т.б. атап өтуімізге болады;

- білім беру саласын мемлекеттік реттеу, яғни мемлекеттің білім беру саласындағы ықпалын зерттеушілер қатарына-В.К. Бацын, А.Ю. Белогуров, В.И. Беспалов, В.П. Борисенков, А.А. Греков, Ю.С. Давыдов, В.М. Жураковский, А.С. Запесоцкий, Л.П. Кураков, В.И. Солдаткин, В.Д. Шадриков, В.К. Шаповалов, Н.М. Швецов және т.б. ғалымдарды ерекшелей аламыз.

- білім беру саласында жаңа технологияларды енгізу арқылы бүкіл әлемдік біртұтас білім беру кеңістігін құру принципін негіздеушілер қатарына келесі ғалымдар тобын атап өтеміз: О.В. Аракелян, А.Г. Асмолов, Н.В. Бордовская, О.И. Воленко, Г.Д. Дмитриев, Н.Б. Крылова, З.А. Малькова, А.В. Райцев, А.А. Реан, К.И. Салимова, Л.Л. Супрунова, М.Г. Тайчинов, Б.А. Тахохов және т.б.;

- жаңашыл педагогикалық технологияларды белгілі бір бағытта қолдану принциптері туралы зерттеушілер: В.П. Беспалько, В.Н. Кругликов, А.М. Пырский, В.А. Якунин және т.б.;

- Педагогикалық тұжырымдамаларда теория мен тәжірибенің біртұтастығы, бірінғайлығы туралы, жаңа педагогикалық технологиялар арқылы білім алушының/оқушының ойлауы мен мәдениеттілігін дамыту туралы, «қазіргі заман тұлғасын» қалыптастыруда информациялық мәдениеттіліктің алатын орны туралы келесі ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылған: С.Я. Батышев, А.П. Беляева, А.Н. Джурицкий, Н.К. Деева, А.М. Новиков, В.В. Шапкин, Л.И. Абалкин, А.И. Агеев, М.Ф. Антонов, А.Ю. Архипов, Л.Н. Пономарев, В.Ф. Щербин, К.А. Улыбин және т.б.;

- жаңа инновациялық технологияның бірі болып табылатын проблемалық оқыту мен дамыта отырып оқыту теориялары туралы зерттеушілер тобына: Л.С. Выготский, В.В. Давыдов, М.И. Махмутов және т.б. жатқыза аламыз.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Тақырыпқа талдау жүргізу барысында зерттеушілер негізгі материалдар ретінде осы тақырып аясындағы жарыққа шыққан құжаттар мен заңдар, инновациялық технологияларды педагогикалық үрдіске енгізу мәселесін қарастырған отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерін, зерттеулерін басшылыққа алған.

Зерттеу жұмысында педагогикалық, философиялық және психологиялық әдіснамалық әдебиеттерге талдау әдісі, анализ жасау әдісі, озат педагогикалық тәжірибені байыту әдістері қолданылды.

Талқылау. Қазақстан тұрақты түрде дамып келе жатқан мемлекет ретінде халықаралық білім беру қауымдастығының бір бөлігі болуға үмтылыс жасауда. Сонымен қатар білім берудің маңызды стратегиялық мақсаттарының бірі-көрнекті қазақстандық білім беру дәстүрлерін сақтай отырып, мектеп түлектері мен Жоғары Оқу Орындарының түлектерін халықаралық квалификациялық сапалармен қаруландыру болып табылары сөзсіз.

Еңбек нарығы мен білім беру қызметі нарығының өзара байланысу жағдайында бір мезетте жеке тұлғаның, қоғамның және білім беру жүйесінің мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған кәсіби білім беруді дамытудың өзектілігі күн артқан сайын байқалуда.

Соңғы 20 жыл ішінде Қазақстанда жүргізілген әлеуметтік-экономикалық реформалар ел экономикасының құрылымында көптеген өзгерістерге алып келді. Меншіктің жаңа формаларын пайда болды, кәсіби іс-әрекеттің стандарттары (кәсіби стандарттар)

қалыптасты, білім беруде жаңашыл инновациялық технологиялар енгізілуде.

Білім беру саласында, оның ішінде орта мектептің Қазақстан тарихы сабағына жаңашыл инновациялық технологияларды енгізу мәселесі қазіргі таңда өзекті тақырыптардың біріне айналуда. Тек Қазақстанда емес бүкіл әлемде нарықтық экономиканың шарықтауына байланысты тек экономика саласында ғана емес білім беру саласындағы бәсекелестіктің қарқындылығы байқалып жатқаны берлігі. Өйткені ел экономикасының жетілуіне, одан әрі дамуына ғылым мен білімнің басты түрткі көзі екені тарих беттері дәлел бола алады. Сондықтан әлемде білім беру саласында «сауатты», «жан-жақты дамыған», «өз-өзіне сенімді», «аналитикалық тұрғыдан ойлай алатын», «өзін-өзі бағалай алатын» тұлғаны қалыптастыру ең басты мақсат ретінде алға тартылуда. Өйткені тек «сауаттылықпен», тек «білімділікпен» тұлғаны жан-жақты дамытудың жолы жоқ екенін байқалғаннан кейін, білім беру саласына оқытудың жаңашыл инновациялық технологиялары ұсынылады басталды (Әлметова, 2007: 51).

Кез-келген іс-әрекет не технология, не өнер болуы мүмкін. Өнер - интуицияға, ал технология ғылымға сүйенеді. Барлығы өнерден басталып, кейіннен қайтадан басталу үшін технологиямен аяқталады. Осылайша, педагогикадағы соңғы жылдардағы басты, әрі кеңінен қолданысқа ие түсініктердің бірі – «педагогикалық технологиялар» түсінігі. Аталмыш термин ғылыми, публицистикалық, педагогикалық әдебиеттерде кеңінен көрініс табууда.

Педагогикалық әдебиеттерде «педагогикалық технология» ұғымына көптеген сал алуан анықтамалар берілген. Бірақ ол анықтаманың ешбірі бұл ұғымды жан-жақты, толық ауқымда ашып бере алмайды. Педагогикалық технологияның жалпы және жалқы әдістемелерін түсіну үшін біз ең алдымен «білім беру», «оқыту» ұғымдарының мәнін ашуымыз керек болады.

Оқыту типтерін сонау XVII ғасырда Я.А. Коменский ғылыми негіздеді және ол бойынша: «білім беру-мұғалімнен оқушыға бұрыннан жинақталған, танымал ғалымдардан шәкірттеріне жеткізілген дайын білім, білік, дағдылардың беру процесін айтамыз», - делінген. Дәстүрлі білім беру процесі логикасы бойынша ғылыми білімді белгілі бір құрылым мен жүйе бойынша дәстүрлі сабақта берілуі тиіс.

Енді, «педагогикалық технология бұл – жаңашыл әдістердің жиынтығы» деген ұғымды талқылау үшін, алдымен, әдіс ұғымына сипаттама берейік.

Әдіс – бұл мақсатқа жету жол, мақсатқа жетудегі белгілі бір тәсіл немесе мақсатқа жету құралы. Қазіргі заман дидактикасында оқыту әдісі дегеніміз білім беру процесінде жеке тұлғаны (оқушы тұлғасын) дамыту, оқыту және тәрбиелеу мақсатына жетуге бағытталған педагог пен оқушылардың өзара байланысқан тәсілдерін айтамыз. Бұл сөйлемнен шығатын басты тұжырым «оқыту әдісі дегеніміз – оқушы мен мұғалімнің арасындағы өзара байланысқан іс-әрекет» деген мағынаны білдіріп тұр. Оқушы мен мұғалім арасындағы байланыс тікелей түрде ғана емес, сондай-ақ кітап бойынша жанама, компьютерлік бағдарлама бойынша, хат арқылы жүргізілуі де мүмкін. Осындай негізде оқыту әдістерін жүйелеуге болар еді. Ол дегеніміз білім беру мен оқытудың алдына қойылған мақсатқа бағытталған оқушы мен мұғалімнің арасындағы қарым-қатынас формаларын пән материалдарымен байланыстырып, оқыту әдісінің классификациясын жасау деген сөз. Дегенмен де дидактикада оқытудың жоғарыда аталғандай классификациясы жоқ. Түрлі педагогтар мен авторлар оқыту әдістерін жүйелеудің өзіндік ұсыныс үлгілері болғанымен, олардың ешбірі жан-жақты қамтылған үлгі ретінде алға тартуға болмайды. Мысалы оқыту әдістерін кейбір педагогтар іздену әдісі және жартылай іздену әдісі деп жіктеген. Бұлай жіктеу үлгісі дидактикаға сәйкес келеді деп санамаймын.

Дегенмен де педагогикада оқыту әдістерін дәстүр бойынша 4 топқа ажыратады:

1. Оқу информациясын беру және қабылдау көзі бойынша (әңгіме, лекция, демонстрация және т.б.).
2. Информацияны беру және қабылдау логикасы бойынша (индуктивті, дедуктивті).
3. Білімді меңгеруші оқушылардың ойлаудағы өзіндік тәуелсіздік дәрежесі бойынша (репродуктивті, проблемалы - ізденімпаз).
4. Оқу жұмысын басқару дәрежесі бойынша (педагогтың басшылығымен немесе педагогсыз).

Жоғарыдағы классификацияда «әдіс» ұғымының мәні ашылмағандығын байқай аламыз.

Соңғы жылдары педагогикалық әдебиеттерде оқыту әдістерін келесідей ажырату кеңінен қолданысқа ие болуда:

- пассивті оқыту әдістері.
- активті оқыту әдістері.
- интерактивті оқыту әдістері.

«Активті оқыту әдістеріне» проблемалы лекция, ролдік және іскерлік ойындар, топтық пікір-талас, жағдаяттық мәселелерді шешу, драматизация және т.б. әдістер енгізіледі. Бірақ оқыту әдісін активті деген терминмен атаудың өзі келесі тұстарда сәйкес келмейтін қарама-қайшылықтарды туындатады:

Біріншіден, ролдік ойын, пікір-талас іспеттес жоғарыда аталғандар оқыту әдісі емес, оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру формасы болып табылады.

Екіншіден, «әдіс» өзінің терминдік мағынасы (сөздің мағынасы) бойынша пассивті болуы мүмкін емес, өйткені әдістің көмегімен белгілі бір алға қойылған оқытудың мақсатына қол жеткізіледі.

Үшіншіден, «интерактивті әдіс» деген терминнің өзі көптеген сұрақтарды туындатады. Өйткені «әдіс» сөзінің мағыналық астарында оқушы мен мұғалімнің арасындағы өзара байланысқан іс-әрекеттер жатқандықтан, интерактивті емес әдістердің болуы мүмкін емес. Яғни, мұғалім мен оқушының арасында тығыз байланыс пен сенімді қарым-қатынас орнаған жағдайда ғана оқыту әдістері өз дәрежесінде жүргізілгендігін көрсетеді. Осы аталған әдістерді жүйелеу арқылы, оқытудың технологиясы құралады.

Әрбір инновациялық технология - өзіндік принциптер мен өзіндік ережелерге сүйенеді. Бүкіл әлемде білім беру саласында көптеген инновациялық технологиялар қолданылады. Осыған байланысты нарықтық экономикаға жаңа көшкен Қазақстанның білім беру саласында алдына тұратын мәселе-біздің дәстүрлі білім беру жүйесіне сәйкестене алатын жанашыл оқыту технологияларын бірте-бірте енгізу, мұғалімдер мен оқытушыларды даярлау және қайта даярлау, оқушылардың жанашыл инновациялық технологияларға қатысты қызығушылықтарын ояту, оқушының танымдық жүйесін дамыту және т.б (Пошаев, 2010:70).

Көптеген отандық, ТМД және шетелдік педагог-әдіснама саласының мамандары оқыту-тәрбиелеу процесіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізудің қажеттілігі туралы күмін келтірмейді, яғни қолдайды деген сөз. Қолдаушы ғалымдарды шартты түрде жалпы философиялық мазмұндағы жоғары теориялық-әдіснамалық саладағы жариялар тобы және жалпы ғылыми әлеуметтік және жеке-ғылыми (технологиялық-педагогикалық) топтарға ажыратуға болады (Сарбасова, 2006:38).

Педагогикалық технология түсінігін немесе терминін әр-түрлі ғалымдар түрліше түсініктер мен ұғымдармен байланыстыра отырып, бізге сипаттама береді. Әр ғалымның әр-түрлі түсінікке ие болуы педагогикалық технологиялардың толық дәрежеде енгізілмегендігін білдірсе керек.

Педагогикалық технология ұғымының зерттелу тарихынан алдын біз «технология» ұғымына тоқтала кеткеніміз жөн. «Технология» ұғымы компьютерлік техниканың дамуы мен жаңа компьютерлік технологиялардың енгізілуімен бізге келе бастады. Ғылымда «педагогикалық технология» атты арнайы бағыт пайда бола бастады (Кукушкина, 2002: 101). Бұл бағыт өткен ғасырдың 60-жылдары АҚШ мен Ұлыбританияда туындады, қазірде бүкіл әлем мемлекеттерінде кеңінен қолданысқа ие десек қателеспейміз.

Қазіргі таңда педагогикалық технология түрлерінің көптігі соншалықты оларды түрлі сипатына қарай ажыратуға да болады. Мысалы педагогикалық технологиялар келесі сипаттық белгілеріне қарай ажыратылады:

- Мақсатына қарай;
- Міндетіне қарай;
- Құрылымына қарай;
- Жылдамдатылған білім беру әдісіне қарай;
- Топтық оқыту түріне қарай;

- Қашықтан оқыту;
- Ойын түрінде оқыту түріне қарай және т.б. (Губайдуллина, 2011: 35).

Өзектілік оқушының немесе білім алушының өзін-өзі тануына, өзін-өзі бағалауына, ойлау қабілетінің дамуына, өзін-өзі дамытуына түрткі болатын білімнің минимумды базасында оқушының білімі мен икемділіктерін дамытушы жаңашыл педагогикалық технологияларды енгізудің қажеттілігі. Осындай технологиялардың бастылары-модульдік оқыту технологиясы мен Блум таксономиясы (Шайхы, 2012: 36).

Модуль сөзі-латын тілінен «modulies» - «шара», «айла-тәсіл» дегенді білдіреді. Оқытудың модульдік технологиясын ойлап тапқан педагог-ғалымдар модальдік технологияның дидактикалық анықтамасын анық ғылымдардағы іспеттес (мысалы техникадағыдай) қабылдауды талап етеді, яғни модульдік оқыту технологиясы-бұл біртұтас қызмет ететін жүйе, жекелеген шеңберлермен шектелген, белгілі бір функцияның бастан аяғына дейін орындалуын қамтамасыз етеді. Яғни, модульдік технология-функционалды және конструкторлы тәуелсіз бірлік, ол бірлік жекелеген бөлік те болуы мүмкін, басқа бір күрделі объектінің құрамдас бөлігі де болуы мүмкін немесе жеке объект, жекелеген агрегат ретінде болуы да ықтимал (Ортаев, 2008:160).

Модуль - бұл біртұтас функционалды бірлік, онда оқу мазмұны, сол оқу мазмұнын меңгеру технологиясындағы бақылау мен коррекциялау жоғары біртұтас-мақсатты жүйеге біріктірілген.

Зерттеушілердің көпшілігі модульді мазмұны, оқыту әдістері, оқушылардың өзіндік тәуелсіздігі, оқушылардың оқу-танымдық әрекеттесу қарқыны жағынан индивидуализацияланған оқыту бағдарламасы ретінде қарастыруға болатынын ескертеді. Әрбір модуль өзінің дидактикалық мақсатына ие (Әлімов, 2012:68).

Ал, Б. Блумның білім беру саласына қосқан ең үлкен үлесі ойлау ұстанымдарының дәрежелері-фактілерді төмен дәрежедегі қарапайым өңдеуден жоғарғы дәрежедегі анализдеу мен бағалау процесінің дәрежелері туралы анықтама беруі болды. Блум жариялаған немесе ұсынған «Білім беру мақсаттарының таксономиясы. Анықтама 1: Когнитивті сала» Taxonomy of Educational Objectives: Handbook 1, the Cognitive Domain (Bloom et al., 1956) атты мақаласы мен жариялымы қазіргі таңда бүкіл әлемде бағалау материалдары мен оқыту (білім беру) бағдарламаларын дайындауда кеңінен қолданылады. («Таксономия» термині классификация, категориялау немесе жүйелеу мағынасын білдіреді). Таксономия одан алдыңғы білім беруге сүйене отырып, ұғынудың (түсінудің) одан да күрделі ұғымдарын дамытатындығын білдіреді (Bloom, 2014: 120).

Көптеген оқытушылар Б. Блум таксономиясын өзі ұсынатын құрылымына байланысты қолданады, мысалы білімділікті бағалау үшін.

Соңғы жылдары Б. Блум таксономиясын Taxonomy (Anderson & Krathwohl, 2001; Krathwohl, 2002) қайта қарастыру ұсыныстары да жоқ емес, бірақ Блум мен оның әріптестері ұсынған шынайы жұмыстары педагогикалық әдебиеттерде кеңінен қолданылатын жұмыстардың болып қалуын да атап өтуіміз керек (Anderson, 2010: 75).

ТМД аумағында жаңашыл инновациялық технологияларды білім беру саласына енгізудің жолдары мен әдіс-тәсілдері туралы алғашқы зерттеу жүргізгендер қатарына - С.Я. Батышев, А.Т. Глазунов, И.П. Смирнов, А.Н. Лейбович, А.М. Новикова, П.Н. Новикова, Е.В. Ткаченко, Л.Д. Федотова, Ю.А. Якуб және т.б. болатын (Ибашева, 2010:40).

Модульдік оқыту технологияларын блоктарға ажырату арқылы ұйымдастыру әдістемесі, білім беру саласындағы модульдік технологияны енгізудің қазіргі заманғы жағдайы туралы О.Ю. Бурцева, С.Я. Морозов, Н.Ф. Талызина Т.И. Шамова, В.А. Шибанов еңбектерінен мәліметтер аламыз (Сейтешов, 2000: 88).

Жалпы орта мектепте және басқа да білім беру мекемелерінде дифференциациялау мәселесін зерттеуде үлес қосқандар қатарына: М.В. Антропов, И.Д. Бутузов, Р.Б. Вендровская, М.В. Волкова, Н.К. Гончаров, Ю.А. Иванов, Е.С. Рабунский, И.Э. Унт, В.В. Фирсов және т.б. болды(Сейтбекова, 2014:63).

Педагогикалық технологиялар және олардың дамуы мен білім беру процесіне енгізу мәселесіне В.П. Беспалько, Г.К. Селевко, Н.Н. Михайлова, В.М. Монахов және т.б. өз еңбектерін арнаған (Аубакирова, 2008: 84).

Модульдік оқытуда ғылыми-негізделген құрылымдау принциптерін пайдалануды Н.В. Борисова, В.А. Ермоленко, К.Г. Кязимов, П.А. Юцявичене, М.А. Чошанова ұсынды (Рукгабер, 2013: 139).

Модульдік оқыту концепциясының оқу-бағдарламалық құжаттанудағы жобалау ережесі туралы Т.Т. Новикова мен О.А. Павлова ұсыныс жасады.

А. Любищев анықтамалары негізінде жалпы орта мектепте білім беруде Б.С. Блумның таксономиясын танымдық талдау барысында алты тапсырмалар деңгейі, ал аффективті талдау барысында бес күрделі деңгейі ажыратылады (Таубаева, 2011: 350).

А. Вишнякова орта мектептің оқыту процесінде Блум таксономиясы негізінде оқу-әдістемелік негіздерін жалпы педагогикалық тәжірибе ретінде негіздеген таксономия категориялары негізінде сабақ барысында тапсырмалар берудің артықшылықтарын қарастырған (Елеусізова, 2014:37).

К. Кнапп зерттеулерінде Б.Блум таксономиясы бойынша оқушылардың білімін бағалаудың ерекшеліктері-мақсаттың деңгейлер тізбегі ретінде дәл қойылуы мен нәтиженің игеру деңгейлері тізбек ретінде берілуін мақсатқа сәйкес нәтиже алынған жағдаятты үздіксіз бақылауды, керек болған жағдайда түзету енгізу арқылы нәтиже алуды тиімді қадағалауға қол жеткізеді (Мұхаметжанова, 2011: 64).

Ф. Кайнц бойынша оқыту тапсырмаларын жасау барысында Б.С. Блумның бағытын пайдалануға тырысқан кезде ұстаздар тап болған қиындық оның таксономиясы өзінде салынған артығын бере алмауы болды. Яғни бұл тапсырмалар дәл қазір бар тапсырмаларға арналған, ал оқытушылар болса нақты бір аймақтарда тапсырмалар жасауға көмектесетін құралдарға мұқтаж (Сұлтанханова, 2012: 19). Құрастырылған тапсырмалардың қисынды негізі таксономияның толықтығына кепілдік берер еді және қайталанулардың жоқтығын білдірер еді, олар қисынды, ең жақсысы психологиялық тұрғыдан байланысты болғаны дұрыс болар еді (Чошанов, 2006: 160).

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз барлық нәрсеге күдікпен қарау емес, сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз сабақта қарастырылатын тақырыпты жан-жақты көзқараста қарастыру арқылы мәселені шындау, айқындау, толығымен қарастыру деген сөз. Сыни тұрғыдан ойлау инновациялық технологиясын Қазақстан тарихы сабағында пайдалануда 3 деңгейден құралатын құрылымға тап боламыз. Ол құрылымдар немесе сатылар:

Бірінші саты: оқушылардың сабаққа, бүгінгі сабақтың тақырыбына қызығушылығын ояту кезеңі.

Бұл сатыда өткен сабақты бүгінгі сабақпен байланыстыра отырып, қайталап, оқушылардың Қазақ хандығының құрылу алғышарттары болған тарихи оқиғаларды еске түсіреміз, сондай-ақ қазақ ұлтының этнос ретінде қалыптасу тарихын да түсіндіріп, оқушылардың белсенділігі арттырылады.

Екінші саты: сабақ тақырыбының басты идеясын ашу, оқушылардың Қазақ хандығының құрылу тарихындағы Керей мен Жәнібек сұлтандардың бөліну тарихы, Жетісудағы алғашқы Қазақ хандығының құрылуы мәселелерін өзара ұштастыра отырып, оқушылардың өзіндік ойлау қабілеттілігін кеңейтіу.

Осы сатыда оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында келесідей қарама-қайшылықтарға толы сұрақтар беріледі:

- Әбілқайыр хандығынан бөлініп шығу себептері ретінде тарихи себептердің қайсысын өзін қолдайсың?

- Әбілқайыр ханның ойраттардан жеңілу себептерін атап өте аласыңба?

- Қазақ хандығының құрылуына алғышарт болған халықтың Әбілқайыр ханның ішкі-сыртқы саясатына наразылығы деген тарихи тұжырымға келісесің бе?

- Қазақ хандығының құрылуына Моғолстан билеушілерінің ықпалы қандай болды?

- Қазақ хандығының алғашқы тұрақталған/құрылған жер аумағы мен этникалық құрамы қандай еді?

Үшінші саты: ойлану сатысы. Екінші сатыда берілген сұрақтар мен тапсырмаларды оқушылар өзінше ойланып, жауап бере отырып, іштей ойлануға, тұжырым жасауға үйренеді, өзара өз ойын айту арқылы ой алмасады.

Сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастыру технологиясын жүзеге асыруда келесідей шарттарды ескерген жөн:

1. Сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастыру технологиясында мұғалім оқушылардың өзіндік ойлауына жол ашушы, серік қызметін атқарады. Дәстүрлі сабақ жүйесінде мұғалім түсіндіруші, жеткізуші, басқарушы, ұйымдастырушы, бағалаушы қызметтерін атқарса, сыни тұрғыдай ойлауды қалыптастыру технологиясы бойынша мұғалім тек ұйымдастырушы және бақылаушы қызметін атқарады.

2. Сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастыру үшін оқушыларға дербестік пен тәуелсіздік, уақыт ұсынылады.

3. Оқушылардың ұсынатын пікірлерін, идеяларын, өз ойларын қолдау, құптау.

4. Оқушыларға сенімділік таныту, оқушының белсенділігін қолдау.

5. Оқушылардың өз ойын айтуға мүмкіндік берумен қатар, басқа да сыныптастарының ойын, идеясын, пікірлерін тыңдауға, құрметтеуге үйрету.

6. Оқушының өз ойын анық жеткізу дәрежесіне қарай оқушыны бағалау.

Сабақ соңында қатысқан оқушыларды бағаладым.

Үйге тапсырма: Достық туралы мақал-мәтел жинау.

Нәтижелер. Қазақстан тарихы сабағында инновациялық технологияларды пайдалану моделін қалыптастырудың негізіне келесі принциптер енеді:

- Жүйелілік, өзара байланысты компоненттердің біртұтастығын, бірлігін қамтамасыз етеді.

- Үзіліссіздігі, жаңа педагогикалық технологиялар арқылы білім беру жағдайындағы оқушының жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін педагогикалық білім беру кезеңдерінің үзділссіздігі.

- Фундаменталдылығы, зерттеу жұмысының ғылыми негізделуін, сондай-ақ оқушының жаңа заманауи технологиялар туралы біліктілігі, білімі, жоғары сапалы болуын есепке алу, оқушының аналитикалық ойлау жүйесінің дамуын қамтамасыз ету.

- Интегративті, пәнаралық байланыстарды ескеру, зерттеу жұмысының мақсаттары мен талаптарының бірлігі мен мазмұнын байытуды көздеуші пәндер кешенін құру.

- Икемділігі мен көптүрлілігі, оқушының жеке тұлғалық қажеттіліктерін қанағаттандыруда және білім беруде өзін-өзі бағалау, өзіндік білім алу, іздену, құқығын қамтамасыз ету.

- Демократияландыру, әрбір оқушының жан-жақта дамуын қамтамасыз етуде мұғаліммен оңтайлы/ізгіленген қарым-қатынас орнатуын қамтамасыз ету.

- Гуманизм, білім берудің тұлғалық-бағыттылық сипаттағы бағытталуы.

- Интерактивтілік, білім беру процесіне қатысушылардың оқыту процесіндегі топтық қарым-қатынастың серіктестік, кооперация негізінде құрылуы, нәтижесінде педагогикалық іс-әрекеттің құндылығын сезіндіру.

- Серіктестік, оқушы мен мұғалім арасында тең құқылы қарым-қатынасты құруды көздейді.

Қазақстандық және шетелдік педагог ғалымдардың еңбектеріне негізделе отырып жоғарыда аталған теорияларды, ұғымдар мен тұжырымдарды жинақтай отырып, біз Қазақстан тарихы сабағында инновациялық технологияларды пайдаланудың моделін құрастырды.

Қазақстан тарихы сабағында инновациялық технологияларды пайдалану құрылымын сипаттау өзара байланысқан бірқатар компоненттерді белгілеуге мүмкіндік береді, олар:

-Инновациялық технологиялардың әр-түрлі болуы, яғни санының, жіктелу түрлерінің көп болуы. Сондықтан Қазақстан тарихы пәні мұғалімі өз сабағына жан-жақты талдай отыры, дәл сол сабаққа немесе сол пәнге сәйкес келетін инновациялық технологияның түрін таңдап алуы.

-Инновациялық технологиялар арқылы Қазақстан тарихы сабағын ұйымдастыруда күтілетін басты мақсат-өзін-өзі бағалай алатын, өзіндік білім іздей алатын, білім ала алатын оқушы тұлғасын қалыптастыру. Сондықтан біздің зерттеу жұмысымыздағы зерттеудің құрылымдық моделі құрамындағы ескеретін басты компонент осы-оқушы «тұлғасын» қалыптастыруға түрткі болу.

- оқушы тұлғасының дамуына түрткі болатын, ойлау мен өзіндік ұстанымның, коммуникативті дағды мен толеранттылықтың демократиялық типтерінің дамуына ықпал етуші механизм ретінде инновациялық технологияларға негізделген Қазақстан тарихы сабағын ұйымдастыру.

- өзінің тұлғалық қабілеттерін дамыту арқылы оқушының өзіндік білім алуына, өзін-өзі бағалауына қол жеткізудің әдіс-тәсілдері.

- Әр-түрлі іс-әрекет түрлері.

Оқытудың барлық талаптарына жауап беретін, жекетұлға қалыптастыруда педагогқа жан-жақты көмектесетін оқытудың универсалды педагогикалық технологиясы бар деп айтуға әлі ерте. Қазірде оқыту мен білім берудің технологиялануы туралы сөз қозғауға болады. Оқытуды технологияландырудың өзі қазіргі заман педагогтарына көптеген қосымша мүмкіндіктер беретіні де сөзсіз. Білім беру саласында педагогикалық технологияларды пайдаланудың мүмкіндіктері мен артықшылықтары туралы мәселені көтерген ғалымдар қатарына Беспалько В.П., Селевко Г.К., Сластенин В.А., Маврин С.А. атап өтуге болады.

Қорытынды. Қазіргі таңда Қазақстан тарихы сабақтарында жаңашыл инновациялық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың танымдық қабілеттері мен ойлау жүйесін дамыту мәселелерін шешуде жаңашыл ізденістердің қажеттілігінен туындап отыр. Аталмыш теория Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен тәжірибесі үшін өте үлкен маңызға ие және жаңашыл инновациялық технологиялар негізінде Қазақстан тарихы сабағын ұйымдастыру мәселесін қазақстандық оқыту-педагогика саласына жаңашыл көзқарастармен, бейімделу жолдарын іздестірудің өзектілігі өте зор. Осындай өзекті мәселелерді шешуде оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырудың маңызы зор екені айқын.

Қазіргі ғылыми-техникалық үрдістің жоғары дәрежеге жетуі педагогика ғылымының жетістіктерінің нәтижесін көрсетеді. Ғылым мен техника негіздерін меңгеруге педагогика сабақтарының берері мол. Сабақ оқушының белсенділігін, ынтасын, өздігінен ізденуіне, ойлануына, қабілетінің артуына жол ашатын шығармашылық жұмыс.

Әдебиеттер

Anderson L.W., Krathwohl D. R. A taxonomy for learning, teaching, and assessing. New York: Longman. 2010. 75 p.

Bloom, B.S. Taxonomy of educational objectives: The classification of educational goals: Handbook I, cognitive domain. New York: Longman., 2014. 120 p.

Аубакирова Р., Нұрбекова М., Педагогикалық зерттеу әдістемесі. Оқу құралы: Астана. 2008. 84 б.

Әлметова А. сөйлеу әрекеттері түрлеріне оқыту. Оқу әдістемелік құрал: Арыс. 2007. 51 б.

Әлімов А.Қ. интербелсенді әдіс-тәсілдер. Оқу құралы: Астана. 2012. 68 б.

Губайдуллина. Г.Н., Педагогиканы оқыту әдістемесі. Оқулық: Алматы, 2011. 35-37 б.

Елеусізова С.Қ. Жаңарған әдістемемен оқыту // Республикалық-әдістемелік педагогикалық журналы. 2014. №2. 37б.

Ибашева М.С. Қарым-қатынас үрдісінде мұғалім мен оқушының арасында диалогтің туындауы // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Педагогика» сериясы, №5 (19). 2010. 40 б.

Кукушкина С.В. Педагогические технологии: // Уч.пособие: Ростов-на-Дону, 2002. 101 б.

Мұхаметжанова Ә. Педагогиканы оқыту әдістемесі. Оқулық: Алматы, 2011. 64 б.

Ортаев Б.Т. Оқушылардың техникалық шығармашылығы. Оқу құралы: Түркістан, 2008. 160 б.

Пошаев Д.К. Педагогика, педагог және заман талабы. Оқу құралы: Шымкент, 2010. 70 б.

Рукгабер Л.С. Новые подходы в обучении: диалоговое обучение. Астана, 2013. «Білім берудегі инновациялық процестер» атты І Республикалық конференция. 139 б.

Сарбасова Қ. Инновациялық педагогикалық технологиялар. Оқу құралы: Алматы, 2006. 38 б.

Сейтбекова И.Т. Диалогтік оқыту технологиясы // Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының хабаршысы журналы. №6. 2014. 63 б.

Сейтешов А.П. Актуальные проблемы образования и педагогической науки в начале XXI века в условиях Казахстана и пути их решения // Научный отчет Казахской академии образования им. Ы. Алтынсарина. Алматы: Ғылым, 2000. 88 с.

Сұлтанханова Г.Т. Жаңа технология – жаңашылдықтың бастауы // Педагогика мәселелері журналы- 2012. №1. 19 б.

Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя: от теории к практике. Алматы: Ғылым, 2011. 350 с.

Чошанов М.А. Гибкая технология проблемно-модульного обучения. М.: Народное образование, 2006. 160 с.

Шайхы Г.К. Топтық оқыту әдістері // «Қазақстан мұғалімі» журналы. 2012. №3. 36 б.

References

Anderson, L. W., Krathwohl, D. R. A taxonomy for learning, teaching, and assessing. New York: Longman. 2010. 75 p.

Bloom, B.S. Taxonomy of educational objectives: The classification of educational goals: Handbook I, cognitive domain. New York: Longman., 2014. 120 p.

Aubakirova.R., Nurbekova.M., methods of pedagogical research. Study guide: Astana. 2008. 84 b.

Training in speech activities in the village of Almetova. Training manual: Arys. 2007. B 51.

Alimov A. G. interactive methods and techniques. Study guide: Astana. 2012. 68 p. in training

Gubaidullina. G. n., methods of teaching pedagogy. Textbook: Almaty, 2011. 35-37 P.

Eleusizova S. Educational and methodical manual // Republican educational and methodical pedagogical journal. 2014. No. 2. 37B.

Ibasheva M. S. the emergence of a dialogue between teacher and student in communication // Bulletin KazNPU. Abaya, Pedagogy series, no. 5 (19). 2010. 40 PP.

Kukushkina S. V. Pedagogical technologies: // teacher's guide: Rostov-on-don, 2002. 101 PP.

Mukhametzhanova A. methods of teaching pedagogy. Textbook: Almaty, 2011.

Ortaev BT Technical creativity of students. Textbook: Turkestan, 2008. 160 p.

Poshayev D.K. Pedagogy, teacher and the requirements of the time. Study guide: Shymkent, 2010. 70 p.

Rukgaber L.S. New approaches to training: Dialog training Astana, 2013. I Republican conference "Innovative processes in education". P. 139

Sarbasova G. Innovative pedagogical technologies., Textbook: Almaty, 2006.

Saitbekova I. T. technology Dialogic learning // Bulletin of the Academy of pedagogical Sciences of Kazakhstan. No. 6. 2014. 63 b.

Seyteshov A. p. Actual problems of education and pedagogical science at the beginning of the XXI century in the conditions of Kazakhstan and ways of their solution // Scientific report of the Kazakh Academy of education. Y. Altynsarina. Almaty: Gylym, 2000. 88 PP.

Sultanbaeva G. T. New technology – jaisalmeri problems // Pedagogy of journals - 2012. No. 1. 19 b.

Taubayeva sh. T. Research culture of the teacher: from theory to practice. Almaty: Gylym, 2011. 350 PP.

Choshanov M. A. Flexible technology of problem-modular training. Moscow: Public education, 2006. 160 PP.

Shayhi G. K. group methods of training // journal "the teacher of Kazakhstan". 2012. No.3. 36 p.

ҒТАХР 03.20.00

**ПОДОЛЬСК МЕРГЕНДЕР МЕКТЕБІН БІТІРГЕН ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫНЫҢ
ЖАУЫНГЕРЛІК ЕРЛІГІ (ОРАЛДЫҚ ҚЫЗДАР МЫСАЛЫНДА)**

Боранбаева Бақтылы Сансызбаевна

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ., Қазақстан. E-mail: bbaktyly@bk.ru

Түйіндеме. Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақтың жауынгер ұлдары мен бірге қыздары да жанқиярлық ерлік үлгісін көрсетіп, қазақ халқын жауынгер, батыр халық ретінде әлемге паш етті. Алайда Кеңес Армиясы қатарында неміс фашистерін талқандауға қатысқан қазақ қыздарының жауынгерлік өмір жолдары бүгінгі күнге дейін зерттеу нысанына алынбаған тың тақырып. Демек, автор қазақтың мерген қыздарының жауынгерлік өмірін, олардың майдан даласындағы ерліктерін алғаш рет ғылыми зерттеу нысанына айналдырған. Зерттеу мақала жауынгер қыздардың майдан даласынан жазылған хаттары, олардың ғұмырбаяндары, естеліктері, майдангер аналардың ұрпақтарының жеке архивтерінен алынған тарихи деректер мен суреттер негізінде тұжырымдалып жазылған.

Кілт сөздер. Екінші дүниежүзілік соғыс, Подольск, Берлин, Ұлы Отан соғысы, жауынгер қазақ қыздары, мерген, Кеңес Армиясы.

МРНТИ 03.20.00

**БОЕВОЙ ПОДВИГ КАЗАХСКИХ ДЕВУШЕК, ЗАКОНЧИВШИХ
ПОДОЛЬСКУЮ СНАЙПЕРСКУЮ ШКОЛУ
(НА ПРИМЕРЕ ДЕВУШЕК ИЗ УРАЛЬСКА)**

Боранбаева Бақтылы Сансызбаевна

к.и.н., доцент, Западно-Казакстанский государственный университет им. М. Утемисова, г. Уральск, Казахстан. E-mail: bbaktyly@bk.ru

Аннотация. В годы второй мировой войны наряду с казахскими воинами, участвовавшими в Великой Отечественной войне, служили и казахские девушки, показав пример беззаветной храбрости и предстали тем самым миру воинственный и непоколебимый дух всего казахского народа. Но тем не менее воинский путь казахских девушек, принявших участие в разгроме фашистских сил, служа в рядах Советской Армии, на сегодняшний день не был объектом исследований историков. Таким образом, автор статьи, изучая и раскрывая воинский путь и фронтовой подвиг казахских девушек - снайперов, впервые выдвигает данную тему, сделав её объектом своего исследования. Сведения научной статьи основаны на реальных документах фронтовых письмах девушек, их биографий и воспоминаний о них, полученных из личных архивов потомков их матерей, а также исторических источников.

Ключевые слова: Вторая мировая война, Подольск, Берлин, Великая Отечественная война, казахские девушки-войны, снайпер, Советская Армия,

IRSTI 03.20.00

**THE HEROIC DEEDS BY THE KAZAKH FEMALE GRADUATES FROM THE
PODOLSK SNIPER SCHOOL: THE CASE OF URAL GIRLS**

Boranbayeva Baktyly Sansyzybayevna

Candidate of historical science, associated professor of M. Utemisov West Kazakhstan state university, Oral city, Kazakhstan, E-mail: bbaktyly@bk.ru

Abstract. Shoulder to shoulder with heroic men of the Kazakhs in the Great Patriotic

War were those equally brave Kazakh women, who demonstrated displayed how courageous that the Kazakh could be before the enemies to the world. However, the topic of the Kazakh girls, who participated in the war against the German fascists in the Soviet Army, is still in need to be studied to its full extent. In that respect, the present paper sheds light for the first time on the life of female snipers of Kazakh origin and their deeds in battlefields. The author of the paper had her research done on the base of letters, biographies, memoirs, and historical sources and illustrations from the personal archives of descendants of female participants of the war.

Key words. World War II, Podolsk, Berlin, The Great Patriotic war, the Kazakh warrior girls, sniper, the Red Army

Кіріспе. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында бүкіл Кеңес халқы «Бәрі де Отан үшін, бәрі де Жеңіс үшін» деген ұранмен жұмыла күресті. Майданға аттанған миллиондаған ұлдар мен қыздар кеудесін оққа тосып, қажырлықпен жүргізген шайқастың нәтижесінде Ұлы жеңіске қол жеткізіп, Отанды, халықты қорғап қалды.

Осы орайда әскери қолбасшы генерал полковник П. Романенко біздің халқымыздың ұлдарына деген сүйіспеншілігін: «Қазақтар – кеңпейіл, ақжарқын, ержүрек, батыр халық. Жауынгерлерім тек қазақтардан құралса, мен әрқашан риза болар едім» (Боранбаева, 2015:6), – деп білдірген еді.

Кеңестік Армия қатарында қазақстандық жауынгерлер де соның ішінде қазақтың ұлдарымен қатар қыздары да өздерінің жауынгерлігі, парасаттылығы және Отанға деген адалдығын әлемге паш етіп, қазақ халқының ұлттық мінезі мен қасиетін танытты. Олардың арасында Орал өлкесінен аттанған 76000 жауынгер жерлестеріміз де болды. Өкінішке орай, олардың әрбір екіншісі майданда қаза тапты. Біз оларға бүгінгі жарқын өміріміз үшін қарыздармыз.

Ұлттың, ұлы тұлғаның тарихи ерлігі мен еңбектері қашан да бағаланады екен. 1941-1945 жылдар аралығында Англияның әлемге әйгілі ақпарат құралдары «Санди таймс» газеті мен «Би-би-си» радиосының Мәскеудегі тілшісі болған Александр Верттің 1967 жылы Мәскеуде жарық көрген «Россия в войне 1941-1945 годов» атты еңбегінде қазақтардың соғыстағы ерліктері туралы: «Некоторые из самых стойких солдат Красной Армии были казаками; в целом на протяжении всей войны казахи проявили себя с самой хорошей стороны, а в самом Сталинграде среди лучших солдат были представители среднеазиатских народов...» (Верт, 1967: 45), – деп жазды.

Кеңес-герман майданында болып, әртүрлі деңгейдегі әскери қолбасшылармен және жауынгерлермен, тіпті соғыс тұтқындарымен де тілдесіп, тыл еңбеккерлерімен тығыз байланыста болған ағылшын журналисінің іргелі зерттеуіндегі қазақтар туралы айтылған бұл тұжырымының шындық деп қабылданатынын айтқан жөн.

Мәселен, екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан американдық антифашист суретші Стив Гаррисонның 1977 жылдың қазан айында Мәншүктің анасы Әминаға өзінің жүрек тебіренісімен жазған хатында: «Құрметті Маметова ханым, мен өзімді фашизмге қарсы күреске қатысқан екінші дүниежүзілік соғыс ардагері ретінде мақтан тұтамын. Қазақ халқының жауынгер қызы Мәншүк Мәметованың батырлығы американдықтардың да жүрегін тебіrentкені менің мәңгі жадымда. Қазақстан туралы ешбір мәліметі жоқ менің балаларым мен жас американдықтар үшін қазақ қызының батырлық ерлігі туралы жазылған майдан газетінің қиындысын сақтап, өзіммен бірге елге алып келдім. Арада көп уақыт өтсе де, сол соғыс жылдарынан басталған арманым – жас батыр қыздың бейнесін фрескаға түсіруге бел байладым. Осылайша менің көп жылғы жан толғаныстарымның нәтижесі фрескаға түсірілген. Сіздің қызыңыздың, яғни Шығыстың батыр қызының, бейнесі болмақ. Фрескаға салынған қазақтың батыр қызының бейнесі арқылы бүгінгі жас американдықтар Отан үшін ерлік көрсетудің үлгі - өнегесін танып білетін болады» (Птущенко, 1982), – деп жазды. Осылайша Шығыстың қос шынарының бірі – Мәншүк Маметова кеңес халқының ғана емес бүкіл бейбітсүйгіш әлем халқының мақтанышына айналып, сүйіспеншілігіне бөленген еді.

Енді жоғарыдағы Стив Гаррисонның хат жөнінде айтар болсақ, «Правда» газетінің 1982 жылғы 26 қазан күнгі (№299) санында жарияланған «Помнят Маншук» атты шағын мақалада Семей медицина институты жанынан М. Мәметова атындағы музей

ашылғандығы, музейдің көрме залына қойылған жәдігерлер арасында американдық суретші С. Гаррисонның хаты да бар екендігі айтылған.

Сондай-ақ ғалым Г. Нұрбекова да 1988 жылы жарияланған «Женщины Казахстана – фронту» атты монографиялық еңбегінде жоғарыдағы «Правда» газетіне сілтеме жасай отырып, суретші С. Гаррисонның хаты Семей медицина институтының М. Мәметова музейінде сақталғанын жазған (Нұрбекова, 1988:22). Алайда біз осы дерек бойынша, қазіргі Семей медициналық университетінің жанындағы Кеңес Одағының Батыры М. Мәметова және университет тарихы музейінің директоры С.Т. Құттыбаеваға хабарласқанымызда, американдық суретшінің хаты музей қорында сақталмағандығын өкінішпен айтты.

Әйгілі қолбасшы Бауыржан Момышұлы: «Соғыс қазақ халқының тарихын күрт өзгерткен, бұрылыс әкелген, миллиондаған отандастарымыздың арасында өшпес із, жазылмас жара қалдырды», дей отырып, – Ұлы Отан соғысы тек біздің замандастарымызды ғана емес, адамгершілік, игілік сезімдер тұрғысынан болашақты да толғандыратын тақырып» (Момышұлы, 1991: 238), – деп атап көрсеткен еді. Ұлы батыр айтса айтқандай, бұл тақырып әркімді де толғандырып келеді, зертеушілерді қызықтырып келе жатқаны анық.

Демек, майдангер орыс жазушысы Василь Быковтың: «Ұлы Отан соғысының тарихы тек төрт жылмен шектеліп қалмайды, ол тұтас дәуірді қамтиды, қиындығы мен күпиясы уақыт өткен сайын біртіндеп ашылады» (Боранбаева, 2015:12), – деген пікірі өте орынды айтылғандеп санаймыз. Расында, Ұлы Отан соғысы туралы деректер біртіндеп табылуына байланысты біздің де түсінігіміз бен танымымыз жыл өткен сайын тереңдеп келеді.

Алайда Кеңес Армиясы қатарында неміс фашистерін талқандауға қатысқан Қазақстандық майдангер қыздар олардың ішінде қазақ қыздарының жауынгерлік өмір жолдары бүгінгі күнге дейін зерттеу нысанына алынбай келе жатқан тың тақырыптардың бірі.

Демек, ұсынылып отырған мақалада Ұлы Отан соғысына қатысқан Орал өңірінің мерген қазақ қыздары Әлима Габдушева, Малика Тоқтамышева, Мүслима Қожахметованың жауынгерлік өмірі мен майдан даласындағы көрсеткен ерліктері деректік негізде алғаш рет тұжырымдалады.

Материалдар және әдістер. Ұлы Отан соғысы жылдарында Мәскеу қаласының түбіндегі Подольск мерген қыздар мектебін бітіріп, майданда ерлік көрсеткен қазақ қыздары Әлима Габдушева, Мүслима Қожахметова және Малика Тоқтамышеваның жауынгерлік өмірін ғылыми мақала арқауына айналдыру барысында Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві, Батыс Қазақстан облыстық тарихи өлкетану музейі қорындағы әскери тарихи құжаттар, сурет деректер, майдангер аналардың өз қолдарымен жазған ғұмырбаяндары мен естеліктері кеңінен пайдаланылды, бұған қоса, Ж.Молдағалиев атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапхана қорындағы мерзімді басылымдар мен майдангер Әлима Габдушеваның ұрпақтарымен кездесу барысындағы сұхбат барысында алынған деректер қолданылды. Жазушы Тәмті Ибрагимованың Витебск облысы жерінде шейт болған мерген қыз Мәлика Тоқтамышова туралы деректік негізде жазған «Мәңгілік алау» атты естеліктер жинағындағы «Мерген қыз» атты шағын әңгімесі және жергілікті мерзімді басылым «Орал өңірінде» жарияланған мақаласы құндылығы жоғары дерек ретінде тартылды.

Зерттеу жұмысында тарихи жүйелілік, тарихи - салыстырмалы, жазба деректерді зерттеу, эмпирикалық әдіс (әңгіме, сұхбат), статистикалық деректерді талдау, тарихи құжаттарды саралау сияқты тарихи зерттеулердің дәстүрлі әдістері қолданылды.

Талқылау. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан қазақстандықтардың арасында жауынгер қыз-келіншектердің үлесі зор. Тарихшы ғалым М. Қозыбаев өз еркімен майданға сұранып, өтініш жазған қазақстандықтардың 40 пайызы қыз-келіншектер (Қозыбаев, 1964:38) болғандығын айтады. Ал, В.С. Мурманцева Ұлы Отан соғысына 800 мыңнан астам кеңестік жауынгер әйелдердің қатысқандығы (Мурманцева, 1971:9) туралы дерек береді. Г. Нұрбекованың тылдағы кеңес әйелдерінің майданға қосқан ерен еңбегі жөніндегі «Женщины Казахстана фронту» атты зерттеуінде: «Всего в боях на фронтах Отечественной войны из Казахстана, по неполным данным, участвовало около 6 тысяч женщин» (Нұрбекова, 1988: 23), – деп жазады.

2015 жылы Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай осы жолдардың авторы шығарған «Ұлы Отан соғысына қатысқан Батыс Қазақстан облысының қазақ қыздары» атты монографиялық еңбекте 20 қазақ қызының жауынгерлік өмірі Батыс Қазақстан облыстық архив, музей, кітапхана қорларында сақталған деректер, суреттер, ардагерлердің өз қолдарымен жазған ғұмырбаяндары сол сияқты олардың ұрпақтарының қолында сақталған түрлі құжаттар негізінде жазылды. Алайда қазақстандық жауынгер қыз-келіншектердің жалпы саны қанша? олардың арасында қанша қазақ қыздары болды? Қазақ қыздары әскери мамандықтардың қандай түрлерін меңгерді? Олардың өз еркімен соғысқа аттануына әсер еткен факторлар? Шейіт болғандарының қаза тапқан жерлері? Бұл сұрақтар қазірге дейін анықталған жоқ.

Нәтиже. Жалпы 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгерлерден уақыт 110 түрлі мамандықты игеруді талап еткен екен (Боранбаева, 2015:152).

Ал Ұлы Отан соғысы жылдарында қолына қару алып, сұрапыл соғысқа қатысқан қазақ қыздары аспазшы, хат тасушы, дәрігерлік көмек көрсету сияқты мамандықтарды игерумен бірге, сол уақыттағы қыздар арасында сирек кездесетін ұшқыш, танкшы, мерген, пулеметші, барлаушы, байланысшы сияқты әскери мамандықтардың барлығын да меңгере білген.

Осы орайда ер жүрек жауынгер қыздар туралы Кеңес Одағының маршалы А.И. Еременко өзінің әскери мемуарлық еңбегінде: «Ұлы Отан соғысында қыздар араласпаған, қыздар меңгермеген әскери мамандық кем де кем» (Еременко, 1961:293), – деп жазған еді. Ендеше соғыс даласында әскери мамандықты игерген қазақ қыздары: Кеңес Одағының батыры мерген Әлия Молдағұлова, Кеңес Одағының батыры пулеметші Мәншүк Маметова, шығыстан шыққан тұңғыш ұшқыш қыз Х. Доспанова, сондай-ақ Литва қаласын азат етуге қатысқан танк экипажының құрамында танк айдаған қазақ қыздары «Батырлығы үшін» медалінің иегері, кіші сержант Ж. Байтасова, К. Талқанбаева, жаудың тылына кіріп, танктерге жол ашатын жаудан «тіл» әкелетін (жеңіл танкідегі) барлаушы К. Тоқбергенова, сонымен бірге осы танк экипажының радисті, пулеметші қызы Ж. Бисембаева т.б. Міне, республика көлемінде майдан даласында ерлік көрсеткен қазақ қыздарының есімін осылай одан әрі жалғастыра беруге болады. Мұндай қаһарман қазақ қыздары біздің Батыс Қазақстан облысында да көптеп саналады.

Оларды тізбелесек: 300 рет әуе шайқасына қатысқан ұшқыш Х. Доспанова, I гвардиялық шабуылдаушы авиациялық полк құрамында Калинин, Солтүстік-Батыс, Брянск, I және II Прибалтика, I және II Белорус майдандарындағы сұрапыл соғыстарға және «Берлин» операциясына қатысқан радиобайланысшылар Ғарифа Рахметова, Замиха Наушева, сондай-ақ біздің ғылыми ізденіс жұмысымыздың арқауына айналып отырған Подольск Орталық мерген қыздар мектебінің түлектері «Қызыл Жұлдыз» ордені мен «Ерлігі үшін» медалінің иегері Әлима Габдушева, Висла өзені маңындағы шайқаста дзот үнін өшіріп «III дәрежелі Даңқ» орденіне ие болған М. Кожахметова, «Ерлігі үшін» медалінің иегері ефрейтор, мерген қыз Мәлика Тоқтамышова, сонымен бірге Карель майданында партизан бөлімшелерінің II класты байланысшысы болған Майра Мақатова, С.Г. Жунин басқарған 8-партизан бригадасының байланысшысы, Белоруссия партизаны Қызыл Жұлдыз ордені мен «Отан соғысының партизаны» жауынгерлік медальдерінің иегері Нұрғаным Байсеитова, Қызыл Жұлдыз ордені мен «Ерлігі үшін» медалінің иегері әскери медициналық қызмет капитаны Роза Момынова, Сталинград шайқасына қатысқандар байланысшы Ағиға Кенжеғалиева, медбике, әрі пулеметші «Ерлігі үшін» медалінің иегері Рабиға Зайнуллина сияқты майдангер аналардың ерлігін біреу білсе, біреу білмейтіні анық.

Қиыр Шығыс майданында қыз-келіншектерден құралған аэродром қызметін қамсыздандыру батальоны құрамында десантшы, барлаушы болған Қаламсия Ермекова, Әзима Ниязғалиева, Мүслима Үмбетова, Қалампыр Ахметова, 189 автокөлік полкі № 600 батальонының әскери көлік жүргізуші Слухия Саркулова, антижапондық соғысты Кореяның Хедзио қаласында аяқтап, Бас қолбасшының алғыс хатына ие болған байланысшылар Қаным Алмағамбетова, Үмітай Есқалиева сияқты майдангер қыздар ерлігі ұрпаққа өнеге.

Өлкемізден шыққан майдангер қазақ қыздардың тізімі мұнымен аяқталмайды. Бұл тың ізденісті күтіп тұрған күрделі тақырып.

Біз Батыс Қазақстан облыстық архив қорынан соғыс жылдарындағы сақталған әскери құжаттарды қарап отырып, мына бір деректі кездестірдік: «Именной список. Бойцов девушек в спецподразделении подвергавшихся испытанию после окончания 210 час. Программы подготовки снайперов 2-ой очереди по Казталовскому райвоенкомату за период с 23.3. по 10 апреля 1943 г.». Осы тізімдегі 35 қыз бағдарлама бойынша мергендік мамандықты оқып шығып, олардың барлығы да 14 түрлі емтихан тапсырып, «Отл», «Хор» (БҚОМА, 36:1), – деп бағаланған. Ал осы мерген қыздардың аты-жөнінен анықтағанда, олардың 15-і қазақ болған. Осы мерген қыздардың туған жері, кейінгі тағдыры қандай? Олар елге аман-сау оралды ма? Бұл бізге әлі беймәлім болып отыр.

Жалпы, ел басына қатер төнген шақта қыз-келіншектердің жаппай өз еркімен майданға аттануы, тылдағы әйелдердің белсенділік көрсетуінің негізгі факторы ретінде, олардың Отан алдындағы адалдық, парсаттылық, батырлық қасиеттері десек, кеңес әйелдерінің жауға деген өшпенділіктері олардың қабылдаған үндеулерінен де анық аңғарылады. Оған дәлел, Мәскеу қаласында 1941 жылы шілде айында қабылданған: «Әйелдер үшін Гитлерден асқан жау жоқ. КСРО-ның барлық әйелдеріне! Кеңес Одағының көсемі және бүкіл адам баласының досы Сталин Отанымыздың халықтарын елімізге опасыздықпен бассалған Гитлерді және оның жендеттерін талқандауға шақырды. Әйелдер үшін Гитлерден, фашизмнен үлкен жау жоқ. Үй шаруасындағы әйелдер! Сіздің ұқыпты қолдарыңыз қазір өндіріске қажет болып отыр. Фабрикалар мен заводтарға барыңыздар. Жұмысшы әйелдер, колхозшы әйелдер және қызметкер әйелдер! Ерлердің профессионалдарын әлі де сенімді түрде менгеріңдер. Алдыңғы қатарлы позицияға кеткендердің орнына станокта, тракторда, мәдениет пен өнердің учаскелерінде әлі де батыл жұмыс істендер. Әрбір қаланы, әрбір селоны әрбір үйді жаудың қолы батпайтын айбарлы қамалға айналдырайық. Біздің әрқайсымыз саналы, кішіпейіл сестра, ауру бағушы донор болайық» – деген үндеуге РСФСР халық өртісі Г. Уланова, Кеңес Одағының Батыры М. Раскова, жазушы А. Ахматова, тракторшы П. Ангелина, суретші А. Остроумова-Лебедева барлығы 38 әйел қол қойған (Екпінді құрылыс, 1941).

Мұнан кейін, 1941 жылы 7 қыркүйекте Мәскеудегі Одақтар үйінің колонна залында өткен митингіде Кеңес Одағының Батыры В.Гризодубова, КСРО халық өртісі В.Барсова, ғалым тарихшы, ғылым академиясының корреспондент мүшесі А.М. Понкратова, ұшқыш Гастеллоның анасы т.б. барлығы 53 әйелдің қолы қойылған «Женщины всего мира – на борьбу против фашизма!» деген үндеу жарияланады (Приуральская правда, 1941). Міне, дүниежүзінің әйелдер қауымын гитлершіл Германияға қарсы күреске шақырған осы үндеуге Бүкіл Одақтық Лениншіл Жастар Одағы да қолдау жасайды.

Демек, Орал өлкесі қыз-келіншектерінің өз еркімен жаппай майданға аттануы жоғарыда айтылғандай, комсомол жастар ұйымының үндеуінен кейін, 1942 жылы сәуір айынан басталғанын мына деректерден анық аңғарамыз. Мәселен, I гвардиялық шабуылдаушы авиациялық полк құрамында Калинин, Солтүстік-Батыс, Брянск, I және II Прибалтика, I және II Белорус майдандарындағы сұрапыл соғыстарға және «Берлин» операциясына қатысып 12 мәрте Бас Қолбасшы В. Сталиннің алғыс хатына ие болған әскери жоғары білікті радиобайланысшы Ғарифа Рахметованың: «Ел басына төнген осындай ауыр күндердің бірінде Орал қалалық комсомол комитеті қаланың оқу орындарында және орта мектептердің 9-10 кластарында оқып жүрген белсенді жас комсомол қыздарды жинап митинг өткізді. Митингіде Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы Орталық Комитетінің үндеуі талқыланды. Үндеуде Орталық Комитет фашистік басқыншылар елге төндіріп отырған қауіпті баяндай келіп, жас қыздарды Отан қорғау ісіне қатысуға шақырды. Осы митингіде педагогикалық институттың физика-математика факультетінің 2-курсында оқып жүрген мен топ алдына шығып, Ленин комсомолы Орталық Комитетінің үндеуіне қосылып, өз еркіммен Отан қорғауға баратындығымды айтып, митингіге қатысушы қыздарды осы ұлы іске шақырдым. Менен кейін тағы біраз қыздар сөз алып, менің бұл ұсынысымды

қуаттады. Сөйтіп 600 жас қыз Орал қаласына Ленинградтан эвакуацияланып келген әскери радиотелеграфшылар даярлайтын училищенің 5 айлық курсына жазылды. Оралда ай жарым оқығаннан кейін әскери училище бізді Москва түбіндегі Мытищи қаласындағы оқу базасына жөнелтті. Оралдан майданға аттанып бара жатқан өрімдей алты жүз қызды бүкіл қала халқы шығарып салды», - деген естелігі көп жайды анық баяндайды.

Сондай-ақ Қиыр Шығыс майданында қыз-келіншектерден құралған аэродром қызметін қамсыздандыру батальоны құрамында болған жауынгер қыздардың естелігін келтірсек: десантшы, барлаушы Қаламсия Ермекова : «1942 жылы соғысқа Оралдан 200 қыз аттандық» (Боранбаева, 2012), – десе, байланысшы Қаным Алмағамбетованың ғұмырбаянында: «Оралдан 1 эшелон қызды тиіп Қиыр Шығысқа алып кетті» (Боранбаева, 2015:174), – дейді. Ал осы эшелондағы қыздар арасында болған жауынгер Суворова Валентина Петровнаның естелігінде: «В июле 1942 года призвана в числе девушек из Уральска и районов в армию. Из Уральска эшелон был направлен на Дальний Восток. К трем вагонам на каждой большой станции прицепляли по 2-3 вагона с девушками, так что в Хабаровск прибыло уже 52 вагона. Девушек распределили по частям зенитчиков, летчиков, пулеметчиков, пехотинцев, связистов и поваров» (Суворова, 1995: 117), – деп айтылады.

Алайда отандық тарих ғылымында екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан қазақстандық майдангер қыздардың жауынгерлік өмірі тың ізденістерді күтіп тұрған күрделі тақырыптардың бірі.

Жалпы дерек көздеріне қарағанда Кеңес Одағының Батыры мерген Ә. Молдағұлова оқыған Подольск Орталық мерген қыздар мектебінен 2484 атқыш қыздар дайындалып майданға аттандырылған (Мурманцева, 1971:10). Ал Батыс Қазақстан облысы бойынша А. Габдушева, М. Кожаметова, М.Тоқтамышева, Р.С. Пискунова, О.П. Гунина, Л.Н. Лещева т.б. барлығы 30 қыз Подольск мергендер мектебін бітірген (БҚОМА, 14: 4).

Алайда өлкемізден шыққан қазақтың мерген қыздары Әлима Габдушева, Малика Тоқтамышева, Мүслима Кожаметованы біреу білсе біреу біле бермейтіні анық. Біз, оларды ғылыми ізденіс нысанына алғаш рет айналдырып отырмыз.

Майдангер Әлима Габдушева 1924 жылы 30 маусымда Орал облысы, Орда ауданында дүниеге келген. Оның өз қолымен жазған ғұмырбаянында: «1938 жылы күзде ағам фин соғысына кеткенде мен мектепте оқып жүрген едім. Әке шешемді асырайтын адам болмаған соң байланысшы болып жұмысқа орналастым. Өз еркіммен майданға аттандым», - деп жазады.

1944 жылы 2 наурызда Подольск мергендер мектебінің дайындық курсын тәмамдаған ефрейтор Әлима Габдушева I Балтық майданы, 145 Витебск атқыштар дивизиясының 403 атқыштар полкіне жіберіледі. Майданға келген мерген қыз 18 күннен кейін «Ерлігі үшін» медаліне ие болады. Оны: «145 атқыштар дивизиясының 403 атқыштар полкінің «Жеке құрамын марапаттау туралы» Бұйрық. 24 сәуір.1944 ж. № 013. Майдандағы әрекет етуші Армия. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумы атынан: 1944 жылы 6 сәуірде Орталық мерген әйелдер мектебінен келіп, аз ғана уақыт ішінде 5 фрицтің көзін жойып үлгірген ефрейтор – мерген Әлима Габдушева «Ерлігі үшін» медалімен марапатталады» (Боранбаева, 2018: 112) деген архив құжаты дәлелдейді.

Осылайша аз ғана уақытта көзге түсіп, «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған қазақ қызын енді 1944 жылы 24 шілде күні №403 атқыштар полкінің командирі: «Отан үшін күресте жауынгер Габдушева ержүрек батылдығымен көзге түсті. Онкиты селосы үшін болған ұрыста винтовкасымен 3 гитлершілдің көзін жойып, жаяу әскердің ілгері жылжуына көмектесті. Қорғаныс жағдайындағы оның есебіне өлім күшқан 18 фриц тіркелді», - деп мерген қызды «Қызыл Жұлдыз» орденіне ұсынады (Боранбаева, 2018: 112). Демек, осы ұсыныс негізінде ефрейтор Әлима Габдушева 1944 жылы 12 тамыз күні неміс басқыншыларына қарсы күресте жауынгерлік тапсырмаларды орындаудағы көрсеткен ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының бұйрығымен «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталады. Сөйтіп, майданда не бәрі төрт айда мергендігімен көзге түскен қазақ қызы, мұнан кейін коммунистік партия қатарына қабылданады.

Соғысты жеңіспен аяқтап, 1946 жылы елге оралған Әлима Габдушева бейбіт еңбекке араласты. Соғыс ардагері К.Көпжасаровпен жанұя құрып, 5 бала тәрбиелеп

өсірді. Ардагер ана 1987 жылы 28 желоқсанда 63 жасына қараған шағында дүниеден озды. Қазіргі кезде Ақжайық ауданы Базартөбе ауылында тұратын ұрпақтары жауынгер аналарын мәңгілік мақтаныш етеді.

Мерген қыз Мәлика Тоқтамұшева жөнінде айтсақ, ол 1924 жылы Орал облысы Жымпиты ауданында дүниеге келген. Мәлика мектеп қабырғасында жүрген кезінде-ақ Қызыл Крест және Қызыл жарты ай қоғамы бөлімшесінің белсенді мүшесі болады.

1939 жылы байланысшы (телефонистка) болып жұмыс жасаған Мәлика ел басына күн туып, Ұлы Отан соғысы басталған уақытта Жымпиты ауылынан Оралға келіп, облыс орталығындағы 1926 жылдан қызмет жасайтын «Красный Октябрь» (жүннен басылған аяқ киім (байпақ) шығаратын) фабрикасына жұмысқа орналасады да, 1943 жылы соғысқа аттанғанға дейін осы жерде қызмет етеді (Боранбаева, 2015:72).

1943 жылы 23 маусымда өз еркімен майданға аттанған Мәлика Тоқтамұшева Оралдық 24 қызбен бірге Москва түбіндегі Подольск Орталық мергендер мектебіне жіберіледі (Абишев, 1969: 262). Кеңес Одағының Батыры Ә.Молдағұлова оқыған бұл мергендер мектебінен Мәлика да оптикалық прицелді винтовканы (оптический прицель) қолдануды меңгерген мерген атанады. Сөйтіп, 1944 жылы 2 наурызда бір топ мерген қыздармен бірге Мәлика да I Балтық майданы, 145-атқыштар дивизиясы, 509-атқыштар полкына аттанады (Ибрагимова, 1983:72). Мәлика анасына айтқан уәдесін бұзбай майданнан үзбей хат жазып отырды. Енді мерген қыздың жауынгерлік өмірінің хабаршысындай болған сол хаттарға кезек берсек: «Біздің тұрған жеріміз сондай жылы, төрт қыз бірге тұрамыз, біріміз апа, біріміз сінлі, құрдас сияқты өте тату доспыз. Бір күні жауды торуға шыққанбыз, фрицтің мергені бізді көріп қалыпты, оны менің серігім Люба мүрттай ұшырды. Одан басқа екеуміздің біреумізге қатер еді», - дейді. Мәликаның үйіне жазған тағы бір сондай хатында: «Аңдуда отырғанда кірпік қағуға болмайды. Өйткені сені де ол аңдуда. Сондықтан көз жазып қалмау үшін қадала қарап отырмасаң жаныңа қауіп. Бір мезгілде көзіме бір нәрсе қылаң ете қалғандай болған еді. Қасымдағы серігім Люба кірпігін қағуға келтірместен қағып сұлатты. Сұлай түскенін анық көрдім. Ол жалғыз емес. Серігін мен де күтудемін. Сұлағанның қасына біреу бауырымен жер сызып келіп аударам дегенде, өзі аударылып түсті. Бұл екеуі разведчик группасынан екен. Бізге енді өте мұқият болу керек. Сонымен сол күнгі отырған жеріміз құтты болып санды он беске жеткіздім. Люба да қылаң еткенін киіп түсіп, қайтіп қарсы шықпайтын еткен көрінеді», - деп қуанып жазады.

Тағы бір хатында «Енді біздің қолдан жердің бетімен қош айтысқандар, қайтып оралып кеңес өкіметінің жерін баспас. Мылтық – мергенге, мерген – мылтыққа сай әлі күнге дейін көңіліміз бір-бірімізден қалып көрген жоқ. Әрбір сапарымыздан осындай олжамен оралсақ, бұлақ суы емес таусылмайтын, күні-түні бірдей калибрге құшақ жайып көрісер күннің алыстамайтын несі бар» (Ибрагимова, 1983:73).

Сондай-ақ оның: «Мен Отан алдында берген анттымды орындауға әрқашан дайынмын. Бүгін жер кепеден шығып, винтовкамды кеудеме қысып тұрып, дұшпан позициясына көзім талғанша ұзақ қарадым. Кенет, бірдеңе қарсы жақтан қылаң еткендей болды. Винтовкамның дүрбісінен қарап едім, арнайы бүркеме халат киген немісті көзім шалды. Көздеп тұрып, атып қалғанымда неміс солдаты құлап түсті. Мұндай қуанбаспын. Тіпті ыңылдап әндеткім келіп кетті. Қазір мен өлтірген фашист солдаттарының саны он беске жетті. Біздің бәріміздің де фашистерге деген ыза-кегіміз сағат сайын қайнай түсуде. Совет адамдары қандай ержүрек, батыр десеніңші! Сіздермен кездесер күн де алыс емес. Ия, алыс еместігіне мен көміл сенемін. Дұшпанның жуық арада жер күшары сөзсіз. Өзірге сау болыңыздар, сүйікті ата-анам, бауырларым» (Ибрагимова, 1983:73-74), - деп жазған хат мазмұнынан қазақ қызының патриоттық бітім болмысын анық көруге болады.

1944 жылы 1 май күні жазған хатында Мәлика: «Сендерден бүгін екі айдан бері күткен хатты алып, амандықтарыңды біліп, сондай қатты қуанып қалдым. Міне, қазір жорықтан келіп отырмын. Мереке құрметіне санын санағаным жоқ. Люба екеуміз талайын жайратып құрбан еттік. Немістер өздері бізге жердің бірінші қабат бетінде қадамдап жүруге ешқандай мүмкін емес, қисандар екінші қабатын беріңдер дегесін тілектерің болсын дедік», -деп мақтанышын да жасырмайды. Осы жазған хатынан соң көп кешікпей Мәлика 1944 жылы 6 май күні Балтық майданы қолбасшысының

№820-бұйрығымен «Ерлігі үшін» медаліне ие болады .

Алайда: «Осы уақыт ішінде мен тағы да біраз фашисті жайраттым. Бұрынғыдай емес, енді олар бұғып, енбектеп, жер бауырлайтын болды. Қорқақ қой олар, әрбір солдаттың бейшара және опасыз екеніне көзім анық жетті» (Ибрагимова, 1983:74), – деп жазған хаты Мәликаның үйіне жазған соңғы хаты болды.

Қыздарының майданнан жазған осы хатынан кейін көп кешікпей ата-анасы Мәликаның серіктесі Люба Крайнованың: «Сәлеметсіздер ме, қымбаттыларым. Мен Мәликаның жақсы құрбысы едім. Екеуміз мергендер мектебін бірге бітіріп, майданға да бірге аттанғанбыз. Ұрыс шебіне де бірге шығып жүрдік. Амал қанша, сіздерге жайсыз хабар жолдап отырмын. 11 июнь күні Мәлика дұшпанды аңдып жүріп, неміс мергенімен бетпе-бет ұшырасып қалды. Қарғыс атқыр фриц алдымен аңғарып, Мәликаден бұрын атып үлгерді. Сөйтіп, ол екі қастың ортасынан жараланды. Қазір госпитальда жатыр, жазылып қалар, уайымдамаңыздар» (Боранбаева, 2015: 107), – деп жазған хатын алады.

Өкінішке орай ауыр жараланған Мәлика арада үш күн өткен соң 1944 жылы 14 июнь күні қаза табады. «Ерлігі үшін» медалімен наградталған қазақтың мерген қызы Мәлика Тоқтамышованың денесі Витебск облысы Городок ауданы Большой городок селосында жауынгерлер зиратына қойылады (Боранбаева, 2015:89).

Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архив қорында 1944 жылы Орал қалалық әскери комиссариатына далалық жылжымалы госпитальдан:

21 июня 1944 г.

№ 22/ VI. Секретно

Город Уральск – Горвоенкамату

В прилагаемом нами извещении о смерти ефрейтора Тухтамышевой Марьям Гумаровны – внесите поправление на Тохтамышеву Малика Гумаровна, уточнено по комсомольскому билету.

Зав. Медицинским делом производством сержант Ковалев» (БҚОМА, 131:53),- деген мазмұнда жазылған мына жеделхат сақталған. Онда майдан даласында мерт болған мерген Тоқтамышева Малика Ғұмарқызының аты-жөні комсомол билеті арқылы анықталып жазылғаны айтылады.

Демек, Ұлы Жеңіс жолында ажал құшқан қазақтың мерген қызы Мәлика Тоқтамышеваның есімі ұмытылмайды. Бұл ерлік өскелең ұрпақ жадында мәңгілік сақталады.

Енді, Висла өзені маңындағы шайқаста дзот үнін өшіріп «ІІІ дәрежелі Даңқ» орденіне ие болған, «Берлин» операциясына қатысқан Орал өңірінен шыққан тағы бір мерген қазақ қызы Мұслима Кожаметова.

1941-1945 жылдардағы сұрапыл соғысқа қатысқан кеңестік патриот қыздар туралы Кеңес Одағының Маршалы К.К. Рокоссовский: «Когда я думаю о том, что свершил наш народ в те суровые и грозные годы, меня особенно восхищает стойкость советских женщин, на долю которых выпали столь жестокие испытания. Рядом с мужчиной шагали они по пыльным дорогам войны, вязли в болотах, ходили в штыковые атаки. Девушки – снайперы днем и ночью выслеживали врага на самом переднем крае» (Мурманцева, 1971 :7-8), – деп жазған еді. Әскери қолбасшының тебірене жазғанындай, Жеңіс күнін жақындатуға үлесін қосқан сол мерген қыздардың арасында дзот үнін өшірген қазақ қызы Мұслима Кожаметова да болды.

Қожаметова Мұслима Батыс Қазақстан облысы Жымпиты ауданының Қособа елді мекенінде 1924 жылдың 15 тамызында дүниеге келген. Соғыс басталған уақытта 8 - класта оқып жүрген Мұслима кешкі мектепке ауысып, күндіз баспаханада жұмыс істейді.

1943 жылы 9-класс бітірген соң өз еркімен майданға сұранып, жазған өтінішін әскери комиссариат жасы жетпейтінін айтып, кері қайтарады. Алайда өжет қыз алған бетінен қайтпай, әлденеше рет сұранып жүріп, ақыры 1943 жылы 24 маусымда Оралдан аттанған 24 қызбен бірге (деректерді саралап қарағанымызда осы топтың ішінде мерген Ә. Габдушева, Малика Тоқтамышева да бар) Москва түбіндегі Подольск Орталық мерген қыздар мектебіне жіберіледі. Бұл туралы ардагер ана естелігінде: «Мені мергендер мектебіне алғысы келмеді. Мергендер мектебіне бару үшін

бойымның ұзындығы 150 см болу керек екен, ал менін бойымның ұзындығы 149 см. Мен елімізге қатер төніп тұрғанда соғысқа барғым келетінін айтып, бойымды өсіремін деп болмадым» (БҚОМА, 14:4), – дейді. Осылайша ол майданға өзі сұранып барады.

Осы орайда Кеңес Одағының Батырлары Әлия Молдағұловамен Татьяна Барамзина сияқты мерген қыздар дайындалған Подольск мергендер мектебінің тарихына қысқаша тоқталып өткенді жөн санаймыз.

Кеңес әскерлерінің неміс басқыншыларына қарсы шайқасының қызған түсында, 1942 жылы желтоқсанда Москва қаласында қысқа мерзімді мергендер курсы ұйымдастырылады. Курсқа 403 патриот қыз өз еркімен жазылады БЛКЖО ОК-нің бастамасымен осы курс негізінде, 1943 жылы 21 мамырда Москва облысының Вешняки ауылында мерген қыздар Орталық мектебі құрылады. Сол жылы күзде мерген қыздардың мектебі Подольск қаласына көшіріледі. Алғашқы мергендер мектебінің бастығы Нора Павловна Чегодаева, кейін 1944 жылдың қаңтарында подполковник Н.Н. Колчак тағайындалады (Чувиликина, 1982: 3).

Ал мына деректен мерген қыздар мектебінің әскери өмірі туралы мәлімет аламыз: «Вся жизнь школы была подчинена строгому распорядку. В любую погоду, каждое утро начиналось с утренней зарядки на воздухе, после завтрака политинформация, потом 8 часов занятия, 40 минут отводилось на чистку оружия, полтора часа на политподготовку. Личное время 1 час. А всего 15 часов в сутки напряженной работы. Очень много внимания отводилось винтовке, ее нужно было изучать так, чтобы с завязанными глазами быстро разобрать и собрать. Необходимо было изучить принцип действия оптического прицела, почти автоматически уметь определять расстояние по цели, скорости ветра, скорость движения цели и быстро произвести соответствующие расчеты, необходимые для меткого выстрела. Нужно было постоянно и упорно тренировать зрение, наблюдательность, отрабатывать твердость руки, умение плавно нажимать на спусковой курок.

Курсантки осваивали правила маскировки, учились ползать по пластунам и быстро делать перебежки, оборудовать ячейки (окопчики) – основную, запасную и ложную. Обеспечивая тщательную маскировку. Огромную работу проделали курсантки чтобы научиться стрелять из любого положения» (Боранбаева, 2015: 87).

Подольск Орталық мерген қыздар мектебін сәтті аяқтап, ефрейтор шеніндегі мерген атанған Мүслима Қожахметова 1944 жылы 14 наурызда Калинин майданының Великие Луки қаласы маңындағы 21-дивизияның 3-атқыштар армиясына жіберіледі (Тұрсынұлы, 2005).

Мерген М. Қожахметова қаруластары рота командирі Нина Лобковская, Клавдия Киселева, Руфа Ускина, Фатима Мухамбетжановалармен бірге Ресейдің солтүстік батысындағы қалың орманды аймағындағы Михайловск, Святые горы, Псков қалаларын азат етуге қатысып, одан соң соғысты Эстония, Латвия, Польша жерлерінде жалғастырып, Берлинді алу операциясымен аяқтайды. Сұрапыл соғыста мергендігімен көзге түскен Мүслима 1944 жылы 27 мамырда алғашқы «Ерлігі үшін» медалімен марапатталады. Қазақ қызының Жеңіс күнін жақындатуға қосқан үлесі бағаланып ол «ІІІ дәрежелі Даңқ» ордені Одерден өту шайқасында «Қаһармандығы үшін» сондай-ақ «Варшаваны азат еткені үшін», «Берлинді алғаны үшін» (БҚОМА, 15:3) медальдарына ие болады.

Екінші дүниежүзілік соғыс тарихындағы сұрапыл шайқастардың бірі – бұл 1945 жылы 16 сәуір - 8 мамыр күндері аралығында өткізілген соңғы стратегиялық шабуыл «Берлин операциясы». Деректерге жүгінсек, Германия астанасы Берлинді алу операциясына 2,5 млн. кеңес жауынгерлері, 42 мыңға жуық зеңбірек, миномет, 6250-ден астам танк және артиллериялық зеңбірек пен 7500 әскери самолет (Шынтемирова, 2017: 119) қатыстырылған. Осы сұрапыл соғысқа қатысқан Кеңес Армиясының қатарында қазақстандық жауынгерлермен бірге қазақтың ұлдары мен қатар қыздары да жанқиярлық ерліктің үлгі өнегесін көрсетті.

Жауынгер М. Қожахметова сол бір сұрапыл күндер туралы: «Майданда орден жайдан-жай беріле салмайды. 1945 жылдың басында Висла өзені үшін қатты шайқас болды. Менің қасымдағы Зинаида Викторовна екеумізге взвод командирі жаудың пулеметшілер дзотын басып алуға бұйрық берді. Бұйрықтың аты бұйрық. Екеуміз 500

метр жерге 2 сағаттай еңбектей жүріп жетіп, қарлы шұңқырға келіп жайғастық. Енді жаумен арамыздағы қашықтық – 150 метр. Түннің бір уақытында қуатты прожекторлар жарқылдай бастады. Немістер болса беті жабылған окопқа тастай болып бекініп алған. Түннің ысқырық аязы болса күшіне басып, буып тұр. Осы кезде жер бауырлап жатқан біз жаудың жасырын жамылғыларымен бүркелген техника шоғырларын байқадық. Нысананы үздіксіз атқылап, бірінші тапсырманы абыроймен орындадық. Ертеңіне күн батуда таянғанда Зина екеуміз көмейінен снарядтар төккен жау дзотының үнін өшірдік. Осыдан соң біздің жақ жаппай шабуылға шықты. Алайда осы жерде мен контузияға ұшырадым. Бұл мен үшін естен кетпес күн болды. Кейін маған осы шайқастағы ерлігім үшін «ІІІ дәрежелі Даңқ» орденімен марапаттады» (БҚОМА, 131: 53), – дейді.

Мергендер ротасының құрамында Берлин көшелерінің бірін басып алуға қатысқан Мүслима Қожахметова: «Клава екеуміз түнгі кезекшіліктен келсек, қаруластарымыз би билеп, ән салып жүр. Таң атқанша бәріміз Жеңіс! Жеңіс! Жеңіс! деп айғайлап, көз шырымын алмадық», - деп еске алады (Боранбаева, 2015: 90).

Сөйтіп, майдангер Мүслима Қожахметова 1945 жылы маусым айында Жеңіспен елге оралды. Бейбіт өмір тірлігіне белсене араласқан ол Орал қаласындағы ет комбинатының мал сою цехында 36 жыл еңбек етіп, зейнет демалысына шықты. Отбасында екі ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірді.

1991 жылы 18-25 мамыр күндері аралығында Подольск Орталық мерген қыздар мектебінің түлектері Орал қаласында кездесу өткізеді. Москва, Ленинград, Одесса, Кишинев, Куйбышев, Омск, Рязан, Краснодар өлкесі, Алматы т.б. қалаларынан майдангер 45 мерген қыздар жиналып қауышады.

М. Қожахметова осы кездесуде оралдық жерлестері Р.С. Пискунова, Л.Н. Жировамен бірге БЛКЖО ОК-нің Құрмет грамотасымен марапатталады (БҚОМА, 15:4). Мерген қыздардың тарихи кездесуі жөнінде архив қорында сақталған құжаттар мен суреттер арасында: «Ветеран труда» скромная, незаметная женщина, маленького росточка, а какая доброта, сила, мужество судя по ее боевым наградам», - деп майдангер ана М. Қожахметоваға айтылған жылы лебіз қазақ қызының бітім болмысын анық аңғартады (БҚОМА, 15:4).

Осылайша өнегелі өмір сүріп артына өшпес із қалдырған ардагер ана 1998 жылы өмірден озды.

Қорытынды. Отанының тәуелсіздігі мен бостандығы үшін жанқиярлық ерлігімен қатігез жауға тойтарыс берген Кеңес әскерлерінің қатарында қазақстандық жауынгерлер де Отан үшін құрбандыққа барудың тамаша өнегесін көрсетті. Қазақтың ұлдары мен қатар қыздары да қазақ халқын әлемге жауынгер батыр халық ретінде танытты. Міне, солардың арасында Подольск Орталық мерген қыздар мектебін бітірген қазақ қыздары Әлима Габдушева, Мәлика Тоқтамышева, Мүслима Қожахметованың есімдері халқымыздың, ұлттық мінезін, патриоттық қасиетін танытты. Осы орайда халық батыры Б. Момышұлының: «Адамдар бір-біріне өзара қарыздарлығын әрқашанда ойлай жүрулері керек. Әсіресе Отан соғысы ардагерлерінің еңбегін ерекше бағалай білуі қажет. Ер өледі, ел қалады. Есімі ел жүрегінде сақталған ер ғана бақытты» (Нұршайықов, 1978: 253) деген еді. Демек, Ұлы Жеңіс күнін жақындатуға өз үлестерін қосқан қазақтың мерген қыздарының жауынгерлік ерлігі мен адамгершілікке толы, өнегелі өмірін жас ұрпақ үлгі етіп, мәңгілік мақтаныш етеді.

Әдебиеттер:

Абишев Г. Казахстан в защите социалистического отечество. Алма-Ата. Казахстан, 1969. 320 с.

Аупбаев Ж. Қазақтың танкист қыздары // Лениншіл жас. 1984, 14 июнь.

Критерии реабилитации носили политико-прагматический и иногда личностный, но никак не юридический характер. Особое предпочтение отдавалось старым большевикам, т.е. тем, кто вступил в партию до 1917 года при этом социальное происхождение и национальность особой роли не играли. Процент реабилитированных среди лидеров союзного уровня выше, чем среди республиканских деятелей. Ведь многие республиканские лидеры пострадали в свое время за «буржуазный национализм». В этом случае они были реабилитированы юридически, но их имена редко упоминались в исторических трудах и, как правило, в критическом контексте. Очевидно, что главным критерием оставался политический. Отсюда органы прокуратуры и комиссии по реабилитации немедленно отвергали заявления по деятелям партии «Алаш», а

также неохотно занимались пересмотром дел лиц, обвиненных в принадлежности к так называемым буржуазно-националистическим течениям внутри республиканской парторганизации. Комиссиями рассматривались дела только по заявлениям граждан. В отношении расстрелянных и умерших в лагерях политзаключенных пересмотр дел осуществлялся только по заявлениям их родственников или знакомых. В иных случаях дела не рассматривались.

Несмотря на огромное значение объявленной в 1953 году широкой амнистии, главным ее недостатком был тот факт, что из нее были исключены политические статьи. Миллионы безвинных жертв, осужденных по ложным обвинениям в совершении преступлений, так и продолжали оставаться в лагерях, тюрьмах и ссылках. Лица, осужденные за контрреволюционные преступления, по-прежнему от наказания не освобождались, а после отбытия ими срока прямо из тюрем и лагерей направлялись в бессрочную ссылку. Процесс по пересмотру дел на лиц, осужденных по политическим мотивам, протекал далеко не всегда последовательно.

В 1950-е и в начале 1960-х годов начался процесс возмещения вреда жертвам политических репрессий. Но следует отметить что работа по возмещению ущерба, нанесенного незаконными репрессиями гражданам, носила ограниченный характер. За многие годы заключения реабилитированный получал только две зарплаты (так платят за вынужденный прогул незаконно уволенному с работы). Оценка стоимости изъятого имущества производилась финорганами и КГБ. Во многих случаях она была занижена. Однако только при явно заниженной оценке стоимости на конфискованное имущество в виде исключения можно было сделать его переоценку.

Из вышесказанного можно сделать такой вывод: историческая практика 50-х годов еще раз показала, что диктатура и демократия несовместимы. В это время ни государство, ни партия не были полностью готовы к тому, чтобы ликвидировать беззакония в отношении своего народа и причины, породившие их.

Таким образом, на первом этапе становления института государственной реабилитации, законодательное регулирование процесса реабилитации бывших политических заключенных регламентировалось только различными правительственными указами и постановлениями. На данном этапе так и не был разработан конкретный комплексный закон о реабилитации жертв политических репрессий. Процессы десталинизации и реабилитации жертв политических репрессий начала 50-х годов-начала 60 годов были, скорее всего, вынужденными, чем осознанной политикой. На наш взгляд, именно поэтому уже в конце 50-х годов начинается свертывание процесса реабилитации, а в 1962 году он полностью приостанавливается. Только через двадцать с лишним лет начинается второй этап реабилитации жертв политических репрессий.

Литература:

- Ашнин Ф.Д., Алпатов В.М., Насилов Д.М. «Репрессированная тюркология» / Ф.Д. Ашнин, В.М. Алпатов, Д.М. Насилов. М.: Вост. лит., 2002. 296 с.
- Архив Президента Республики Казахстан (далее - АПРК), фонд 122-Н, опись 1, дело 55.
- Борисов Ю.С., Голубев А.В. Политическая реабилитация в СССР (1950-1960-е годы) в освещении западной историографии // Отечественная история, 1992. №5. С. 195-202.
- Большая Советская Энциклопедия (БСЭ). М. 1996.
- Габдул Меркум. Источники и цитаты. Сталинский террор: скорбные источники. На казахском языке // Қазақ, 2011. № 14, 8 апреля.
- Дауенов М. Восстановить историческую справедливость// Тураби, 1999. № 4. С. 30-37.
- История Казахстана. Энциклопедия. Справочник. Алматы. 2010. 632 с.
- Кульбаев Т. Массовый террор тоталитаризма // Литер, 31 мая 2007 г. С. 14-24.
- Ковалева Н. Молотов, Маленков, Каганович. 1957: Стенограмма июньского Пленума ЦК КПСС и другие документы / Н. Ковалева, А. Коротков, С. Мельчин; Под ред. акад. А.Н. Яковлева. М., 1998. 747 с.
- Кстаубаева У.А. Реабилитация жертв политических репрессий в постсталинский период (1953–1968 гг.) в Казахстане: особенности и противоречия // Исторические исследования: материалы III Междунар. науч. конф. (г. Казань, май 2015 г.). Казань. 2015.С. 70-85.
- Лавинская О.В. Документы прокуратуры о процессе реабилитации жертв политических репрессий в 1954-1956 гг. // Отечественные архивы 2007, №3. С. 10-20.

Лавинская О.В. Внесудебная реабилитация жертв политических в СССР в 1953-1956 гг.: автореферат на соискание степени кандидата исторических наук. М., 2008. 8 с.

Лавинская О.В. Процесс пересмотра дел политических заключенных в 1954-1956 гг. и попытки наказания работников госбезопасности за фальсификацию дел // Исторические чтения на Лубянке: 1997-2008. М.: Кучково-поле, 2008. 368 с.

Матюшин П.Н.: Репрессий 1930-х гг. и политическая реабилитация 1950-х - начала 1960-х гг.: исторический опыт и уроки: на материалах доктора исторических наук, профессора И.Д.Кузнецова»: автореферат на соискание степени кандидата исторических наук. Чебоксары, 2008. 19 с.

Наумов В.П. Н.С.Хрущев и реабилитация жертв массовых политических репрессий // Вопросы истории. 1997, №4. С. 15-30.

Постановление Политбюро ЦК КПСС от 28 сентября 1987 г. «Об образовании комиссии Политбюро ЦК КПСС по дополнительному изучению материалов, связанных с репрессиями, имевшими место в период 30-40-х и начала 50-х годов» // Известия ЦК КПСС. 1989. №1. С. 105-115.

Филиппов С.Г. Территориальные руководители ВКП(б) в 1934-1939 гг.: справочник / Под общей редакцией А.Б.Рогинского. М.: Политическая энциклопедия, 2016. 679 с.

References:

Ashnin F. D., Alpatov V. M., Nasilov D. M. "repressed Turkology"/ F.D. Ashnin, V.M. Alpatov, D.M. Nasilov. M.: East. lit., 2002. 296 p.

Archive of the President of the Republic of Kazakhstan (dalee - APRK), Fund 122-N, inventory 1, case 55.

Borisov Yu. S., Golubev A.V. Political rehabilitation in the USSR (1950-1960) in the coverage of Western historiography // Russian history, 1992. No. 5. Pp. 195-202.

Borisov Yu. s., Golubev A.V. the Political rehabilitation in the Soviet Union (1950-1960) in the coverage of Western historiography // history. 1992. No. 5. S. 50-60.

Gabdul Of Marcum. Sources and quotes. Stalin's terror: mournful sources. In the Kazakh language // Kazak, 2011, no. 14, April 8, Friday.

Dauenov M. Restore historical justice // Turabi, 1999, no. 4. P. 30-37.

Kulbaev T. Mass terror of totalitarianism // Liter, may 31, 2007. P. 14-24.

Kovaleva N. Molotov, Malenkov, Kaganovich. 1957: Transcript ions-one Plenum of the Central Committee of the CPSU and other documents / N. Kovalev, A. Korotkov, S. Melchin; ed. A. N. Yakovlev. M., 1998. 747 s.

Kistaubaeva U. A. Rehabilitation of victims of political repression in the post-Stalin period (1953-1968) in Kazakhstan: peculiarities and contradictions // Historical research: materials of the III mezhdunar. scientific. Conf. (Kazan, may 2015). Kazan: Beech, 2015. P. 70-85.

Lavinskaya O. V. The process of reviewing the cases of political prisoners in 1954-1956 and attempts to punish state security workers for falsifying cases // Historical readings on Lubyanka: 1997-2008. Moscow: Kuchkovo-Polye, 2008. 368 p.

Lavinskaya O.V. Extrajudicial rehabilitation of political victims in the USSR in 1953-1956: abstract for the degree of candidate of historical Sciences. Moscow, 2008. 28 p.

Lavinsky O.V. prosecution Documents about the rehabilitation process of victims of political repression in 1954-1956 gg.// Domestic archives 2007, No. 3. P. 10-20.

Matyushin P.N.: Repressions of the 1930s and political rehabilitation of the 1950s-early 1960s: historical experience and lessons: on the materials of the doctor of historical Sciences, Professor I.D. Kuznetsov": abstract for the degree of candidate of historical Sciences.- Cheboksary, 2008. 19 p.

Naumov V.P. N.S. Khrushchev and rehabilitation of victims of mass political repressions // Questions of history. 1997, No. 4. Pp.15-30.

Resolution of the Politburo of the CPSU Central Committee on September 28, 1987 "On education Commission of the Politburo on additional study materials related to the repression that took place during the 30-40-ies and early 50-ies" // Izvestia of the Central Committee of the CPSU. 1989.-№1. Pp. 105-115.

The great Soviet encyclopedia (BSE). M., 1996.

The archive of the President of the Republic of Kazakhstan (APRK), Fund 122-N, опись1, the case 55.

Filippov S. G. Territorial heads of the CPSU (b) in 1934-1939: reference book / under the General editorship of A. B. Roginsky. Moscow: Political encyclopedia, 2016. 679 p.

History of Kazakhstan. Encyclopedia. Handbook. Almaty: Publishing house " Aruna LLP.Ltd", 2010. 632 s.

ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ
ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ
ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY

ҒТАХР 03.61.91

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ САЛТ-ДӘСТҮРІ
МЕН ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫ

Ахантаева Әмина Жағыппарқызы

т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Қазақ ұлттық аграрлық университеті
e-mail: amina.68.kz@mail.ru

Түйіндеме. Мақалада қазақ халқында нәресте ана құрсағында білінген күннен бастап дүниеге келіп, мектеп табалдырығын аттаған күнге дейінгі аралықта жасалатын салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптар қарастырылған.

Дүниеге сәбидің келуі отбасының немесе бір әулет үшін зор қуаныш, бақыт болған. Әрбір халықта әйел адамның екі қабат болуынан бастап, бала туылғанға дейінгі кезеңнің өзіне тән, ежелден келе жатқан әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрі, жоралғысы, наным – сенімдері бар. Қазақ халқында келін алғаш босаға аттаған күннен бастап әртүрлі халық арасындағы ырымдарды ұстанған. Мақалада балаға байланысты жасалатын құрсақ шашу; кіндік кесу дәстүрі; балаға ат қоюдағы; шілдеханада орындалатын салт дәстүрлер; баланы бесікке салу; баланы қырқынан шығару; бала асырап алуда орындалатын салт дәстүрлер; тұсау кесу; сүндет тойы; қыз баланың құлағын тесу; ашамайға мінгізу; тоқым қағу; тілашар сияқты салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптардың қалай жасалатындығы яғни барысы рет-ретімен толық сипатталып жазылады.

Кілт сөздер: этнография, қазақ, бала, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, кіндік кесу дәстүрі, шілдехана, бесікке салу; баланы қырқынан шығару; тұсау кесу; сүндет тойы; тілашар.

МРНТИ 03.61.91

ТРАДИЦИИ И ОБЫЧАИ КАЗАХСКОГО НАРОДА В ВОСПИТАНИИ ДЕТЕЙ

Ахантаева Амина Жагіппаровна

к.и.н., ассоциированный профессор, Казахский национальный
аграрный университет, e-mail: amina.68.kz@mail.ru

Аннотация. В статье рассматриваются казахские национальные традиции и обычаи, связанные с ребенком, с момента зачатия в утробе матери, рождения, и до достижения школьного возраста.

Появление на свет ребенка являлось радостью и счастьем для любой семьи, да и целого рода. У каждой нации есть свои древние обычаи, традиции, верования с момента беременности женщины, до рождения ребенка. У казахов, с первого дня появления невесты дома, придерживались разных народных обычаев с благими намерениями, как поздравление с беременностью, традиция разрезания пупка; дать имя ребенку; шілдеханада орындалатын салт дәстүрлер (зубок); колыбельная; обряды в 40 дней – состригание волосы и ногти, купание ребенка; обряды связанные при усыновлении ребенка; разрезание пупка; обрезание; прокалывание ушей девочки. В статье все эти обряды описаны подробно.

Ключевые слова: этнография, казах, ребенок, традиции, обычаи, традиция разрезания пупка, зубок, колыбельная, обряды в 40 дней – стричь волосы и ногти, купание ребенка; разрезание пупка; обрезание, первый шаг - пойти в школу.

IRSTI 03.61.91

KAZAKH CUSTOMS AND TRADITIONS CONCERNING CHILDREN IN CHILD UPBRINGING

Akhantaeva Amina

Associate professor at Kazakh National Agrarian University

e-mail: amina.68.kz @ mail.ru

Abstract. This article presents the national traditions and customs associated with the child, starting from birth until reaching school age.

The birth of a child was joy and happiness for any family, and indeed whole tribe. Each nation has its ancient customs, beliefs and convictions, from the time when a woman is pregnant to her baby birth. The Kazakhs, from the first day the bride appeared at home, adhered to different folk customs with good intentions, such as congratulations on pregnancy, the tradition of cutting the belly button; giving a name to the child. Ceremonies associated with the 40 days from birth celebration: bathing a baby cutting hair and nails, cutting the put, circumcision, piercing a girl's ears. In the article, all these rituals are described in detail.

Key words: ethnography, Kazakh, child, baby, traditions, customs, first tooth, navel, clove, 40 days, hair, nails, bathing, cutting the put; circumcision, first step, school.

Кіріспе. Қазақ халқы салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарға бай, сол салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымыз халқымыздың тұрмысы мен тіршілігінде ғасырлар бойы жалғасын тауып, өшпей, жоғалмай ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып бүгінгі күнге жетіп отыр.

Қазақ халқының өмір тәжірибесінде туған балаларға байланысты салт-дәстүр, ол қазақ тіршілігінің қыры мен сыры мол, өзіне ғана тән тұрмыс салтын көрсететін тектілік пен терең мәнді бойына сіңірген, тәрбиелік құны жоғары, салт-дәстүрлердің бір бұтағы болып, өз алдына зерттеуді қажет ететін құпиясы мол дүние. Қазақ халқы ұрпағын ерекше қадыр тұтқан «бала бауыр ет», «балалы үй базар, баласыз үй мазар» деген аталы сөз қалдырған. Қазақ халқы салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын өз ұрпақтарына «бесік жыры» арқылы айтып сіңдіріп отырған.

Дүниеге сәбидің келуі отбасының немесе бір әулет үшін зор қуаныш, бақыт болған. Әрбір халықта әйел адамның екі қабат болуынан бастап, бала туылғанға дейінгі кезеңнің өзіне тән, ежелден келе жатқан әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрі, жоралғысы, наным – сенімдері бар. Қазақ халқында келін алғаш босаға аттаған күннен бастап «үбірлі-шүбірлі болсын» деген ақ ниетпен әртүрлі халық арасындағы ырымдарды ұстанған. Балаға байланысты жасалатын *құрсақ шашу; кіндік кесу дәстүрі; балаға ат қоюдағы; шілдеханада орындалатын салт дәстүрлер; баланы бесікке салу; баланы қырқынан шығару; бала асырап алуда орындалатын салт дәстүрлер; тұсау кесу; сүндет тойы; қыз баланың құлағын тесу; ашамайға мінгізу; тоқым қағу; тілашар* сияқты салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптардың қалай жасалатындығы яғни барысы рет-ретімен толық сипатталып жазылады. Сонымен қатар бұл дәстүрлер мен ғұрыптардың бала өмірінде алатын орны бар, баланың жан-жақты тәрбиелі он екі мүшесінің сау болып өсуіне тигізетін әсері мол.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Тақырыпқа талдау жүргізу барысында зерттеуші негізгі материалдар ретінде автордың өзі жинаған материалдары мен отандық этнограф және тарихшы ғалымдардың еңбектері қолданылды. Осы тақырып аясында жарыққа шыққан қазақ зиялыларының еңбектері де пайдаланылды. Зерттеу жұмысында деректанудың негізгі үш принципі басшылыққа алынды. Методологиялық негізін тарих және этнография ғылымындағы методтар мен арнайы әдістер қолданылды. Соның ішінде халық арасынан жиналған автордың материалдарын талдау мен синтез, тарихилық принципі, объективтілік, жүйелік әдіс, т.б.

Талқылау. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін қазақ халқының этнография саласында зерттелмей жатқан тақырыптары қолға алынып зерттеле бастағанын болатын. Соның ішінде қазақ халқының салт дәстүрі мен әдет ғұрпына байланысты мәселелер зерттеушілердің назарынан тыс қалмады. Соған орай қазақ халқының салт

дәстүрі мен әдет ғұрпына байланысты көптеген еңбектер жарыққа шықты. Мәселен, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Этнология және антропология бөлімінің меңгерушісі С.Е. Әжіғалидың ұйымдастыруымен, шыққын «Қазақ халқының салт дәстүрі мен әдет ғұрпы» атты екі томдық еңбекте балаға байланысты түрлі салттар мен дәстүрлер, ғұрыптар туралы жақсы зерттеліп жазылған (Әжіғали, 2006).

Х. Арғынбаевтың «Қазақ отбасы» еңбегінде қазақ халқында баланың ұрпақ жалғастырудағы орны мен маңызы, оның тәрбиесі, туылғаннан бастап ер жеткенге дейінгі уақыт аралығындағы салт дәстүр мен әдеттер ғұрыптар туралы жазылған (Арғынбаев, 1996).

С. Қалиұлы «Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы» еңбегінде қазақ халқының бала тәрбиесіне қаншалықты көңіл бөлетіндігі, бала тәрбиесінде этнопедагогикасының орны туралы келтірілген (Қалиұлы, 2003). Сонымен қатар біршама ғылыми мақалалар мен зерттеулер жарияланған. Алайда, балаға байланысты түрлі салттар мен дәстүрлер, әдет ғұрыптар туралы жақсы зерттеліп жазылғанмен кейбір салттар мен дәстүрлер, әдет ғұрыптар турасында тереңінен, зерттеуді қажет ететін мәселелер бар.

Нәтиже. Қазақ халқында нәресте ана құрсағында білінген күннен бастап дүниеге келіп, мектеп табалдырығын аттаған күнге дейінгі аралықта жасалатын салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптар кеңінен қарастырылған.

Қазақ халқы бала тәрбиесіне аса қатты мән беріп көңіл бөлген, оларды тәрбиелеуге бар күші мен білімін жұмсаған. Жастайынан ақыл- ойын жетілдіріп еңбекпен тәрбиелеуге де зор көңіл бөлген. Қазақта ұл тәрбиесіне әкесі, қыз тәрбиесіне шешесі жауапты болған. Сондықтан халық арасында «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген ата бабаларымыздан ұлағатты сөз қалған. Ата бабаларымыз ұрпақ тәрбиелеуде үш нәрсеге – тіліне, дініне, діліне- қатты көңіл бөлген. Ұлттың негізі тілінде десек, дін тек адамдарды адалдық, мейірбандық, айналасындағыларға қамқор болуға, ізетті, инабатты болуға тәрбиелейді, ал «діл» арқылы салт дәстүрімізді ұрпақ санасына сіңірсек онда қазақ халқы мәңгі жасайды.

Белгілі Алаш арысы, ұлт жанашыры, ұлттық педагогика оның ішінде бала тәрбиесіне байланысты зерттеу жұмыстарын жүргізіп ғылыми мақалалар жазған Мағжан Жұмабаев балаға берілетін тәрбиені «...төрт түрге бөледі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі һәм құлық тәрбиесі. Егерде адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны» - дейді (Жұмабаев, 1992: 128).

Қазақ халқы салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарға бай, сол салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымыз халқымыздың тұрмысы мен тіршілігінде ғасырлар бойы жалғасын тауып, өшпей, жоғалмай ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып бүгінгі күнге жетіп отыр, бұл қазақ халқының ділінің мықтылығын көрсетеді.

Баланың дүниеге келуі қуаныш әкелумен қатар ата-анаға міндет те жүктейді. «Отбасы үлкендерінің бәрі жаңа туған жас баланы отанның, елдің асыл азаматы болуын аңсап, армандайды. Өнегелі үлкендерге ұқсасын деп, дарынды, өнерлі, ақылды ақсақалдарға баланың аузына түкіртіп, азан шақыртып атын қойғызады. «Ақылын, жасын берсин» деп, жаңа туған нәрестені қарияның шапанының етегіне орайды (қазіргі таңда атасының төсегіне аунатып та жатады – (АӨЖМ)). Ұрпағы өскен қадірлі анаға кіндігін кестіреді, бесікке салдырады, қырқыннан шығарту ырымдарын жасатады, тұсауын кескізеді. Үлкендерден бата алғызады» (Қалиұлы, 2003: 59). Сәбиге арналған «күрсак шашу» тойдан бастап шілдехана, бесік той тағы да басқа тойлардың да ара-жігі ажыратқысыз, бір-біріне жалғасқан, дүниеге келген баланың құрметіне арналған тойлар жасап, қуанышы мен қызығын ағайынмен бірге өткізген. Қазақ халқының өмір тәжірибесінде дүниеге келген сәбилелерге байланысты салт-дәстүр, ол қазақ тіршілігінің қыры мен сыры мол, өзіне ғана тән тұрмыс салтын көрсететін тектілік пен терең мәнді бойына сіңірген, тәрбиелік құны жоғары, салт-дәстүрлердің бір бұтағы болып, әрқайсысы өз алдына зерттеуді қажет ететін құпиясы мол дүние. Қазақ халқы ұрпағын ерекше қадыр тұтқан «бала бауыр ет», «балалы үй базар, баласыз үй мазар» деген аталы сөз қалдырған. Қазақ халқы салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын өз ұрпақтарына «бесік жыры» арқылы айтып сіңдіріп отырған.

Дүниеге сәбидің келуі отбасының немесе бір әулет үшін зор қуаныш, бақыт болған. Әрбір халықта әйел адамның екі қабат болуынан бастап, бала туылғанға дейінгі кезеңнің өзіне тән, ежелден келе жатқан әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрі, жоралғысы, наным – сенімдері бар. Қазақ халқында келін алғаш босаға аттаған күннен бастап «үбірлі-шүбірлі болсын» деген ақ ниетпен әртүрлі халық арасындағы дәстүрлер мен ырымдарды ұстанғандығы жайлы осы мақалада балаға байланысты жасалатын күрсак шашу; кіндік кесу дәстүрі; балаға ат қоюдағы; шілдеханада орындалатын салт дәстүрлер; баланы бесікке салу; баланы қырқынан шығару; бала асырап алуда орындалатын салт дәстүрлер; тұсау кесу; сүндет тойы; қыз баланың құлағын тесу; ашамайға мінгізу; тоқым қағу; тілашар сияқты салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптардың қалай жасалатындығы яғни барысы рет-ретімен толық сипатталып жазылады.

Сонымен қатар бұл дәстүрлер мен ғұрыптардың бала өміріндегі орны бар, баланың жан-жақты тәрбиелі он екі мүшесінің сау болып өсуіне тигізетін әсері мол. Балаға байланысты жасалатын әрбір ырымдардың баланың өмірде дені сау, қайсарлы, қайратты, білімді, тәрбиелі елдің намысын қорғайтын саналы ұрпақ тәрбиелеуде маңызы ерекше. Қазақ халқының өзіне тән ерекшелігі ұрпақ тәрбиесіне өте қатты көңіл бөледі, жас ұрпақ елдің ертеңі болашағы ата баба дәстүрін жалғастырушы, елін, жерін сақтаушы ұрпағын тәрбиелеуде қателік жібермеу үшін ата – баба салтын бұлжытпай орындауға тырысады.

Қазақ халқы «жеті атаға» дейін қыз алыспау туыстық қарым – қатынаспен қан тазалығын сақтау аталарымыздан қалған жазылмаған дала заңы, үлкен ұлағатты қағида. Текті ұрпақты дүниеге әкелу үшін текті жерден қыз айтырған. Көңілі жақын екі адамның бірінің әйелі үл бірінікі қыз туса жақын адамынан «жаушы» жіберіп құда түседі. «... жаушы қызға құда түскенде: «Сізде лашын бар екен бізде сұңқар бар екен...» деп сөз қозғайды» (Диваев, 1899: 16). Қыз әкесі келісімін берсе қалың мал жөнінде келісіп бата беріледі. Қалың малдың көлемі жағдайына, байлығына қарай әртүрлі болады. Мысалы: бай ауқаттылар 8 құлынды бие, 13 ат, 9 түйе, сол сияқты болады. Түскен келінді әрқашанда сол әулеттің ұрпағын жалғастырушы, текті ұрпақты тәрбиелеуші деп қараған.

Қазақ халқында түскен жас келінге сыйластықпен, қамқорлықпен қараған, себебі менің «ұрпағымды өмірге әкелуші» «ұрпағымды жалғастырушы» деп білген, сондықтан жүкті болған күннен бастап қамқорлық жасалған. Келін жүкті болғаннан бастап, жерік асының бәрін тауып беріп, жас ананың көбірек ұйықтап, дем алуына жағдай жасаған.

Жалпы қазақтар жүкті жас келінді түрлі бәлелерден сақтау қорғау мақсатында сақтандырып отырған: «жас келінді түн қараңғысында жалаңбас далаға шығармау, қараңғыда мал қораға кіргізбеу, кешке суға жалғыз жібермеу, өлік шыққан үйге барғызбау т.с.с.» жағдайларға тиым салады. Қазақтың этнограф ғалымы Халел Арғынбаев та өз еңбектерінде екі қабат әйелге байланысты «...түн қараңғысында екі қабат келіншекті далаға, қораға шамсыз жалғыз жібермейді, ері жоқта бір өзін жатқызбайды. Қорада тіпті кісі тұратын үйде жын шайтан, пері албастылыр жүреді. Олар жаңа түскен аңқау жас келінге үйір келеді-міс. Бұлардың қастандығынан түрлі ауруға шалдығып іштегі нәрестеге зақым келуі мүмкін деп жастығының астына төсегінің іргесіне темір қарулар қойғызыды» (Арғынбаев, 1996: 67).

Қазақтардың аяғы ауыр әйелді қорғап бөледен қалай сақтайтынын орыс зерттеушілері де қазақ даласында болғанда өз көздерімен көрген жайттарды жазып қалдырған. Әйел жүкті болып қалса, оны боранды, жауын-шашынды күндері киіз үйден мүлдем шығармайды, бір нәрседен қорқу-шошу, құлау сияқты зиянды ықпал етуінен сақтайды. Екі қабат әйелдің «талаптары» қазақтардың эстетика мен діни көзқарастарына қайшы келіп жатса да сөзсіз орындалады. Шошқа етіне жерік болған әйелге Мұхаммед пайғамбардың тыйым салғанына және қазақтардың шошқа етіне жеркенішпен қарауына қарамастан, рұқсат етілген жағдайы маған белгілі. Кейде жүкті әйел қасқыр етіне де жерік болады, оның осы ниеті де орындалады (Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, 2006: 96). Егер үйде ері жоқ болса, бір өзін үйге қондырмайтын болған, қайынсіңілісін немесе енесі жатады. Қазақ арасында жалпы аяғы ауыр әйелдерге жын-шайтан, пері, албастылар үйір болады деген ұғым бар. Солардың қастандығынан екі қабат әйел шошынады, ауруға шалдығады немесе іштегі нәрестеге зақым келуі мүмкін делінеді.

Балаларға арналған салт-дәстүрдің басы “құрсақ тойдан” басталады. Тойды әулеттің үлкен анасы өткізеді, келіннің және құрсақтағы нәрестенің амандығы үшін көрші-қоландарына, туыстарына «құрсақ той» өткізіп олардың батасын алып, амандығын тілейді. Жас келіннің бойына бала біткенін сезген ене пәле-жаладан, тіл-көзден сақтау үшін өз білген ақыл кеңестерін айтады. «Құрсақ тойға» шақырылған әйелдерүйлерінен дәмді тағамдар пісіріп ала келетін болған мұны «жерік ас» деп атаған. Аяғы ауыр келін осы «жерік астан» төбеті тартқан тағамды жерігі қаңғанша жепсергітін болған. «Жерік асты» жегізудің үлкен ғылыми маңызы бар «...ол ас-тағамға төбеті тартпағанжас ананың азықтануын жақсартып, іштегі баланың ақаусыз өсіп жетілуіне мүмкіндік жасайды. Ананың ауру - сырқауларға қарсылық қуатын жоғарлатып, болашақ перзентақылды, алғыр, зерек, сергек те сезімтал болуына жол сілтейді» (Нүсіпоқасұлы, 2011:52). Ал жерік асын қанып жемеген әйелді «ит жерік» дейді, бұл баланың дамуына кері әсерін тигізеді, ол аурушан, алжуаз, кемтар болып туылуы мүмкін.

«Құрсақ тойға» жиналған көп құрсақ көтерген қарт аналар жас келінге бойға бала біткен соң жеріктіктің басталатынын, сол кезде жүрек айну, бас айналу, құсу сияқты белгілердің, бес айдан асқанда баланың қимылдап қозғала бастайтынын айтып түсіндіреді. Енесі тіл-көз тимесін деп молдаларға дұға жаздырып, мойнына бойтұмар тағады. Қырандай көреген, алып тұлғалы, биікке самғайтын үшқыр ойлы болсын деп бесіктің арқалығында бүркіттің тұяғын байлайды. Сонымен қатар бесікке «үкінің қауырсынын» да тағады, бұл баланы жылан, құрт- құмырсқаның шағуынан сақтайды. Үлкен кісілердің айтуы бойынша үкі негізінен жылан, кірпі, тасбақа, құрт- құмырсықа жейді, олардың иісі құстың қауырсынында сақталғандықтан бесікке жақындамайды (АӨЖМ). Үкінің қасиеті жөнінде қазақтың ағартушы ғалалымы Шоқан Уәлиханов: «Үкінің басы, аяғы мен қауырсыны жын-періден қорғайды: сондықтан үйдің әр жеріне, бесіктің басына іліп қояды» - дейді (Уәлиханов, 1985:187).

Аяғы ауыр әйелге байланысты ырымдардың бірі - түйенің етін жегізбейді, баланы 12 ай көтереді деген сенім бар, әйелдің босану мерзімі кешеуілдесе, екі қабат әйелді түйенің бауырынан бірнеше рет өткізеді, түйенің шұбатын ішкізеді немесе етін қайта жегізетін болған, себебі осылай ырым жасаса уақытысында 9 ай 9 күнде босанады деп ойлаған. Сонымен қатар жүкті әйелге балықтың, қоянның етін жегізбейді. Балықтың, қоянның етін жесе баланың еріні жырық болып туылады деген түсінік қалыптасқан (АӨЖМ). Өмірде көп баланы дүниеге әкелген тәжірибелі енелер келіннің түсік тастамауын ырымдап, етегін бүріп қоятын болған. Бала шала болып туылмасын деген ырыммен іштегі бала 6-7 айлық болған кезде келінге өткір зат - пышақ, қанжар, қайшы ұстауға тийым салған, ал бір ай қалғанда бала кіндігіне оралып қалады деген сеніммен болашақ анаға ине-жіп ұстатпаған және тоқыма тоқуға, жип иіруге рұқсат бермеген. Босанатын айы күні жақындаған сайын енелері келініне қамқорлық жасап жеңіл босану үшін түрлі жағдайлар жасайды, соның бірі жерден энергия алу үшін әсіресе жылдың жылы мезгілінде жалаң аяқ жерді бастырады. Жер анадан «күш қуат бер пендеңе, бойын ауыртпалытан тазарта көр» деп жәрдем сұрайды. Кейбір жерлерде баласы сұлу көрікті болады деп ай жарықта өзен, көлдің суына шомылдырған. Ал кейбір жерлерде су перісі ұрады деп күн батқан соң арық, өзен, көл суына жақындатпаған (АӨЖМ).

Аяғы ауыр әйелдің толғағы басталғанда “жарыс қазан” ырымын жасап сол үйдің бөйбішесі немесе ауылдың пысық әйелі ошақ көтеріп, жеңіл тамақ асады. Оның мәні толғақ жилейді, тамақтан бұрын бала туылады деп ырымдағаны. Толғақ жиілесімен ауылдың үлкен әйелдері жинала бастайды. Толғақ қысқан әйелді үйге арқан керіп, асылып тұрғызады, беліндегі белбеуін босатып қиналмай босануына жағдай жасайды. Қазақ әйелінің көбісі түрегеп тұрып немесе арқан жіпке асылып тұрып толғатады, олар толғатқанда жатуды білмейді «... бірде мен Қапал абақтысында қазақ әйелін босандыруға қатысқан кезімде оны жатып толғатуға мәжбүрлеумен әбден әуре болдым; менің өтініш талаптарыма қарамастан әйел тұрған қалпында босанып, нәресте шығар кезде ғана тізесін бүкті» (Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, 2006:96).

Әйелдің баланы дүниеге әкелуі оңай дүние емес, қаншама қазақ әйелі бала үстінде о дүниелік болып кеткен кезде болып тұрған. Бала шықпаған жағдайда ер адамдар күшін пайдалануға да тура келген. Толғатқан әйел арқан жіпке сүйенген қалпында

тұрғанда ер адам тізесін әйелдің беліне яғни сегізкөзі тұсына тірейді де екі қолымен қарнының жоғарғыжағынан қапсыра құшақтап ішін қыса бастайды, осыдан кейін сәби жылдам дүниеге келеді. Бұл тәжірибені ғасырлар бойы ата бабаларымыз пайдаланып келе жатыр. Өте сирек кездеседі бұл тәсілдің кейбір кезде сәбидің туылуына әсер етпейтін де кездері кездесіп қалады (АӨЖМ).

Қазақтардың түсінігінде екіқабат әйелге шын-перілер әуес келеді, олардың аман-есен дүниеге бала әкелуіне барынша кедергі келтіруге тырысады деген түсінік бар «... Албасты, (көне әрі жын-перілік кейіпкерлердің кеңінен аталатын түрінің бірі) әсіресе жас босанғандар үшін қорқынышты. Босану үстінде албасты әйелдің үстіне отырып алып, оны алып денесімен тұншықтырады. Әйелдердің босану сәтінде талып қалу себебі үстіне албасты отырып, тұншықтыруынан болады. Мұндай сәттерде босану бөлмесіне бақсы немесе батыр кіріп, қамшымен әйелдің жан-жағын сабалап: «Кет, бөлекет, кет, бөлекет... Ал сен түр! Албасты басып жатыр ма, түр!» дейді» (Төлеубаев, 2013: 159). Бұрынғы кезде «Албасты» бақсы, молда, батыр, ұста сияқты адамдардан қорқады және олардың көзіне көрінеді деген сенім қалыптасқан... Халық арасында албасты мылтықтан, қылыштан, жебеден қорқады деген сенім бар (Төлеубаев, 2013: 160). Халық арасында балаларды да осындай албасты кесірінен сақтау үшін пышақ, қанжар, қылыш сияқты заттарды бесігіне, төсегінің астына қойуы сондықтан.

Босанғаннан кейін әйелді төсекке жатқызып оның бас жағына жіп тартып Құран кітапты және басқада киелі кітаптарды жын шайтандардан сақтау үшін іліп қояды. Ауылдың әйелдері мен келіншектері босанған әйелді түнімен жын-періден, аурудан балауыз немесе май шам жағып, ошақ отын сөндірмей күзетеді. Қазіргі таңда жын шайтан дегенге ешкім сенбейді, бірақ этнографиялық материал жинау барысында Кулазия Жағыпбарқызы екінші баласы қызын босанғанда бір аптадан кейін жолдасы іссапарға кетіп үйінде екі баласымен жалғыз қалады, жаңа туылған нәрестесін емізіп отырғанда айналамда 5-6 қыз түрлері біртүрлі айнала қоршап сықылықтап күліп, билеп жүр. Сол кезде ойладым бұлар қайдан келді деп. Содан шешемнің туған әйелге жын пері әуес келеді деген сөзі есіме түсіп «Биссимилла» деп бірнеше қайталап Алладан көмек сұрай бастадым, бір кезде жаңағы көрініс көзден ғайып болды. Біраз уақытқа дейін қорқып өз-өзіме зорға келдім дейді.

Толғатқан әйелдің жанына бала таппаған әйелді жібермейді, бала туысымен оның кіндігін мінезі жайдары ел ішінде беделді, мейірімді көп құрсақ көтерген әйелдердің біріне кестіреді, бала соған тартады деп есептелген. *Кіндік шеше* – сыйлы ана, ол баланың екінші анасы болып саналады. Кіндік апасы қандай болса, бала да сондай болады деп ырымдайды. Баланың мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, ақылы, адамгершілігі, еңбекқорлығы кіндік шешеге тартады. Кейбір жағдайға байланысты нәрестенің кіндігін ер адам кессе, оны «кіндік әке» деп атайды.

Ол әйел баланың ұл, не қыз екенін ажыратып, сүйінші сұрайды. Сүйінші сұрап келген хабаршыға қалағанын берген, кейде қуаныш иесінің өз мәртебіне байланысты болған, көбінесе бала көрмей жүріп, ұл бала туғанда соның құрметіне тіпті үстіндегі киімін, сауыт-сайманын, астындағы атында сүйінші сұраушыға сыйға тартқан мырзалар өмірде көптеп кездескен.

Сүйіншіні баланың әкесінен, атасынан немесе нағашы жұртынан сұраған, ұл бала дүниеге келсе «Ат ұстар» деп, қыз болса «қырық жеті» деп хабарлаған, бұл қызды қалың малға беруге байланысты болған.

Сәбиді атасына, нағашысына немесе әкесіне көрсетіп көрімдік алу дәстүрі де – ертеден келе жатқан салт, әлі күнге дейін сақталып келе жатыр.

Әйел босанысымен сол сәтте қой сойылып, *шілдехана* басталады, бұл сәби дүниеге келгеннен кейін жасалатын ең алғашқы мереке. «Чілле» парсы тілінен аударғанда «қырық» деген мағынаны береді. Қазақ халқында сәби туғаннан 40 күнге дейін қауіпті кезең саналған, сәбиді ешкімге көрсетпейді, көп адамды жақындатпайды. Әсіресе кешкі уақытта ұйқтап жатқан баланы жалғыз қалдырмайды, шам жағып қояды. Сонымен бірге жастығының астына нан, пышақ қояды. Нан мен пышақ баланы бөле жаладан қорғайды дейді. Кейбір жерлерде нанды «бес емшек» қылып жасайды, мұны ұнды ашытпай илеп нанды дөңгелетіп жайып айналасына емшек тәрізді етіп жапсырып пісіреді. Кейбір жерлерде «жеті, тоғыз емшек» жасайды. Осы шілдеханаға

сойылған қойдың піскен еті желінген мойын омыртқасын шаңырақтың босағасына немесе киіз үйдің көрнекті жеріне 40 күндей іліп қояды, бұл – баланың мойны берік болсын деген ырыммен жасалатын амал. Бұл дүниеге жаңа келген нәрестенің мойны беку үшін және қойдыкі сияқты мықты болуы үшін істелінеді (Қазақ халқының..., 2006: 18). Кіндік шеше жас босанған ана өзіне келгенше, босанған әйел мен нәрестені күтіп көмектеседі, қалжаға қой сойып әкеп, балаға ит көйлек кигізеді. Қалжаны Қазақстанның кейбір жерлерінде кіндік шеше әкеледі, кейбір жерлерде әйелдің төркіні алып келеді, «қалжаға» қой сойылады. Бұл -ананың тез қуат алуы үшін, бала тез ширауы жасалатын ғұрып. Сол үйдің бәйбішесі немесе от анасы кейде кіндік шеше босанған әйелдің баласының жолдасын түсісімен оны тазалап жуып, бөтен адамдарға көрсетпей, адам баспайтын таса жерге көмеді. Босанған анаға жас сорпа ішкізіп әл жинауына көмектеседі.

Баланың кіндігі түскен соң нәрестені тез ширату үшін 40 күн бойы күнде тұзды суға түсіріп, маймен майлап, сылап шынықтырып отырған. Тұзды су баланың терісін микроптардан сақтап қорғайды әрі терісін ширатады, буындарын қатайтады.

Бала дүниеге келген соң маңызды дәстүрдің бірі сәбиге «ат қою». Балаға ат қоюды қазақ халқында салтанатпен жөн жоралғымен өткізеді. Атақты, құрметті адамдардың атын қояды. Баланың есімін сыйлы құрметті адамға кейде көбіне молдаға азан шақыртып, дұға оқытып қойғызады және оның сол атқа лайықты болуып өсуін қалайды. Жалпы балаға қойылған есім оның өміріне әсері болады деген ұғым бар. Сәбиге ат қоятын кісі мұсылмандық жолмен азан шақырып оның оң және сол құлағына үш реттен мысалыға «Сенің атың Алпамыс» -деп айтады. Міне сол уақыттан бастап балаға сол «Азан шақырып» қойылған ат болып есептеледі. Ислам шариғатында жаңа туған баланың құлағына азан шақырып ат қоюдың тағы бір мәні бала бойына иман ұялату. Азанның мәтінінде адамның Алла Тағалаға деген сенімі мен мұсылмандығын дәлелдейтін сөздер келтірілген. Азан айтудың тағы бір сыры – азан сөздерінен шайтанның ат-тонын ала қашатынында. Содан кейін ат қойған адам сәбиге батасын береді. Жалпы ата ана баласының есімінің мағыналы болғанын қалаған, сонымен қатар түрлі ырымдар мен тілектер де ескеріліп отырған. Ат қоюда түрлі ырымдар да орын алып отырған. Мысалыға тек қызды болып отырған ата аналар келесісі ұл болсын деп Үлбала, Үлдана, Үлболсын, Үлжалғас деген аттар қойған.

Бала туылғаннан кейін 3-4 күнен кейін кіндігі түскен соң тазалық үшін, сәбидің жақсы демалуына өсуіне ыңғайлы деп әулеттің пайдаланып келген бесігіне баланы бөлей берген. Бірақ бала қырқыннан шығатын кезде нағашы әжесі жаңа бесікпен бірге баланың жасауын жасап әкелетін болған. Сол кезде сәбидің атасы мен әжесі немесе әкешесі ауыл-аймақты жинап, баланың аяқ қолының тырнағын, қарын шашып алып, бесікке салу тойын жасайды. Баланы бесікке көп бала тапқан үрім бұтақты елге сыйлы аналарға салдырған, ондағы мақсат үрім-бұтағым, өрісім көп болсын деген ой-пікір.

Бесікке салатын ана сәбиді бесікке саларда нәрестеден жын-шайтан аулақ болсын деп бесікті отпен аластайды, отпен аластау діни наным сенімге байланысты туған болу керек, бесік жырын айта отырып бөлейтін болған. Бесікке салу кезінде «тыштыма» салты жасалған. Ол түбек орнатылатын тесіктен тәттілерді «бөпе тыштыма деп» айналдыра отырған балалар мен әйелдерге таратқан. Осы жерде айта кететін жайт «бесікке салу дәстүріне» көбіне әйелдер мен балалар ғана қатысатын болған. Баланы бөлеген анаға «бесік салу» құрметіне сыйлық берген (ол заттай немесе мал түрінде де болған). Бесік негізінен ағаштан жасалады оны арнайы ұста жасайды, қазақ халқы еш уақытта саудаласпайды. Ұстаның айтқан бағасына алып кете береді (бұл қазақ халқында әлі күнге дейін сақталған) (АӨЖМ).

Ағаш бесік көшпелі өмірге өте қолайлы, теңнің үстіне байлап алып жүре беруге болады. Бесік иіп кептірілген діңі мықты ағаштан жасалады. Екі басын ағаштан шауып жасайды, астына тақтай салып, дәрет жүретін жерді тесіп ойып қояды. Оған түбекті орнатады. Түбек баланың үлкен және кіші дәреті жиналатын ыдыс, оны көбіне саз балшықтан құмыра тәрізді бірақ аузы кеңдеу етіліп күйдіріп жасаған. Түбектің ішіне күл немесе құм салып қоятын болған, ол үлкен және кіші дәрет соның үстіне барып төгіледі де түбек таза болады. Баланың бесікте кіші дәретке отыруына қолайлы етіп қойдың асық жілігінен тесіп шүмек жасайды, оны майлап отыратын болған. Қыз

бен үл баланың шүмегінде айырмашылық болады. Баланың дәреті денеге жайылмай шүмек, түбек арқылы кетеді де денесі таза болған бала жайлы жатып тыныш әрі ұзақ ұйықтайды. Бала өсу үшін ұзақ ұйықтау керек, сонда ғана тез өсіп жетіледі. Қазірде түбекке пласмасса немесе шыны банкілерді пайдалана береді. Тақтай бетіне жөргек салады. Бесікке екі жерден кеуде және белін байлайтын бау тағылады сонымен таңып қояды, басына кішкене жастық салынады.

Бала бесікке бөленгеннен соң бесік үстіне 7 түрлі зат: көрпе, шапан, кебенек, тон, жабу, жүген, қамшы тастайтын. Бұл заттардың әрқайсысының өз мәні болады. Мәселен, ең бірінші етіп бесік көрпе, одан кейін шапан, кебенек, тон, жабу, жүген және қамшы сияқты бұйымдар жабылады. Тон, шапан жабу – ержеткенде бала халыққа қадірлі болсын деген тілек; жүген жабу – ат ұстайын азамат болуын тілеу; кебенек, қамшы жабу – ел қорғайтын батыр болсын деген тілек (Арғынбаев, 1996:75). Осы бесікке 7 нәрсе жабу тұрғысында Б. Қалшабаева да өз тұжырымында: тон мен шапан бала өз халқының адал ұлы болсын, кебенек жабу батыр болсын, жүген ертерек атқа отырсын т.с.с. (Қалшабаева, 2015: 33).

Бесікке бала қанша жасқа дейін жатқысы келсе жата береді, бойы бесікке сыймай қалғанша. Одан кейін қазақ халқы бесікті құрметтеп тазалап, жергөктерін, жастық, жамылы, көрпешелерін жинап арнайы төсек салынатын қоржынға бөлек салып жинап қояды да, бесікті арнайы матамен орап жоғары жерге қояды. Бесік жанұяға сәбидің келуін тілеп тұратын қасиетті дүние деген ұғым бар. Бесікті қазақ құрметтейтіні, сақтайтыны соншалық, бір бесікке бірнеше ұрпақ жатып өсіп өнетін болған. Сондықтан да қазақ өмірінде «*бесік той*» үлкен маңызға ие.

Балаға 40 күн толғанда қырық қасық суға шомылдырып «отыз омыртқан жылдам бекісін, қырық қабырған жылдам қатсын деп» қырық күн шілдесінен шығарады. Қырқыннан шығару ғұрпында қазақтар үл баланы қырық күнге жеткізбей шығарады, оның мәні үлдың қалың малы аз болсын десе, қызды қырық күнге толтырып, «қалың малы қырық болсын» деп ырымдайды. Баланы қырқыннан шығару рәсімінде көп балалы, сыйлы, жасы үлкен кісілердің біріне шомылдыртады, суға күміс білезік, сақина, қасық салады. Суға күміс салудың бірнеше себебі бар: біріншіден микробтарды өлтірсе, екіншіден бай дәулетті ұстаған тұтқан дүниесі тек күмістен болсын деп ырымдаған. Кейбір өңірлерде қойдың қырық құмалағын салу да кездеседі, бұл бала малды, бай болсын деген ырымнан туған. Ал сәби шашын ақыл парасатты, елді аузына қаратқан сыйлы кісіге алдыртады. Ал аяқ қолының тырнағын ырымдап қолынан өнері тамған адамға алдыртатын болған. Баланың шашын, тырнағын аса қасиетті деп қадірлеп, бала өскенге дейін сақтап қояды. Қазақ халқында «қарын» шашын алмау өте сирек кездеседі, себебі қарын шашы алынбаған баланың үлкейгенде қарғысы қатты болады, ол өзіне де ауыр болады деп міндетті түрде шашыналып тастайтын болған. «Қарын шашын» кейбір жерлерде «қырқын шашын» арнайы қалтаға салып сақтап қояды. Қазақстанның оңтүстігіндегі қазақтар балаға көз тигенде сол шаштан бір тұтамын алып тұтатып балаға искететін болған. Бұл балаға тиген көзді қайтарады деген сенім бар. Қырқыннан шыққан соң балаға «*ит көйлекті*» кигізбеген. Ит мінезі қалсын деп, ит көйлектің арасына тәттілер салып иттің мойнына байлап жібереді, оны балалар қуып жүріп ит мойнынан шешіп алып тәтісін бөліп жеп мәз мәйрам болатын болған. «Ит көйлекті» итке байлау – «ит қорғаушы» «жеті қазының бірі» деген сенімнен туған (АӨЖМ). Сонымен қатар ит көйлекті 40 күннен кейін шешіп, иттің мойнына тағады, бұл ит майлы көйлекті жеп, баланың барлық ауруын өзіне алсын деген ниеттен туған ырым. (Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 2006:20) Қазақтың ырымында ит көйлекті далаға тастамайды, біреуге бермейді. Баланың өмірі, несібесі, басындағы бағы осы ит көйлекте сақталады деп есептеген. Ертеде «...Дауға барған адамдар, жауға шапқан батырлар баласының ит жейдесін қойнына тығып, өзімен бірге ала жүрген. Себебі көйлек қауіп қатерден пәле-жаладан сақтайды» деп ырымдаған (Бопайұлы, Керімбай., 2014: 25)

«Ит көйлек» жұмсақ матадан, тысын сыртына қаратып, шетін бүкпей тігеді. Жағасын ойып баланың басы сиятындай етіп тілік жасайды, ал кейбір жерлерде алды ашық етіп омырауын кең қылып бесікке бөлегенде екі жағын бір-біріне қапсырып сыртынан жаялықпен орап бөлейді.

Қазақта 9 айға толмай туылған баланы «шала бала» деп атайды. Оны қолға ұстай алмайды, бесікке салуға келмейді, тымақ жылы әрі жұмсақ, балаға ыңғайлы сондықтан тымаққа салып керегенің басына іліп қояды. «Нәрестенің неше күні кем болса, сонша күн керегенің басына ілініп қойылатындықтан әр ілген кереге басы арақылы күн есептеледі. Мысалы, қырық күні кем болса, керегенің қырқыншы басынан кейін бала тымақтан алынады...» (Зейнолла, 2017: 216). Баланың өміріндегі келесі сәті 9-16 айында (Әр бала әрқалай жүреді, кейбіреулері 1,5 жасқа келгенде зорға тәй-тәй басады. Мұны үлкен аналар анасының сүті ауыр екен деп жатады.) еңбектеуден өтіп, қаз-қаз тұрып, тәй-тәй басып жүруге талпынған сәбиге келешегіне ақ жол тілеп, «тез жүріп кетсін» деп тұсау кесер жасайды. Баланың ата анасы тұсау кесетін адамды алдын ала елдің ішіндегі құрметті, сыйлы, беделді көп балалы болған әйелді немесе еректі таңдап сәбидің аяғын алдын ала өріліп дайындалған бір құлаштан кем емес ала жіппен немесе қойдың майлы ішегімен, сонымен қатар кейбір жерлерде көк шөппен де екі аяғына тұсамысша байлап сонан соң ортасынан кеседі. Оны өткір пышақпен кесу керек қазақ халқы еш уақытта бала тұсауын қайшымен кеспеген, себебі баланың жолы өмірінде қайшыланып болмай қалады деп ырымдаған. Қазіргі таңда көбісі бұл ырымды білмегендіктен қайшымен кесіп жүрген жайы бар.

Ала жіппен байлап кесудің мәні – ешкімнің ала жібін аттамай, адал өтсін деген ырымнан туған ал майлы ішекпен байлап кесу - бай дәулетті болсын, майлы ішектей елмен тығыз аралассын, елгезек, бауырмал болсын дегенді білдіреді. Көк шөппен байлап кесу бала көктей қаулап тез жетілсін, көбейіп-көктесін дегенді білдіреді (АӨЖМ).

Баланың аяғына не себепті ала жіп байланады, мәні мынада: қазақ баласын тұсауы кесілгеннен бастап ұрлыққа, зорлыққа барма, жолама деп баулиды. Біреудің ала жібін аттама бүлінгеннен бүлдірге алма дегенді кішкентайынан бастап құлағына сіңісті етеді бұл баланың келешегіне жол ашып, ақжол тілеу. Қазақта тұсауы кесілмесе сүріншек болады, өмірде жолында кедергілер көп болады «... үлкейгенде топ ауруына шалдығады- дейді» (Төлеубаева, 2012: 223). Негізінен аяғы жеңіл адам баланың тұсауын кесе бала тез жүріп кетеді деп ырымдайды және өмірде шынымен де солай болып жатады. Қазақ халқында «баланы ойын өсіреді» деген нақыл сөз бар, оны текке айтпаған. Ойын баласы ойнаған кезде ол үнемі қозғалыста болғандықтан қан айналымы жақсы болады, сонымен қатар баланың бойының өсуіне он екі мүшесінің кемшіліксіз өсуіне де әсерін тигізеді. Ұлттық ойындарды ойнағанда ойын ережесіндегі тәртіпті қатал ұстану бұл баланы тапқырлыққа, табандылыққа, ұқыптылыққа үйретеді.

Қазақ халқында ер баланы «сүндеттеп» мұсылман атандыру ислам діні тарағаннан кейін қалыптасқан, бұл әрбір ата-ананың парызы. Ер баланы сүндеттеу бұл медициналық тұрғыдан дәлелденіп отырған адам денесінің тазалығы арналған шараның бірі. Шарифат заңына сай ер баланы сүндетке: үш, бес жас немесе жеті жаста отырғызады. Бұл жастан кешіктіруге болмайды. Өйткені шарифат бойынша ұл бала 13 жаста, қыз бала 9 жаста балиғатқа толады, бұл жаста ұл баланың да, қыз баланың да үйленуіне болатын еді. Сүндет тойында баланың нағашылары «үкі тағылған ат» алып келіп атқа мінгізіп, сәндеп киіндіріп, ауыл-аймақты аралатады, оған ағайын туыс ауыл аймақтағылар «көрімдік» береді. Ата-анасы «балам мұсылман санатына қосылады» деп қуанады. Ойын-сауықтың бар түрі көрсетіледі, тойшыл қауым бұл мерекеде де бәйге, балуан, қыз қуар, теңге ілу, жамбы ату, т. б. ойындар ұйымдастырады (АӨЖМ). Орыс зерттеушісі Г. Капустин 1895 жылы «Торғай газетіне» (Капустин, 1895: 2) берген мақаласында Қостанай уезінің Жетіқара болысындағы болыс Ермұхамет Мендіқұловтың 8 жастағы Ердаулет атты ұлын *сүндеттегендегі той* көрінісін сипаттап жазып қалдырған. Тойға 5 күн бұрын болыс адамдарын қонаққа шақырғандығы, тойға арнап 17 киіз үй тігілгендігін, тойға 8 бас жылқы 30 қой сойылғандығы, 20 шақты ет асылатын қазан ошағымен құрылғандығы, пісірілген ет қойылатын арнайы екі киіз үй тігілгендігі, той басталмас бұрын арбаларына қымыз құйылған сабалар тиеп қонақтардың келгенін, той басталған күні әр киіз үйге 10 –нан 20 дейін ет салынған табақтар тартылғаны айтылады. Сонымен ет желініп болған соң ауылдан бір шақырымдай жердегі жазық алаңда ат бәйгесі болып оған 35 бесті - 20 шақырым қашықтыққа, ал 50 құнан – 12 шақырымға шапқанын, бәйге аяқталғанда оларға жүлделер таратылғаны айтылған. Бәйгеге аттар шауып кеткен аралықта «балуан

күрес» болып олардың қатысқан жеңімпазына да жүлделер үлестірілген. Жалпы тойға 600- ден астам адам қатысқан. Біз осы мақалаға қарап қазақ халқының баласын «сүндетке» отырғызып мұсылман атануына мән беріп міне осындай той жасауы ол үлкен тарихи дүние екеніне көзіміз жетіп отыр.

Ағаш шыбықты ат қылып мініп айнала шауып қызықтағанұл бала қара табан болып жетіден асқан соң осы кезеңнен бастап әкесі тайды жуасытып, баласына арнайы «ашамай» жасатып баланы атқа баулыи бастайды. Ашамай ағаштан жасалады – ердің қарапайым түрі. Кендігі баланың ауына лайықталып жасалынады, сүйеніші бар,үзеңгісі жоқ, үстінде жұмсақ көпшігі болады. Құлап қалмасын деп басында екі аяғын байлайды. Ата анасы «балам ат жалын тартып атқа мінді, азамат болды» деп шамасы барлар той жасайтын болған. Балаға дуалы ауыз дана қариялар бата берген. Оларды жігерлендіретін өсиет сөздер айтқан. Орыс зерттеушіс П.« Семей облысы қазақтарының әдет – ғұрыптары» атты еңбегінде қазақтар той жасап, шашу шашыпер баланы салтанатпен қалай атқа мінгізетінін жазады: «... бала үш жасқа толғанда,тағы да той өткізіп, баланы салтанатпен алғаш рет атқа мінгізеді. Кедейлер бұл рәсімді кейінірек, жағдайы келгенде төрт, бес жасар балаға өткізеді. Әйелдер киіз үйге барып, баланы алып шығады, әке-шешесі оны сыйлы қарияның қолына береді, ақсақал баланы жігіт ұстап тұрған аттың еріне отырғызады. Беделді кісіге шапан береді. Жігіт бала мінген атты жетектеп ауыл аралайды, ауыл адамдары оған түрлі сыйлықтар береді: біреуі ашамай сыйласа, екіншісі айыл береді, енді біреуі құлынды сыйға тартады, енді біреуі жүген сыйлайды, қайсібіреулері баланың қолын күрт – ірімшікке толтырады (Алектров, 2006: 66-67). Бала атқа отыруды әбден меңгергенге дейін бірнеше күн баулыиды аттың немесетайдың тізгінін балаға ұстатып, әкесі немесе ағасы жетектейді, осылай ары қарай бала үйреніп өзі еркін ат құлағында ойнайды. Тайға отырып машықтанған, меңгерген қазақ баласы ашамайды тастап, ертоқым салынған атқа мінеді. Баланың нағашысы бір құлынға ен салып, ашамайға мінген жиен баласынабәсіре атайды. Қазақ баласы көшпелі өмір мен ұдайы жаугершілікте өскендіктен ерте есейіп шаруашылыққа да өмірге де ертеараласады, бейімделеді, қалыптасады. Өмірінің жартысынан көбі аттың үстінде өтеді.

Жоғарыда айтқанымыздай ер баланы сүндеттеу ата-анаға парыз болса, қыз баланың «құлағын тесу» ата ана үшін бұл да бір парыз әрі қуаныш, анасы қызына қос етек көйлек, кестелі камзол, үкілі тақия кигізіп жасандырады. Ауыл әйелдері жиналып, құлағын тесетін қыз баланы ең қолы жеңіл ауыл ішіндегі ең сыйлы әйелге тесіреді. Құлақты тесетін жерге екі жағынан екі тары дөнін қойып жансызданғанша уқалап отпен заласыздандырылған күміс инемен теседі де жіп немесе күміс сырға тағып қояды.Қазақтар ерте кезден күмістің қасиетін білген ол кез келген зиянды нәрселерді жояды адам ағзасына пайдасы бар деп есептеген. Сондықтан әйел баласының әшекей бұйымдарының барлығын күмістен жасаған. Тіптен қыздарының ат әбзелдерінің барлығын арнайы ұсталарға күмістен соқтырып беретін болған (АӨЖМ). Жоғарыда айтқанымыздай, қыздың тәрбиесімен анасы айналысады. Қызды анасы болашақ келін, ана ретінде өзі білетін нәрсенің барлығын үйретеді. Қыз келін болып барған жерінде ештеңе істейалмаса шешесіне сын болған.

Орыс зерттеушісі А.Е. Алектров «... қазақ әйелдері қыздарын түрлі өнерге үйретеді, жіп иіруді, тоқуды, киім тігіуді, тамақ пісіруді, жібек не алтынмен кестеленген түрлі өрнекті перделерді істеуді үйретеді» - дейді (Алектров, 2006: 110)

Үлбалаға арналған «айдар», «тұлым» «кекіл» сияқты шаш сән үлгісін жасаған. Бұл шаш үлгілерін ырым қылып та қоятын болған. Айдарды үл баланың төбесінен аздап шаш қалдырып, бір бұрым қылып өріп қояды. Айдарлы ұлдың айбары, мысы болады, тіл көзден сақтайды дейді.Тұлым екі жағынан бірдей желкесіне қарай аз шаш қалдырады. Тұлым қыз балаларға тән, кейде ұлдарға да қояды. Қазақта жас балаларға «тұлымы желбіреп» деп айтып та жатады. Кекіл - баланың маңдай тұсына шаш қалдырады, маңдайына сәл түсіріп қояды.

Қазақ халқында баласының «аузына түкірту» ырымы бар бұл әлі күнге дейін сақталып келе жатыр. Баласының аузына атақты ақындарға, билерге,шешендерге, батырларға, ел басқарған азаматтарға түкіртетін болған, әрбір ата-ана өз баласының соларға ұқсағанын қалаған.

Түрлі себептермен бала сүйе алмаған ерлі зайыптылар «атым өшпесін түтінімді түтететін ұрпақ қалсын» деп туған туыстарынан кейде ағасының немесе інілерінің де балаларын асырап алатын болған. Баласы жоқ адамдар біреудің баласын асырап алуы бұрыннан қазақ халқында бар ғұрып. Бала асырап алатын адам алдымен ауыл ақсақалдарынан бата алып ақылдасады, содан кейін ағайын туысты жиып, той жасайды. Бала асырап алудың да өзінің ырым жоралары бар. Мысалы, жаңа туған баланы асыраушы анасы шаранасынан етегіне салып алады, бұл баланы өз дүниеге әкелгенмен бірдей сезіну. Қазақи дәстүр бойынша асыраушы адам жаңа туған балаға азан шақырып атын қойып, баланың оң қолына қойдың, не жылқыныңжілігін асықты жілігін ұстатады, сол күннен бастап бала сол үйдің баласы деп есептеледі бұл үлкен дәлел, куәлік есебінде жүреді. Жілікті ұстаған бала әкеден қалған жан мен малдың иесі әрі мұрагері болады. Қазақтың атақты этнограф ғалымы Халел Арғынбаев: «Қандай жағдайға байланысты, кімді алып бауырына салып бала еткісі келсе де, халық дәстүрі бойынша, міндетті түрде орындалатын ғұрыптың бастысы –тойжасап, ер балаға асық жілік, қыз балаға тоқпан жілік ұстату әдетін істейтін. Асық жілік ұстатқандығы әке тарапынан жауапкершілікті аңғартса, асық жілік ұстатқандығын мойындау бала тарапынан міндеткерлікті аңғартады» (Арғынбаев, 2005: 33; АӨЖМ).

Кейде баланың өз әке-шешесі балаға таласқан жағдайда асыраушы адам «оң қолына асық жілік ұстатып едім ғой» деп дауласатын кездер де болған. «...Осыдан кейін сол үйдің әйелі перзентті болса, онда асырап алған баланы бұдан былай «майқұйрық» деп әлпештеп, оны бұрынғыдан бетер жақсы көреді. Алайда, бала қайтыс болған жағдайда оның биологиялық туған әке-шешесінің аты айтылып, жаназасы шығарылады (АӨЖМ; Зейнолла, 2017:219)

Қазақтың белгілі этнограф ғалымы Жамбыл Артықбаев осы бала асырап алу ғұрпына сай мынадай мәліметтерді де келтіреді: «Бала асырап алушы отағасының әйелі үлкен бәйбішенің көйлегін киіз үйдің оң жағына ұзынынан тастайды. Бала сол көйлектің жағасынан кіріп етегінен шығады. Бұл ишара бала сол бәйбішенің ішінен шықты дегенмен бірдей. Асырап алған баланы осыған байланысты «киімді ұл» деп атайды және бәйбішенің бауырынан тарағанның бәрі оны бірге туған туысындай қабылдайды. Бала асырап алу дәстүрі атам қазақ заманында өте жиі кездеседі. Оған негізгі себеп елдің басындағы жаугершілік, қоғамда үстем болып отырған туыскандық байланыстар жүйесі, ата баласы ру-тайпа ішіндегі адам саны көп болсын деген мүдде, себебі сан кейін сапа туғызады. Қазақ шежіресінің ұзын-ырғасы осындай асырап алу оқиғаларын жиі баяндайды». Сонымен қатар баласы тұрмай баласы өле берген жанұя баласы ұзақ өмір сүрсін деген ырыммен жеті кемпірдің аяғының арасынан өткізіп алатын да болған.

Бала асырап алуға байланысты бұдан басқа да түрлі жоралғылар жасалынады. Мысалыға бірнеше қарулы жігіт киіз үйдің керегесін аздап көтереді, сол саңылаудан бала үйге еңбектеп кіреді. Бүкіл ауыл, ағайын туыс, тұтас ру осы баланы жатсынбасын десе, ел ішіндегі беделді отыз шақты бәйбішелердің аяқтарының арасынан асырап алынатын бала еңбектеп өтетін болған, енді ол осы елдің баласы, ешкім оны бөтенсімейді деген ишара. Қазақта баланы өз руласынан кейде бөтен рудан да асырап ала береді. Бөтен рудан асырап алған баланы жоғарыдағыдай ырым жасалған соң толық өгей әкенің руына көшетін болған, сол рудың қызына үйленуіне де тиым салынған, өйткені жеті ата дәстүрі бойынша туыс қарындасы қандасы болып есептелінген (АӨЖМ.).

Қазақ халқында атасы мен әжесі бірінші туылған немересін өздері алып сол баланың тәрбиесімен өздері айналысады, оны «бауырына салу» деп атайды. Олар баланың өсуіне нағыз азамат болып, халқының жақсы қасиеттерін бойына сіңіруіне көмектеседі.

Қазақ халқы сөзге шешен, сөз қадірін, құдыретін түсінетін қастерлейтін халық. Сондықтан әрбір ата-ана баласының сөзге шешен, дана болуын қалайды. Баланың былдырлап тілі шыға бастағанда айналадағы заттардың атын қайталатып сөйлеуіне қадамдар жасайды. Баласының хат тануына мән берген халықпыз. Баланың «тілі тез шықсын» деген ниетпен, қазақтың көне ғұрпы бойынша «тілашар тойын» жасайды. Тойға келген ақсақал қадірлі адам қойдың сыбағалы басын кесіп оның тілін «тез шықсын, шешен бол» деп тілді балаға жегізеді. Тойға жиналғандар «Жиреншедей шешен бол» деген тілек айтып тарайды (Кенжеахметұлы 2010: 312). Ары қарай

баланың тілінің қалыптасуына ата анасы, туыстары көңіл бөліп «тіл ұғуға» үйретеді.

«Тілашар» дәстүрі дегеніміз - баланың ұстаз алдын алғаш көруіне байланысты (ол қожа бола ма, молда болсын, қазірде мұғалім) арналған ізгі ниет, бата-тілек. Бұрынғы кезде бай адамдардың көбі ауылында бала оқытатын қожа молдаларды ұстаған. Қазақтар арасында кедейлердің өзі балаларының хат таныған күп көрген, баласын ауыл арасындағы молдаларға апарған. «Тілашар» дәстүрі сол кезде жасалған. Молда алдынаоқуға баратын баланының дәптер қаламын дайындап қолдағы барымен дастарқан жасап, үлкендерден бата алған.

Қазақ даласында зерттеу жүргізген орыс зерттеушісі А. Брем «Қазақтардың тұрмыстық және отбасылық өмірі» атты мақаласында қазақтардың балаларының сауатын қалай ашатындығына тоқталады (Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрып, 2006: 110) «Ауқатты адамдардың ұлдары молдаға немесе басқа да оқып жаза алатын адамдарға оқуға беріліп діни сауатын ашады. Бала он екі жасқа жеткенде оқуын тәмамдап, ересек адамдармен тең дәрежеде өмір сүре бастайды» .

Қорыта келе адам баласы барлық білікті 5 мүшесімен алады: көзбен көріп, құлақпен естіп, мұрынмен иіскеп, тілмен татып, денемен сезіп. Сондықтан баланы уатқан уақытта, мүшелердің барлығын бірдей тәрбиелеу керек. Бірқатары тәрбиеленіп, бірқатары тәрбиеленбей қалса, ол балаға зор кемшілік келтіреді («Қазақ» газеті, 2017: 190).

Қандай ұлтты алсақ та, олардың өзіне тән тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрып, салт-санасы бар, қоғамдағы, экономикадағы өзгерістер олардың дамуы адам өміріне, халықтың тұрмысына әдет-ғұрып, салты мен дәстүріне біртіндеп өзгеріс әкеліп отырады. Сөйтіп бір заманда туылған көп уақыт бойына қалыптасқан ата-баба дәстүрі бергін келе, белгілі жүйеге түскен, дағдыға айналған тұрмыс-тіршілік, әдет-ғұрып, салт-сананың алғашқы мазмұны біртіндеп ескіріп, заман талабына сай жаңа мазмұнға ие бола бастайды яғни заманына қарай салт-дәстүрімізде өзгеріп жаңарып отырады.

Қорытынды. Балаға байланысты жасалатын әрбір ырымдардың баланың өмірде дені сау, қайсарлы, қайратты, білімді, тәрбиелі елдің намысын қорғайтын саналы ұрпақ тәрбиелеуде маңызы ерекше. Қазақ халқының өзіне тән ерекшелігі ұрпақ тәрбиесіне өте қатты көңіл бөледі, жас ұрпақ елдің ертеңі болашағы ата баба дәстүрін елін, жерін сақтаушы ұрпағын тәрбиелеуде қателік жібермеу үшін ата – баба салтын бұлжытпай орындауға тырысады.

Ата-баба мұрасы болашақ азаматты жан-жақты жетілген, саналы, ізгілікті, мейірімді етіп тәрбиелеуде балаларға тәрбие беру ісі, жан-жақты қарастырылады, ақыл-ойын өсіру, денесін жетілдіру, еңбекке баулу, ең бастысы адамгершілік, ізгілік қасиеттерді, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды жинақтап, саралап болашақ ұрпаққа адамгершілік қасиеттерді сіңіреді.

Әдебиеттер:

Алектров А.Е. Қазақта дүниеге баланың дүниеге келуі, тәрбиелеуі, ата-аналардың құқықтары мен билігі туралы. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Т.2. Құрастырған Әжіғали С. Алматы: Арыс, 2006.

Арғынбаев Х. Қазақ отбасы. Алматы: Қайнар, 1996.

Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. Алматы: Қайнар, 2005. 216 б .

АӨЖМ – автордың өзі жинаған материалдары

Бопайұлы Б., Керімбай С., Төлеген М., Нәби Ә., Тасболат А. Салт дәстүр сөйлейді. Алматы: Орхон, 2014. 288 б.

Диваев А.А. О свадебном ритуале киргизов Сырь-Дарьинской области. Казань, 1899.

Жаңа Байбақты М. Бала тәрбиесі. /«Қазақ» газеті. 1915 жыл. Құрастырғандар: Смағұлова С.О., Абиқова Г.М. Алматы: Елтаным, 2017.

Жұмабаев М. Таңдамалы: (Өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар). Алматы: Ғылым, 1992.

Зейнолла С. Қазақ этнографиясы. Т.8. Алматы: Арыс, 2017. 328 б.

Ибрагимов И.И. Казак халқының этнографиялық очерктері. / Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Т.2 / Құрастырған Әжіғали С. Алматы: Арыс, 2006.

Капустин Г. Джитыгаринская волость, Кустанайского уезда. // Тургайская газета. 1895. № 28.

Кенжеахметұлы С.К Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы: Алматыкітап, 2010.

Қалиұлы С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. Алматы: Білім, 2003.

- Қалшабаева Б.К. Қазақ диаспорасының мәдени мұралары. Алматы: Қазақ университеті, 2015.
- Колбасенко И.С. Қазақтардың ақушеркілік маңызы бар кейбір әдет-ғұрыптары мен ырымдары. / Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Т.2 / Құрастырған Әжіғали С. Алматы: Арыс, 2006.
- Нсіпоқасұлы А., Жапарұлы Ә.Ағаш бесіктен жер бесікке дейін. Алматы: Өнер, 2011.
- Семей облысы қазақтарының әдет-ғұрыптары. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Т.2 / Құрастырған Әжіғали С. Алматы: Арыс, 2006. 416 б.
- Төлеубаев Ә.Т. Қазақ халқы этнографиясы мәселелері. Т.2. Алматы: Servis Pres, 2013.
- Төлеубаева К. Қазақтар мен Орта Азия халықтарының отбасылық салт дәстүрлері. Алматы: Елтаным, 2012. 432 б
- Уәлиханов Ш. Таңдамалы Алматы: Жазушы, 1985.

References:

- Alektrov A.E. Kazakhta balanyn duniyege kelui, tarbiyeleui, ata-analardyn kukiqtary men biligi turaly. Kazakh halkynyn dasturleri men adet-guryptary. T.2. Kurastyrgan Azhigali S. Almaty: Arys, 2006.
- Argynbaev X. Kazakh otbasy. Almaty: Kainar. 1996.
- Argynbaev X. Kazakhtyn otbasylyk dasturleri. Almaty. Kainar. 2005. 216 b.
- AOZHM – avtordyn ozizhin agan materialdary.
- Bopaiuly B., Kerimbay S., Tolegen M., Nabi A., Tasbolat A. Salt dastur soileidi. Almaty: Orhon, 2014. 288 b.
- Divaeв A.A. O svadebnom ritual kirgizov Syr-Darynskoj oblasti. Kazan, 1899.
- Zhumabayev M. Tandamaly: (Olender, poemalar, zertteuler, audarmalar). Almaty: Gylym, 1992.
- Ibragimov I.I. Kazakh halkynyn etnographialyk ocherkteri. / Kazakh halkynyn dasturleri men adet-guryptary. T.2 / Kurastyrgan Azhigali S. Almaty: Arys, 2006.
- Kalshabaeva B.K. Kazakh diasporasynyn madeni muralary. Almaty: Kazakh universiteti, 2015.
- Kapustin G. Dzhitigarinskaya volost, Kustanaiskogo uezda. // Turgaiskaya gazeta. 1895. №28
- Kenzheakhmetuly S.K. Kazakh halkynyn salt-dasturleri. Almaty: Almatykitap, 2010.
- Khaliuly S. Kazakh etnopedagogikasynyn teoriyalyk negizderi men tarihy. Almaty: Bilim, 2003.
- Kolbasenko I.S. Kazakhtardyn akusherkilik manyzy bar keibiradet-guryptary men ырымдары./ Kazakh halkynyndasturleri men adet-guryptary. T.2/Kurastyrgan S. Azhigali – Almaty: Arys, 2006.
- Nusipokhasuly A., Zhaparuly A. Agash besikten zherbesikke deijn. Almaty: Oner, 2011.
- Semei oblysy kazakhtarynyn adet-guryptary. Kazakh halkynyn dasturleri men adet-guryptary. T.2 / Kurastyrgan Azhigali S. Almaty: Arys. 2006. 416 b.
- Toleubaev A.T. Kazakh halky etnographiasy maseleleri. T.2. Almaty: Servis Pres, 2013.
- Toleubaeva K. Kazakhtar men Orta Aziya halyktarynyn otbasylyk salt dasturleri. Almaty: Eltanym, 2012. 432b
- Ualikhanov Sh. Tandamaly Almaty: Zhazushy, 1985.
- Zeinolla S. Kazakh etnographiasy. T.8. Almaty: An Arys, 2017. 328 b.
- Zhana Baibakty M.. Balatarbiyesi. / “Kazakh” gazeti. 1915 zhyl. Kurastyrgandar: Smagulova S.O., Abikova G.M. Almaty: Eltanym, 2017.

ҒТАХР 30.61.00.

**ДОҢЫЗТАУ ЖӘНЕ СОЛТҮСТІК ҮСТІРТ ҮСТІ ҚҰДЫҚТАРЫ
(ЭКСПЕДИЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

Қартаева Тәттігүл

Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор. Әл Фараби атындағы ҚазҰУ.
Қазақстан, Алматы қ. E-mail: kartaeva07@mail.ru

Түйіндеме. Доңызтау мен Солтүстік Үстірт үсті Ақтөбе облысының оңтүстігінде орналасқан. Қарастырылып отырған аймақ құдықтарының барлық түрінің шегенделу материалы жергілікті тас болғанымен, ішкі аймақтық ерекшеліктері мен бір бірінен айырмашылықтары да болды. Шегенделген тас құдықтардың барлық түрі тұрақты құдықтарды құрап, олар керуен, көш жолдарында, мерзімдік қоныстарда кездесті. Тас құдықтардың қабырғасын шегендеуге жергілікті қара тас, ұлу тас шақпақтары қаланды. Доңызтау етегі мен Солтүстік Үстірт үстінде тас құдықтың таяз, орташа тереңдіктегі түрлері, ал Оңтүстік Үстіртте терең шыңырау түрлері кездесті. Шегенделген құдықтардың барлық түрі сайдан, ойпаттау жерден қазылды. Құдық шегені үшін тастың ішкі бетін өңдеу, құдық аузын, ернеуін көтеруге ойық тас «әйкел» қашау, астау ою, су қоймасы үшін «әуіт» жасау тас қашау өнеріндегі халықтың білімнің ерекше үлгісін көрсетеді. Бұл өңірде көшпелі мал шаруашылығы тоқтаған уақытта кейбір құдықтарды мал, адам түсіп кетпесін деп иелері көміп кеткен. Дегенмен шеген құдықтардың негізгі дені ашық қалдырылған, қазіргі таңда бірқатары жақсы сақталған, суы сарқылмаған.

Кілт сөздер. Доңызтау, Үстірт, тас құдық, шегендеу, шыңырау, құдықшы.

МРНТИ 30.61.00.

**КОЛОДЦЫ ДОНЫЗТАУ И СЕВЕРНОГО ЧИНКА УСТЮРТА
(НА ОСНОВЕ ЭКСПЕДИЦИОННЫХ МАТЕРИАЛОВ)**

Картаева Таттигул

Профессор КазНУ им. аль-Фараби.
Қазақстан, г.Алматы. E-mail: kartaeva07@mail.ru

Аннотация. Доңызтау и Северный чинк Устюрта расположены на юге Актюбинской области. Материал крепления всех видов колодцев рассматриваемой нами территории выложены из местного камня, но отличаются внутрорегиональными особенностями друг от друга. Все виды крепленных каменных колодцев относятся к постоянным колодцам, и они встречаются на кочевых, караванных путях, и на сезонных пастбищах. Для крепления стен каменных колодцев были использованы местные черные камни и ракушечники. В ущельях Доңызтау и на Северном чинке Устюрта встречаются неглубокие и колодцы средней глубины, а на Южном Устюртеглубокие колодцы – шыңырау. Все виды глубоких колодцев были вырыты в ущельях, впадинах. Обработка внутренней поверхности камня для внутреннего сруба колодцев, для подъема горловины, для поверхности горловины круглого камня «айкел», резьба кариты, обработка камня для строительства водохранилища «әуіт» представляют особую модель знаний каменорезного искусства. В этом регионе, когда кочевое скотоводство остановилось, хозяева некоторых колодцев их закопали, чтобы скот и люди не упали. Однако основная часть колодцев оставлена открытыми, в настоящее время некоторые из них хорошо сохранены, вода не истощена.

Ключевые слова. Доңызтау, Устюрт, каменные колодцы, укрепление стен, шыңырау, мастера колодезцы.

IRSTI 30.61.00.

**WELLS OF DONYZTAU AND NORTHERN CHINK OF USTYURT
(based on expeditionary materials)**

Kartaeva Tattigul

Professor at Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty. E-mail: kartaeva07@mail.ru

Abstract. Donyztau and the Northern Chink of Ustyurt are located in the south of the Aktobe region. The fastening material for all types of wells of the territory which were considered is laid out from local stone, but differ in intraregional features from each other. All types of fortified stone wells belong to permanent wells, and they are found on nomadic, caravan routes, and on seasonal pastures. To fix the walls of the stone wells were used local black stone and shells. In the ravine of Donyztau and in the Northern Chink of Ustyurt, there are skin and medium-depth wells, and in Southern Ustyurt are found deep wells - shynyrau. All kinds of deep wells were dug in gorges, hollows. Processing the inner surface of the stone for the internal logging of wells, for raising the neck, for the surface of the neck of the round stone “aykel”, carving, stone processing for the construction of the reservoir “auyt” represent a special model of knowledge of stone-cutting art. In this region, when nomadic cattle breeding came, the owners of some wells dug them in, so that cattle and people would not fall. However, the main part of the wells was left open, at the present time, some of them are well preserved and the water is not depleted.

Key words. Donyztau, Ustyurt, stone wells, wall reinforcement, shynyrau, well masters.

Кіріспе. Жер асты және жер үсті суларын игерудің дәстүрлі жолдары дәстүрлі этнология, ескерткіштану бағытында күн тәртібінен түспей келе жатырған өзекті мәселелердің бірі. Әсіресе қазақ жерінің батысындағы жер асты суларын жоғары шығару үшін құдық қазудың әдіс тәсілдері зерттеушілер мен саяхатшылар назарын өзіне аударып келген. Құдық қазу ісінде күрделі технология, құдық қабырғасын таспен шегендеп, құдық аузы мен ернеуін таспен көтеру, құдық үшін тас қашау болып табылады. Грунт суының жер асты су жолында болу қабатына және топырақтың құрамына қарай қалыптасқан құдық түрлерінің қазылу, шегендеу технологиясы табиғат пен адам арасындағы ерекше байланыстың жүйесі. Ақтөбе облысының солтүстігінде қабырғасы өсімдік түрлерімен орпа, таңқы құдықтардың да бірнеше түрлері дәстүрлі кезеңде қолданыста болған. Біз осы мақалаға негізге алып отырған Доңызтау мен Солтүстік Үстірт үсті құдықтарының барлық түрі қабырғасын бекіту әдісіне қарай *шеген құдық* немесе *шегенді құдық* деп аталады. Ал, шегендеуге қолданған материалына қарай атауы – *тас құдық*. Көшпеліліктен отырықшылыққа ауысқан кезеңде кейбір шегенді құдықтың иелері құдыққа мал, адамның түсіп кетуі қауіпсіздігі үшін көміп кеткен, негізгі дені ашық қалған. Осы аймақта құдық кәсібімен байланысты аймақтық кәсіптік сөздердің қалыптасуы, бұл өңірдегі дәстүрлі гидротехникалық білімнің ерекшелігін нақтылайды. Аймақ құдықтары «Батыс Қазақстан өңірлік этноархеологиялық кешенді экспедициясы» негізінде зерттелді. (Экспедиция жетекшісі - С. Ажіғали; отряд жетекшісі - Т. Картаева).

Доңызтау, Солтүстік Үстірт үсті шегендерінің ерекшеліктері

Түптері. Құдықтардың тереңдігі жер асты грунт (еспе) суларының жолдарымен, су қабатының деңгейімен, ал құдық ернеуінің кең немесе тар болуы топырақ құрамы, топырақ түрімен (күмды, сазды, тасты, қиыршық тасты т.б.) байланысты. Доңызтау, Солтүстік Үстірт үстінде құдықтың материалына қарай тек таспен шегенделген түрі кездеседі. Доңызтау мен Солтүстік Үстірт үстінде таяз тас құдықтар, ал Оңтүстік Үстіртте терең тас құдықтар шыңыраулар қазылған. Тас түріне қарай қара таспен шегенделген құдық, ұлутаспен шегенделген құдық деп екі топқа жіктеуге болады. Ұлутас жұмсақ болғандықтан, ішкі жақ бетін өңдеген типтері кездеседі. Ал қара тасты қатты болғандықтан, табиғи шақпақ, өңделмеген түрінде қолданды.

Зерттеу негізінде қазылу, шегендеу, құдық түбінде су сақтау әдісіне қарай *бес*

типін анықтадық:

1) түбіне қарай кеңейіп, қабырғасы да, қорабасы да таспен шегенделген, қорабасында су сақталатын «сиясауыт» түріндегі таяз тас құдық (Доңызтау, Солтүстік Үстірт үсті);

2) жоғарғы қабырғасы шегенделген, түбіне қарай баратын қабырғасын табиғи тас қабат құрайтын, ішкі қабырғасы кең, түбіне қарай кеңейген таяз тас құдық (Доңызтау, Солтүстік Үстірт үсті);

3) қабырғасы толық таспен шегенделген, ішкі ернеуі мен ішкі қабырғасы тар, цилиндр типіндегі таяз тас құдық (Доңызтау);

4) жоғарғы қабырғасы шегенделген, түбіне қарай баратын қабырғасын табиғи тас қабат құрайтын, ішкі қабырғасы тар, цилиндр түріндегі терең тас құдық шыңырау (Оңтүстік Үстірт);

5) түбіне қарай кеңейіп, жоғарғы қабырғасы шегенделген, қорабасын табиғи тас қабат құрайтын, қорабасында судың мол қоры сақталатын «сиясауыт» түріндегі терең тас құдық, шыңырау (Оңтүстік Үстірт).

Құдық суының қоры. Доңызтау жер асты грунт суының мол қорымен танылады. 1930-1931 жылғы гидромелирациялық зерттеу негізінде Доңызтаудан 7328 адамы бар 1328 отбасы тіркелген, олардың меншігінде 2580 - жылқы, 504- ірі қара, 9736- түйе, 9376 - қой, 2658 - ешкі бары есепке алынған. Зерттеушілер қолда бар дәстүрлі құдықтардың адам мен мал басына жетпейтіндігін анықтаған. Доңызтау жазықты жерінде құдық суының көзінен 1 сағатта 60 литр су өнеді. Күніне бір адамның тіршілігі мен шаруашылығы үшін 36 литр су керек десек, құдық суы 6000 адамға жетеді. Құдық суы көзіне қарағанда бұлақ көзі су мол өнген. Ағарған бұлақ көзінен сағатына 350 литр, Қоснұр бұлақ көзінен сағатына 420 су өнген. Байғанин ауданында бұлақтар мен құдықтар суын қоса есептегенде сағатына 84288 су берген. Доңызтаудың Құрғай шатқалындағы грунт суы көзінен сағатына 1400 литр су өнеді. Ал, Қызылқұдықтың құдық суы күніне 340 литр, Ақтас құдық суы күніне 120 литр су берген. Құдық суының қаттылығы неміс градусы өлшеммен dH (deutsche Hдrte) - 44с, ал бұлақ суының қаттылығы – 35с тең. 1931 жылы Доңызтауға 2000 отбасын тұрақтандырып, халық санын 12000 жеткізу жоспарланған. Су қорының халыққа қажеттілігін зерттеу нәтижесінде техникалық ұңғылар орнату қолға алынған (Материалы к схеме проекта обводнения у Доңызтау река Чаган, 1931: 2-4).

Кәсіптік, аймақтық атаулар. Доңызтау, Үстірт құдықтарымен байланысты келесідей аймақтық кәсіптік сөздер қалыптасқан:

Кеуек– 1) Үстірт, Доңызтау, Маңғыстау өңірінде қолданылатын жер асты суының жолдарының атауы; 2) *Кеуек* – құдық түбіндегі балшықтың құлауынан пайда болатын қуыс.

Күдер су – терең қазылған, суы мол шыңырау құдықтардың балама аты.

Күдері су – ағыл-тегіл таусылмайтын мол су.

Қанды құдық – наным-сенім бойынша құдық түбінде пері, айдаһар мекендеген, құдық тазалау түскен адамды шығармай қоятын немесе қауға салғанда су бермей қоятын құдық. Мұндай жағдайда, құрбандық шалып, құран оқытып, құдық суын сарқып, аластап, түрлі ритуалдар жасаған.

Құдықтың ұлтаны – құдықтың табаны.

Төбін – құдықтың түбі.

Қораба – құдық түбіндегі су жиналатын орын.

Әуіт, ауыт– құдықтан тартылған суды мол етіп жинап қоятын сымдылы мол тастан қаланған астау, су қоймасы ретінде қызмет ететін хауыз тәрізді гидротехникалық құрылыс. Әуіт құдықтың басындағы су қоймасы болып саналады. Ауытқа су жинау тек түйе, ат көмегімен жүзеге асады.

Әйкел /Әйкел құдық – 1. құдық суын таза ұстау үшін, судың бетін жабық ұстау үшін, әрі кенересі берік болып, құламас үшін бетіне қойылатын, ортасы тесік үлкен дөңгелек тасқақпақ, тас шеген. 2. Тас құдықтың, шыңырау құдықтың Үстірт, Доңызтау, Маңғыстау өңірінде қолданылатын жергілікті атауы. Шыңырау құдықтың аузы «*әйкел*» деп аталған тасқақпақпен жабылды. Тасқақпақтың ортасы мес қауға сиятындай етіліп тесілген, сондықтан «*әйкел құдық*» деген де атау қолданылған. *Әйкел* – арабтың

ойық, дөңгелек деген сөзі. Маңғыстау, Түркімен қазақтарының тілінде ортасы тесік, дөңгелек тас мағынасында қолданылады. Өзбек тілінде тастың бұл түрі *ойқулча* деп аталады (Қазақ тілінің аймақтық сөздігі, 2005: 99-100). Тас құдықтардың қазақ жерінің оңтүстік батысында ерте кезден қолданыстан болғанына қарағанда әйкел сөзі ислам діні дендеп тарағаннан кейін қолданысқа енген болуы керек. Әйкелдің салмағы ауыр тартады, құдықтан суды түйе, ат көмегімен тартқанда тірек ретінде құдық аузы шегенінің жылжып кетпеуін қамтамасыз еткен.

Бесбай кешеніндегі шыңыраудың біріндегі әйкел көлемділігімен, қалыңдығымен және бүтіндігімен өзіне назар аудартады (Әжіғали, 2015: 12). Құдықтың аузы, ернеуін көтерін тастары мен тас астауларды тас қашаушы, яғни тасшы шеберлер жасаған.

Доңызтау, Солтүстік Үстірт үстіндегі құдықтар мен бұлақтарды байырғы көш және көш жолдарын жалғап жатқан бекет, суат ретінде танымыз (Әжіғали, 2015: 7). Доңызтау мен Доңызтаудан Үстіртке көтерілетін шындағы құдықтар байырғы көктеу мен күздеуді қамтамасыз еткен мерзімдік қоныста орналасқан.

Ілме құдық– суы таяз жерден шығатын, қабырғасы таспен шегенделген тұрақты құдықтардың Доңызтау қазақтарының (Оймауыт, Миялы ауылдары) жергілікті жерде қолданатын аймақтық сөзі. *Ілме құдық* атауы, суды қауғамен оңай тартып алуына байланысты қалыптасқан. Жалпы қазақ жерінде ілме құдықтың екі түрі кездеседі. Бірінші түрі Ақтөбе облысы Доңызтауегеті, Доңызтау жоталары мен Солтүстік Үстірт үстіндегі сайларында сақталған. Бұл өңірде құдық аузынан суға дейін 2-ден 3,5 метрге дейін, ал құдық тереңдігі 5-9 метрге дейін барады. Доңызтау мен Солтүстік Үстірттегі ілме құдықтар атауы Солтүстік Үстірттегі терең шыңырау құдықтармен салыстырмалы түрде қалыптасқан деуге болады. Е. Беляевский Айрықты тауының батысы мен шығыс жақ етегінде тереңдігі 1 ден 2 сажынға дейінгі Шеген, Сасық атты құдықтар шоғыры кездескенін, сондай-ақ Айрықты тауының аңғарындағы Ащыеспе суы алғау болып келетін 12 құдық суы мал суаруды қамтамасыз еткен жазған жазған. (Беляевский, 1885: 11). Е.Беляевский көрсеткен құдықтар тереңдігі суы таяздан шығатын құдық. Дәстүрлі өлшемде 1 сажын шамамен 2 м. 13 см. болса, 2 сажын 4 м 26 см тереңдіктегі құдыққа саяды. Еспе атауымен байланысты құдықтар да негізінен суы таяздан шығатын құдықтар жүйесі. Еспе суын (грунт суы) шығару, еспе суын құдық түбіне сақтау, жинаумен байланысты қалыптасқан құдық атауы.

Доңызтау, Солтүстік Үстірттегі ілме құдықтар Тұщайырық, Ащайырық, Жаман Ақсай, Жақсы Ақсай, Изенағаш сайларынан, ойпатты жерлеріндегі байырғы қоныс, елді мекендер орнынан бақыланды. Ілме құдықтардың түбі кең етіп қазылып шегені бірінің үстіне бірі алға қарай шығыңқылынып қаланады, осылайша аузына қарай тарыла береді. Тас құдықтың ішкі бейнесі сиясауыт түріне келеді.

Суы мол жерден бірнеше құдық қатар қазылған, мал бір уақытта келгенде екі құдықтан қатарынан екі түйенің көмегімен су тартқан (Мұқанов, 1949: 89). Қатар қазылған құдықтар «қосқұдық» атаған (Вялов, 1934: 150; Қазақтың этнографиялық категориялар, 2017: 780).

Тас қабат. Үстірт үстінде 1,5 – 2 метр жер қабатынан соң қалыңдығы 30-40 метр, кейде одан да қалың, бірақ жұмсақ тас қабаты түзілген, сондықтан жер астындағы суға жету үшін көздеген жердің тас қабатын үңгу қажет болған. Ол үшін үстіңгі жер қабатын кең етіп қазып алып, дәл ортасынан диаметрі 1,5 метрдей етіп тасты дөңгелете сүйменмен (басы үшкір темір құрал, оны балықшылар мұз оюға қолданған) тескілеп, 30-40 см қабатын қопарып алады, оны «*тасты бауыздау*» дейді. Бұдан әрі бауыздалған қабатты шетінен сындырып отырады (Арғынбаев, 1969: 49).

Тасты қабат тереңдеген сайын, оның түбіндегі балшық пен тас сынықтарын шығару, салмағы ауыр болғасын қиындай береді. Сондықтан балшықты тасты шығару үшін көн теріден тігілген ауыр *долықты* немесе *көншелекті* ұзын арқанға байлап, түйенің көмегімен тартып шығарған (Арғынбаев, 1969: 48; Мұқанов, 1949: 89).

Құдық шегені тасты ойып алатын және тасты жерді қазуға қолданатын негізгі құрал сүймен (АЭМ 2019; Шойбеков, 2015: 189-192).

Тұщайырық тас құдықтары. Тұщайырық сайы Доңызтау асуынан асқанда Үстірт үстіндегі сай ретінде қалыптасқан табиғат ескерткіші. Сайдың бастауы мен екі жақ шатқалы ұлустастан түзілген. Тұщайырық сайында төрт құдық қатар қазылған, астау, су

сақтайтын өуігімен бірге сақталған. Тұщыайрық құдықтарының JPS мәліметі келесідей:

N46.41261e

E056.70520e

Тұщыайрық тас құдықтарының шегеніне осы шатқалдың ұлутастары қаланған. Құдық қабырғасының шегені түбінен бастап салынған, түбіне судың мол қоры жиналу үшін кеңі етіп қазған, құдық қабырғасы аузына қарай тарыла түскен. Құдық түбіндегі су жиналатын орын *қораба* деп аталған. Құдықтың ішкі бейнесі «сиясауыт» секілді. Құдық аузы да таспен көтеріліп, әйкел орнатылған.

Үстірт үстіндегі Тұщыайрық сайындағы құдық суларының барлығы дерлік тұщы, мөлдір, әрі таза. Құдық басына жолушылар су алып ішу үшін темір сымға байланған шыны қойылған. Құдық басына келген жолаушы ыдысы болса өзімен бірге су алып кетуді үрдіске айналдырған. Жергілікті қариялардың айтуынша Тұщыайрық суы киелі, құдық аузы ашық жатса да, құдық ішіндегі су таза болады, жәндік, құс түсіп кетіп, суды ластау еш уақытта орын алмайды.

Тұщыайрық құдықтарының барлығының аузындағы шеген тастың ішкі беті өңделген. Әйкел ретіндегі құдық аузы деңгейіндегі тас жарты дөңгелек түрінде қашалған.

Құдықтардың түбіндегі су жиналатын қораның кеңдігіне қарап, суы мол құдық екенін тануға болады. Басында судың мол қорын сақтайтын өуіт те ұлутастан қаланып, тас арасы тасты балшықпен, Доңызтаудан алынатын жергілікті гипспен (гидрат сульфата кальция ($\text{CaSO}_4 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$) толтырылған.

Бірінші тас құдық. Құдық аузы тас қалауының сыртқы дм – 150 см., құдық аузы ішкі дм – 57 см. Түбіне қарай кеңейді. Құдық аузынан тік шеген деңгейіне дейін – 130 см; тас шегеннің осы деңгейінен бастап, құдық түбіне қарай кеңейеді. Құдық аузынан су деңгейіне дейінгі тереңдігі – 3 м., 18 см.

Өуіттің сыртқы көлемінен ені – 220 см, ұзындығы – 390 см.; ішкі көлемінен ені – 175 см., ұзындығы – 280 см. Тереңдігі адам еңкейіп су алуға ыңғайлы 120 см. (Сурет 1).



Сурет 1 Бірінші тас құдықтың өуітпен бірге жалпы көрінісі. Тұщыайрық.

Екінші тас құдық. Құдық аузы тас қалауының сыртқы дм – 140 см., ішкі дм – 49x48 см. Әйкел аузы ойығы дм – 35 см. Түбіне қарай кеңейді. Құдық аузынан тік шеген деңгейіне дейін – 150 см; тас шегеннің осы деңгейінен бастап, құдық түбіне қарай кеңейеді. Құдық аузынан су деңгейіне дейінгі тереңдігі – 2 м. (Сурет 2).



Сурет 2 Екінші тас құдық. Тұщыайрық.

Үшінші тас құдық. Құдық аузы тас қалауының сыртқы дм – 145 см., Құдық аузы бірінші тас қалауының ішкі дм – 60x47 см., екінші қалау ішкі дм – 50x60, үшінші қалау ішкі дм – 49x48 см. Түбіне қарай кеңейді. Құдық аузынан құдық су деңгейіне дейін – 140 м; тас шегеннің осы деңгейінен бастап, құдық түбіне қарай кеңейеді. Құдық аузынан су деңгейіне дейінгі тереңдігі – 2 м,50 м. Құдық түбіне дейінгі тереңдігі – 5 м.

Әуіттің сыртқы көлемінен ені – 310см, ұзындығы – 5м.; ішкі көлемінен ені – 2м., ұзындығы – 413 см. Тереңдігі адам еңкейіп су алуға ыңғайлы 120 см.

Тас астауының сыртқы көлемінен ені – 88 см; ұзындығы – 115 см.; ішкі көлемінен ені – 64 см., ұзындығы – 96 см. (Сурет 3).



Сурет 3–Үшінші тас құдықтың ішкі шегені. Тұщыайрық.

Төртінші тас құдық. Құдық аузы тас қалауының сыртқы дм – 140 см., ішкі дм – 46x43 см. Құдық аузынан тік шеген деңгейінен түбіне қарай кеңейетін шегеніне дейінгі қабырғасы – 70 см; тас шегеннің осы деңгейінің ішкі дм – 46x45 әйкел типіндегі бүтін тас ойық қойылған. Осы деңгейден бастап, құдық түбіне қарай кеңейеді. Құдық

аузынан су деңгейіне дейінгі тереңдігі – 2 м, 55 см.

Әуіттің сыртқы көлемінен ені – 220см, ұзындығы – 440см; ішкі көлемінен ені – 150см, ұзындығы – 350 см. Тереңдігі адам еңкейіп су алуға ыңғайлы 1м, 20 см. *Тас астауының* сыртқы көлемінен ені – 1 м; ұзындығы – 130 см.; ішкі көлемінен ені – 77 см., ұзындығы – 98 см. (Сурет 4).



Сурет 4–Төртінші тас құдық, әуіт және тас астау. Тұщыайрық.

Ащыайрық құдықтары. Ащыайрық құдықтары Ащыайрық сайының етегінде, Солтүстік Үстірт үстінде орналасқан. 1892 геолог С.Н.Никитиннің жетекшілігімен ұйымдастырылған «Орал сырты даласы» экспедициясы Үстіртті де қамтып, экспедиция мүшелері 20-27 маусым аралығында Ащыайрық тауының батысындағы сайда орналасқан Шегенбай деп аталатын құдықтар басына тоқтайды. Бұл құдықшының өз есімі болуы, оның үстіне лақап есімі болуы да мүмкін. Құдық қазумен қатар, шеген сала білу өнеріне қарай халық Шегенбай атап кеткен болса керек (С.Н. Никитин Шегембай деп қате көрсеткен). Зерттеуші Ащыайрықтағы құдықтар мен бұлақ суының молдығы мен дәмінің тұщы екені жазған (Отчеты экспедиции 1892 года, 189: 15). Жергілікті дерек берушілер: «Ащыайрық суы алғау, ал Тұщыайрық суы тұщы» дегенімен Ащыайрық атауы құдық суының дәміне байланысты аталмаған деуге толық негіз бар. Біріншіден, құдық су бұл жерде алғау болса, құдық көп қазылмайды, 1-2 құдық қазумен шектелуі мүмкін. Екіншіден, Ащыайрық атауы бұл жерде құдық қазу технологиясының Тұщыайрыққа қарағанда күрделі болғанымен байланысты. Ащыайрық құдықтарының суының сапасын, құрамын анықтауды О.С. Вялов пен И.П. Герасимов зерттеу нисанына алған (Вялов, 1934: 169-170; Герасимов, 1930). Халық қолданысында болған уақытта Ащыайрық суы тұщы, әрі сапасы жоғары болған.

Ащыайрық құдықтары түбіне қарай кеңейген. Түбі қораба түрінде қазылған. Құдық қорабаларында барлығында дерлік түбінде су өніп тұр, суы тартылмаған. Ащыайрық құдықтарының Тұщыайрық құдықтарынан айырмашылығы құдық қорабасының табиғи тас шеген қабатынан қазылуы мен суының дәмінде.

Қораба шегенін табиғи тас қабат құрайды. Яғни құдық түбі кең етін тасты қабатты ою арқылы қазылады да, құдық қабырғасының қораба мен құдық ернеуі, аузы аралығы шегенделеді. Қазіргі таңда Ащыайрыққұдық суын тіршілікке пайдалану қолданыстан шыққан.

Бірінші тас құдық. Құдық аузы ашық, ернеуі бір жағы өңделген ұлу тастармен көмкерілген. Аузының ойығы немесе ішкі дм – 50х60. Ернеуінің жерден биіктігі – 1м. Ернеуінің сыртқы дм – 150см. Құдықтың ернеу қабырғасынан аяқталатын тұсынан бастап, түбіне қарай кеңейтін қорабасына дейін – 170см. Кеңейген тұсының ішкі дм – 130см. Түбіне қарай кеңейетін шегенінен бастап түбіне дейін – 150см. Басындағы табиғи ұлутастан ойған, өңделген тас астауы морт сынған (Сурет 5).



Сурет 5 Бірінші құдықтың сыртқы ернеуі мен сынған тас астауы. Ащыайрық.

Екінші тас құдық. Құдық аузының ішкі дм – 54x53, сыртқы дм 130см x180см. Құдық құмды жардың сайға құлайтын етегіне қарай қазалған. Көктемгі жаңбырда сазды балшықты су ағып, құдықты көміп қалмас үшін құдықтың сыртқы ернеуіне ұлу тастар мол қашалған. Ернеуінің жер бетінен биіктігі 60 см. Әйкелін құдық аузынан алып тастаған, басында морт сынып бөлек жатыр. Құдық қабырғасы түбіне қарай 80 см бастап кеңейеді. Құдық тереңдігі – 4 м (Сурет 6).



Сурет 6 Екінші тас құдықтың сыртқы келбеті. Ащыайрық.

Үшінші тас құдық. Құдық аузының ішкі дм – 80x90, сыртқы дм – 160 см x150см. Ернеуінің жер бетінен биіктігі – 80 см. Құдық қабырғасы түбіне қарай – 80 см бастап кеңейеді. Құдық тереңдігі – 3 м. Басына тас астау орнатылып, астына дере тас қойылған. Астаудың сыртқы көлемі – 120см x99, ішкі көлемі – 84x69. (Сурет 7).



Сурет 7 Үшінші тас құдықтың сыртқы бейнесі. Ащыайрық.

Төртінші тас құдық. Құдық аузының ішкі дм – 40х40, сыртқы дм 90х90. Ернеуінің жер бетінен биіктігі – 70 см. Құдық қабырғасы түбіне қарай – 70 см бастап кеңейеді. Әйкелі бүтін, бірақ құдық аузынан алынып тасталған, бөлек жатыр (Сурет 35). Құдық жардың сайдың етегіне қарай құлайтын тұсынан қазылған. Жаңбырлы күні балшықтың ағып, құдық аузын көміп қалмасы үшін, құдық аузы мен ернеуінің айналасына ұлу тастар ретсіз қашалған. Ішкі шегені үшін ұлутастың ішкі жағы өңделген. Құдық тереңдігі – 220 см. (Сурет 8)



Сурет 8 Төртінші тас құдықтың сыртқы көрінісі. Ащыайрық.

Ақсай құдықтары. Ақсай 2 Доңызтаудың Солтүстік Үстіртке көтерілетін шатқалдарында орналасқан. Ақсай 2 ДТК халық арасында Төменгі (Жақсы Ақсай) атауымен белгілі. Құдығы тұрғын үй мен мешіт құрылысы аралығынан қазылған. Тас құдықтың бұл түрі *ойма құдық* деп аталатын құдық түріне саяды. Ойма құдықтың екі түрі бар. Біріншісі, аузы тар етіп қазылған, қабырғасы таспен шегенделген немесе тасты жерде қабырғасын табиғи тас шеген құрайтын таяз құдық. Аузы, қабырғасы да тар жасалған құдық Доңызтаудағы Төменгі (Жақсы Ақсай) ДТК де сақталған. Доңызтаудағы тас құдықтардың бір түріне жататын осы құдықтың қабырғасының

шегендеуі, тасты қалауы басқа тас құдықтардың тас қалау әдісімен бірдей. Доңызтаудың басқа тас құдықтарынан айырмашалығы ойма құдықтың қабырғасы тік ұңғы (цилиндр) түрінде қазылған, құдық түбі кеңеймейді. Доңызтаудың басқа құдықтарының осы ойма құдықтан айырмашылығы олардың аузы тарлау өріліп, түбіне қарай кеңі түседі. Бұл тас құдықтардың су көзі аршылып, тазалап тұрмағандықтан, су көзін топырақ басқан. Халық арасында сақталған деек бойынша мешіт пен құдық XIX аяғы – XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген Нұржан ишанға тиесілі (*Дерек беруші: Нұртазин Кенжегали*).

Құдықтың көмілген түбіне дейінгі тереңдігі – 250 см. Сыртқы дм – 150x150. Құдық аузы төрт ұлутаспен төртбұрыштап бекітілген. (Сурет 9).



Сурет 9– Тас (ойма) құдықтың көрінісі. Ақсай 2, Төменгі (Жақсы Ақсай). Доңызтау.

Ақсай 1 ДКТ халық арасында Жоғарғы (Жаман Ақсай) атауымен белгілі. Құдығы мешіттен батысқа қарай 40 метр жерде орналасқан. Құдық аузының ішкі дм – 46x50, сыртқы дм – 130x120. Құдық ернеуінен бастап құдық түбіне қарай кеңейетін тұсына дейін – 70 см. Құдық түбі – 350 см тереңдіктен бастап бітелген, яғни топырақпен көмілген. Шегені ұлутас. (Сурет 10).



Сурет 10–Тас құдықтың көрінісі. Ақсай 1, Жоғарғы (Жаман Ақсай). Доңызтау.

Ойма құдық атауы Арал өңірінде де кездеседі. Бұл жерде ойма құдық атауы суы 1 метр тереңдіктен шығатын, яғни жергілікті жер үшін өте таяздан шығатын, көкбұта немесе дүзгенмен шегендеген құдыққа қатысты қолданылады.

Изнағаш құдықтары. Изнағаш құдықтары Изнағаш ДКТ құрамына кіреді. Изнағашта тас құдықтың саны үшеу, екеуі сақталған, түбі көмілген, біреуі толық көмілген. Құдықтар Доңызтаудың етегінде Доңызтаудан Солтүстік Үстірттің үстіне

шығатын шатқалды жолдың шығыс жағында орналасқан.

Бірінші құдық. Аузының ішкі дм – 67х65 см, сыртқы дм – 140х145см. Құдық шегені түбіне қарай алдыңғы ернеуінен бастап кеңейі түседі. Екінші шеген дм – 77х78, үшінші шеген дм – 1м х 1м, қорабасы дм – 2м х 2м. Түбі 175 см бастап көмілген. (Сурет 11). Шегені ұлутас. Құдықтың JPS картадағы орны келесідей:

N46°24.138
E057°11.693



Сурет 11 1-ші құдық. Изенагаиш.

Екінші құдық. Аузының ішкі дм – 47х46, сыртқы дм – 160х160. Құдық ернеуінен бастап құдық түбіне қарай кеңейетін шегені аралығы – 210см. Осы деңгейден бастап құдық түбіне қарай кеңейіп, қораба шегені басталған, жерден есептегенде қораба тереңдігі – 220 см. 4м 30 см тереңдіктен бастап құдық көмілген. (Сурет12). Құдықтың ішкі шегеніне өңделмеген қара тас салынған. Екі құдықтың арасы – 16 метр. М.Мұқанов екі түйені қатар жегіп екі құдықтан қатар су тарту әдісін жазып алған (Мұқанов, 1949: 89).



Сурет 12- 2-ші құдықтың шегені мен түбі. Изенагаиш.

Үшінші құдық. Көмілген. Басында тас шегендері мен тас астауы сақталған. Тас астауының ішкі көлемі – 48х75см, сыртқы көлемі – 105х80см. Астау тереңдігі – 25 см. (Сурет 14). Үшінші құдықтың JPS картағы орны келесідей:

N46°24.146
E057°11.679

Дүңгірлек – Солтүстік және Оңтүстік Үстірт үстіндегі шыңыраулардың,

қорабасы бар құдықтардың жергілікті жердегі атауы. Дүңгірлек негізінен Үстірт шыңырауларының түбінде жер асты суының мол қоры жиналу үшін кең етіп қазылған орны. Көлемі диаметрінің ең үлкені алты қанат киіз үйдей болған. Одан кең етіп қазса опырылып құлап кетуі мүмкін. Халық арасында дүңгірлек аталуының себебі, шыңырауды қазып болғасын, су көзіндегі тығынды алып шыққанда су шыңырау түбіне тамшылағанда дүңгірлеп даусы шыққан. Шыңырау қазу өте қиын іс болғандықтан да, судың мол қорын сақтауға болатын мүмкіндігін қарастырған (*Дерек берушілер: Жазықов Балғали, Ізтілеуов Нысанбай, Сарыбаев Бекес*).

Жергілікті жерде руы әжімбет табын Саныбай деген кісі Үстіртте шыңырау қазумен аты шыққан. Ұрпақтары Миялы ауылында тұрады. Үстірттің үстінде Беркіннің шыңырауы деген шыңырау халық арасында киелі саналады. Басында ұрыс керіс болса суы тартылып кетеді. Құдайы тамақ беріп, басында құран оқытса суы қайтадан өнеді (*Дерек берушілер: Бимурзин Ізтүрген, Адаев Шәріп*).

М. Леваневский Үстірттегі шыңыраулардың тас шегендерін салуға Бұхар және Хиуа жерінен келген құлдар еңбегі пайдаланылған деген деректі береді (Леваневский, 1894: 106-107). Үстірт үстінен Орта Азия мен Еуропа арасын байланыстыратын керуен жолының өткенін назарға алсақ, Керуен басылардың құл саудасын жүргізгендігі еш күмән туғызбайды. Керуенбасылар Орта Азиядан алып келген құлдарды керен сарайларда, бекеттерде тоқтағанда жергілікті байларға келісім бойынша қалдырып, Еуропадан қайтар жолдарында кері алып қайтқан деп болжауға болады.

Доңызтау артезиан (Лат. Artesium) құдықтары – жалпы ауданы 10 мың км²-ге жуық жер асты су қорына орнатылған, ұңғылы құдықтар. Доңызтау артезиан алабы Ақтөбе облысының оңтүстігінде, Үстірттің солтүстік-шығысындағы Шошқалы қыраты мен Жем өзені аралығында 100 – 120 км-ге дейінгі жерде созылып жатыр. Атқылау арыны күшті, табиғи қоры мол (500 млрд. м³-ден астам). Ұңғыма орнатылған жағдайда әр ұңғымадан тәулігіне 2000 – 2800 м³-ге дейін су шапшиды. Суық су немесе жылылығы төмен су атқылайтын ұңғымалар басына, мал су ішу үшін бір басы тұйықталмаған темір астаулар орнатылған.

Жем аңғарының Доңызтаумен ұласатын аңғарындағы тұщы, гидрокарбонатты, минералды, артезиан су қоры ірі мақсаттарды сумен қамтамасыз етуге жетеді (Ахмедсафин, 1949: 64). Доңызтау артезиан алабының солтүстігінде суы тұщы (минералдығы 1 г/л), оңтүстік мен батысында аздап ашқылтым (минералдығы 1 – 3 г/л). Артезиан суы дәміне қарай тұщы, алғау; ал температурасына қарай салқын, жылы су болып бөлінеді. Доңызтау артезиан суларын мал шаруашылығына игеру мақсатында ұңғылар қойылып, «артезиан құдығы» жасалған, басына жылқы суару үшін екінші басы ашық, тұйықталмаған темір астаулар қойылған. Ұңғыдан атқылаған артезиан суы астауға құйылады да, жылқы малын кез келген уақытта сумен қамтамасыз етеді. Екінші басынан аққан су алқапқа жайылып қайтадан жерге сіңіп кетіп жатыр.

Доңызтау артезиан алабындағы Ақбұлақ, Аққұдық, Тескенсу сияқты су көздерінен атқылаған минералды суды асқазан ішек ауруларына емге пайдаланады. Доңызтау артезианының тұщы, әрі жылы суының бір қоры ұңғыма арқылы Тасқабақтан шығып жатыр. Тасқабақ артезиан суын халық *жылы бұлақ суы* деп таниды. Тасқабақ артезианына екі жерден жерден жоғары қарай жылы су атқылайтын жасанды ұңғы орнатылған. Жылы суды Тасқабаққа келген адамдар ауыз суға да, жуынып алуға да пайдаланады. Тері ауруларына емдік шипасы тиеді деп, бүгінгі күнгі дейін халық келіп, үстеріне су құйып кетеді. Байырғы кезеңде ел қонғанда осы артезиан суы елді мекенді сумен қамтамасыз еткен. Тасқабақтың бір басындағы ұңғы жоғары қарай судың атқылауына ыңғайлап орнатқан. Тасқабақ суы ойпатқа жайылып, қалың ну қамыс өскен. Тасқабақ артезиан алабында байырғы қоныс халқы егін еккен егістік іздері, атыз орындары сақталған.

Қорытынды. Ақтөбе облысы аймағын сумен қамтамасыз етудің дәстүрлі әдістерінен мәлімет беретін ескерткіштер жүйесінің ерекше үлгілері сақталған. Доңызтау етегіндегі, Үстірт үстіндегі құдықтар қара тас, ұлутастармен шегенделіп, негізгі түрі құдық түбіне қарай кеңейіп сиясауыт түрінде қазылған, ал кейбірі цилиндр түрінде тік қазылып шешенделген. Құдық басында дере астаулар, әйкел түрлерінің сақталып жеткендері тіркеуге алынды. Жазба және фото деректер құдық суларын тарту

үшін басына ағаш шығыр орнатылғанын дәлелдейді. Құдықтың кеңейген түбі, яғни қорабасы су ерекше аймақтық ерекшелігімен қатар, халықтың білім үлгісін көрсетеді. Жер асты суларын игеру, шығарудың дәстүрлі гидротехникалық білімін игерген құдықшылар құдық шегені, әйкелі, астау, әуіті үшін тас қашаудың да әдіс тәсілдерін қоса игерді. Танқы, орпа сияқты таяз құдықтар жайлаулық қоныстардан қазылып, уақытша пайдаланылды. Терең және таяз таспен шегенделген құдықтар көктеу, күздеу, қыстаулық қоныстардан қазылып тұрақты қолданысты қамтамасыз етті. Көш, керуен жолдарының бойындағы тұрақты тас құдықтар жолды жалғап жатырған бекет, суат ретіндегі қолданыстық маңызы зор болды. Шеген құдықтардың негізгі денінде қазіргі таңда түбінде су өніп тұрғанымен, жаппай тұрмыстық қолданыстан шыққан.

Дерек берушілер тізімі :

Адаев Шәріп. 1950 ж.т. Байғанин ауданы, Қарауылкелді. Руы табын –қарақойлы – екібас.

Бимурзин Ізтұрған. 1953 ж.т. Байғанин ауданы, Оймауыт ауылы. Руы Адай – түрікпен.

Жазықов Балғали. 1949 ж.т. Байғанин ауданы, Қарауылкелді. Руы адай- назар – есентүген.

Құрманғали Әлжан. 1951 ж.т. Байғанин ауданы, Миялы ауылы. Руы Табын – қаражон.

Нұртазаұлы Мұхаметәлі. 1947 ж.т. Байғанин ауданы, Миялы ауылы. Руы қаражон – саяқ – ысық – жанғара.

Сарыбаев Бекес. 1935 ж.т. Байғанин ауданы, Көкбұлақ ауылы. Руы адай –шеген.

Ізтілеуов Нысанбай. 1953 ж.т. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Оймауыт ауылы. Руы табын – қоңыратбай – әжімбет.

Нұртазин Кенжеғали. 1950 ж.т. Байғанин ауданы, Миялы ауылы. Руы Табын – қаражон.

Әдебиеттер:

Әжіғали С.Е. Ақтөбе облысының аса көрнекті архитектуралық ескерткіштері: фотокөрме. Ғылыми-ақпараттық басылым. Алматы-Ақтөбе, 2015. 52 б.

Арғынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы: ҚазССР-нің «Ғылым» баспасы, 1969. 170 б.

Ахмедсафин У.М. Подземные воды Западного Казахстана. Вестник АНКазССР. №2 (47) 1949. С. 61-71.

Беляевский. Путь от залива Цесаревича через Усть-Урт до Кунграда. Сборник географических, топографических и статистических материалов по Азии. Санкт-Петербург, Военная типография, 1885. С.1-89.

Вялов О.С. Колодцы и источники Устюрта. Известия ГГО. 1934. Т.6. №1. С.146 – 176.

Герасимов И.П. Почвенный очерк Восточного Усть-Урта. Отчет о работе Почвенно-ботанического отряда Казахской экспедиции АН. Вып IV. Ч1. Ленинград, 1930.

